

Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың үлгілік шарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 24 маусымдағы № 58 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 25 маусымда № 18889 болып тіркелді.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 7) тармақшасына сәйкес **БҮЙҮРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Электр энергиясын желіге беруді техникалық диспетчерлендіру және тұтыну жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шарт;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шарт;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Тауарлық газды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған үлгілік шарт;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Тауарлық газды сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған үлгілік шарт;
- 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Топтық резервуарлық қондырғыларды пайдаланудың көрсетілетін қызметтерін ұсынуға арналған үлгілік шарт;
- 6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Сумен жабдықтау және (немесе) су бұрудың көрсетілетін қызметтерін ұсынуға арналған үлгілік шарт;
- 7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Мұнай тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған үлгілік шарт;
- 8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Тіреуіш гидротехникалық құрылыштардың көмегімен жер үсті ағындарын реттеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған үлгілік шарт;
- 9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Кеменің теңіз портына, кейіннен порттан шыға отырып, жүк операцияларын жүргізу және/немесе өзге де мақсаттарда кіргені үшін теңіз портының (кеме кірісі) қызметтерін көрсетуге арналған үлгілік шарт;
- 10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес Жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шарт;
- 11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес Электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шарт;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес Жылу энергиясын беру және/немесе тарату жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шарт;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес Магистральдық теміржол желісінің қызметтерін көрсетуге арналған үлгілік шарт;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес Бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шарт;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес Бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шарт;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес Суды магистральдық құбыржолдар және (немесе) арналар арқылы беру жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған үлгілік шарт;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес Концессия шарттары бойынша теміржол көлігінің объектілері бар теміржолдар қызметтерін көрсетуге арналған үлгілік шарт;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес Электр энергиясын өндірудің-тұтыну тенгерімін ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шарт;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

19) тармақша жана редакцияда көзделген – КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 01.10.2024 № 82 (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес Жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шарт бекітілсін;

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес Ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шарт бекітілсін;

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес Суды арналар арқылы беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шарт.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – КР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.11.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. "Табиғи монополия саласына жататын, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына), сондай-ақ өзге ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) үлгі шарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 266 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 11254 болып тіркелген, 2015 жылғы 1 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
2019 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 бұйрығына
1-қосымша

Электр энергиясын желіге беруді техникалық диспетчерлендіру және тұтыну жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған ұлгілік шарт

(шарттың жасалған орны)

20__ жылғы " __ "

Бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерді ұсынатын

(көрсетілетін қызметті ұсынатын субъектінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

_____ атынан

негізінде
әрекет ететін

(лауазымы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі – А.Ә.Т.) бір тараптан және бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын

(пайдалануышының деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)

атынан

негізінде
әрекет ететін

тараптан

(лауазымы, А.Ә.Т. (болған жағдайда)
төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тaraу. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
авариялық бұзылыш – электр қондырғысы немесе оның элементтері жұмысының технологиялық параметрлерінің істен шығуын немесе пайдалану кезінде зақымдануын туыннатқан, жол беруге болмайтын ауытқулар;

есеп айрысу кезеңі – Шартта Өнім берушінің техникалық диспетчерлендіру жөніндегі көрсетілетін қызметтеріне есеп айрысу жүргізілетін құнтізбелік бір айға тең айдың бірінші күні сағат 00:00-ден бастап соңғы күні сағат 24:00-ге дейін уақыт кезеңі ретінде айқындалған кезең (орташа европалық уақыт – Гринвич меридианының уақыты плюс бір сағат);

жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы – Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесінде электр энергиясын және қуатын өндіру, беру және тұтыну режимдерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқару функцияларын жүзеге асыратын жүйелік оператордың құрылымдық бөлімшесі;

коммерциялық есепке алу кешені – коммерциялық есепке алудың белгілі бір нүктесі мен ақпарат жинау құрылғысына қосылу нүктесі арасында орналасқан, коммерциялық есепке алу үшін қажетті жабдық;

Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімі – есеп айрысу кезеңінде жеткізілген

және тұтынушылған электр энергиясының көлемін көрсететін, жүйелік оператор жасаған құжат;

накты көлем – желілердің тиесілілігіне қарамастан, кернеулердің барлық сыйныптарының желісіне (желілері арқылы), оның ішінде Тұтынушының желісіне (желілеріне) Тұтынушы босатқан (импорттайтын) электр энергиясының көлемі;

өнім беруші – Тұтынушыға электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерді көрсететін жүйелік оператор;

өңірлік диспетчерлік орталық – жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығына жедел бағынысты және жедел-диспетчерлік функцияларды жүзеге асыратын жүйелік оператордың өнірлік диспетчерлік орталығы;

өтінім – Тұтынушының уәкілетті өкілі қол қойған және Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Өнім берушіге жолданатын, электр энергиясының көлемі, электр энергиясын беру уақытының кезеңі, осы кезең ішінде қуаты бойынша көлемді бөлу туралы ақпаратты қамтитын жазбаша құжат. Өтінім айлық, тәуліктік және жедел болуы мүмкін;

тұтынушы – энергия өндіруші, энергиямен жабдықтаушы немесе энергия беруші үйым, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шегінен тыс электр энергиясын жеткізуі (импорттауды) жүзеге асыратын заңды тұлға;

уәкілетті органның ведомствоы – тиісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствоы;

электр желілері – Өнім берушіге де және/немесе Тұтынушыға да, сондай-ақ үшінші тұлғаларға да меншік құқығында, заттық құқықта немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өзге де негіздер бойынша тиесілі электр энергиясын беруге және/немесе таратуға арналған шағын станциялардың, таратушы құрылғылардың және оларды біріктіруші электр беру желілерінің жиынтығы;

электр энергиясының нормативтік сапасы – Шартты орындау сәтінде бекітілген талаптар мен стандарттарға сәйкес келетін электр энергиясының сапасы;

электр энергиясының/электр энергияның шартты көлемі – техникалық диспетчерлендіруге жататын электр энергиясының көлемі;

электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесі – электр энергиясын орталықсыздандырылған сатып алу-сату және электр энергиясының орталықтандырылған сауда нарықтарында көтерме сауда нарығына қатысуышылар жасасқан электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі шарттарға сәйкес әрбір құнтізбелік тәулікте электр энергиясын өндіру мен тұтынудың сағаттық шамаларын регламенттейтін жүйелік оператор бекіткен құжат.

Осы Шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына және "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 1-тармақта өзгеріс енгізілді - КР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

2-тарау. Шарттың нысанасы

2. Өнім беруші электр энергиясын желіге беруді техникалық диспетчерлендіруді және Тұтынушының энергия қондырғыларының қосарлас жұмысын Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесі құрамында қамтамасыз етеді.

3. Электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерді көрсетудің техникалық талаптары мен сипаттамалары:

(осы тармақта нормативтік техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес келуге тиіс Шарт нысанасының техникалық талаптары мен сипаттамалары көзделеді).

3-тарау. Техникалық диспетчерлендіруді қамтамасыз ету талаптары

4. Техникалық диспетчерлендіру жөніндегі көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына және осы Шартқа сәйкес көрсетіледі.

5. Техникалық диспетчерлендіру режиміне энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын және/немесе Тұтынушы импорттайтын электр энергиясын берудің тәуліктік кестелері қабылданады.

6. Жүйелік оператор бекітетін электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізу үшін электр энергиясын сатуға арналған өтінімді және (немесе) сатып алуға арналған өтінімді, сондай-ақ оларды түзетуді Тұтынушы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бүйрығымен бекітілген Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес жасайды (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) (бұдан әрі – Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидалары).

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – КР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

4-тарау. Берілетін электр энергиясын есепке алу

7. Электр қондырғылардың қосылу нүктесіне қарамастан, кернеулердің барлық сыйыптарының желісіне (желілері арқылы) Тұтынушы берген (импорттайтын) электр

энергиясының нақты көлемі коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін салыстырып тексеру актісіне тараптардың есепті кезеңнен кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей қолдары қойылып, Тұтынушының энергия өндіруші үйымдарының (электр станцияларының) шиналарында не Тұтынушы мен электр желілері иелерінің пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасында орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша есеп айырысу кезеңінің бірінші күні сағат 00:00-ден бастап соңғы күні сағат 24:00-те дейін (орташа европалық уақыт – Гринвич меридианының уақыты плюс бір сағат) айқындалады.

8. Электр энергиясын берудің шартты шамасының айлық көлемі бойынша түзетуді тараптар ай басталғанға дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын келіседі. Айлық көлемді түзетуге техникалық диспетчерлендіру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің тоқсандық шартты көлемінің шегінде рұқсат етіледі.

Электр энергиясын желіге берудің және тұтынудың шартты шамасының тоқсандық көлемі бойынша ұсыныстарды тараптар тоқсан басталғанға дейін күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей келіседі.

9. Коммерциялық есепке алу аспаптары тексерілуге және оларға пломба салынуға тиіс. Тараптар бір-біріне тәуліктің жұмыс сағаты ішінде көрсеткіштерді алу, тексеру және сынап көру мақсатында коммерциялық есепке алу аспаптарына қолжетімділік ұсынады. Егер көрсеткіштерді алған кезде тараптардың біреуі болмаса, онда екінші тарап көрсеткіштерді дербес алады.

10. Тараптар өздерінің балансында тұрған есептегіштерге және басқа да өлшегіш жабдыққа метрологиялық тексерулерді өз есебінен тиісті метрологиялық стандарттарда көзделген мерзімдерде жүргізеді.

Тараптар қосымша тексерулерді жүргізуі талап ете алады, олар талап етуші тарап есебінен жүргізіледі.

Егер қосымша тексеру кезінде есептегіштердің көрсеткіштері олардың дәлдік сыныбында рұқсат етілген қателікten жоғары болса, онда қосымша тексеру бойынша шығасыларды аспаптардың иесі төлейді.

11. Электр энергиясын есепке алуудың өзгеруіне немесе бұзылуына байланысты жұмыстардың кез келген түрін жүргізген кезде Тұтынушы жұмысты бастау алдында ол туралы Өнім берушіге жазбаша түрде хабарлайды және тиісті рұқсат алады. Тұтынушы жөндеу жүргізу кезеңінде электр энергиясын есепке алу Өнім берушімен келісілген уақыт схемалары бойынша жүзеге асырылады.

5-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

12. Өнім берушінің:

1) Тұтынушының электр энергиясын өндіру-тұтынудың бекітілген тәуліктік кестесін Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қагидаларына сәйкес түзетуге;

2) жабдықты (жоғары волтты тораптарды) жөндеуге шығару, жұмысқа қосу, авариялық бұзушылықтарды жою үшін Тұтынушының электр станциялары мен қосалқы станцияларының электр тарату құрылғыларында ауыстырып қосуды жүргізуге ;

3) шарттық талаптар бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көрсетуді тоқтатуға құқығы бар.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.

13. Өнім беруші:

1) электр энергиясының көтерме сауда нарығына қатысуышылардың бәріне тең жағдайлар ұсынуға;

2) электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарттарды жасасу кезінде тарифтер белгілеу бөлігінде уәкілетті орган ведомствоның шешімдерін басшылыққа алуға;

3) электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көрсетуді беруде шартта белгіленбекен үзілістерге, тоқтатуға немесе шектеуге жол бермеуғе;

4) Қазақстан Республикасының бірынғай электр энергетикасы жүйесінің құрамында Тұтынушының қатарлас жұмысының сенімділігін қамтамасыз етуге, оның ішінде Тұтынушы мен үшінші тұлғалар объектілерінде аварияға қарсы басқару құралдары есебінен қамтамасыз етуге;

5) өтінімдерді техникалық өндөуді жүзеге асыруға және бастапқы жабдықтарды, релелік қорғау құрылғылары мен автоматиканы, сондай-ақ жүйелік оператордың (өнірлік диспетчерлік орталықтың) ұлттық диспетчерлік орталығының жедел басқаруындағы және қарамағындағы Тұтынушының диспетчерлік-технологиялық басқару құралдарының аварияға қарсы автоматикасын жөндеуге шығару үшін жағдай жасауға және Тұтынушы объектілерінде жөндеу жұмыстарын жүргізу немесе сынақтар жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін электр желілерінде қажетті қайта қосуды жүргізуға;

6) алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен;

7) Тұтынушының энергия көзі (электр станциясы) қуатты энергия көздерінің (электр станцияларының) өз мұқтаждарын жоғалтып нөлге дейін толық шығарған кезде өз мұқтаждарын қоректендіруді қалпына келтіру үшін Тұтынушының энергия көздері шиналарына кернеу беруді жүзеге асыруға;

8) Тұтынушының энергия көзі жабдықтарының қалыпты жұмыс режимінің бұзылуына әкелген Қазақстан Республикасының бірынғай электр энергетикасы

жүйесінің қалыпты режимінің бұзылу себептері туралы Тұтынушыға уақтылы хабарлауға;

9) Тұтынушыға Өнім берушімен келісілген көлемде технологиялық ақпаратты, беруші желілер мен шағын станциялардың сипаттамаларын және схемаларын, Шарттың талаптарын орындауға тікелей жауапты және жедел келіссөздер жүргізуге құқығы бар адамдардың тізімін ұсынуға;

10) Өнім берушінің Шарт талаптарын орындағаны туралы толық ақпаратты алу үшін Тұтынушы өкілдерінің қол жеткізуіне техникалық мүмкіндікті қамтамасыз етуге;

11) диспетчерлік-технологиялық тәртіпті сақтауға, Тұтынушының энергия көзі жұмысының режимін бұзуға әкелуі мүмкін іс-қимылдарды болдырмауға;

12) нормативтік құжаттардың, нұсқаулықтардың талаптарын орындауға, өзінің іс-қимылымен Тұтынушының коммерциялық қызметіне залал жасамауға;

13) Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес Тұтынушының өтініші бойынша электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін түзету;

14) алып тасталды – КР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен;

15) есептерді жүргізуге және Өнім берушінің жедел басқаруындағы және қарамағындағы 110-220-500-1150 киловольт желісіндегі тұрақтылық пен аварияға қарсы басқару мәселелерін пысықтауға;

16) автоматикалық жиілік жүктемесінің кестесін орындауға беруге;

17) Өнім берушінің электр энергиясы объектілеріндегі жиілік және кернеудің талап етілген деңгейін электр энергетикасы саласындағы нормативтік-техникалық актілер мен стандарттарға сәйкес қалыпты режимде ұстап тұруға;

18) Өнім берушінің бақылау нүктелерінде кернеу кестелерін тоқсанына кемінде бір рет беруге;

19) Өнім берушінің жедел басқаруындағы және қарамағындағы электржелілік және электр энергиясы жабдықтарына, релелік қорғау, автоматика мен аварияға қарсы автоматика құрылғыларына күрделі және ағымдағы жөндеудің жылдық және айлық кестелерін қарауға және келісуге;

20) Өнім берушінің жедел басқаруындағы және қарамағындағы релелік қорғау, автоматика мен аварияға қарсы автоматика құрылғылары үшін қажетті есептерді орындауға және оларды орнатуды, әзірлеуді немесе олардың қафидатты (құрылымдық) схемаларын келісуге;

21) өз өкілеттіктерін асыра пайдаланған немесе оның тарапынан заңсыз іс-әрекеттер болған жағдайда және Тұтынушы Шарттың талаптарын толық орындаған жағдайдаған Тұтынушыға жасалған залалдың орнын толтыруды қамтамасыз етуге;

22) Өнім берушінің жедел басқаруындағы және қарамағындағы релелік қорғау және автоматика мен аварияға қарсы автоматика құрылғылары үшін Тұтынушы орындаған

нұсқамалардың қажетті есептерін, қағидатты (құрылымдық) схемаларын қарауға және келісуге міндетті.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Тұтынушының:

- 1) Өнім берушіден осы Шарт бойынша міндеттерін орындауды талап етуге;
- 2) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес Өнім берушінің іс-қимылына дау айтуға құқығы бар;
- 3) Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін түзетуге өтінім беруге құқығы бар.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Тұтынушы:

- 1) электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес Тұтынушының объектілерінде орналасқан тарату құрылғыларының, аварияға қарсы және режимдік автоматика құрылғыларының, электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптары мен кешендерінің тиісті техникалық жай-күйін қамтамасыз етуге;
- 2) электр энергиясын өндіру – тұтынудың бекітілген тәуліктік кестесін сақтауға;
- 3) Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесінде электр энергиясының стандарттық жиілігін қолдауға бағытталған нормативтік талаптарды орындауға;
- 4) электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес электр қондырғыларының техникалық жай-күйі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін Өнім берушінің қызметкерлерін, сондай-ақ атом энергиясын пайдалану және электр энергетикасы салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның қызметкерлерін коммерциялық есепке алу аспаптарына жіберуге;
- 5) жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығына (өнірлік диспетчерлік орталық) тәуліктік кестені орындау күнінің алдындағы күні сағат 08:00-ге дейін жүктелімді көтерудің сағаттық кестесін ұсынуға;
- 6) жүйелік оператордың (өнірлік диспетчерлік орталықтың) ұлттық диспетчерлік орталығының электр жүктемесін диспетчерлік реттеу жөніндегі талаптарын орындауға және белгіленген тәртіппен бекітілген электр энергиясын өндіру - тұтынудың тәуліктік кестесін орындауға қабылдауға;
- 7) алып тасталды – КР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;
- 8) электр энергиясын есепке алууды қамтамасыз етуге;

9) Тұтынушының желісіне беру жөніндегі телеметриялық ақпаратты жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығына (өнірлік диспетчерлік орталыққа) беруді ұйымдастыруға;

10) Қазақстан Республикасының бірынғай электр энергетикасы жүйесінің ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және тәуліктік режимдерін жоспарлау үшін келіп тусу көлемі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасында көзделген ақпаратты жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығына (өнірлік диспетчерлік орталыққа) беруге;

11) өткен тәулікте берілген электр энергиясының нақты көлемі туралы ақпаратты күн сайын сағат 11:00-ге дейін жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығына (өнірлік диспетчерлік орталық) беруге;

12) Өнім берушінің талабы бойынша қысқы және жазғы жұмыс күндеріне тән белсенді және реактивті қуат генерациясын өлшеу нәтижелерін ұсынуға;

13) әрбір күнтізбелік жылдың қантарында жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығына (өнірлік диспетчерлік орталық) технологиялық ақпаратты, электр станцияларының сипаттамалары мен схемаларын, байланыс арналары мен телемеханика ұйымдарының релелік қорғау, автоматика және аварияға қарсы автоматика құрылғыларының атқарушы схемаларын, жедел қосу және келіссөздер жүргізуге құқығы бар адамдар тізімін, сондай-ақ байланыс, телемеханика, релелік қорғау, автоматика және аварияға қарсы автоматика құралдарын пайдалануға жауапты адамдар тізімін ұсынуға, сондай-ақ олардың өзгерістері туралы уақытылы хабарлауға;

14) диспетчерлік-технологиялық тәртіпті сақтауға, энергия бірлестігінің жұмыс режимін бұзуға алып келуі мүмкін іс-қимылдарды болдырмауға, директивті құжаттар, нұсқаулықтар және өзара қарым-қатынастар туралы ереже талаптарын орындауға, өзінің Өнім берушімен келісілмеген іс-қимылдарымен энергия нарығының басқа да субъектілеріне зиян келтірмеуге;

15) салалық нұсқаулықтарға сәйкес жұмыс режимінің барлық бұзушылықтары, дүлей зілзалалар және оқыс оқиғалар туралы жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығына (өнірлік диспетчерлік орталық) жедел және толық хабарлауға ;

16) өзінің бастапқы жабдықтарын қалыпты пайдалануды, оларға техникалық қызмет көрсетуді (жөндеу және реттеу жұмыстарын уақытылы жүргізу) жүзеге асыруға және релелік қорғау мен аварияға қарсы автоматика, автоматикалық жиілік жүктелімі құрылғыларының жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығының (өнірлік диспетчерлік орталық) берген сипаттамаларын, көлемін және орнатуды орындауға;

17) жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы (өнірлік диспетчерлік орталық) айқындастын диспетчерлік басқару мақсаттары үшін қажетті телеметриялық ақпарат көлемін келісілген хаттамалар бойынша беруді қамтамасыз етуге;

18) жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру үшін өнірлік диспетчерлік орталықпен екі тәуелсіз бағыт бойынша байланыс арналарын ұйымдастыруды қамтамасыз етуге;

19) Өнім берушінің электр энергиясын коммерциялық есепке алуудың автоматтандырылған жүйесіне қосылып, электр энергиясын коммерциялық есепке алууды өлшеу кешендерінің болуын қамтамасыз етуге;

20) Өнім берушінің техникалық диспетчерлендіру жөніндегі көрсетілетін қызметтеріне Шартта белгіленген мөлшерде және тәртіппен ақы төлеуге;

21) Өнім берушінің жедел басқаруындағы және қарамағындағы электржелілік, электр және жылу энергетикалық жабдықты, релелік қорғау мен автоматика құрылғыларын күрделі және ағымдағы жөндеудің келісілген жылдық, тоқсандақ және айлық кестелерін бұзбауға;

22) Өнім берушінің жедел басқаруындағы релелік қорғау және автоматика мен аварияға қарсы автоматика құрылғылары үшін нұсқамалардың қажетті есептерін орындауға, қағидатты (құрылымдық) схемаларын әзірлеуге және келісуге міндетті.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Тұтынушы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындаған жағдайда Өнім беруші техникалық диспетчерлендіру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді Тұтынушыны кемінде 72 сағат бұрын хабардар етіп тоқтата тұруға не тоқтатуға құқылы. Бұл ретте техникалық диспетчерлендіру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тоқтату Тұтынушы Шарт талаптарын орындағанға дейін Тұтынушының энергия көзін оқшауланған жұмысқа шығару арқылы жүзеге асырылады.

17. Тараптар тоқсан сайын, салыстыру актісін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде тоқсанның соңғы күнгі жағдайы бойынша келіспеушіліктерді көрсетіп немесе оларсыз өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоюға міндетті.

6-тарау. Есеп айырысу тәртібі

18. Өнім берушінің электр энергиясын желіге беруді техникалық диспетчерлендіру және тұтыну жөніндегі көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу уәкілетті органның ведомствоны бекіткен тарифке сәйкес есептік айдың әрбір онкүндігі аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қызметтердің мөлшерлес бөлінген айлық шарттық көлемінен 100% төлеу арқылы онкүндік негізде жүргізіледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Тариф өзгерген жағдайда Өнім беруші жазбаша немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бұл туралы Тұтынушыны Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде хабардар етеді.

Тұтынушы түпкілікті есеп айырысады көрсетілген қызметтердің көлемін салыстыру актісінің негізінде төлемге ұсынылған Өнім берушінің шот-фактурасы нақты берілген сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізеді.

19-1. Тұтынушы осы Шарттың 19 тармағының талаптарын электр энергиясын желіге беруді техникалық диспетчерлендіру және тұтыну жөніндегі көрсету қызметтерге ақы төлеу бойынша бұзған жағдайда Өнім беруші Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларымен айқындалған бақылау кезеңінде Тұтынушының сатуға және (немесе) сатып алуға теңгерімдеуші нарық жүйесінде кейінгі өтінімдерін нөлдеу туралы кемінде 72 сағат бұрын алдын ала жазбаша ескерту жібереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігі Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 наурызда № 10531 болып тіркелді) Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес атаулы қолдау алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясын кепілді берушілер болып табылатын көтерме сауда нарығының субъектілеріне қолданылмайды

Ескерту. 6-тaraу 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Тараптардың бірі коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін салыстыру актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме нарығында электр энергиясын өндіру - тұтынудың нақты балансы көрсетілген қызметтердің нақты көлемін растайтын құжат болып табылады.

21. Өткен кезеңдер үшін берешек болған кезде бірінші кезекте төлем осы берешекті өтеуге жіберіледі. Тұтынушы есеп айырысу кезеңінде нақты сомадан асатын соманы төлеген жағдайда осы артық айырма келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлеміне автоматты тұрде есептеледі (не тараптардың келісімі бойынша Өнім берушінің алдындағы Тұтынушының өзге міндеттемелері бойынша берешегін өтеу есебіне, егер осындей болса). Егер Тұтынушы келесі есеп айырысу кезеңінде Өнім берушінің көрсетілетін қызметінен бас тартса, Өнім берушінің алдында тараптар растаған өзге, оның ішінде ақшалай міндеттемелері бойынша (егер осындей болса) Тұтынушының берешегін өтеуге жіберілетін соманы қоспағанда, артық төленген сома қайтарылады.

22. Егер Тұтынушы ұсынылған шот-фактуралың дау айтса, ол Өнім берушінің шот-фактуралы алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде хабардар етеді және Өнім берушіге қарсылықтарын баяндай отырып, жазбаша өтініш береді. Бұл ретте

Тұтынушы жоғарыда көрсетілген мерзімдерде шот-фактураның дау айтылмаған бөлігін төлеуге міндетті.

23. Өнім берушінің электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі көрсетілетін қызметіне ақы төлеу жөніндегі Тұтынушының міндеттемелерін орындау шот-фактурада көрсетілген деректемелер бойынша Өнім берушінің ағымдағы шотына немесе Тұтынушыға жіберілген хабарламада Өнім беруші көрсеткен деректемелер бойынша үшінші тараптың ағымдағы шотына ақша аудару болып танылады.

24. Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойылғаннан кейін бақылау-өлшеу аспаптарының ақаулығы анықталған жағдайда Өнім беруші түзетілген және екіжақты қол қойылған орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісінің негізінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде бұрын ұсынылған шот-фактураның күшін жою жолымен түзетілген шот-фактураның көшірмесін жасайды.

25. Тараптардың келісімі бойынша электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеудің өзге де тәртібі мен нысаны белгіленуі мүмкін.

7-тaraу. Тараптардың жауапкершілігі

26. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жауапты болады.

27. Шот-фактура бойынша ақы төлеу мерзімі келген кезге оны төлемегені үшін Өнім беруші Тұтынушының төлемеген сомалары бойынша төлем мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы. Мерзімі өткен сомалар бойынша Өнім беруші Тұтынушыдан төлемнің мерзімі өткен әрбір күн үшін ақшалай міндеттемені Тұтынушының нақты орындаған күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген 1,5 еселенген базалық мөлшерлемесіне, сүйене отырып есептелген тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Төлемдерді осы Шартта көзделген мерзімдерде төлемеген кезде Өнім беруші Шарттың 16-тармағына сәйкес жұмыс режимін айқындаі алады, бұл туралы Тұтынушыға шектеулер енгізілгенге дейін кемінде 72 сағат бұрын хабарлайды.

29. Өнім беруші Тұтынушының алдында:

1) еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауынан;

2) Осы Шартқа қатыспайтын көтерме және бөлшек сауда нарығы субъектілерінің электр энергетикасы объектілеріндегі өндірістік авариялар мен технологиялық бұзылудан;

3) Тұтынушының кінәсінен салалық нұсқаулықтарда көзделген байланыстың немесе ақпараттың жоқтығынан;

4) Тұтынушы персоналының қате іс-әрекетінен;

5) осы Шарттың 12-тармағының 2), 3) тармақшаларында және 16-тармағында көзделген жағдайлардан;

6) жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы (өнірлік диспетчерлік орталық) берген орындарда және көлемде аварияға қарсы автоматика әрекеттерінен болған Тұтынушының энергия көзінің жұмыс режимінің бұзылғаны үшін жауапты болмайды.

30. Өнім беруші Шарт бойынша Тұтынушы өзінің міндеттемелерін толық немесе тиісінше орындамаған кезде техникалық диспетчерлендіру жөніндегі көрсетілетін қызметтер сапасына жауапты болмайды.

8-тaraу. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

31. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылды болмайды. Кез келген Тараптың талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындастын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындастырылған Шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

32. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұнданай мән-жайлар Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла туруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарлаған жағдайда Шартты бұзуға құқылды. Бұл ретте Тараптар күнтізбелік отыз күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

9-тарау. Өзге де ережелер

33. Электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерді көрсету шарты Тұтынушымен жеке тәртіппен жасалады.

34. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұтастай алғанда немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік болған жағдайда кез келген Тарап екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, кінә қоюға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жүмсайды.

35. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

36. Тараптардың Шарттан туындастырылған және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

37. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір Тарап үшін бір данадан жасалады.

38. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгілік шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

10-тарау. Шарттың қолданылу мерзімі

39. Шарт 20__ жылғы "___" ____ сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді және 20__ жылғы "___" ____ сағат 24:00-ге дейін қолданылады (орташа еуропалық уақыт – Гринвич меридианының уақыты плюс бір сағат).

40. Шарттың қолданылу мерзімі, егер Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын тараптардың біреуі бұл туралы мәлімдесе, электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі көрсетілетін қызметтер көлемі нақтылана отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады.

Тараптардың бірінің мерзім аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған кезде ол шартта көзделген сол мерзімге және сол талаптарда ұзартылған болып есептеледі.

11-тарау. Тараптардың заңды деректемелері

Онім беруші: _____

Тұтынушы: _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 бүйрекіне
2-косымша

Ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шарт

(шарттын жасалған орны) 20___жылғы "___"

Бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын электр энергиясын ұлттық электр желісі арқылы беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынатын

(көрсетілетін қызметті ұсынатын субъектінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

_____ атынан

_____ негізінде
әрекет ететін
_____ бір
тараптан

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (бұдан әрі – А.Ә.Т.)
және бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын _____
_____ (пайдаланушының деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке
сәйкестендіру нөмірі)

_____ атынан
_____ негізінде
әрекет ететін

(лауазымы, А.Ә.Т.) төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тaraу. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

авариялық бұзылыш – электр қондырғысы немесе оның элементтері жұмысының технологиялық параметрлерінің істен шығуын немесе пайдалану кезінде зақымдануын туындаған, жол беруге болмайтын ауытқулары;

баланстық тиесілілікті бөлу шекарасы – электр энергиясын берудің соңғы пунктінде баланстық тиесіліліктің аражігін ажырату актісімен айқындалатын, тараптарға меншік құқығында, өзге де заттық құқықта немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өзге де негіздер бойынша тиесілі олардың электр желілерін бөлу шекарасы;

есеп айырысу кезеңі – Шартта Өнім берушінің техникалық диспетчерлендіру жөніндегі көрсетілетін қызметтеріне есеп айырысу жүргізілетін күнтізбелік бір айға тең айдың бірінші қүні сағат 00:00-ден бастап соңғы қүні сағат 24:00-ге дейін уақыт кезеңі ретінде айқындалған кезең (орташа европалық уақыт – Гринвич меридианының уақыты плюс бір сағат);

жеткізу пункті – Өнім берушінің баланстық тиесілілігін бөлу шекарасындағы қосылу (қосылулар жүйесі), онда Өнім беруші Тұтынушыға электр энергиясын береді;

жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы – Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесінде электр энергиясын және қуатын өндіру, беру және тұтыну режимдерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқару функцияларын жүзеге асыратын Өнім берушінің құрылымдық бөлімшесі;

коммерциялық есепке алу кешені – коммерциялық есепке алудың белгілі бір нүктесі мен ақпарат жинау құрылғысына қосылу нүктесі арасында орналасқан, коммерциялық есепке алу үшін қажетті жабдық;

қабылдау пункті – Өнім берушінің баланстық тиесілілігін бөлу шекарасындағы қосылу (қосылулар жүйесі), онда Тұтынушы Өнім берушіге электр энергиясының көлемін кейін оны Өнім берушінің желілері арқылы жеткізу пункттеріне жібереді;

Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімі – есеп айырысу кезеңінде жеткізілген және тұтынылған электр энергиясының көлемін көрсететін, жүйелік оператор жасаған құжат;

өнім беруші – электр энергиясын ұлттық электр желісі арқылы беруді жүзеге асыратын жүйелік оператор;

өңірлік диспетчерлік орталық – жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығына жедел бағынысты және жедел-диспетчерлік функцияларды жүзеге асыратын жүйелік оператордың (Өнім берушінің) өңірлік диспетчерлік орталығы;

өтінім – Тұтынушының уәкілетті өкілі қол қойған және Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Өнім берушіге жолданатын, электр энергиясының көлемі, электр энергиясын беру уақытының кезеңі, осы кезең ішінде қуаты бойынша көлемді бөлу туралы ақпаратты қамтитын жазбаша құжат. Өтінім айлық, тәуліктік және жедел болып табылады;

тұтынушы – электр энергиясын белгілі бір уақыт кезеңінде (апта, ай, тоқсан, жыл) жеткізу бойынша екіжақты сатып алу-сату мәмілесін жасасқан көтерме сауда нарығының субъектісі;

үәкілдегі органның ведомствоны – тиісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствоны;

электр желілері – Өнім берушіге де және/немесе Тұтынушыға да, сондай-ақ үшінші тұлғаларға да меншік құқығында, заттық құқықта немесе занда белгіленген өзге де негіздер бойынша тиесілі шағын станциялардың, таратушы құрылғылардың және оларды біріктіруші электр желілерінің жиынтығы;

электр энергиясын беру бағдары – электр энергиясын Өнім берушінің электр желілері арқылы қабылдау пунктінен Тұтынушының жеткізу пункттеріне дейін беру жолы;

электр энергиясының көлемі – Өнім беруші мен Тұтынушының және/немесе үшінші тұлғалардың баланстық тиесілілігін бөлу шекарасында коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерімен айқындалатын, Шарт бойынша көрсетілетін қызыметтердің құнын айқындау мақсатында киловатт-сағатпен өлшенетін, Тұтынушының атына берілген электр энергиясының саны;

электр энергиясының нақты көлемі – Өнім беруші Тұтынушыға берген, коммерциялық есепке алу аспаптары көрсеткіштерінің негізінде айқындалған және электр энергиясының көлемін салыстырып тексеру актісімен не нақты баланспен расталған электр энергиясының көлемі.

Осы Шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына және "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылады;

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

2-тaraу. Шарттың нысанасы

2. Өнім беруші Тұтынушыдан осы Шартта аталған қабылдау пункттерінде өз желілерінің баланстық тиесілілігінің шекарасында электр энергиясын қабылдайды және оны Тұтынушыға өзінің электр желілері бойынша осы Шартта аталған жеткізу пункттеріне дейін беруді жүзеге асырады.

Тұтынушы электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан және (немесе) электр энергиясының тенгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығынан сатып алған жағдайда, осы Шартта электр энергиясын қабылдау нұктелері көрсетілмейді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

3. Электр энергиясын ұлттық электр желісі арқылы беру жөніндегі қызметтердің көрсетудің техникалық талаптары мен сипаттамалары:

(осы тармақта электр энергетикасы саласындағы нормативтік техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес келуге тиіс Шарт нысанасының техникалық талаптары мен сипаттамалары көзделеді).

3-тaraу. Электр энергиясын беру шарттары

4. Электр энергиясын беру Шарттың 5, 6 және 7-тармақтарына сәйкес жүргізілген ықтимал түзету ескеріле отырып, тоқсандық немесе айлық өтінімнің негізінде және оған сәйкес жүргізіледі.

5. Алдағы тоқсанға арналған өтінімді Тұтынушы тиісті тоқсан басталғанға дейін күнтізбелік алпыс құннен кешіктірмей береді.

6. Алдағы есеп айырысу кезеңіне арналған айлық өтінімді Тұтынушы тиісті есеп айырысу кезеңі басталғанға дейін күнтізбелік он құннен кешіктірмей береді. Айлық көлемді түзетуге электр энергиясын берудің шартты тоқсандық көлемінің шегінде ғана жол береді.

7. Айлық және тоқсандық өтінімді Тұтынушы Өнім берушіге факсимильдік байланыс құралдарымен және (немесе) электрондық пошта арқылы береді.

8. Тұтынушыға электр энергиясының тәуліктік көлеміне және оларды қуаты бойынша тиісті тәулік ішінде бөлуге арналған айлық өтінімді түзетуге жол беріледі. Түзету:

1) көлемі түзетілетін тәуліктердің алдындағы тәулікте сағат 11:00-ден кешіктірмей берілетін тәуліктік өтінім;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілетін жедел өтінім арқылы жүзеге асырылады.

9. Тәуліктік өтінімді Тұтынушының уәкілетті өкілі факсимильдік байланыс құралдарымен және (немесе) электрондық пошта арқылы береді.

10. Тұтынушының уәкілетті өкілі жедел өтінімді кейіннен міндетті түрде жазбаша ресімдей отырып, телефонограмма арқылы береді. Тұтынушы Өнім берушіге жазбаша хабарлама арқылы жедел өтінімдер беретін уәкілетті өкілдің тегін, аты мен әкесінің атын (болған кезде) уақытылы хабарлайды.

Шартты орындау мақсатында Өнім беруші Тұтынушының айлық, тәуліктік, жедел өтінімдерін, сондай-ақ мереке және демалыс құндері түсетін жедел өтінімдерін қабылдайтын электрондық пошта мекенжайы, телефондардың және/немесе факсимильдік аппараттардың нөмірлері өзгерген кезде Өнім беруші Тұтынушыға бұл туралы жазбаша хабарлама беруге міндетті.

4-тaraу. Электр энергиясын есепке алу

11. Өнім берушінің жеткізу пункттерінде есеп айырысу кезеңі ішінде Тұтынушының мекенжайына жеткізген электр энергиясының нақты көлемі баланстық тиесілілік шекарасында орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде есеп айырысу кезеңінің бірінші күнтізбелік күнінің 00:00 сағатынан бастап соңғы күнтізбелік күнінің 24:00 сағатына дейін айқындалады (орташа европалық уақыт - Гринвич меридианының уақыты плюс бір сағат).

Есеп айырысу кезеңінде жеткізілген электр энергиясының нақты көлемі коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін салыстырып тексеру актілері және (немесе) қызметтер көлемін салыстырып тексеру актісінің негізінде жасалатын орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісімен расталады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Тараптар көрсеткіштерді алу, телеөлшеуіштер тізбектері мен электр энергиясын коммерциялық есепке алу кешенінің техникалық жай-күйін тексеру мақсатында бір-біріне тәулік ішінде кез келген уақытта коммерциялық есепке алу аспаптарына қолжетімділік беруге міндеттенеді. Есеп айырысу кезеңі аяқталғаннан кейін коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуды тараптардың уәкілетті өкілдері жүргізеді. Егер тараптардың біреуінің уәкілетті өкілі болмаса не көрсеткіштерді алудан бас тартса, онда басқа тараптың уәкілетті өкіліне көрсеткіштерді алуды дербес жүргізуге рұқсат беріледі.

Коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу кезінде тараптардың уәкілетті өкілдері коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін салыстыру актісіне қол қоюға тиіс.

13. Тараптар тиісті есеп айырысу кезеңінде берілген электр энергиясы бойынша орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін есеп айырысдан кейінгі күнтізбелік айдың бесінші күніне дейінгі мерзімде ресімдейді, оған тараптардың қолдары қойылады және мөрлерімен расталады (болған жағдайда). Тараптардың бірі актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда берілген электр энергиясының көлемін растайтын құжат Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру – тұтынудың нақты балансы болып табылады.

14. Егер есепке алу Өнім беруші мен Тұтынушының баланстық тиесілілігін бөлу шекарасында жүргізілмеген жағдайда берілген электр энергиясының нақты көлемі Тұтынушының желілеріндегі электр энергиясының ысыраптары ескеріле отырып, Тұтынушыда орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптары бойынша айқындалады. Үшінші тұлғалардың электр желілері арқылы берілетін электр энергиясының ысыраптарын осы электр желілерінің иесі айқындалады.

15. Үшінші тұлғалардың электр желілеріндегі электр энергиясын беру және жедел-диспетчерлік басқару жөніндегі өзара қарым-қатынастарды Тұтынушы үшінші тұлғалармен жеке шарт жасасу жолымен реттейді.

16. Өнім беруші үшінші тұлғаның электр желілері арқылы берілетін электр энергиясының көлемі мен сапасына жауапты болмайды.

17. Тараптардың коммерциялық есепке алу аспаптары тексерілуге және оларға пломба салынуға тиіс. Телеөлшеуіштер тізбектеріне пломба салынуға тиіс. Тараптардың әрқайсысы өзінің балансындағы коммерциялық есепке алу аспаптарына өз есебінен тиісті метрологиялық стандарттарда көзделген мерзімдерде метрологиялық тексеру жүргізеді. Тараптардың әрқайсысы басқа тараптан оның (басқа тараптың) коммерциялық есепке алу аспаптарына қосымша тексерулер жүргізуді талап ете алады. Алайда, егер тараптардың бірі қосымша тексеру жүргізуді талап етсе, онда ол қосымша тексеруге бастама көтерген тараптың есебінен жүргізіледі. Егер қосымша тексеру кезінде коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерінде электр энергиясының коммерциялық есепке алу кешендері үшін айқындалған жол берілетін ақаулықтардан асып түскені анықталған жағдайда, онда қосымша тексеру шығасыларын коммерциялық есепке алу аспаптарының иесі төлейді.

18. Электр энергиясын есепке алу схемасында бұзушылықтар анықталған кезде барлық бұзушылықтар тіркелетін тиісті акт жасалады. Мұндай жағдайда Өнім берушінің Тұтынушыға берген электр энергиясының көлемі есеп айырысу кезеңі аяқталғаннан кейін тараптар қол қоятын тиісті актіні жасау арқылы электр энергиясының нақты теңгерімі негізінде айқындалады.

5-тaraу. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

19. Өнім беруші шарт талаптары бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер көрсетуді тоқтатуға құқылы.

20. Өнім беруші Шартта және электр энергетикасы саласындағы қолданыстағы заңнамада белгіленген өзге де әрекеттерді жасауға, сондай-ақ Тұтынушыға электр энергиясын беруді мынадай:

1) Тұтынушы электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер көрсетуді тоқтатқанға дейін кемінде 72 сағат бұрын алдын ала жазбаша ескерту жасай отырып, ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шарттың талаптарын бұзған;

2) жылдық немесе айлық жөндеу кестесінде көзделген ұлттық электр желісінде жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде оларды жүргізу мерзіміне және электр энергиясын басқа бағдар бойынша беру мүмкін болмаған жағдайда;

3) ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыруға кедергі келтіретін технологиялық бұзушылық туындаған кезде және егер сатушы босататын

істен шыққан қуатқа алмастыру және/немесе Өнім берушінің электр желілері бойынша Тұтынушының мекенжайына электр энергиясын беру бағдарын өзгерту мүмкін болмаған;

4) электр энергиясын тұтынудың шарттық көлемін 5% - дан артық алған жағдайда шектеуге не толық тоқтатуға құқылы.

21. Тұтынушы:

1) жасалған шарттарға сәйкес электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді алуға;

2) Өнім берушіден жасалған шарттардың талаптарына сәйкес Өнім берушінің кінәсі бойынша электр энергиясын жеткізбеуден немесе сапасыз жеткізуден келтірілген нақты залалды өтеуді талап етуге;

3) шарттарды жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сотқа жүгінуге құқылы.

22. Өнім беруші:

1) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің ұлттық электр энергиясына қол жеткізуі үшін тең жағдайларды қамтамасыз етуге;

2) тарифтерді белгілеу белгілінде ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге шарттар жасасқан кезде уәкілетті орган ведомствосының шешімдерін басшылыққа алуға;

3) электр энергиясын беруде шартта белгіленбegen үзілістерге жол бермеуге;

4) электр энергиясын өндіру – тұтынудың тәуліктік кестесіне сәйкес тиісті сападағы электр энергиясын электр желілері бойынша беруге;

5) Шартқа жеке келісім негізінде банктің не қазынашылықтың (облыстық қаржы басқармасының) кепілдік міндеттемелерін ескере отырып, авариялық бронь актісіне сәйкес Тұтынушының энергиямен үздіксіз жабдықтау объектілері үшін қажетті көлемде электр энергиясын беруді қамтамасыз етуге міндетті.

23. Тұтынушы:

1) тұтынушылардың меншігіндегі электр және энергия қондырғыларының және коммерциялық есепке алу аспаптарының тиісті техникалық жай – күйін ұстап тұруға, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 143 бұйрығымен бекітілген Электр энергиясын пайдалану қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10403 болып тіркелген) сәйкес олардың техникалық жай-күйіне қойылатын талаптарды орындауға;

2) электр энергиясын сатып алу-сату шартында айқындалған энергия тұтыну режимдерін сақтауға;

3) Қазақстан Республикасының бірынғай электр энергетикасы жүйесінде электр энергиясының стандартты жиілігін қолдауға бағытталған нормативтік талаптарды орындауға;

4) электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;

- 5) Шартта көзделген электр энергиясын тұтынуды беру режимін сақтауға;
- 6) электр қондырғыларының техникалық жай-күйі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін Өнім берушінің жұмыскерлерін коммерциялық есепке алу аспаптарына, сондай-ақ Мемлекеттік энергетикалық бақылау органдарының жұмыскерлерін жіберуге;
- 7) Өнім берушіге электр энергиясын қабылдау пункттерінде оны беруге және жеткізу пункттерінде оны қабылдауға;
- 8) Өнім берушіге электр энергиясын қабылдау пункттерінде оны электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне сәйкес көлемде Тұтынушының жеткізу пункттеріне электр желілері бойынша беру үшін тиісті сапада беруге;
- 9) жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығының (өнірлік диспетчерлік орталықтың) электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін орындау жөніндегі командаларын орындауға;
- 10) күн сайын сағат 08:00-ге дейін келесі тәулікке Тұтынушының нақты тұтыну пункттері үшін тәуліктік жүктеме кестесін көрсете отырып, энергия өндіруші ұйыммен келісілген жедел өтінімді ұсынуға міндетті. Өндірістік қажеттілік жағдайында (авариялық жағдайлар, жүктемелердің технологиялық құлдырауы) жедел өтінім Өнім берушіге тұзету үшін дереу жіберіледі;
- 11) күн сайын сағат 11:00-ге дейін Өнім берушіге өткен тәулікте алғынған электр энергиясының нақты көлемі туралы ақпаратты беруге;
- 12) Өнім берушінің осындай ауыстыру басталғанға дейін кемінде 72 сағат бұрын энергия өндіруші ұйымды ауыстыру туралы ескеरтуге;
- 13) Шарт жасасу кезінде (егер Тұтынушы энергиямен үздіксіз жабдықтау обьектісі болып табылса) Өнім берушіге авариялық бронь актісін және банктің не қазынашылықтың (облыстық қаржы басқармасының) авариялық бронь мөлшерінде Тұтынушыны энергиямен үздіксіз жабдықтау обьектілері үшін электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін есеп айырысу жөніндегі кепілдік міндеттемелерін ұсынуға;
- 14) өзінің басқаруындағы және қарамағындағы электр желілерін пайдалану қауіпсіздігін және электр энергиясы мен қуатын тұтынумен байланысты олар пайдаланатын аспаптар мен жабдықтардың дұрыстығын қамтамасыз етуге;
- 15) тоқсан сайын, алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде келіспеушіліктерді көрсете отырып немесе онсыз, тоқсанның соңғы күніндегі жағдай бойынша шарттар бөлінісінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоюға;
- 16) бар болған жағдайда жүйелік оператордың диспетчерлік орталықтарымен келісілген көлемде деректерді автоматты түрде беруді жүзеге асыруға міндетті.

Ескеरту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Тұтынушының Шарт бойынша өзінің ақшалай міндеттемелерін бұзына байланысты электр энергиясын беруге шектеу енгізілген не тоқтатылған жағдайда Өнім беруші электр энергиясын беруге шектеу енгізілгенге немесе тоқтатқанға дейін кемінде 72 сағат бұрын Тұтынушыны хабардар етеді. Бұл ретте Өнім беруші электр энергиясын беруді тоқтатудың ықтимал салдарлары үшін жауапты болмайды.

25. Егер электр энергиясын беру бағдарын өзгерту/шектеу қажеттілігі Өнім берушінің электр желілерінде авариялық жағдайға не жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты болса, соңғысы Тұтынушының атына дереу хабарлама жібереді.

26. Өнім берушінің электр желілерінде жоспарлы жұмыстарды қоса алғанда, жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде соңғысы Тұтынушының мекенжайына электр энергиясын беру бағдарын өзгертуге құқылы.

27. Шарттың 20-тармағының 1) – 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда электр энергиясын беруді шектеу немесе тоқтату Өнім берушінің кінәсінен электр энергиясының толық жеткізілмеуіне енгізілмейді.

6-тaraу. Ақы төлеу тәртібі

28. Электр энергиясын ұлттық электр желісі арқылы беру жөніндегі Өнім берушінің көрсететін қызметті ұсынуына ақы төлеу уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифке сәйкес есептік айдың әрбір онкүндігі аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қызметтердің мөлшерлес бөлінген айлық шарттық көлемінен 100% төлем шарттарында онкүндік негізде жүргізіледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы реcми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Тариф өзгерген жағдайда Өнім беруші жазбаша немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бұл туралы Тұтынушыны Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде хабардар етеді.

30. Тұтынушы тұркілікті есеп айырысуды орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісінің негізінде Өнім беруші ақы төлеуге шот-фактураны іс жүзінде ұсынған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізеді.

30-1. Тұтынушы осы Шарттың 30 тармағының талаптарын Ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі көрсету қызметтерге ақы төлеу бойынша бұзған жағдайда Өнім беруші Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) Электр қуатының нарығын үйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларымен айқындалған бақылау кезеңінде Тұтынушының сатуға және (немесе) сатып алуға тенгерімдеуші нарық жүйесінде кейінгі өтінімдерін нөлдеу туралы кемінде 72 сағат бұрын алдын ала жазбаша ескерту жібереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігі Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 наурызда № 10531 болып тіркелді) Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес атаулы қолдау алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясын кепілді берушілер болып табылатын көтерме сауда нарығының субъектілеріне қолданылмайды

Ескерту. 6-тарау 30-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Тұтынушы Шарттың 13-тармағында көзделген мерзімде оған берілген электр энергиясы бойынша орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін ұсынбаған немесе келіспеген кезде Өнім берушінің өткен есеп айырысу кезеңі үшін көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу мөлшері электр энергиясының берілген көлемі туралы Өнім берушінің қолда бар жедел деректеріне сәйкес, кейіннен нақты теңгерім негізіндерындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін ұсыну кезінде келесі есеп айырысу кезеңіндегі Өнім берушінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін түзете отырып айқындалады.

32. Өткен кезеңдер үшін берешек болған кезде, төлем бірінші кезекте осы берешекті өтеуге жіберіледі. Тұтынушы есеп айырысу кезеңінде төлеген сомасы нақты сомадан асқан жағдайда осы артық айырма келесі есепті кезеңнің аванстық төлеміне автоматты түрде (не тараптардың келісімі бойынша Өнім берушінің алдындағы Тұтынушының өзге міндеттемелері бойынша берешегін өтеу есебіне, егер осындай болса) есептеледі. Егер Тұтынушы Өнім берушінің келесі есеп айырысу кезеңінде көрсетілетін қызметінен бас тартса, Тұтынушының өзге, оның ішінде Өнім берушінің алдындағы (егер осындай болса) ақшалай міндеттемелері бойынша берешегін өтеуге жұмсалатын соманы қоспағанда, артық төленген сома қайтарылады.

33. Егер Тұтынушы ұсынылған шот-фактураның дұрыстығына дау айтса, ол Өнім берушіні осы шот-фактураны алған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде хабардар етеді және Өнім берушіге қарсылықтарын баяндай отырып, жазбаша өтініш береді. Бұл ретте, Тұтынушы жоғарыда көрсетілген мерзімдерде шот-фактураның дау айтылмаған бөлігін төлеуге міндетті.

34. Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойылғаннан кейін бақылау-өлшеу аспаптарының ақаулығы анықталған жағдайда Өнім беруші түзетілген және екіжақты қол қойылған орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісінің негізінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде бұрын ұсынылған шот-фактураның күшін жою жолымен түзетілген шот-фактураның көшірмесін жасайды.

35. Өнім берушінің электр энергиясын беру жөніндегі қызметіне ақы төлеу бойынша Тұтынушының міндеттемелерінің орындалуы шот-фактурада көрсетілген деректемелер бойынша Өнім берушінің ағымдағы шотына немесе Тұтынушыға жіберілген хабарламада Өнім беруші көрсеткен деректемелер бойынша үшінші тараптың ағымдағы шотына ақшаның есепке алынуы болып танылады.

36. Алып тасталды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 31.03.2021 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

37. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын жеткізу кезінде энергия беруші ұйымдардың электр энергиясын беруге арналған көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуден босатылады. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын субъектілерге энергия беруші ұйымдар өтеусіз көрсеткен электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге қосылған құн салыныбайды.

7-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

38. Шот-фактура бойынша ақы төлеу мерзімі келген кезге оны төлемегені үшін Өнім беруші Тұтынушының төлемеген сомалары бойынша төлем мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы. Мерзімі өткен сомалар бойынша Өнім беруші Тұтынушыдан төлемнің мерзімі өткен әрбір күн үшін ақшалай міндеттемені Тұтынушының нақты орындаған күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгіленген 1,5 еселенген базалық мөлшерлемесіне, сүйене отырып есептелген тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

Төлемдерді осы Шартта көзделген мерзімдерде төлемеген жағдайда Өнім беруші осы Шарттың 24-тармағында белгіленген тәртіппен электр энергиясын беруді шектеуге не тоқтатуға құқылы, ол туралы шектеулерді енгізгенге дейін кемінде 72 сағат бұрын Тұтынушыны хабардар етеді.

Ескерту. 38-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

39. Есеп айырысу кезеңінде Тараптармен келісілген электр энергиясын берудің нақты айлық көлемі Өнім берушінің кінәсінен төмендеген кезде соңғысы кем жеткізілген көлемнің орнын кез келген көздерден толтырады, олай болмаған жағдайда Тұтынушы кем жеткізілген электр энергиясының көлеміне сүйене отырып, электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнының мөлшерінде айыппул салуға құқылы.

40. Егер энергия өндіруші ұйым электр энергиясын Тұтынушының атына шарттасқан көлемнен төмен берген жағдайда, онда Өнім беруші Тұтынушының атына берілетін электр энергиясын энергия өндіруші ұйым беретін шамаға дейін шектейді.

41. Төлемегені немесе уақтылы төлемегені, сондай-ақ энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын кем бергені үшін шектеу немесе ажыратып тастау кезінде туындаитын салдарға жауапкершілік толығымен Тұтынушыға жүктеледі.

42. Шартта көзделмеген электр энергиясын берудің үзілісі, тоқтатылуы немесе шектелуі үшін Тұтынушының алдындағы Өнім берушінің жауапкершілігі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес айқындалады.

43. Өнім беруші Тұтынушының алдында жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы (өнірлік диспетчерлік орталық) берген нұсқамалар мен көлем кезінде аварияға қарсы автоматиканың жұмыс істеуінен пайда болған электр энергиясын берудің үзілісі, тоқтатылуы немесе шектелуі үшін жауапты болмайды.

8-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

44. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін, егер бұл еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершілікten босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Кез келген Тараптың талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындаитын комиссия құрылуды мүмкін. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындаитын Шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растиған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

45. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла түруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарланған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар күнтізбелік отыз күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуарды жүргізуге міндеттенеді.

9-тарау. Басқа ережелер және дауларды шешу

46. Ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер көрсету шарты Тұтынушымен жеке тәртіппен жасалады.

47. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұтастай алғанда, немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, кінә қоюға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

48. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

49. Тараптардың Шарттан туындастын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

50. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір Тарап үшін бір данадан жасалады.

51. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгі Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

10-тaraу. Шарттың қолданылу мерзімі

52. Шарт 20 __ жылғы "___" ____ сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді және 20 __ жылғы "___" ____ 24:00-сағатқа дейін (орташа европалық уақыт – Гринвич меридианының уақыты плюс бір сағат) қолданылады.

53. Егер Тараптардың бірі Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәлімдесе, Шарттың қолданылу мерзімі электр энергиясын беру көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзім аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және талаптарда ұзартылған болып есептеледі.

11-тaraу. Занды мекенжайлар, банк деректемелері және тараптардың қолдары

Өнім беруші: _____

Тұтынушы: _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 бұйрығына
3-қосымша

Тауарлық газды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған үлгілік шарт

(шарттың жасалған орны)

20__жылғы "___"

бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын, тауарлық газды тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтерді ұсынатын (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметтер)

_____ атынан

(қызметті ұсынатын субъектінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

_____ негізінде
әрекет ететін _____

_____ бір
тараптан және

лауазымы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі – А.Ә.Т.)

бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын _____

_____ атынан

(тұтынушының деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)

_____ негізінде
әрекет ететін _____

(лауазымы, А.Ә.Т.)

екінші тараптан, төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

1-тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) беру пункті – тауарлық газды Тұтынушыға немесе оның уәкілетті өкіліне беру жүргізілетін тауарлық газды тасымалдаудың соңғы пункті;

2) газды қабылдау (беру) пункті – шарттарда Өнім беруші мен Тұтынушы арасында айқындалатын, газды есепке алу аспабымен жаракталған газ жеткізу пункті;

3) есептік кезең – жеткізілген және/немесе тасымалданатын газдың көлемі айқындалатын, Өнім беруші мен Тұтынушы арасында жеткізілген газ үшін өзара есеп айырысу жүргізілетін кезең. Тараптар келіскең есеп айырысу кезеңі Шартта көрсетіледі ;

4) уәкілетті органның ведомствоны – тиісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствоны.

Осы шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына және "Газ және газбен жабдықтау туралы", "Магистральдық құбыр туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекмен.

2-тaraу. Шарттың нысанасы

2. Шарттың талаптарына сәйкес тауарлық газды қабылдау пунктінен беру пунктіне дейін Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету бойынша Тұтынушы міндеттеме береді, ал Өнім беруші өзіне міндеттемені қабылдайды.

3. Тауарлық газды тасымалдау көлемі, айларға бөлінген тасымалдау кестесі, қабылдау пункті мен беру пунктін Тараптар қосымша келіседі және Шартқа қоса беріледі.

Бұл ретте тасымалдаудың нақты көлемі Газды қабылдау-беру актілері және Тараптар қол қойған Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актілері негізінде расталады.

4. Заңнамада көзделген жағдайларда, Тұтынушының Шарт жасасу бойынша өз өкілеттігін үшінші тұлғаға беруге құқығы бар.

Көрсетілетін қызметтерді ұсыну режимі – тәулік бойы.

5. Тауарлық газды тасымалдау жөніндегі қызметтерді ұсынудың техникалық шарттары мен сипаттамалары: (сапаны бақылау, тасымалдау, тұтынуды реттеу, газды есепке алу, актілер жасау тәртібі және өзге де талаптар).

Тараптар Техникалық шарттарды қабылдайды, оларды Шарт шенберінде орындауға және оларды бұзғаны үшін жауапты болуға міндеттенеді.

6. Шарт жасасу талаптары қызметті тиісінше көрсету үшін құқықтық, техникалық (технологиялық) және ұйымдастырушылық жағдайлардың болуы, оның ішінде:

1) Өнім беруші тарапынан – газ жабдығын пайдалану жөнінде рұқсат беретін құжаттардың, газ тұтынатын жүйелердің, жабдықтардың жарамдығын растайтын құжаттардың болуы;

2) Тұтынушы тарапынан – тауарлық газды өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсыну жағдайында газдың тиісті көлемі туралы растайтын құжаттың (ресурстық анықтаманың, газды сатып алу шартының нотариалды куәландырылған көшірмесінің) болуы шарт жасасу талаптары болып табылады.

3-тарау. Көрсетілетін қызметтердің құны және ақы төлеу тәртібі

7. Тауарлық газды тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу үәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша жүргізледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар ескеріле отырып, көрсетілетін қызметтерді ұсыну жағдайларынан басқа, көрсетілетін қызметтердің құны Шарттың өзге де талаптары сияқты барлық тұтынушыларға бірдей белгіленеді.

8. Тұтынушы ақы төлеуді екіжақты актілердің негізінде нақты көрсетілген қызметтер үшін Өнім берушінің шот-фактурасын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, ай сайын жүргізеді.

Тоқсан қорытындылары бойынша өзара есеп айырысудың бухгалтерлік актілерін Өнім беруші ресімдейді, ол есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күніне дейінгі мерзімде актілерге қол қояды, мөр болған жағдайда мөрмен растайды және Тұтынушыға жібереді. Актіге бірінші басшы және бас бухгалтер қол қояды, Тұтынушының мөрімен (бар болған жағдайда) куәландырылады және есепті тоқсаннан кейінгі айдың 30 (отзынышы) күніне дейінгі мерзімде Өнім берушіге кері жіберіледі.

4-тарау. Тауарлық газды тасымалдау және есепке алу шарттары

9. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдерде өзгеше белгіленбесе, Өнім беруші Тұтынушыға беретін тауарлық газдың сапасы физикалық-химиялық көрсеткіштері бойынша Қазақстан Республикасында қабылданған стандарттар мен нормативтерге сәйкес келуі тиіс.

10. Тауарлық газды тасымалдау Өнім беруші мен Тұтынушының арасында келісілген тасымалдау кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

11. Тұтынушыға берілетін тауарлық газдың көлемін Өнім беруші Шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен тіркейді және өлшейді.

12. Өнім беруші технологиялық жабдықтың авариялық зақымдануы туындаған жағдайда, газ шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде және нормативтік техникалық құжаттарда белгіленген тәртіппен Көрсетілетін қызметтерді резервте сақтауды қамтамасыз етеді.

5-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

13. Тұтынушы:

1) жасалған шарттарға сәйкес көрсетілетін қызметтерді алуға;

2) Өнім берушіден қызметтерді толық жеткізбегендіктен немесе сапасыз жеткізгендіктен шеккен залалды жасалған шарттардың талаптарына сәйкес өтеуді талап етуге;

3) шарттарды жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге;

4) Өнім берушінің бір айдан кешіктірмей хабардар еткен және тауарлық газды тасымалдау жөнінде көрсетілген қызметтер үшін толық ақы төленген жағдайда, Өнім берушімен жасалған Шартты біржакты тәртіппен бұзуға құқылы.

14. Тұтынушы:

1) тауарлық газды тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтер үшін Шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен ақы төлеуді уақтылы әрі толық көлемде жүргізуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Өнім беруші белгілеген техникалық талаптарды орындауға міндettі.

15. Өнім беруші:

1) Тұтынушыдан Шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен ұсынылған қызметтер үшін ақыны уақтылы әрі толық көлемде алуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тұтынушы сақтауға міндettі техникалық талаптарды белгілеуге;

3) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен тарифтердің қолданылуы кезеңінде ұсынылған қызметтер үшін барлық тұтынушыларға тарифтерді төмендетуге құқылы.

16. Өнім беруші:

1) тауарлық газды Тұтынушымен келісілген көлемде газ қабылдау пунктіне қабылдауға және тауарлық газдың Шартта белгіленген тәртіппен әрі талаптармен газ беру пунктіне бірқалыпты және үздіксіз тасымалдануын қамтамасыз етуге;

2) Тұтынушыны кез келген төтенше жағдайлар немесе тауарлық газды тасымалдауға әсер етуі ықтимал авариялар туралы дереу хабардар етуге, сондай-ақ тауарлық газды тасымалдауды қалпына келтіру үшін барлық қажетті іс-әрекетті қолдануға;

3) Тұтынушыны Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде тауарлық газды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтердің өзгергені туралы хабардар етуге;

4) Тұтынушыға немесе оның уәкілетті өкіліне тауарлық газды тасымалдау мәселелері жөнінде ақпарат ұсынуға;

5) Тұтынушыны тауарлық газды тасымалдау жөніндегі міндettтерді орындауға ықпал ететін жоспарланатын жөндеу жұмыстары және профилактикалық жұмыстар туралы бір күндік мерзімде жазбаша түрде хабардар етуге міндettі.

6-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

17. Тараптарға Тараптардың құқықтарын шектейтін не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын өзгеше іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады.

18. Осы Шарт бойынша міндеттемелер орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

19. Осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындау мерзімі өткен жағдайда кінәлі тарап екінші тарапқа әрбір мерзімі өткен күн үшін, ақшалай міндеттемені нақты орындау күні қолданылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 есе мөлшерлемесінен аспайтын мөлшерде, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді.

Тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы міндеттемені орындаудың соңғы күнінен кейінгі бірінші күн болып табылады.

20. Егер Тұтынушыға тауарлық газды тасымалдау жөніндегі қызметті Өнім берушінің көрсете алмауы Өнім берушімен шарттық қатынастардағы басқа тұлғалардың кінәсінен туындаса, Тұтынушының алдында Өнім беруші жауапты болады

21. Тұрақсыздық айыбын төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

7-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

22. Шарт бойынша міндеттемелерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш мән-жайларының салдарынан болып табылса, Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Мұндай жағдайда бір де бір Тараптың залалдың орнын толтыру құқығы болмайды. Кез келген Тараптың талабы бойынша мұндай жағдайда өзара міндеттемелердің орындалуын анықтайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте бір де бір Тарап Шарт бойынша еңсерілмес күш мән-жайлары болғанға дейін туындаған міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған жағдайда Тараптар бір біріне олар туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бұл туралы хабарлайды, кейін Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған еңсерілмес күш мән-жайлардың басталған күнін нақтылайтын әрі сипаттайтын жазбаша хабарламаны береді не пошта арқылы жібереді.

23. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмес күш мән-жайларының мерзіміне, бірақ осында мән-жайлар Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындаға кедергі келтірген дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылған жағдайда, Тараптардың әрқайсысы басқа тарапқа бұзу болжанып отырған күнге дейін күнтізбелік

жиырма күн бұрын алдын ала хабарлаған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар құнтізбелік отыз күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысады жүргізуге міндеттенеді.

8-тaraу. Жалпы ережелер және дауларды шешу

24. Тауарлық газды тасымалдау бойынша қызмет көрсету шарты Тұтынушымен жеке тәртіппен жасалады.

25. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұластай алғанда, немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, кінә қоюға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

26. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

27. Тараптардың Шарттан туындаитын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

28. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір Тарап үшін бір данадан жасалады.

29. Тараптардың келісімі бойынша Шарт ұлгілік Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге арналған Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

9-тaraу. Шарттың қолданылу мерзімі

30. Шарт 20__ жылғы "___" ____ бастап күшіне енеді және 20__ жылғы "___" ____ дейін қолданылады.

31. Егер Тараптардың бірі Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін құнтізбелік отыз күн бұрын Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәлімдесе, Шарттың қолданылу мерзімі қызметтерді беру көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзім аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол Шартта көзделген мерзімге және шарттарда ұзартылған болып есептеледі.

10-тaraу. Құпиялылық шарттары

32. Тараптар Шарттың мазмұнына қатысты құпиялылықты, сондай-ақ Шарттың орындалуына байланысты Тараптардың әрқайсысына берілетін кез келген ақпарат пен деректерді сақтауга, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарт Тараптарының бірінің алдын ала жазбаша келісімінсіз фактілер мен ақпаратты тұластай немесе ішінара жария етпеуге және үшінші тұлғаларға жария етпеуге міндеттенеді.

Үшінші тұлғалар тарапынан Шарт нысанасына қызығушылық туындаған жағдайда, Тараптар бұл туралы бір-біріне хабарлауға міндетті.

11-тaraу. Тараптардың деректемелері

Өнім беруші: _____ _____ _____	Тұтынушы: _____ _____ _____
--------------------------------------	-----------------------------------

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 бұйрығына
4-қосымша

Тауарлық газды сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған үлгілік шарт

_____ 20_ жылғы "___" _____
(шарттың жасалған орны)

Бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын, тауарлық газды сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметтер) ұсынатын

_____ атынан

(көрсетілетін қызметті ұсынатын субъектінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)
_____ негізінде
_____ әрекет ететін

_____ бір
тараптан және

лауазымы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі – А.Ә.Т.)
бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын _____

атынан

(тұтынушының деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)

негізінде
әрекет ететін

(лауазымы, А.Ә.Т.)

екінші тараптан, төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

жерасты газ қоймасы-тауарлық газды маусымдық біркелкі емес тұтыну кезеңінде жеткізуді қамтамасыз ету үшін газдың технологиялық қоры сақталатын, магистральдық газ құбырының бөлігі болып табылатын, жерүсті жабдығы бар кешендегі жерасты құрылыштары;

тауарлық газды қабылдау пункті-әдетте тауарлық газды есепке алу аспабымен жарақтандырылған, тұтынушы тауарлық газды жеткіzetін жерасты газ қоймасында болатын газды жеткізу пункті, одан кейін тауарлық газ жерасты газ қоймасына сақтауға тікелей айдалады;

үәкілетті органның ведомствоны – табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствоны.

Осы шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына және "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Шарттың нысанасы

2. Өнім беруші ұлттық стандарттарда, нормативтік актілерде және өзге де техникалық талаптарда белгіленген сақтау нормаларын (режимдерін) сақтай отырып, оған берілетін тауарлық газды Шарттың талаптары бойынша сақтауға міндеттенеді, ал Тұтынушы ұсынылған көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге міндеттенеді.

3. Көлемі ____ текше метр тауарлық газды жерасты газ сақтау қоймасында сақтау 20 ____ жылғы ____ бастап 20 ____ жылғы ____ (қоса алғанда) кезеңінде оны айдау және 20 ____ – 20 ____ жылдар кезеңінде алу арқылы жүзеге асырылады.

4. Шарт Тұтынушымен жеке тәртіппен жасалады. Заңнамада көзделген жағдайларда, Тұтынушының Шарт жасасу жөніндегі өз өкілеттігін үшінші тұлғаға беруге құқығы бар.

5. Көрсетілетін қызметтерді ұсыну режимі – тәулік бойы.

3-тарау. Көрсетілетін қызметтердің құны және ақы төлеу тәртібі

6. Тауарлық газды жерасты газ қоймасында сақтау бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу уәкілетті органның ведомствоны бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

7. Егер Тараптар келісіміде өзгеше көзделмесе Тұтынушы ақы төлеуді екіжақты актінің негізінде нақты ұсынылған көрсетілетін қызметтер үшін Өнім берушінің шот-фактурасын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ай сайын жүргізеді.

8. Өнім беруші тоқсанның қорытындысы бойынша қаржылық есептемелердің бухгалтерлік салыстыру актілерін ресімдейді, ол актілерге қол қояды, мөрмен (бар болған жағдайда) растайды және Тұтынушыға есепті айдан кейінгі айдың он бесінші күніне дейін жібереді. Тұтынушы актілерге қол қояды, бар болса мөрмен растайды және кері қарай Өнім берушіге жібереді.

4-тарау. Тауарлық газды сақтау және есепке алу шарттары

9. Шарт бойынша сақтауға жеткізілетін тауарлық газ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талалтарға сай келеді.

10. Тауарлық газ бір ай ішінде тең бөліктермен жеткізіледі.

11. Тауарлық газ ағыны жерасты газ қоймасында өлшеу тораптарында тауарлық газды сақтауға жеткізу және қабылдау актілерін, тауарлық газды алу актісін және тауарлық газдың орташа айлық көлемін сақтау туралы акті жасау жолымен ай сайын есепке алынады, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$V \text{ орт.ай. сақ.} = V \text{ айдың басында} + \frac{1}{2}V \text{ айдау} - \frac{1}{2}V \text{ алу.}$$

12. Актілер екі данада жасалады және есеп жасалған айдан кейінгі айдың бесінші күніне дейін Тараптардың уәкілетті өкілдері оған қол қояды.

13. Тараптардың сақтауға қабылданған тауарлық газдың мөлшерін айқындауға байланысты наразылықтары екіжақты актілерге қол қойылғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде беріледі.

5-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

14. Тұтынушы:

1) ИМ-70 кеден ресімі бойынша ресімделген кедендік декларацияда көрсетілген көлемде жерасты газ қоймаларында сақтаулы тауарлық газды жұмсауға;

2) көрсетілетін қызметтерді белгіленген сапада алуға және Өнім берушіден ұлттық стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін көрсетілетін қызметтер ұсынылған жағдайда, көрсетілетін қызметтердің құнын қайта есептеуді талап етуге;

3) Өнім берушімен жасалған Шартты бұзу туралы Өнім беруші күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей хабардар етілген және тауарлық газды жерасты газ қоймасында сақтау жөнінде көрсетілетін қызметке ақы толық төленген жағдайда, Өнім берушімен жасалған Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

15. Тұтынушы:

1) тауарлық газды жерасты газ қоймасында сақтау жөнінде көрсетілетін қызметке Шартта белгіленген тәртіппен және талаппен уақтылы әрі толық көлемде ақы төлеуді жүргізуе;

2) Өнім беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілейтін техникалық талаптарды орындауға;

3) газды жерасты газ қоймасына айдау басталғанға дейін жеткізілетін газдың бүкіл көлемі үшін газдың шыққан жері туралы сертификаттың көшірмесі мен оның сапа паспортының түпнұсқасын Өнім берушіге беруге;

4) ИМ-70 (қоймаға айдау) және ИМ-40 (қоймадан алу) режимінде газды кедендейтін ресімдеу үшін толық жауапты болуға және Өнім берушіге тиісті режимдегі жүк кеден декларациясының төртінші данасының түпнұсқасын беруге міндettі.

16. Өнім беруші:

1) Тұтынушыдан Шартта белгіленген тәртіппен және талаппен ұсынылған қызметтер үшін уақтылы әрі толық көлемде ақы алуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тұтынушы сақтауға міндettі техникалық талаптар белгілеуге;

3) уәкілдік орган бекіткен тәртіппен тарифтердің қолданысы кезеңінде барлық тұтынушылар үшін ұсынылатын көрсетілетін қызметтер үшін тарифтерді төмендетуге құқылы.

17. Өнім беруші:

1) осы Шартта белгіленген кезеңде жерасты газ қоймасында тауарлық газдың Шартта белгіленген тәртіппен және талаппен сақталуын қамтамасыз етуге;

2) Тұтынушыны тауарлық газды айдауға және (немесе) сақтауға және (немесе) алуға әсер етуі мүмкін кез келген төтенше жағдайлар немесе авариялар туралы дерек хабардар етуге, сондай-ақ тауарлық газды айдауды және (немесе) сақтауды және (немесе) алуды қалпына келтіру үшін барлық қажетті іс-қимылды жасауға;

3) Тұтынушыны Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде тауарлық газды сақтау жөніндегі қызметке тарифтердің өзгергені туралы хабардар етуге;

4) Тұтынушыға немесе оның уәкілетті өкіліне тауарлық газды сақтау мәселелері бойынша ақпарат ұсынуға міндetti.

6-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

18. Тараптарға Тараптардың құқықтарын шектейтін не өзгеше түрде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын іс-қимылдар жасауға тыйым салынады.

19. Шартта көзделген міндettемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, кінәлі тарап екінші тарапқа келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтейді.

20. Ұсынылған көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу мерзімі өткен жағдайда, Тұтынушы Шартқа сәйкес 24-тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда және өзіне сақтауға берілген тауарлық газды Өнім беруші уақтылы қайтармаған жағдайда кінәлі тарап мерзімі өткен әрбір күн үшін осы сомаларды төлеу күні қолданылатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді.

21. Егер жерасты газ сақтау қоймасына тауарлық газды сақтау жөнінде көрсетілетін қызметті Тұтынушыға ұсыну Өнім беруші үшін мүмкін болмауы Өнім берушімен шарттық қатынастағы басқа тұлғалардың кінәсінен туындаса, Өнім беруші Тұтынушының алдында жауапты болады.

22. Тұрақсыздық айыбын төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндettемелерін орындаудан босатпайды.

23. Егер Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін жерасты газ қоймасында сақтаулы тауарлық газды Тұтынушы қайтып алмаса, онда ол Өнім берушіге тауарлық газды одан әрі сақтағаны үшін Шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен мөлшерлес сыйақы төлеуге міндetti.

7-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

24. Тараптар Шарт бойынша міндettемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін, егер бұл еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндettемелердің орындалуын айқындастырын комиссия құрылуды мүмкін . Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындастырын шарт бойынша міндettерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті

ұйымы растаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

25. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайларың және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарлаған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар күнтізбелік отыз күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысулады жүргізуге міндеттенеді.

8-тaraу. Жалпы ережелер және дауларды шешу

26. Тауарлық газды сақтау бойынша қызмет көрсету шарты Тұтынушымен жеке тәртіппен жасалады.

27. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұластай алғанда, немесе қандай да бір мәселеге немесе Шарттың ережелеріне қатысты іс-қимылға байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, кінә қоюды жіберуге құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

28. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

29. Тараптардың Шарттан туындастырылған және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

30. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір Тарап үшін бір данадан жасалады.

31. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгілік Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге арналған Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген күнінен бастап қүшіне енеді.

9-taraу. Шарттың қолданылу мерзімі

32. Шарт 20__ жылғы "___" ____ бастап күшіне енеді және 20__ жылғы "___" ____ дейін қолданылады.

33. Егер Тараптардың бірі Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін құнтізбелік отыз күн бұрын Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәлімдесе, Шарттың қолданылу мерзімі көрсетілетін қызметтерді беру көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзім аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол Шартта көзделген мерзімге және шарттарда ұзартылған болып есептеледі.

10-тaraу. Тараптардың деректемелері

Өнім беруші: _____

Тұтынушы: _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 бұйрығына
5-қосымша

Топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану саласында көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған ұлгілік шарт

(шарттың жасалған орны)

20__ жылғы "___" ____

Бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын, топтық резервуарлық қондырғылар арқылы сүйытылған мұнай газын жеткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынатын _____ атынан (көрсетілетін қызметті ұсынатын субъектінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі) _____ негізінде әрекет ететін

бір тараптан және лауазымы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі – А.Ә.Т.) бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын _____

_____ атынан (тұтынушының деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)

әрекет ететін

негізінде

тараптан,

екінші

(лауазымы, А.Ә.Т.)

төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тaraу. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

кірістегі кран – газ құбырындағы бекіткіш арматура, Өнім беруші жауапкершілігінің шегі;

тұтынушы – тұрғын үй алабына (тұрмыстық тұтынушыларға) газ беру үшін топтық резервуарлық қондырғылар арқылы сұйытылған мұнай газын жеткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға;

уәкілетті органның ведомствоны – тиісті табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган ведомствоны.

Осы шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына және "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

2-тaraу. Шарттың нысанасы

2. Өнім беруші топтық резервуарлық қондырғылар арқылы Тұтынушы жеткізген сұйытылған мұнай газын кіріс кранына дейін береді, ал Тұтынушы қабылданған көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлейді.

3. Шарт Тұтынушымен жеке тәртіpte жасалады. Заңнамада көзделген жағдайларда, Тұтынушы Шарт жасасу жөніндегі өз өкілеттігін үшінші тұлғаға беруге құқығы бар.

3-тaraу. Көрсетілетін қызметтердің құны және ақы төлеу тәртібі

4. Топтық резервуарлық қондырғылар арқылы сұйытылған мұнай газын жеткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу уәкілетті органның ведомствоны бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды ескере отырып, көрсетілетін қызметтер ұсыну жағдайларын қоспағанда, көрсетілетін қызметтердің құны Шарттың өзге де талаптары сияқты барлық тұтынушылар үшін бірдей белгіленеді.

5. Тұтынушы ақы төлеуді Өнім берушінің шот-фактурасын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, екіжақты актілер негізінде, егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, іс жүзінде ұсынылатын көрсетілген қызмет үшін ай сайын жүргіzedі.

4-тaraу. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

6. Тұтынушы:

1) көрсетілетін қызметтерді белгіленген сапада алуға және Өнім берушіден ұлттық стандарттар мен өзге де нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін көрсетілетін қызметтер ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметтердің құнын қайта есептеуді талап етуге;

2) Өнім берушіден көрсетілетін қызметтерді толық жеткізбеуден немесе олардың сапасыз жеткізуінен туындаған залалды жасалған шарттардың талаптарына сәйкес өтеуді талап етуге;

3) шарттарды жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге;

4) Өнім беруші бір айдан кешіктірмей хабардар етілген және көрсетілетін қызметтердің ақысы толық төленген жағдайда Өнім берушімен жасалған Шартты біржакты тәртіппен бұзуға құқылы.

7. Тұтынушы:

1) көрсетілетін қызметтер үшін Шартта белгіленген тәртіpte және жағдайларда уақтылы әрі толық көлемде ақы төлеуді жүргізуге;

2) сұйытылған мұнай газын топтық резервуарлық қондырғыларға құю кезінде жабдықты қауіпсіз пайдалану жөніндегі нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық құжаттарға және Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де талаптарына сәйкес қауіпсіздік қағидаларын сақтауға;

3) Өнім беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілеген техникалық талаптарды орындауға;

4) Өнім берушінің топтық резервуарлық қондырғыларына сұйытылған мұнай газын жеткізуге және құюға;

5) қажеттілігіне қарай сұйытылған мұнай газының буланбаған қалдықтарын топтық резервуарлық қондырғылардан сұйытылған мұнай газының шығарылған массасының орнын толтыра отырып, айдан шығаруды жүргізуге;

6) жеткізілетін сұйытылған мұнай газының сапасы мен көлемі үшін жауапты болуға міндетті.

8. Өнім беруші:

1) көрсетілетін қызметтерді ұсынғаны үшін Тұтынушыдан Шартта белгіленген тәртіpte және жағдайларда уақтылы әрі толық көлемде ақы алуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тұтынушы сақтауға міндетті техникалық талаптар белгілеуге;

3) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен тарифтердің қолданысы кезеңінде көрсетілетін қызметтерді ұсынғаны үшін барлық тұтынушылар үшін тарифтерді төмендетуге құқылы.

9. Өнім беруші:

1) көрсетілетін қызметтердің барлық Тұтынушылары үшін тен жағдайлар ұсынуға;

2) қызмет көрсетуге арналған шарттарды жасасу кезінде тарифтер белгілеу бөлігінде уәкілетті органның шешімдерін басшылыққа алуға;

3) көрсетілетін қызметті беруде шартта белгіленбegen ұзілістерге жол бермеуге;

4) Тұтынушыға топтық резервуарлық қондырығыларға сұйытылған мұнай газын Тұтынушымен келісілген көлемдерде беруге;

5) көрсетілетін қызметтердің сапасы мен Тұтынушының қауіпсіздігіне әсер ететін кез келген төтенше жағдайлар немесе авариялар туралы Тұтынушыны дереу хабардар етуге, сондай-ақ көрсетілетін қызметтер сапасын қалпына келтіру үшін барлық қажетті іс-қимылды жасауға;

6) Тұтынушыны Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтердің өзгергені туралы хабардар етуге;

7) Тұтынушыға немесе оның уәкілетті өкіліне Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік қағидаларының және жабдықтарды қауіпсіз пайдалану жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттардың мәселелері бойынша ақпарат ұсынуға міндетті.

6-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

10. Тараптарға Тараптардың құқықтарын шектейтін не өзгеше түрде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын іс-қимыл жасауға тыйым салынады.

11. Шартта көзделген міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, кінәлі тарап екінші тарапқа келтірілген залалдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтейді.

12. Осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындау мерзімі өткен жағдайда, кінәлі тарап екінші тарапқа әрбір мерзімі өткен күн үшін ақшалай міндеттемелерді нақты орындау күніне қолданылатын, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша, бірақ негізгі борыштың сомасынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

13. Тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы егер Тараптар келісімімен өзгеше көрсетілмесе, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың бірінші күні болып табылады.

14. Шот бойынша төлеу мерзімі келген күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн ішінде шотты төлемеген жағдайда, Өнім беруші осы Шарттың талаптарында белгіленген тәртіппен көрсетілетін қызметті беруді шектеуге не тоқтатуға құқылы.

15. Егер Өнім беруші үшін Тұтынушыға қызмет көрсету мүмкіндігінің болмауы Өнім берушімен шарттық қатынаста тұратын басқа тұлғалардың кінәсінен болса, Өнім беруші Тұтынушы алдында жауапты болады.

Тұрақсыздық айыбын (өсім ақыны) төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

16. Тұтынушы осы Шартта көзделген мерзімде өзіне берілген көрсетілетін қызметтердің көлемдерін салыстыру актісін ұсынбаған кезде, Өнім берушінің өткен есеп айырысу кезеңі үшін көрсетілетін қызметтердің ақысын төлеу мөлшері берілген көрсетілетін қызметтің көлемдерін салыстыру актісін ұсынған кезде келесі есеп айырысу кезеңіндегі Өнім берушінің көрсетілетін қызметтері үшін ақы төлеу мөлшерін кейін түзете отырып берілген көрсетілетін қызметтің көлемі туралы Өнім берушінің қолда бар жедел деректеріне сәйкес айқындалады.

17. Өткен кезеңдер үшін берешегі болған кезде, төлем бірінші кезекте осы берешекті өтеуге жіберіледі. Тұтынушы нақты есеп айырысу кезеңіне арналған сомадан асқан соманы төлеген жағдайда, осы асқан соманың айырмасы келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлеміне (не Тараптардың келісімі бойынша Өнім берушінің алдындағы өзге де міндеттемелері бар болса, Тұтынушының берешегін өтеу шотына) автоматты тұрде есептеледі. Егер Тұтынушы келесі есеп айырысу кезеңінің көрсетілетін қызметтінен бас тартса, Тұтынушының өзге міндеттемелері бойынша берешегін өтеуге кеткен, оның ішінде Өнім беруші алдындағы ақшалай соманы (егер мұндай бар болса) қоспағанда асыра төленген сомалар қайтарылады.

18. Егер Тұтынушы қойылған шоттың дұрыстығына дауласатын болса, ол Өнім берушіні осы шотты алған күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде хабардар етеді және Өнім берушіге қарсылықтарын баяндай отырып, жазбаша өтініш береді. Бұл ретте Тұтынушы жоғарыда көрсетілген мерзімдерде шоттың дау туғызбаған бөлігіне ақы төлеуге міндетті.

19. Егер бақылау-өлшеу аспаптарының ақаулығы нәтижесінде және басқа да жағдайларда шоттарға түзету енгізу қажет болған жағдайда, Тараптар кейінгі есеп айырысу кезеңдеріндегі шоттарға түзету енгізеді.

20. Өнім берушінің топтық резервуарлық қондырығылар арқылы сұйытылған мұнай газын жеткізу жөніндегі көрсетілетін қызметі үшін ақы төлеу бойынша Тұтынушының міндеттемелерін орындау шот-фактурада көрсетілген деректемелер бойынша Өнім берушінің ағымдағы шотына немесе Тұтынушыға жіберілген хабарламада Өнім беруші көрсеткен деректемелер бойынша үшінші тараптың ағымдағы шотына ақша аудару болып танылады.

21. Есеп айырысу кезеңінде Өнім берушінің кінәсінен көрсетілетін қызметтің нақты айлық көлемі Тараптармен келісілген көлемнен азайған кезде, Өнім беруші кез келген

көздерден кем жеткізілген көлемнің орнын толтырады, олай болмаған жағдайда, Тұтынушы кем жеткізілген көрсетілетін қызмет көлемінен шыға отырып, көрсетілетін қызметтер құнының мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

22. Шартта көзделмеген көрсетілетін қызмет берудегі үзілістер үшін, тоқтатылғаны немесе шектеу қойылғаны үшін Өнім берушінің Тұтынушы алдындағы жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

7-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

23. Тараптар Шарт бойынша міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындастын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындастын Шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растиған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтыластын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

24. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла түруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарлаған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

8-тарау. Басқа ережелер және дауларды шешу

25. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша не тұластай немесе қандай да мәселеге немесе Шарттың ережелеріне қатысты іс-қимылға байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік болған жағдайда Тараптардың кез келгені екінші тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, наразылық жіберуге құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жүргізу жолымен реттеу үшін бар күш-жігерін жұмысады.

26. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауап берушінің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқығы бар.

27. Тараптардың Шарттан туындайтын және олармен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

28. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада Тараптардың әрқайсысы үшін бір данада жасалады.

29. Тараптардың келісімі бойынша Шарт ұлгілік Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайши келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге арналған Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

9-тaraу. Шарттың қолданылу мерзімі

30. Шарт 20 жылғы " " сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді (Астана қаласының уақыты бойынша) және 20 жылғы " " 24:00-ге дейін қолданылады.

Ескеरту. 30-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Егер Тараптардың бірі Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын Шарттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы мәлімдесе, Шарттың қолданылу мерзімі көрсетілетін қызметтерді беру көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзім аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол Шартта көзделген мерзімге және шарттарда ұзартылған болып есептеледі.

10-taraу. Тараптардың деректемелері

Өнім беруші: _____

Тұтынушы: _____

Сүмен жабдықтау және (немесе) су бұрудың көрсетілетін қызметтерін үсінуға арналған үлгілік шарт

(шарттың жасалған орны)

20_ жылғы " " _____

Бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметтер) үсінатын _____ атынан (көрсетілетін қызметті үсінатын субъектінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі) _____ негізінде әрекет ететін _____ бір тараптан және лауазымы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі – А.Ә.Т.) бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын _____

_____ атынан (тұтынушының деректемелері, жеке тұлғалар үшін жеке басын қуәландыратын құжат жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғалар үшін бизнес сәйкестендіру нөмірі) _____ негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан, (лауазымы, А.Ә.Т.) Тараптар деп аталатындар төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тaraу. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

есепке алу аспабы – нормаланған метрологиялық сипаттамалары бар, белгілі бір уақыт аралығы ішінде физикалық шаманың бірлігін шығаратын және сақтайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен суды коммерциялық есепке алу үшін қолдануға рұқсат етілген су көлемін (ауыз су, техникалық, ағынды және басқа да су түрлері) өлшеуге арналған техникалық құрал;

есепке алу аспаптарын тексеру – есепке алу аспаптарының жай-күйін тексеру, оның техникалық талаптарға сәйкестігін анықтау және растау, көрсеткіштерді алу, сондай-ақ су өлшеу торабында пломбалардың бар-жоғы мен бүтіндігін анықтау үшін Өнім берушінің өкілі орындаитын операциялар жиынтығы;

есеп айырысу кезеңі – Тұтынушы көрсетілетін қызмет үшін есеп айырысу жүргізетін айдың бірінші күні сағат 00:00-ден бастап айдың соңғы күні сағат 24:00-ге дейін күнтізбелік бір айға тен уақыт кезеңі ретінде Шартта айқындалған;

пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы – тараптардың келісімімен белгіленетін міндеттер белгісі (оларды пайдалану үшін жауапкершілік) бойынша сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің элементтерін бөлу орны. Мұндай келісім болмаған

кезде пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы тенгерімдік тиесілілікті бөлу шекарасы бойынша белгіленеді;

су тұтыну нормасы – "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 34) тармақшасына сәйкес жергілікті атқарушы орган айқындастын нақты елді мекендердегі бір адамның, жеке қосалқы шаруашылықтағы жануарлардың тәуліктік қажеттілігін қанағаттандыруға немесе суармалы ауданның бір бірлігіне арналған судың мөлшері;

суды есепке алу торабына жібермеу – Өнім беруші өкілінің сарқынды сулардың сынамаларын алу үшін аумақта орналасқан немесе шаруашылық қарауындағы сумен жабдықтау және су бұры жүйелерінің барлық элементтерінің көрсеткіштерін алу және жұмысқа қабілеттілігін тексеру, техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін бақылау үшін суды есепке алу торабына рұқсат беруден Тұтынушының бас тартуы (кедергі келтіру);

тенгерімдік тиесілілікті бөлу шекарасы – схемаларда көрсетілетін меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару белгісі бойынша иелері арасындағы сумен жабдықтау және су бұры жүйелерінің элементтерін бөлу орны;

төлем құжаты – Өнім берушінің ұсынған көрсетілетін қызметтері (тауарлары, жұмыстары) үшін төлемді жүзеге асыру үшін жасалған, соның негізінде төлем жүргізілетін құжат (шот, хабарлама, түбіртек, ескерту-шот);

тұтынушы – сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың реттеліп көрсетілетін қызметтерін пайдаланатын немесе пайдалануға ниеттенетін жеке немесе занды тұлға;

үәкілетті органның ведомствоы – тиісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствоы.

Осы шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының Су кодексіне және Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

2-тарау. Шарттың нысанасы

2. Шарт талаптарына сәйкес Өнім беруші Тұтынушыға қызметтер көрсетуге міндеттенеді, ал Тұтынушы ұсынылған көрсетілетін қызметтерге осы Шартта белгіленген мерзімдерде, тәртіппен және мөлшерде ақы төлеуге міндеттенеді.

3. Ұсынылатын көрсетілетін қызметтердің сипаттамалары мен берілетін судың сапасы Қазақстан Республикасы заңнамасының, санитарлық қағидалардың, мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес болуы тиіс.

4. Шарт тұтынушымен жеке тәртіппен оның меншігінде немесе басқа да занды негіздерде Өнім берушінің техникалық шарттарға сәйкес орындалған елді мекеннің

сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қосылған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелері болған кезде жасалады.

5. Тұтынушыны сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне қосуға арналған техникалық шарттарда көрсетілген көлемдерге сәйкес Тұтынушы алатын ауыз судың рұқсат етілген көлемі _____ м3/жыл, техникалық су _____ м3/жыл Тұтынушыдан шаруашылық-тұрмыстық және өндірістік сарқынды сулардың ластану құрамы бойынша оларға жақын бөлінетін _____ м3/жыл.

Ауыз суды тұрмыстық тұтыну үшін пайдаланатын жеке тұлға оны пайдалануға және түзілетін сарқынды суларды оған қажетті мөлшерде тастауға құқылы.

6. Қызмет көрсету режимі – тәулік бойы.

7. Кондоминиум объектілеріндегі пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы:

сумен жабдықтау бойынша – ғимаратта су құбырын енгізу дегі бірінші ысырманың бөлуші фланеці;

су бұру бойынша – елді мекеннің су бұру желілеріне қосылған жердегі құдық.

3-тaraу. Көрсетілетін қызметтерді ұсыну шарттары

8. Қызметтер көрсетуді тоқтата тұру мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) авариялық жағдай не азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қауіп - қатер төнген;

2) Өнім берушінің желісіне өздігінен қосылған;

3) есеп айырысу кезеңнен кейінгі екі ай ішінде қызметтер үшін төлемақы жасалмаған;

4) сарқынды сулардың сынамаларын алу үшін аумақта орналасқан немесе шаруашылық жүргізуіндегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің барлық элементтерінің көрсеткіштерін алу және жұмысқа қабілеттілігін тексеру, техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылау үшін суды есепке алу аспаптарына Өнім беруші өкілдерін бірнеше рет жібермеу;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарымен негізделген құбыр жолдарға дезинфекция жүргізу қажет болған жағдайда;

6) Нормативтік құқықтық актілерде және Тараптардың келісімінде көзделген басқа да жағдайларда тоқтатылады.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда қызметтер көрсетуді тоқтата тұру дереу жүргізіледі. Осы тармақтың 3), 4), 5) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда Тұтынушы көрсетілетін қызметті көрсетуді ұсынуды тоқтата тұрғанға дейін кемінде бір ай бұрын ескертіледі.

9. Шарттың 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында айтылған жағдайларда пайда болған бұзушылықтарды жойған кезде Тұтынушыны қосу жүргізіледі.

Шарттың 8-тармағының 3) тармақшасында көзделген бұзушылықтар үшін Тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды тоқтата тұрған жағдайда, қосу борышты

өтегеннен кейін жүргізіледі. Бірнеше рет ажыратылған жағдайда қосу борышты өтегеннен және қосқаны үшін ақы төлегеннен кейін жүргізіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 20.01.2020 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Өнім беруші жоспарлы-алдын алу жөндеуді, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды, жаңа Тұтынушыларды Тұтынушы қосылған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілеріне қосу жөніндегі жұмыстарды жүргізген жағдайда, Өнім беруші Тұтынушыны кемінде үш жұмыс күні бұрын қызметтерді уақытша тоқтата тұру туралы ескертеді.

11. Тұтынушының өндірістік ағынды суларын Өнім берушінің су бұру жүйелеріне қабылдау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 546 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 11932 болып тіркелген) Елді мекендердің су бұру жүйелеріне ағынды суларды қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Өнім берушінің атtestатталған зертханасы орындаған талдау нәтижелері бойынша Тұтынушының сарқынды суларындағы зиянды заттардың рұқсат етілген шоғырлануы асып кеткен кезде, Тұтынушы өндірістік сарқынды суларды су бұру жүйесіне ағызуды тоқтатады және зиянды заттардың рұқсат етілген шоғырлануына қол жеткізгенге дейін ластануды төмендету жөнінде шұғыл шаралар қабылдайды. Ластану құрамының артуына әкеп соққан себептерді жойғаннан кейін Тұтынушының өтінімі бойынша Өнім беруші сынамаларды қайта іріктеуді жүргізеді.

4-тaraу. Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу тәртібі

13. Осы Шарт бойынша ұсынылған қызметтер үшін ақы төлеу уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

Тарифтерді өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

14. Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, Тұтынушы нақты ұсынылған қызметтердің мөлшері үшін ай сайын төлем құжатының негізінде есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 25-не дейінгі мерзімде төлейді. Есептік кезең бір күнтізбелік айды құрайды.

5-тaraу. Көрсетілетін қызметтерді босатуды және тұтынуды есепке алу

15. Көрсетілген сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің көлемі коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады.

Осы Шартпен қамтылмаған сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің көрсетілген көлемін айқындау тәртібі Қазақстан Республикасы Құрылыш және тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № 354 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 7257 болып тіркелген) Сумен жабдықтау және су бұру бойынша көрсетілген қызметтердің көлемін есептеу әдістемесіне сәйкес айқындалады.

16. Өнім берушінің су бұру жүйелеріне Тұтынушыдан бөлінген су мөлшері мына жағдайларда:

1) ыстық сумен жабдықтаудың жабық жүйесі кезінде, сұық су Тұтынушыға орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесінен келіп түскен кезде және ғимаратта екі құбырға бөлінеді: біреуі - одан әрі үйішлік сұық сумен жабдықтау тарату желісіне, екіншісі - жергілікті су жылытқыш арқылы ыстық сумен жабдықтаудың үйішлік тарату желісіне жіберілген сұық судың мөлшеріне. Бұл ретте үйге ортақ есепке алу аспаптары сұық сумен жабдықтау кірмелерінде пайдалану жауапкершілігін бөлу шекараларында орнатылады;

2) ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде, ыстық су орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау жүйесінен келіп түскен кезде-жіберілген сұық су мен ыстық су мөлшері. Үйге ортақ су есепке алу аспаптары ыстық және сұық сумен жабдықтау кірмелерінде пайдалану жауапкершілігін бөлу шекараларында орнатылады.

17. Тұтынушы қайтарымсыз пайдаланған, шығарылатын өнімнің құрамына кірген, сауаруға сарқынды суларды бұру жүйесіне ағызылмайтын су бұру қызметтеріне ақы төлеуді есептеу кезінде ескерілмейді.

Есепке алынбаған судың көлемі технологиялық есептеулерге сәйкес анықталады.

18. Тұтынушының суды есепке алу аспабының техникалық және метрологиялық сипаттамалары су тұтынудың нақты көлеміне сәйкес келуі тиіс.

Өнім беруші Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 621 бұйрығымен бекітілген Сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріндегі суды есептеу аспаптарын тандау, монтаждау және пайдалану қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 12111 болып тіркелген) сәйкес есепке алу құралдарын пайдалануға жіберуді жүзеге асырады.

19. Тұастығы бұзылған, бастапқы тексеру туралы бедері жоқ, тексеру мерзімі өткен есепке алу аспаптарын орнатуға және пайдалануға жол берілмейді.

20. Белгіленген тексеру мерзімі өткеннен кейін суды есепке алу аспабын техникалық талаптарға сәйкес келмейтін ретінде коммерциялық есептен автоматты түрде алынады. Өнім беруші тексеру мерзімі аяқталғанға дейін 30 күн бұрын Тұтынушыны есепке алу аспабын кезекті мемлекеттік тексеруді жүргізу немесе оны ауыстыру қажеттігі туралы хабардар етеді.

21. Өнім беруші хабарлаған кезде кезекті тексеруге, жөндеуге немесе ауыстыруға байланысты есепке алу аспаптары уақытша болмаған жағдайда, сондай-ақ Тұтынушының кінәсінен емес есепке алу аспабының ақаулығы анықталған кезде ұсынылған сумен жабдықтау қызметтерінің ұсынылған қызметтерінің көлемі

аспаптардың болмауы кезеңіне есепке алу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес алдыңғы үш айдағы орташа шығыс бойынша анықталады, бірақ бір айдан аспайтын мерзімде. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін, есептеу аспаптары болмаған жағдайда, ұсынылған сумен жабдықтау қызметтерінің көлемі жеке тұлғалар үшін су тұтыну нормалары бойынша, заңды тұлғалар үшін осы Шарттың 5-тармағына сәйкес анықталады.

22. Пәтерде немесе жеке үйде орнатылған есепке алу аспаптарының сақталуын қамтамасыз ету Тұтынушыға жүктеледі. Өнім беруші есепке алу аспаптарын арнайы бөлінген үй-жайларға орнатқан кезде олардың сақталуына Өнім беруші теңгерімдік тиесілілігін шектеу актісіне және пайдалану жауапкершілігіне сәйкес жауапты болады.

23. Есепке алу аспаптарын белгісіз адамдар ұрлаған немесе сындырған жағдайда, олардың сақталуына жауапты адам, егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, есепке алу аспаптарының ұрлануы немесе сынуы фактісі анықталған кезден бастап бір ай мерзімде есепке алу аспаптарын қалпына келтіруге міндettі. Өнім беруші есепке алу аспаптарын қалпына келтіру сәтіне дейін Тұтынушыны сумен жабдықтау желілеріне қосады.

24. Тұтынушыдан суды есепке алу схемасын бұзу, басқару тораптары мен есепке алу аспаптарында пломбаларды жұлып алу, есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін бұрмалайтын құрылғыларды орнату фактілері анықталған кезде Тұтынушыға соңғы тексеру жүргізілген күннен бастап анықталған күнге дейін, бірақ екі айдан аспайтын мерзімде, тәулігіне 24 сағат ішінде жұмыс істеген кезде құбырдың басқару торабына дейінгі толық өткізу қабілеті есебінен суды пайдаланғаны үшін қайта есептеу жүргізіледі.

25. Бұзушылықтар анықталған жағдайда ұсынылған, сумен жабдықтау қызметтері көлемінің есебі Қазақстан Республикасы Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 қыркүйектегі № 354 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 7257 болып тіркелген) Сумен жабдықтау және су бұру жөнінде көрсетілген қызметтің көлемін есептеу әдістемесіне сәйкес жүргізіледі.

6-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндettтері

26. Тұтынушы:

- 1) Шарттың талаптарына сәйкес көлемде денсаулығына қауіпсіз, мүлкіне зиян келтірмейтін белгіленген сападағы қызметтерді алуға;
- 2) ағынды суларды рұқсат етілген жүктеме шегінде қажетті көлемде жіберуге;
- 3) Өнім берушіден қызметтерді есепке алу аспаптарын орнатуды талап етуге;
- 4) Өнім берушінің заңнамаға қайшы келетін іс-әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне уәкілетті органның ведомствосына және (немесе) сот тәртібімен шағымдануға;
- 5) көпшілік тыңдауларға қатысуға;

6) Қызметтерді тиісінше ұсынбау салдарынан өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды толық көлемде өтеуді, сондай-ақ моральдық зиянды өтеуді белгіленген тәртіппен талап етуге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін қызмет ұсынылған жағдайда көрсетілетін қызметтердің құнын қайта есептеуді талап етуге;

8) Егер Өнім беруші белгіленген тәртіппен шот қоймаған болса, алынған қызмет үшін төлем жасамауға;

9) көрсетілетін қызметті ұсынуға Өнім берушімен шарт жасасу;

10) ұсынылған қызметке толық төлем жасаған жағдайда бір айдан кешіктірмей бұл туралы Өнім берушінің жазбаша хабардар етіп, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 20.01.2020 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

27. Тұтынушы:

1) нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес өзіне меншік құқығымен немесе өзге де занды негізде тиесілі және (немесе) оның пайдалану жауапкершілігінің шекарасында орналасқан сумен жабдықтау және су бұру желілері мен жабдықтарының пайдаланылуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

2) есепке алу құралдарының болуы және Өнім беруші ұсынған төлем құжаттарының негізінде ұсынылған қызметтерге олардың көрсеткіштеріне сәйкес уактылы және толық көлемде ақы төлеуге;

3) Өнім берушіге көрсетілетін қызметтерді пайдалану кезінде туындаған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің желілері мен құрылыштарының, өзіне меншік құқығымен немесе өзге де занды негізде тиесілі және (немесе) оның пайдалану жауапкершілігі шекараларында орналасқан, орталықтандырылған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйесінің жұмысына теріс әсер етуі және қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін есепке алу аспаптарының жұмысындағы ақаулар туралы, ал сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің желілері немесе құрылыштары бүлінген немесе, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі жергілікті органдарға, санитарлық - эпидемиологиялық қызметке және қоршаған ортаны қорғау қызметіне де дереу хабарлауға;

4) есепке алу аспаптарының, есепке алу аспаптарындағы пломбалар мен тексеру белгілерінің, есепке алу тораптарындағы пломбалардың, айналма желінің ысырмаларындағы, оның пайдалану жауапкершілігі шекарасындағы өрт гидранттарындағы пломбалардың сақталуын, тиісті техникалық жай-күйін қамтамасыз етуге, көрсетілген үй-жайларды таза ұстауға, сондай-ақ су мен ағынды суларды есепке алу тораптары мен аспаптарына кіруге кедергі келтіретін заттарды, есепке алу

аспаптарының көрсеткіштерін бұрмалауы мүмкін механикалық, химиялық, электромагниттік немесе өзге де әсерлерді сақтауға жол бермеуге;

5) Өнім берушінің және мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жергілікті органдарын өрт сөндіру гидранттарын олар бұзылған немесе оның су құбыры желілерінде авария туындаған жағдайларда пайдалану мүмкін еместігі туралы дереу хабардар етуге;

6) есепке алу аспаптарының барлық зақымданулары немесе ақаулары туралы, пломбалардың бүтіндігінің бұзылғандығы туралы Өнім берушіге дереу хабарлауға;

7) ағынды сулардың сынамаларын алу үшін, сондай-ақ берешегі болған жағдайда Тұтынушының желілерін ажырату үшін аумақта орналасқан немесе шаруашылық жүргізуіндегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің барлық элементтерінің көрсеткіштерін алу және жұмысқа қабілеттілігін тексеру, техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін бақылау үшін Өнім беруші өкілдерінің есепке алу құралдарына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

8) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 546 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 11932 болып тіркелген) Елді мекендердің су бұру жүйелеріне ағынды суларды қабылдау қағидаларында көзделген жағдайларда ағынды суларды оқшау тазартуды қамтамасыз ету;

9) көрсетілетін қызметті тұтыну кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша талаптарды сақтауға;

10) орталықтандырылған су бұру жүйесінің жұмысына теріс әсерді болдырмау мақсатында белгіленген зиянды заттардың рұқсат етілген шоғырлануынан асатын ластануы бар ағынды суларды ағызуға жол бермеуге;

11) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымның рұқсатынсыз өзге Тұтынушыларды сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың меншікті желілеріне қоспауга;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды орындауға міндетті.

28. Өнім берушінің:

1) ұсынылған қызметтер үшін төлемді уақтылы және толық көлемде алуға;

2) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен тарифтердің қолданылу кезеңінде барлық Тұтынушылар үшін ұсынылатын қызметтерге тарифтерді төмендетуге;

3) жеке шарт (келісім) бойынша пайдалану жауапкершілігі шегінде Тұтынушының сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілері мен құрылыштарына техникалық қызмет көрсетуді және пайдалануды жүргізуге;

4) көрсетілетін қызметтерді тұтыну мен төлеуді бақылауды жүзеге асыруға;

5) тиісті лицензиясы болған кезде көрсетілетін қызметті есепке алу аспаптарының жұмыс қабілеттілігін тексеруді және салыстырып тексеруді жүргізуге құқылы.

29. Өнім беруші:

- 1) нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес өзіне меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде тиесілі және (немесе) оның пайдалану жауапкершілігі шекарасында орналасқан елді мекеннің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін тиісінше пайдалануды қамтамасыз етуге;
- 2) санитарлық ережелерге (гигиеналық нормативтерге) сәйкес ауыз суды дайындауды және оны Тұтынушыға беруді қамтамасыз етуге;
- 3) Тұтынушыны басқа Тұтынушылардың міндеттемелерін орындамау себептері бойынша қызмет алу кезінде шектемей, жасалған шартқа сәйкес Тұтынушыға қызметтерді уақтылы және үздіксіз ұсынуды қамтамасыз етуге;
- 4) құрылыш объектілерін қабылдау және пайдалануға беру жағдайларын қоспағанда, қызметтерді сатып алуға және орнатуға арналған шарт жасалған және уәкілетті органның ведомствосымен келісілген төлем енгізілген жағдайда қызметтерді есепке алу аспаптарын сатып алуға және Тұтынушыларға орнатуға;
- 5) қызмет көрсетуге байланысты кез келген функцияларды басқа тұлғаларға беруге жол бермеуге;
- 6) көрсетілетін қызметтердің сапасы мен санын есепке алуды және бақылауды жүргізу, қызметтерді ұсынудың бұзылуының алдын алу және жою бойынша уақтылы шаралар қабылдау;
- 7) Тұтынушымен қызмет көрсетуге шарт жасасу;
- 8) уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін ұсынуға;
- 9) есептік кезеңнен кейінгі айдың онынши күніне дейінгі мерзімде Тұтынушыға ұсынылатын қызметтер үшін ақы төлеуге төлем құжатын ұсынуға;
- 10) Тұтынушыларды Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде тарифтердің немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы хабардар етуге;
- 11) 24 сағат ішінде Тұтынушының негізделген талаптары бойынша ұсынылатын қызметтердің сапасы мен көлемін қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдауға;
- 12) сумен жабдықтау және су бұру желілерін, есепке алу аспаптарын тексеру кезінде, сондай-ақ Тұтынушының есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу кезінде қызметтік қуәлігін көрсетуге;
- 13) профилактикалық және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезеңінде Тұтынушыға ауыз сүйн көлік құралдарымен жеткізіп беруге;
- 14) Тұтынушының желілері мен құрылыштары жарамды және (немесе) Өнім берушінің техникалық шарттары орындалған жағдайда Тұтынушының объектілерін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне қосуға рұқсат беруге;
- 15) үшінші тұлғалардың рұқсатсыз қол жеткізуінен Тұтынушының дербес деректерінің қупиялышының қамтамасыз етуге;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде осы Шартты орындауға байланысты мәселелер бойынша абоненттің шағымдары мен өтініштеріне жауап беруге;

17) Тұтынушының қатысуымен орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қосуға (жалғауға) арналған есептеу аспаптарын, есептеу тораптарын, құрылғылар мен құрылыштарды пайдалануға рұқсат беруді жүзеге асыруға;

18) Тұтынушының өтінішін алған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен аспайтын мерзімде Тұтынушының есепке алу аспаптарын пломбалауды жүргізуге;

19) Тұтынушыны Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда сумен жабдықтауды және (немесе) су бұруды уақытша тоқтату немесе шектеу туралы ескертуге;

20) өзіне меншік құқығында немесе өзге де занды негізде тиесілі орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріндегі авариялар мен зақымдануларды нормативтік құжаттарда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде уақтылы жою жөнінде қажетті шаралар қабылдауға;

21) Қызмет көрсету жүзеге асырылатын сумен жабдықтау және су бұру желілеріне жоспарлы-алдын ала жөндеу жүргізудің кестесі мен мерзімдері туралы Тұтынушыларды хабардар етуге;

22) орталықтандырылған су бұру жүйесінің жұмысына теріс әсердің алдын алу мақсатында Тұтынушылардың өндірістік сарқынды суларынан сынама алуды жүзеге асыру және зерттеу жүргізу.

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Үлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-тaraу. Тараптарды шектеу

30. Тұтынушыға:

1) Өнім берушінің келісімінсіз есептеу тораптарын қайта жабдықтауға, сондай-ақ есептеу аспаптарын орнатуды және (немесе) алуды жүргізуге;

2) Өнім беруші келіскең және қабылдаған қолда бар суды есепке алу схемаларын бұзуға тыйым салынады.

31. Өнім берушіге:

1) Басқа Тұтынушылардың талаптарды орындауда себептері бойынша қызмет көрсетуден бас тартуға немесе Тұтынушыны қызмет алудан шектеуге;

2) ұсынылған қызмет үшін уәкілетті органның ведомствосы белгілеген мөлшерден асатын төлем алуға;

3) Тұтынушыдан төлем құжаттарын ұсынбай көрсетілетін қызметтердің ай сайынғы төлемін талап етуге тыйым салынады.

32. Тараптарға Тараптардың құқықтарын шектейтін не Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгеше түрде бұзатын іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады.

8-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

33. Жабдықтар мен инженерлік желілерді тиісті ұстауға жауапкершілік оның меншік иесіне жүктеледі және теңгерімдік тиесілілік бөлінісінің шекаралары бойынша анықталады.

34. Шартта көзделген міндеттемелерді орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда кінәлі Тарап екінші Тарапқа Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтірілген залалды өтейді.

35. Тұтынушы ұсынылған қызметтер үшін төлем ақы мерзімі өткен жағдайда Шартқа сәйкес 40-тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда осы сомаларды төлеу күні қолданыста болған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру ставкасы бойынша мерзімі өткен әрбір күн үшін, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді.

Тұрақсыздық айыбының мөлшерін белгілеу Тұтынушымен шарт жасасқан кезде жүргізіледі. Тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы, егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 26 күні болып табылады.

36. Егер Өнім беруші үшін Тұтынушыға қызмет көрсету мүмкін еместігі Өнім берушімен шарттық қатынастарда тұратын басқа тұлғалардың кінәсінен болса, Тұтынушы алдында Өнім беруші жауапты болады.

37. Тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

38. Тараптардың келісімі бойынша құжатпен расталған ауыр материалдық шығынға немесе уақытша еңбекке жарамсыздыққа әкеп соққан ауру немесе жазатайым оқиға кезінде Тұтынушыға, оның жазбаша өтінішімен өсімпұл есептеу жөніндегі мерзім үзартылуы мүмкін.

9-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

39. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін, егер бұл еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындастын комиссия құрылуды мүмкін . Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындастын шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

40. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарлаған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

10-тарау. Жалпы ережелер және дауларды шешу

41. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұластай алғанда, немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында Тараптардың кез келгені екінші тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, наразылық жолдауға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

42. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

43. Тараптардың Шарттан туындағының және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

44. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір Тарап үшін бір данадан жасалады.

45. Тараптардың келісімі бойынша Шарт Үлгілік шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және тіркелген күннен бастап қүшіне енеді.

11- тарау. Шарттың қолданылу мерзімі

46. Шарт 20 жылғы " " сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді (Астана қаласының уақыты бойынша) және 20 жылғы " " 24:00-ге дейін қолданылады.

Ескеरту. 46-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Үлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Шарттың қолданылу мерзімі, егер Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын тараптардың біреуі бұл туралы мәлімдесе, көрсетілетін қызметтерді ұсыну көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзім аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және шарттарда ұзартылған болып есептеледі.

12-тaraу. Тараптардың деректемелері

Өнім беруші: _____

Тұтынушы: _____

Қазақстан Республикасы
Үлттық экономика министрінің
2019 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 бұйрығына
7-қосымша

Мұнай тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған үлгілік шарт

(шарттың жасалған орны) 20__ жылғы " __ " _____

Бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын, мұнайды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі – көрсетілетін қызметтер) ұсынатын

_____ атынан (көрсетілетін қызметті ұсынатын субъектінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі) _____
негізінде әрекет ететін _____ бір тараптан және лауазымы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі – А.Ә.Т.) бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын _____

_____ атынан (тұтынушының деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі) _____
негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан, (лауазымы, А.Ә.Т.) бұдан әрі "Тараптар", ал жеке "Тарап" деп аталып, төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

жүк алушы – Тұтынушы немесе тасымалдау маршруттың соңында мұнайды қабылдау-тапсыру пунктіне мұнай қабылдауға Тұтынушы уәкілдегі берген тұлға;

кесте – уәкілдегі орган бекіткен магистральдық мұнай құбырының жүйесі бойынша мұнайды тасымалдау кестесі;

магистральдық мұнай құбырының жүйесі – мұнайды қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ететін желілік бөліктен және объектілерден тұратын, техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттар талаптарына сәйкес келетін бірыңғай өндірістік-технологиялық кешен;

мұнайды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер – мұнайды Тұтынушыдан қабылдау пунктінен бастап жүк алушыға тапсыру пунктіне дейін оны магистральдық мұнай құбырының жүйесі бойынша қабылдау, тапсыру, айдау, мұнайды басқа да магистральдық мұнай құбырларына құйып алу, құю, беру, басқа көлік түріне ауыстырып тиесу, сактау, араластыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер.

Бұдан басқа, Шарттың мақсаттары үшін осы ұғым магистральдық құбыржолдары бойымен тасымалдау саласында реттеліп көрсетілетін қызметтермен технологиялық байланысты қызмет түрлерінің тізбесі бойынша көрсетілетін қызметтерді де қамтуы мүмкін;

мұнайды қабылдау-тапсыру пункті – мұнайды қабылдау-тапсыру, есеп жүргізу операциялары мен қабылдау-тапсыру құжаттарын ресімдеу жүргізілетін пункт;

мұнай – тұрақты (тұрақсыз) газ конденсатын, сондай-ақ шикі мұнайды, табиғи газды тазартқаннан және жанғыш тақтатастарды немесе шайырлы құмдарды өндегеннен кейін алынған, қолданыстағы нормативтік және техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес тасымалдауға дайындалған көмірсутектерді қоса алғандағы шикі мұнай;

мұнайдың мобиЛЬДІ (ең аз-қажетті) қалдығы – магистральдық мұнай құбыры жүйесінің тұрақты жұмысына, сондай-ақ Жеткізушінің маршруттың соңында мұнайды қабылдау-тапсыру пунктінде мұнайды Тұтынушыға тапсыру жөніндегі шарттың міндеттемелерді орындауына, Тұтынушы маршруттың басында мұнайды қабылдау-тапсыру пунктінде күтпеген мән-жайларға байланысты тасымалдау үшін мәлімделген көлемде мұнайды магистральдық мұнай құбыры жүйесіне тапсыруды қамтамасыз етпеген жағдайға арналған, Тұтынушы бір жылға мәлімдеген орташа тәуліктік көлемнің екі еселенген мөлшерінен аспайтындей есептелецін магистральдық мұнай құбыры жүйесіндегі Тұтынушының кепілдік беретін мұнай қалдығы.

Тұтынушы мұнайының мобиЛЬДІ (ең аз-қажетті) қалдығының шамасы Шарттың 11-тармағында көрсетілген;

маршруттық тапсырма – Жеткізушінің өзінің оқшауланған құрылымдық бөлімшелеріне мұнай партиясын тасымалдау жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға арналған тапсырмасы, онда қажетті жүк ілеспе құжаттары, мұнай тасымалдау маршруты, маршруттың басында мұнайды қабылдау-тапсыру пунктіне магистральдық мұнай құбыры жүйесіне қабылданатын және маршруттың соңында мұнайды қабылдау-тапсыру пунктіне жүк алушыға тапсырылатын мұнай мөлшері, мұнай иесі, беру тәртібі және соңғы жүк алушы көрсетіледі;

мұнайдың міндетті ең аз жылдық көлемі – Тараптардың Шарттың 4-тармағына сәйкес мұнайды тасымалдаудың жекелеген бағыттары бойынша көздей алатын, тасымалдаудың жылдық кезеңі ішінде магистральдық мұнай құбыры жүйесіне Тұтынушының жеткізуі үшін міндетті мұнай көлемі;

мұнайдың міндетті ең аз айлық көлемі – мына формула бойынша есептелген мұнай көлемі:

мұнайдың міндетті ең аз жылдық көлемі / N * nj, мұндағы:

N – бір жылдағы күнтізбелік күндер саны;

nj – j айдағы күнтізбелік күндер саны.

мұнайдың кем жеткізілген көлемі – мұнайдың міндетті ең аз айлық көлемінің немесе айлық кестеде (егер ол міндетті ең аз айлық көлемнен аз болса) бекітілген мұнай көлемінің және тасымалдау үшін тасымалдаудың айлық кезеңі ішінде магистральдық мұнай құбыры жүйесіне нақты тапсырылған мұнай көлемінің арасындағы айырма;

мұнайдың толық мәлімделмеген көлемі – мұнайдың міндетті ең аз айлық көлемі мен тасымалдаудың есептік айлық кезеңінде тасымалдау үшін Тұтынушы мәлімдеген мұнай көлемінің арасындағы айырма;

төлемге тапсырма – мұнайды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің алдын ала төлемінің құжаты;

тасымалдаудың айлық кезеңі – мұнайды тасымалдау және оны есепке алу жүргізілетін күнтізбелік айдың 1-күні Мәскеу уақытымен сағат 00:00-ден бастап соңғы күні Мәскеу уақытымен сағат 24:00-ге дейінгі уақыт аралығы;

тасымалдаудың жылдық кезеңі – 12 айлық тасымалдау кезеңін қамтитын, ұзақтығы күнтізбелік бір жыл болатын мұнайды тасымалдау кезеңі;

техникалық келісім – Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын және Тұтынушы мен Жеткізушінің атынан оның оқшауланған құрылымдық бөлімшесінің арасында жасалатын мұнайды магистральдық мұнай құбыры жүйесіне қабылдау тәртібі туралы техникалық келісім;

уәкілетті орган – магистральдық құбыр саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органды.

Осы Шартта пайдаланылатын өзге де ұфымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына және "Магистральдық құбыр туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 05.02.2025 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Шарттың нысанасы

2. Өнім беруші Шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда Тұтынушының мұнайын, оның ішінде басқа Тұтынушылардың мұнайымен қоспада магистральдық мұнай құбыры жүйесі арқылы кейін мұнайды Жұк алушыға берумен тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетеді.

3. Тұтынушы тасымалдауға арналған мұнай қөлемін маршруттың басында мұнайды қабылдау-тапсыру пунктінде магистральдық мұнай құбыры жүйесіне тапсырады және мұнайды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге Шартпен белгіленген тәртіппен және мерзімде ақы төлейді.

4. Мұнайдың міндетті ең аз жылдық қөлемі мынаны құрайды:

3-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5. Өнім берушінің (құқығы бар):

1) Тұтынушыдан Шартта белгіленген тәртіппен және шарттарда көрсетілетін қызметтер үшін төлемді уақтылы алуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тұтынушының сақтауы үшін міндетті техникалық талаптарды белгілеуге;

3) уәкілдегі орган бекіткен тәртіппен тарифтердің қолданылу кезеңінде барлық тұтынушылар үшін ұсынылатын көрсетілетін қызметтер үшін тарифтерді төмендетуге;

4) Тұтынушыдан мұнайдың міндетті ең аз бір айлық қөлемін қоса алғанда, тасымалдау үшін мәлімделген мұнай қөлемдерін маршруттың басында мұнайды қабылдау-тапсыру пунктіне Шартта белгіленген шарттарда уақтылы тапсыруды талап етуге;

5) магистральдық мұнай құбыры жүйесі бойынша тасымалдау үшін Тұтынушы жеткізетін мұнайды дайындау туралы мәліметтердің дұрыстығын, мұнай сапасының Шарттың 5-тарауында көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексеруге;

6) егер: (Шарттың орындалуын бір жақты тәртіппен тоқтата тұруға)

Тұтынушы мұнайды Шартта көзделген мөлшерде және мерзімде тапсыруды қамтамасыз етпесе;

Тұтынушы мұнай сапасының Шарттың 5-тарауында көрсетілген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етпесе;

Тұтынушы Шарттың 7-тарауында белгіленген мұнайды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін төлем мерзімдері мен тәртібін бұзса;

Тұтынушы тасымалдау маршруттының соңында мұнайды қабылдау-тапсыру пунктінде мұнайды қабылдаудан бас тартса немесе Шарттың талаптарына сәйкес магистральдық мұнай құбыры жүйесінде бар мұнай көлемін бөлмесе;

Тұтынушы Шарттың 8-тармағының 3), 4) тармақшаларында көзделген ілеспе құжаттарды ұсынбаса;

Тұтынушы мұнайдың оған меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде тиесілі екенін растайтын құжаттарды ұсынбаса;

магистральдық мұнай құбыры жүйесі бойынша мұнайды қауіпсіз тасымалдауға кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш мән-жайлары және Өнім берушіге байланысты емес өзге де жағдайлар туындаса;

мұнайды тасымалдауды тоқтатуға алып келетін магистральдық мұнай құбыры жүйесінде авария немесе оның пайда болу қаупі туындаса;

мұнайды тасымалдауды тоқтатуға алып келетін магистральдық мұнай құбыры жүйесіне техникалық қызмет көрсетуге, жөндеуге немесе реконструкциялауға байланысты жұмыстарды орындаудың қажеттілігі туындаса;

магистральдық мұнай құбыры жүйесі бойынша мұнай тасымалдауды тоқтату немесе шектеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың шешімімен негізделсе, Шарттың орындалуын бір жақты тәртіппен тоқтата тұруға құқығы бар.

Шартты орындауды біржакты тоқтата тұру кезінде, Өнім беруші бұл туралы Тұтынушыны:

осы тармақшаның тоғызыншы және он бірінші абзацтарында көзделген жағдайларда, көрсетілген оқиғалар басталған сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде;

осы тармақшаның оныншы абзацында көзделген жағдайда, жұмыстарды жүргізу басталғанға дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей хабардар етуге міндетті.

Осы тармақшада көрсетілген себептер жойылған кезде Шартты орындау қайта басталады;

7) Тұтынушы Шарттың орындалуын тоқтата тұру туралы шешім қабылдаудың туындауына себептерді жоюдан бас тартқан жағдайда не осы себептерді Тараптар келіскең мерзімде жоймаған жағдайда Шартты біржакты тәртіппен бұзуға;

8) Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрінің 2012 жылғы 21 тамыздағы № 140 бүйріғымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 7935 болып тіркелген) Өнім сапасы банкін қолдану қағидасына сәйкес

мұнай сапасы банкін қолдана отырып, магистральдық мұнай құбыры жүйесі арқылы мұнай тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуге;

9) Тұтынушы Шарттың талаптарын бұзған, оның ішінде ол Шарттың 17 және 18-тармақтарының талаптарына сәйкес келмейтін мұнайды магистральдық мұнай құбыры жүйесіне тапсырған жағдайда, Тұтынушыдан Шарт талаптарына сәйкес Жеткізуші есепке жатқызыған тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды), Жеткізушиң залалдарын, сондай-ақ үшінші тұлғаларға олардың талабы бойынша Жеткізуши төлеуге тиіс тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және/немесе залалдарды өтеуді талап етуге құқығы бар.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Үлттық экономика министрінің 05.02.2025 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

6. Өнім беруші:

1) Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Тұтынушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, бір айлық кестеде көрсетілген Тұтынушының мұнай көлемін тасымалдау жөніндегі қызметтерді Шартта белгіленген тәртіппен және жағдайларда көрсетуге;

2) мұнай қабылдауды шектеуге әкеп соғуы мүмкін кез келген төтенше жағдайлар немесе авариялар туралы Тұтынушыға деруе хабарлауға;

3) Тұтынушының мұнайын тасымалдау мақсатында магистральдық мұнай құбыры жүйесінің үздіксіз, тиісінше және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

4) Тұтынушының магистральдық мұнай құбыры жүйесіндегі мұнайының сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдауға;

5) Шарттың қолданылу мерзімі ішінде магистральдық мұнай құбыры жүйесінің техникалық мүмкіндіктері шегінде кемсітусіз Тұтынушының мұнайының жекелеген сегменттерге де, тұластай магистральдық мұнай құбыры жүйесіне қатысты да қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

6) негізгі және резервтік есептеу схемалары бойынша мұнайдың мөлшері мен сапасын өлшеу құралдарының жай-күйі мен қолданылуын метрологиялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға;

7) кестені алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Шарттың 7-тарауына сәйкес тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу үшін Тұтынушыға төлемге тапсырманы ресімдеуге және жіберуге;

8) Шарттың 8-тармағының 3) тармақшасында көзделген құжаттарды ұсынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде төлем тапсырмасына сәйкес төлем болған кезде маршруттық тапсырманы шығаруды қамтамасыз етуге;

9) мұнай тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтердің өзгеруі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде осы ақпаратты Өнім беруші өз қызметін жүзеге

асыратын әкімшілік-аумақтың бірліктің аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру жолымен Тұтынушының назарына жеткізуге міндettі.

Төтенше реттеуші шара ретінде Өнім берушінің мұнайды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтеріне тарифтер өзгерген жағдайда, оларды өзгерту туралы ақпаратты Өнім беруші оларды қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей Тұтынушының назарына жеткізеді;

10) тасымалдаудың бір айлық кезеңінен кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне дейін Тұтынушыға оның уәкілетті өкілі арқылы орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін және Өнім беруші белгілеген нысан бойынша тасымалдаудың есептік айлық кезеңінде мұнайды тасымалдау кезінде мұнайдың қалдықтарын, қабылдау, тапсыру және шығындарын салыстырып тексеру актісін ұсынуға;

11) Тұтынушының жауапты жұмыскерлеріне өзінің интернет-порталына қажетті қолжетімділікті және оны пайдалану құқығын беруге, сондай-ақ Тұтынушының мұнай тасымалдауға берген өтінімдерін олардың келіп түскең күнін міндettі түрде көрсете отырып, уақтылы тіркеуге;

12) Тұтынушымен жасалатын жеке шарттың негізінде меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде ұлттық операторға (бірыңғай маршруттау жөніндегі операторлық қызмет) тиесілі магистральдық құбыр арқылы Қазақстан Республикасының аумағынан тасымалданатын мұнайды басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері арқылы тасымалдауды ұйымдастыруға байланысты көрсетілетін қызметтер кешенін көрсетуді қамтамасыз етуге;

13) Шартқа қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Тұтынушыға Шарттың 8-тармағында көрсетілген мұнай тасымалдауға арналған өтінімдер мен тапсырыстың нысандарын ұсынуға;

14) Қазақстан Республикасының магистральдық құбыр туралы заңнамасында белгіленген магистральдық мұнай құбыры жүйесі меншік иесінің өзге де міндettterін атқаруға міндettі;

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 05.02.2025 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Тұтынушының:

1) тиісті сападағы көрсетілетін қызметтерді алуға және ұлттық стандарттарда және өзге де нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін қызметтер ұсынылған жағдайда Өнім берушіден қызметтер құнын қайта есептеуді талап етуге;

2) тасымалдаудың бір айлық кезеңінен кейінгі айдың 10 (оныншы) күніне дейін Өнім берушіден орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін және тасымалдаудың есепті бір айлық кезеңінде мұнайды тасымалдау кезінде оның қалдықтарын қабылдау, тапсыру және шығындарын салыстырып тексеру актісін алуға;

3) Өнім берушіге Шарттың 8-тармағында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін Өнім берушінің интернет-порталы арқылы не Өнім берушіде интернет-портал болмаған жағдайда, олардың түпнұсқаларын өз өкілдері арқылы берген жағдайда, көшірмелерді берген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы беруге;

4) Өнім берушіде осындай қосымша көлемдерді тасымалдаудың техникалық мүмкіндігі болған жағдайда, міндетті ең аз бір айлық мұнай көлемінен асатын мұнайдың қосымша көлемін тапсыруды және тасымалдауды мәлімдеуге құқығы бар.

8. Тұтынушы:

1) Өнім берушіге:

мұнайдың болжамды тоқсандық көлеміне бөле отырып, Шарттың 4-тармағына сәйкес мұнайдың міндетті ең төменгі жылдық көлемін қоса алғанда, магистральдық мұнай құбыры жүйесімен мұнай тасымалдаудың болжамды көлемдері туралы Өнім беруші белгілеген нысан бойынша жылдық өтінімді-тасымалдаудың жылдық кезеңін алдындағы жылдың 1 тамызына дейін;

магистральдық мұнай құбыры жүйесіне мұнайды тапсыруға және оны тасымалдауға Өнім беруші белгілеген нысан бойынша айлық өтінімді, мұнайдың міндетті ең төменгі айлық көлемін қоса алғанда, тасымалдаудың айлық кезеңінің алдындағы айдың онынши күнінен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

Тұтынушының өтінімді беру күні болып оны Өнім берушінің интернет- порталында орналастырған күні немесе оқиғаның қайсысы бұрын басталғанына қарай Өнім берушіге қағаз жеткізгіштегі өтінім түпнұсқасының келіп түскен күні танылады.

2) Шарттың қолданылуының барлық мерзімі ішінде бекітілген кестеде көрсетілген мұнай көлемін магистральдық мұнай құбыры жүйесіне тиісінше тапсыруға;

3) Шарттың 6-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген төлемге тапсырманы алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, бірақ тасымалдаудың айлық кезеңінің алдындағы айдың соңғы күнінен кешіктірмей Жеткізушиге мұнай тасымалдауды жүзеге асыру үшін бекітілген кестеде көзделген Тұтынушы мұнайының барлық көлеміне мынадай құжаттар топтамасын:

мұнайды бірінші кезекте Қазақстан Республикасының мұнай өндіреу және де зауыттарына, кейіннен экспорттық бағыттарға тасымалдауға тапсырыстар ұсынуға міндетті.

Мұнай тасымалдауға тапсырыс нысанын Жеткізуши белгілейді және онда Шарттың нөмірі мен күні, мұнайды тасымалдаудың маршруты (жөнелту пункті және межелі пункті), жеткізу санаты (Қазақстан Республикасының ішкі нарығы, экспорт, импорт, сақтау және т.б.), мұнай өндіруші, маршруттың басында мұнайды қабылдау-тапсыру пунктіне магистральдық мұнай құбыры жүйесіне қабылданатын және маршруттың

соңында мұнайды қабылдау-тапсыру пунктіне жүк алушыға тапсырылатын мұнай көлемі, тапсыру тәртібі, мұнайдың соңғы жүк алушысы, мұнай тасымалдауды жүзеге асыру үшін өзге де ақпарат болуға тиіс;

мұнайды Қазақстан Республикасының мұнай өндегу және өзге де зауыттарына жеткізу кезінде түпкілікті жүк алушыны көрсете отырып, мұнайды қабылдауға келісетін туралы осындай зауыттардың растауын;

егер Қазақстан Республикасының заңнамасында не Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында магистральдық мұнай құбыры жүйесі арқылы тасымалданатын Тұтынушының мұнайын кедендік декларациялау көзделген жағдайда мұнайға арналған уақытша кедендік декларацияны ұсынуға міндетті;

4) мұнайға арналған толық кедендік декларацияның көшірмесін олар ресімделген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде ұсынуға міндетті.

Салық органдарының ақпараттық жүйелерінде мұнайды іс жүзінде әкету туралы кеден органдарының хабарламасы бар электрондық құжат түріндегі мұнайға толық кедендік декларация мұнай экспортын растайтын құжат болып табылады. Мұнайға арналған кедендік декларация электрондық құжат түрінде болған кезде мұнайға арналған толық кедендік декларацияны ұсыну талап етілмейді. Бұл ретте, Тұтынушы Өнім берушіні осы тармақшада көрсетілген мерзімде салық органдарының ақпараттық жүйелерінде мұнайды іс жүзінде әкету туралы кеден органдарының хабарламасының болуы туралы хабардар етеді;

5) Шартта белгіленген тәртіппен және шарттарда көрсетілетін қызметтерді уақтылы және толық көлемде төлеуге;

6) кестеде бекіту үшін Қазақстан Республикасының уәкілетті органына және Өнім берушіге берілетін тасымалдауға арналған бір жылдық (бір айлық) өтінімде мұнайдың міндетті ең аз бір жылдық (бір айлық) көлемін Шарттың 4-тармағында көрсетілген көлемдерден кем емес көрсетуге;

7) тасымалдаудың алдыңғы бір айлық кезеңі үшін мұнайдың кейінгі айлық кезеңімен тасымалдау үшін толық мәлімделмеген және/немесе толық жеткізілмеген көлемін магистральдық мұнай құбыры жүйесіне қосымша мәлімдеуге және тапсыруға міндетті. Ауыспалы толық мәлімделмеген және/немесе толық жеткізілмеген көлем міндетті ең аз бір айлық көлемнің ____ %-інен аспайды. Өтінімдерді түзету және Тұтынушының магистральдық мұнай құбыры жүйесіне мұнайдың қосымша көлемін алдыңғы айда толық мәлімделмеген және/немесе толық жеткізілмеген көлемі есебіне тапсыруына есепті тоқсан шегінде жол беріледі;

8) маршруттық тапсырма ресімделгеннен кейін мұнай тасымалдауға арналған жүкке ілеспе құжаттарды қайтарып алмауға;

9) Өнім беруші және Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген техникалық талаптарды орындауға;

10) Өнім берушіге құрылтай құжаттарындағы және Тұтынушының деректемелеріндегі барлық өзгерістер туралы тиісті өзгерістер болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабарлауға;

11) Өнім берушіден Шарттың 7-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген актілерді алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларға қол қоюға және бір данасын Өнім берушіге жіберуге не Өнім берушіге жазбаша дәлелді қарсылықтарды ұсынуға міндетті. Мұндай қарсылықтар көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда мұндай актілерді Тұтынушы қарсылықсыз қабылдаған болып есептеледі;

12) магистральдық мұнай құбыры жүйесіне мұнай тапсыруды шектеуге әкеп соғуы мүмкін кез келген мән-жайлар туралы Өнім берушіні дереу хабардар етуге;

13) Өнім берушінің талабы бойынша магистральдық мұнай құбыры жүйесін толтыру үшін мұнай беруге;

14) Өнім берушіге Тұтынушының ақпаратын Өнім берушінің интернет-порталында орналастыруға жауапты Тұтынушының жұмыскерлерінің тізбесін (олардың А. Ә. Т., электрондық мекен-жайын, никін (логинді) латын әріптерімен көрсете отырып) осындај жұмыскерлерге Өнім берушінің интернет- порталына қол жеткізу үшін ресми ұсынуға;

15) Шарттың 17 және 18-тармақтарының талаптарына сәйкес келген жағдайда мұнай дайындауды жүзеге асыруға және оны магистральдық мұнай құбыры жүйесіне тапсыруды қамтамасыз етуге;

16) Тұтынушы Шарттың талаптарын бұзған, оның ішінде Шарттың 17 және 18-тармақтарының талаптарына сәйкес келмейтін мұнайды магистральдық мұнай құбыры жүйесіне тапсырған жағдайда, Жеткізушінің талабы бойынша оған Шарт талаптарына сәйкес Жеткізуші есептеген тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұлды) төлеуге, Жеткізушінің үшінші тұлғаларға олардың талап етуі бойынша төлеуіне жататын залалдарын, сондай-ақ тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың және/немесе залалдардың сомаларын өтеуге міндетті.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 05.02.2025 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тaraу. Мұнайды саны мен сапасы бойынша қабылдау және тапсыру тәртібі

9. Мұнайды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер Тұтынушыға магистральдық мұнай құбыры жүйесінде мұнайды тасымалдаудың қолданыстағы маршруттары бойынша белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген Өнім берушінің техникалық талаптарымен, нормативтік-техникалық құжаттарымен белгіленген кестеге және техникалық келісімге сәйкес маршруттық тапсырма негізінде ұсынылады.

10. Тұтынушы мұнайды магистральдық мұнай құбыры жүйесіне маршруттың басында мұнайды қабылдау-тапсыру пунктіне Шартта көзделген тәртіппен тапсырады.

11. Тұтынушы магистральдық мұнай құбыры жүйесіне тапсырған барлық мұнай Жеткізуше жауапты сақтауда болады. Магистральдық мұнай құбыры жүйесінде болған Тұтынушының бөлінбекен мұнай қалдығын (магистральдық мұнай құбыры жүйесін толтыру үшін Тұтынушы берген мұнайды және көлемі Шартпен айқындалатын мұнайдың жылжымалы (ең аз-қажетті) қалдықтарын шегергенде) сақтағаны үшін мынадай түрде айқындалатын тасымалдаудың толық айлық кезеңі үшін тарифті есептеу:

егер тасымалдаудың айлық кезеңінің сонында мұнайдың бөлінбекен қалдығы тасымалдаудың айлық кезеңінің басындағы қалдықтан артық болса, тасымалдаудың толық айлық кезеңінің сақталған көлемі тасымалдаудың айлық кезеңінің басындағы бөлінбекен қалдық болып есептеледі;

егер тасымалдаудың айлық кезеңінің сонында мұнайдың бөлінбекен қалдығы тасымалдаудың айлық кезеңінің басындағы қалдықтан аз болса, тасымалдаудың толық айлық кезеңінің сақталған көлемі тасымалдаудың айлық кезеңінің аяғындағы бөлінбекен қалдық болып есептеледі.

Тұтынушы магистральдық мұнай құбыры жүйесіне өткізетін мұнайдың мобиЛЬДІ (ең аз-қажетті) қалдығының шамасы Қазақстан Республикасының 1474-2016 "Магистральдық мұнай құбырлары. Мұнайды есепке алу жөніндегі нұсқаулық" стандартына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 05.02.2025 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мұнайды тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер маршруттық тапсырма негізінде магистральдық мұнай құбыры жүйесіндегі мұнайдың технологиялық жүк ағындарының схемасына сәйкес келетін маршруттар бойынша жүргізіледі.

13. Өнім беруші мұнайды сапа паспорттарын және қабылдау-тапсыру актілерін ресімдей отырып, Жүк алушыларға маршруттың сонында мұнайды қабылдау-тапсыру пунктіне мынадай тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының мұнай өндегу және өзге де зауыттарына жеткізу кезінде – мұнайды жеткізу жүзеге асырылатын зауыттың өкіліне;

2) магистральдық мұнай құбырын басқа жүйелерге беру кезінде магистральдық мұнай құбыры жүйесінің меншік иесінің/операторының өкіліне;

3) мұнайды көліктің басқа түріне ауыстырып тиеу кезінде – жүк алушыға тапсыруды жүзеге асырады.

14. Магистральдық мұнай құбыры жүйесі бойынша тасымалданатын мұнайды Өнім беруші Тұтынушыға заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілетін нормативтік техникалық шығындар шегінде мұнайды тасымалдау кезіндегі техникалық шығындары

шегере отырып, маршруттың соңында мұнайды қабылдау-тапсыру пунктіне тапсырады

15. Тұтынушы негізгі схема бойынша мұнайдың мөлшері мен сапасын өлшеу құралдарының жұмысын реттейтін нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарын сақтамаған кезде, мұнайдың мөлшері мен сапасын анықтау жөніндегі ресімдер бекітілген резервтік схемалар бойынша жүргізіледі.

16. Маршруттың басында мұнайды қабылдау-тапсыру пунктіне магистральдық мұнай құбыры жүйесіне тапсырудан бастап, оны маршруттың соңында мұнайды қабылдау-тапсыру пунктіне жук алушының қабылдауына дейін тасымалдау маршруты бойында тасымалданатын мұнай көлеміне меншік құқығы Тұтынушыда қалады.

5-тaraу. Тұтынушы тапсыратын мұнай сапасы

17. Магистральдық мұнай құбыры жүйесімен жеткізуге арналған мұнай сапасы мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс _____.

18. Қазақстан Республикасының ішкі нарығына жеткізуге арналған мұнай сапасы мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс _____.

19. Мұнайда еркін газдың болуына жол берілмейді.

Сапасы бойынша Шарттың 17, 18-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін мұнай кондициялық емес мұнай болып табылады және магистральдық мұнай құбыры жүйесіне қабылданбайды.

Өнім беруші мұнайдың тиісті партиясын маршруттың басында қабылдау-тапсыру пунктіне қабылдау басталғаннан кейін кондициялық емес мұнайды анықтаған жағдайда, мұнайдың мұндай партиясын қабылдау тоқтатыла тұруы тиіс. Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоятын мұнайды қабылдау-тапсыру актісі кондицияланбаған мұнайдың мөлшері мен сапасын тіркейді, оны Тұтынушының тапсырғанын растау болып табылады және Өнім берушінің Шарт талаптарына сәйкес айыппұл төлеу туралы талап қоюы үшін негіз болып танылады.

Жоғарыда көрсетілген мұнай партиясын қабылдауды қайта бастау Тұтынушы мұнай сапасы көрсеткіштерінің мәндерін Шарттың 17 және 18-тармақтарында көрсетілген талаптарға жеткізу жөніндегі шараларды қабылдағаннан кейін ғана жүргізіледі.

20. Тұтынушы мен Өнім беруші Техникалық келісімге сәйкес тапсырылатын және қабылданатын мұнайдың сапасын бірлесіп бақылайды.

6-тaraу. Мұнайды тасымалдау кезінде құжаттарды ресімдеу тәртібі

21. Маршруттық тапсырма негізінде мұнайды қабылдау және тапсыру (маршруттың басында және сонында мұнайды қабылдау-тапсыру пунктіне) магистральдық мұнай құбыры жүйесі бойынша тасымалдау кезінде мұнайды есепке алу жөніндегі Өнім берушінің талаптарына сәйкес мынадай актілермен ресімделеді:

1) маршруттық тапсырма негізінде маршруттың басында мұнайды қабылдау-тапсыру пунктіне ресімделген мұнайды қабылдау-тапсыру актісі тасымалдау үшін магистральдық мұнай құбыры жүйесіне мұнайды қабылдауды растау болып табылады;

2) маршруттың сонында мұнай қабылдау-тапсыру пунктінде ресімделген мұнайды қабылдау-тапсыру актісі Жеткізушиң Шартқа сәйкес мұнайды тасымалдау жөніндегі міндеттемелерді орындағанын растайды.

Қазақстан Республикасының ішкі нарығының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін маршруттың басында мұнайды қабылдау-тапсыру пункттерінде Тұтынушы мен Жеткізуши Қазақстан Республикасының мұнай өндіреу зауыттарына маршруттық тапсырма негізінде бірінші кезектегі тәртіппен мұнайды қабылдау-тапсыру актілерін ресімдейді. Экспорттық жеткізілімдер үшін Қазақстан Республикасының және таяу және/немесе алыс шет елдердің теңіз порттарында танкер позицияларының жүктелуін қамтамасыз ету қажет болған жағдайлар ерекше жағдайлар болып табылады. Мұндай жағдайларда Тұтынушы мен Жеткізуши теңіз порттарында мұнайды тиеп-жөнелту кестесіне сәйкес көлемде мұнайды қабылдау-тапсыру актілерін ресімдейді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 05.02.2025 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Тұтынушы магистральдық мұнай құбыры жүйесінде жауапты сактаудағы мұнайды үшінші тарапқа берген жағдайда Тұтынушы міндетті түрде Өнім берушіге келісу үшін мұнайды қабылдау-тапсыру актісін ұсынады, оның бір түпнұсқасы Өнім берушіде қалады. Өнім беруші мұнайды қабылдау-беру актісімен келіспеген жағдайда берілген мұнай көлемін ресімдеу жүргізілмейді.

7-тарау. Ақы төлеу және есеп айырысу тәртібі

23. Мұнай тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді Тұтынушы төлемге және/немесе шот-фактураға берілген тапсырма бойынша олар Тұтынушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалған тарифтерге сәйкес берілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізеді. Төлем тапсырмалары бойынша төлемді Тұтынушы 100% алдын ала төлем тәртібімен жүргізеді.

Тұтынушы төлем тапсырмасында және/немесе шот-фактурада көрсетілген кестеге сәйкес тасымалдануға тиіс мұнай көлемі үшін көрсетілетін қызметтерге алдын ала төлем жасайды.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Үлттық экономика министрінің 05.02.2025 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Төлем тапсырмасында және/немесе шот-фактурада көрсетілген Өнім берушінің банктік шотына ақшаны нақты аудару күні Тұтынушының көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін нақты орындаған күні болып танылады.

25. Төлемді аударуға байланысты шығыстарды Тұтынушы көтереді.

26. Өнім беруші Тұтынушыға орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актілерінің негізінде шот-фактура береді.

27. Төлем әрбір тапсырма бойынша төлемге және/немесе шот-фактураға банк аударымдарымен ақша аудару жолымен жүргізіледі. Төлем тапсырмасында міндетті түрде жеке жолмен шарттың нөмірі мен күні, тасымалданатын мұнайдың мөлшері, шоттар және олардың шығарылған күні көрсетіледі.

28. Тұтынушы үшін қызметтерге үшінші тұлғалардың ақы төлеуі Өнім берушімен алдын ала келісім бойынша жүргізуі мүмкін. Бұл ретте төлем құжатында 27-тармақта санамаланған мәліметтерден басқа Тұтынушының атавы міндетті түрде көрсетіледі.

29. Әрбір тоқсан аяқталғаннан кейін Тараптар өткен тоқсан үшін Шарт бойынша өзара есеп айырысулады салыстырып тексеруді жүргізеді.

Өзара есеп айырысулады салыстырып тексеру актісін Өнім беруші дайындауды және есептік тоқсан аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Тұтынушыға жібереді. Тұтынушы өзара есеп айырысулады салыстырып тексеру актісін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оған қол қоюға не дәлелді қарсылықтарды қоса беруге және қол қойылған актіні немесе дәлелді қарсылықтарды бір мезгілде көшірмелерін (электрондық пошта арқылы) жібере отырып жолдауға міндетті. Тұтынушы қол қойған өзара есеп айырысулады салыстырып тексеру актісі не осы тармақта көрсетілген мерзімде оларға жазбаша қарсылықтар ұсынылмаған жағдайда, салыстырып тексеру аяқталған, ал оның нәтижелері Тараптардың орындауы үшін міндетті болып есептеледі.

8-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

30. Шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

31. Төлем тапсырмалары мен шот-фактуралар бойынша төлем мерзімін өткізіп алғаны үшін Тұтынушы төлем мерзімі өткен күндердің нақты санын негізге ала отырып, төлем жүргізу күніне Қазақстан Республикасының Үлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселенген мөлшерінде Өнім берушіге тұрақсыздық айыбын төлейді.

32. Мұнайды магистральдық мұнай құбыры жүйесіне қабылдаған сәттен бастап және оны жүк алушыға мұнайды қабылдау-тапсыру пунктіне тапсырған сәтке дейін тасымалдау маршруттының соында Өнім беруші оның сақталуына жауапты болады.

33. Осы Шарттың талаптарына сәйкес айыппұл санкцияларын төлеу шот жіберілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

34. Тұтынушы, егер уәкілетті орган бір айлық (бір жылдық) кестеде Тұтынушы мәлімдеген мұнайдың міндепті ең аз бір айлық (бір жылдық) көлемінен аз мұнай көлемін бекітетін болса, тасымалдаудың бір айлық кезеңі ішінде толық мәлімделмеген және/немесе толық жеткізілмеген мұнай көлемін тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсетпегені үшін жауапты болмайды.

35. Егер Тұтынушы межелі пунктте мұнайды қабылдауды қамтамасыз етпеген және осы жағдай Тұтынушының мұнайды тасымалдау үшін тартылған мұнай құбыры участкесінің тоқтауына себеп болған жағдайда, ол Өнім берушінің талап етуі бойынша мұнай партиясын тасымалдау маршруттының басында ресімделген әрбір тонна (нетто массасы) үшін ақы төлеу күніне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген 0,05 айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінде айыппұл төлейді.

36. Өнім беруші мұнайды ағызу (мұнайды құю) эстакадаларына ақаулы вагон-цистерналарында ақау болуына, қажетті ілеспе құжаттардың болмауына, сондай-ақ мұнайды ағызу эстакадаларына бос вагон-цистерналарды беруге байланысты мұнайды ағызу (құю) мүмкіндігін болдырмайтын ақаулы вагон-цистерналарды берген жағдайда Тұтынушы Өнім берушіге оның талап етуі бойынша әрбір вагон-цистерна үшін 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді.

37. Тұтынушының кінәсінен Өнім берушінің мұнайды ағызу (мұнайды құю) эстакадалары ағызылған (төгілген) вагон-цистерналардың уақытылы жиналмауына байланысты тоқтап қалған жағдайда Тұтынушы Өнім берушіге оның талап етуі бойынша мұнайды ағызу (мұнайды құю) эстакадасы техникалық келісімде белгіленген нормативтік уақыттан тыс тұрып қалған әрбір сағат үшін 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өсімпұл төлейді.

38. 36, 37-тармақтарда көрсетілген әрбір жағдай бойынша Тараптардың өкілдері тиісті акт жасайды. Тұтынушының өкілдері актіге, оған осындай актіні берген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қол қоюдан бас тартқан жағдайда және оған жазбаша дәлелді қарсылық бермен жағдайда, Өнім берушінің уәкілетті өкілі қол қойған актіні Тұтынушы қарсылықсыз қабылдады деп есептеледі.

39. Вагон-цистерналарды пайдалану бойынша құқық белгілейтін ілеспе құжаттарсыз беру кезінде Өнім берушінің өкілдері вагон-цистерналардың нөмірлерін тіркейді.

Осы вагон-цистерналарды ілеспе құжаттарын бұза отырып, сол бір пайдаланушылар бір ай ішінде қайталап берген кезде Тараптардың өкілдері тиісті акт жасайды және осы Шарттың 36-тармағына сәйкес айыппұл өндіріп алады.

40. Егер Тұтынушы есептік тоқсан ішінде мұнайдың міндетті ең аз бір айлық көлемін мәлімдемесе және Шарттың 8-тармағының 7) тармақшасына сәйкес толық мәлімделмеген көлемдерді өтемеген жағдайда, ол Өнім берушіге айыппұл төлейді, оның мөлшері есептік тоқсан үшін тиісті қызметтерге тариф мөлшерлемесіне толық мәлімделмеген мұнай көлемінің (нетто салмағы) туындысы ретінде айқындалады.

41. Егер Тұтынушы (Өнім беруші) есептік тоқсан ішінде магистральдық мұнай құбыры жүйесіне мұнайдың үш міндettі ең аз бір айлық көлемін тапсырмаған (қабылдамаған) және Шарттың 8-тармағының 7) тармақшасына сәйкес толық жеткізімелген мұнай көлемін тапсырмаған (қабылдамаған) жағдайда, ол Өнім берушіге (Тұтынушыға) айыппұл төлейді, оның мөлшері тиісті қызметтер үшін тариф мөлшерлемесіне есептік тоқсан үшін толық жеткізілмеген (қабылданбаған) мұнай көлемінің (нетто салмағы) туындысы ретінде айқындалады.

42. Тұтынушы Шарттың 8-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген бір айлық өтінімді беру мерзімін күнтізбелік жыл ішінде екі реттен артық бұзған жағдайда, Тұтынушы Өнім берушінің талабы бойынша 75 (жетпіс бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді.

43. Өнім беруші Шарттың 6-тармағының 8) тармақшасын орындаған жағдайда Өнім беруші Тұтынушыға 75 (жетпіс бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді.

44. Шарттың 8-тармағының 3), 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсыну мерзімдерін бұзғаны, сондай-ақ құжаттардың толық топтамасын ұсынбағаны үшін, сондай-ақ Шарттың 6-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген Өнім беруші ұсынған актілерді уақтылы қайтармағаны не жоғалтқаны үшін Тұтынушы Өнім берушінің талап етуі бойынша әрбір бұзушылық жағдайы үшін 75 (жетпіс бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді.

45. Кестеде көзделген көлемде мұнайды магистральдық мұнай құбыры жүйесіне қабылдаудан негізсіз бас тартқаны үшін Жеткізуши Тұтынушыға 75 (жетпіс бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді.

Шарттың 5-тарауының талаптарына сәйкес келмейтін сапа көрсеткіштері бар мұнай тапсырылған жағдайда (осы тармақтың төртінші абзацында көрсетілген бұзушылықты қоспағанда) Тұтынушы Жеткізушиң талабы бойынша Шарттың 17 және 18-тармақтарының талаптарына сәйкес келмейтін мұнайдың әрбір тоннасы (брутто) үшін 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді.

204°C температураға дейін қайнайтын фракциядағы органикалық хлоридтердің массалық үлесінің нормасынан асатын мұнай тапсырылғаны анықталған жағдайда, Тұтынушы Жеткізушиң талабы бойынша Шарттың 17 және 18-тармақтарының талаптарына сәйкес келмейтін мұнайдың әрбір тоннасы (брутто) үшін 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді, Жеткізушиге оның негізделген

шығындарын, сондай-ақ Жеткізушінің үшінші тұлғаларға олардың талабы бойынша төленуге тиіс тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) және/немесе залалдың сомасын өтейді.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 05.02.2025 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-тaraу. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

46. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың бір де бірі шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындастын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың бір де бірі еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындастын Шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растиған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтыластын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс етеді не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

47. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедегі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла түруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарлаған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар күнтізбелік отыз күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

10-taraу. Жалпы ережелер және дауларды шешу

48. Мұнай тасымалдау бойынша қызметтер көрсету шарты Тұтынушымен жеке тәртіппен жасалады.

49. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұластай алғанда, немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында тараптардың кез келгені екінші тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, наразылығын жіберуге құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

50. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан орны бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

51. Тараптардың Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

52. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір тарап үшін бір данадан жасалады.

53. Тараптардың келісуі бойынша Шарт Үлгілік Шартқа, Қазақстан Республикасының заңнамасына, техникалық регламенттерге, мемлекетаралық және ұлттық стандарттарға қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 05.02.2025 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11-тaraу. Шарттың қолданылу мерзімі

54. Шарт 20 жылғы " " сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді (Астана қаласының уақыты бойынша) және 20 жылғы " " 24:00-ге дейін қолданылады.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Егер Тараптардың бірі бұл туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын мәлімдесе, Шарттың қолданылу мерзімі қызметті беру көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзім аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және шарттарда ұзартылған болып есептеледі.

12-taraу. Тараптардың деректемелері

Өнім беруші:

Тұтынушы:

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің

2019 жылғы 24 маусымдағы

№ 58 бүйрігіна

8-қосымша

**Тіреуіш гидротехникалық құрылыштардың көмегімен жер үсті ағындарын реттеу жөніндегі
көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған ұлгілік шарт**

(шарт жасалған орын)

"— " 20_жыл

_____,
(қызметті ұсынатын субъектінің атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес
сәйкестендіру нөмірі), тіреуіш гидротехникалық құрылыштардың көмегімен жер
үстіндегі су ағынын реттеу жөніндегі қызметтерді ұсынатын (бұдан әрі – көрсетілетін
қызмет) бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын, _____

атынан лауазымы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі – А.Ә.Т.)
негізінде
әрекет ететін

бір
жағынан, және

_____ (тұтынушының деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке
сәйкестендіру нөмірі) бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын _____

_____ атынан
(лауазымы, А.Ә.Т.)
негізінде
әрекет ететін _____, екінші тараптан, бұдан әрі "Тараптар" деп
аталатын, төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – шарт) жасасты.

1-тaraу. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

есеп айырысу кезеңі – көрсетілетін қызмет үшін Тұтынушы есеп айырысатын
айдың бірінші күнінің сағат 00:00 бастап айдың соңғы күнінің сағат 24:00 дейінгі
кунтізбелік бір айға тең уақыт кезеңі ретінде Шартта айқындалған кезең;

төлем құжаты – оның негізінде төлем жүргізілетін Өнім берушінің құжаты (шот,
шот-фактура, хабарлама, түбіртек, есепке алу құралдарының көрсеткіштері негізінде
жасалған шот-ескерту);

тұтынушы – табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) пайдаланатын немесе пайдалануға ниеттенетін жеке немесе заңды тұлға;

уәкілді органның ведомствосы – тиісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы.

Осы Шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының Су кодексіне және Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Шарттың нысанасы

2. Шарт талаптарына сәйкес Өнім беруші тұтынушыға су бөлу нүктесіне дейін Өнім берушінің шаруашылық жүргізуіндегі тіреуіш гидротехникалық құрылыштардың көмегімен жер үстіндегі су ағынын реттеу жөніндегі қызметтерді көрсетуге міндеттенеді.

3. Тұтынушы көрсетілетін қызметтерді қабылдауға және шарт талаптарына сәйкес төлемді уақтылы жүргізуге, сондай-ақ осы Шартта көзделген техникалық шарттарды орындауға міндеттенеді.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті ұсыну шарттары

4. Тұтынушыға қызмет көрсету тіреуіш гидротехникалық құрылыштың _____ км жүргізіледі.

5. Шарт Тұтынушымен тіреуіш гидротехникалық құрылышқа қосылған қажетті жабдығы болған кезде жеке тәртіппен жасалады.

6. Қызметтер ұсынуды тоқтата тұру мынадай жағдайларда:

- 1) авариялық жағдай не азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қатер төнген;
- 2) Өнім берушінің жүйелеріне өз бетінше қосылу;

3) есептік кезеңнен кейінгі бір ай ішінде көрсетілетін қызметтер үшін төлем болмаған;

4) Өнім беруші өкілдерін есепке алу аспаптарына бірнеше рет жібермеу;

5) заңнамада және Тараптардың көзделген басқа жағдайларда, жүргізіледі.

Осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда Тұтынушыға қызмет көрсету тоқтатылғанға дейін кемінде бір ай бұрын хабарланады.

8. Шарттың 7-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, қызметтер ұсынуды қалпына келтіру Өнім беруші туындаған бұзушылықтарды жойғаннан кейін жүргізіледі.

Шарттың 7-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда тұтынушыны қосу Өнім берушінің жүйелеріне заңсыз қосылғаны үшін айыппұл төленгеннен, Өнім

берушінің жүйелеріне қосудың техникалық талаптарын орындағаннан және қосқаны үшін төлем енгізілгеннен кейін жүргізіледі.

Шарттың 7-тармағының 3) тармақшасында көзделген бұзушылықтар үшін тұтынушыға қызмет ұсынуды тоқтата тұрған жағдайда, қосу борышты өтегеннен және қосылу үшін төлем енгізілгеннен кейін жүргізіледі.

4-тaraу. Көрсетілетін қызметтердің құны және ақы төлеу тәртібі

9. Осы Шарт бойынша ұсынылған қызметтер үшін ақы төлеу уәкілетті органның ведомствоны бекіткен тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) немесе олардың шекті деңгейлері бойынша жүргізіледі.

10. Ақы төлеуді Тұтынушы ай сайын төлем құжатының негізінде есептік кезеңнен кейінгі айдың 25-күніне дейінгі мерзімде немесе шартта айтылған мерзімдерде Тұтынушы мен Өнім беруші арасындағы келісім бойынша нақты көрсетілген қызмет саны үшін жүргізеді.

5-тaraу. Көрсетілетін қызметтерді тұтынуды есепке алу

11. Жіберілген Қызметтің саны Өнім берушінің есебінен заңнамада белгіленген тәртіппен тексеруден өткен есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады. Аспаптар _____ бастап _____ қоса алғанға дейінгі кезеңге _____ орнатылған. (учаскенің атауы)

12. Тұтынушыны есепке алу аспаптарының тікелей қосуға Өнім берушінің рұқсатымен уақытша жол беріледі. Бұл жағдайда босатылған қызметтің санын Өнім беруші тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен тұтыну нормалары бойынша есеп айырысу жолымен белгілейді.

Есепке алу аспаптары уақытша жарамсыз болған жағдайда, алынған судың көлемі өткен екі ай үшін аспаптар көрсеткішінің орташа шамасы бойынша есептеледі.

13. Тұтынушының кінәсінен емес есепке алу уақытша бұзылған кезде көрсетілген қызметтер үшін есеп айырысу алдыңғы есептік кезеңінің орташа тәуліктік шығысы бойынша жүргізіледі.

Мұндай жағдайда есепке алушы соңғы тексерген күннен бастап бұзушылық анықталған немесе жойылған сәтке дейінгі кезең есептік кезең болып есептеледі.

14. Тұтынушының кінәсінен көрсетілген қызмет көлемін есепке алушы бұзу фактілері анықталған кезде, Өнім беруші соңғы тексеру жүргізілген күннен бастап анықталған күнге дейін, бірақ бір айдан аспайтын мерзімде қызметті тұтыну көлемдеріне қайта есептеуді жүргізеді.

6-тaraу. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

15. Тұтынушы:

1) денсаулығына қауіпсіз, мұлкіне зиян келтірмейтін және шарттың талаптарына сәйкес келетін санда белгіленген сападағы қызметтерді алуға;

2) Өнім берушінің заңнамаға қайшы келетін іс-әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне уәкілетті органның ведомствоына және (немесе) сот тәртібімен шағымдануға;

3) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) немесе оның қызметтерге шекті деңгейінің жобасын талқылау үшін өткізілетін жария тыңдауларға қатысуға;

4) Өнім берушіден қызметтерді тиісінше ұсынбау салдарынан өміріне, денсаулығына және (немесе) мұлкіне келтірілген зиянды толық көлемде өтеуді, сондай-ақ моральдық зиянды өтеуді заңнамада белгіленген тәртіппен талап етуге;

5) ұлттық стандарттарда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін қызмет ұсынылған жағдайда көрсетілетін қызметтердің құнын қайта есептеуді талап етуге;

6) егер Өнім беруші белгіленген тәртіппен шот қоймаған болса, алынған қызмет үшін ақы төлемеуге;

7) осы Шартқа қол қойылғаннан кейін вегетациялық кезең басталғанға дейін алдын ала ақы төлеуге құқылы. Бұл жағдайда келесі ақы төлеу алдын ала төленген ақыны ескере отырып жүргізіледі;

8) ұсынылған қызметке толық ақы төленген жағдайда бір айдан кешіктірмей бұл туралы Өнім берушіні жазбаша хабардар етіп, Шартты біржакты тәртіппен бұзуға құқылы.

16. Тұтынушы:

1) қызмет ұсынылған айдың алдындағы айдың 15 күнінен кешіктірмей Өнім берушіге қызмет көрсетуге айлық өтінім беруге;

2) ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен кешіктірмей Өнім берушіге келесі күнтізбелік жылға қызмет көрсетуге арналған жылдық өтінімді, оның ішінде ең төменгі жылдық көлемді ұсынуға;

3) Өнім берушіні алдағы айлық, тоқсандық немесе жылдық кезеңдерде айлық, тоқсандық немесе жылдық өтінімдерді беру мерзімдерінен кешіктірмей қызметті тұтыну ниетінің жоқтығы туралы жазбаша хабардар етуге;

4) Шарт талаптарына сәйкес ұсынылған қызметтер үшін ақы төлеуді уақтылы және толық көлемде жүргізуғе;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және Өнім беруші белгілейтін техникалық талаптарды орындауға;

6) көрсетілетін қызметті пайдалану кезінде пайда болған жүйелердің құрылыштарының жұмысындағы ақаулар туралы Өнім берушіге дереу, ал жүйе құрылыштары бұзылған жағдайда - төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөнінде жергілікті органдарға, мемлекеттік өртке қарсы қызметке, санитариялық-эпидемиологиялық қызметке және қоршаған ортаны қорғау қызметіне дереу хабарлауға;

7) көрсетілетін қызметтерді тұтыну кезінде қауіпсіздік техникасы бойынша талаптарды сақтауға;

8) көрсетілетін қызметті тұтыну көлемдерінің барлық күтілетін өзгерістері туралы Өнім берушіні хабардар етуге;

9) Өнім берушіге уәкілетті табиғат қорғау органының эмиссиясына берілген рұқсатына сәйкес коллекторға ластанудың, төгілетін судың рұқсат етілген шоғырлануының рұқсат етілген шекті төгіндісінен асып кетуіне жол бермеуге міндетті.

17. Өнім беруші:

1) заңнамаға сәйкес Тұтынушының сақтауы үшін қажетті техникалық талаптарды белгілеуге;

2) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен қызметтің қолданылу кезеңінде тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін төмендетуге ;

3) алып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4) ұсынылған қызметтер үшін төлемді уақтылы және толық көлемде ақы алуға құқылы.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Өнім беруші:

1) Шарт талаптарына сәйкес Тұтынушыға сапалы, уақтылы және үздіксіз қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге;

2) ұсынылатын қызметтердің сапасы мен санын есепке алу және бақылау жүргізу, қызметтерді ұсынуды бұзушылықтарының алдын алу және жою бойынша уақтылы шаралар қабылдауға;

3) Қазақстан Республикасының салық заңнамасы тиісінше өзгерген жағдайда, нәтижесінде Өнім беруші шығындарының құны азайтылатын барлық Тұтынушылар үшін ұсынылатын қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін үәкілетті орган белгілеген тәртіппен төмендетуге;

4) есептік кезеңнен кейінгі айдың оныншы күніне дейінгі мерзімде Тұтынушыға ұсынылатын қызметтерге ақы төлеуге төлем құжатын ұсынуға;

5) тұтынушыларды Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгергені туралы хабардар етуге;

6) 24 сағат ішінде тұтынушының негізделген наразылықтары бойынша ұсынылатын қызметтердің сапасы мен көлемін қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдауға;

7) тұтынушыны қызмет ұсынуды тоқтатуға байланысты жоспарлы алдын алу және жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы 24 сағаттан кешіктірмей ескертуге міндетті. Бұл ретте Өнім беруші тұтынушыға қызмет ұсыну кезінде 72 сағаттан артық үзіліске жол бермеуге;

8) қызмет көрсету көлемінің барлық күтілетін өзгерістері туралы тұтынушыны хабардар етуге міндетті.

7-тарау. Тараптардың шектеулері

19. Тұтынушыға:

- 1) жүйелеріндегі құрылыштары мен есепке алу аспаптарын Өнім берушімен келісусіз қайта жабдықтауға;
- 2) көрсетілетін қызметтерді есепке алудың қолда бар схемасын бұзуға;
- 3) көрсетілген қызмет көлемін есепке алуды бұзуға тыйым салынады.

Көрсетілген қызмет көлемдерін есепке алуды бұзу деп суды есепке алу аспаптарында, ысырмаларда, фланецті қосындыларда және байпастарда орнатылған пломбаларды жұлып алу, есепке алу аспабының көрсеткіштерін бұрмалайтын құрылғыларды орнату, оның паспорттық сипаттамаларымен салыстырғанда есепке алу аспабын дұрыс пайдаланбау, алдыңғы көрсеткіштермен салыстырғанда есепке алу аспабының көрсеткіштерін азайту, Өнім берушінің жүйелеріне өз еркімен қосылу түсініледі.

20. Өнім берушіге:

1) жосықсыз тұтынушылардың пайдаланған қызметтер көлемі үшін ақы төлемеуіне байланысты адал тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудан бас тартуға;

2) ұсынылған қызмет үшін уәкілетті органның ведомствосы белгілеген төлемнен аспайтын ақы алуға;

3) тұтынушыдан тиісті төлем құжаттарын ұсынбай қызметтерге ақы төлеуді талап етуге;

4) мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде белгіленген реттеліп көрсетілетін қызметтер сапасының талаптарына сәйкес келмейтін ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді талап етуге тыйым салынады.

21. Тараптарға тараптардың құқықтарын шектейтін не Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгеше түрде бұзатын іс-қимылдар жасауға тыйым салынады.

22. Осы Шарттың 19-тармағында көрсетілген бұзушылықтар тиісті Актілермен ресімделеді және оған тараптар қол қояды.

8-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

23. Жабдықты тиісті ұстауға жауапкершілік оның меншік иесіне жүктеледі және теңгерімдік тиесілілік бөлімінің шекаралары бойынша айқындалады.

24. Шартта көзделген міндеттемелерді орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда кінәлі Тарап екінші Тарапқа келтірілген шығындарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтейді.

25. Ұсынылған қызметтер үшін төлем мерзімі өткен жағдайда Тұтынушы Шартқа сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша осы сомаларды төлеу қуніне болған мерзімі өткен берешек сомасынан мерзімі өткен әрбір күн үшін, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді.

Қызмет уақтылы және сапасыз көрсетілген жағдайда Өнім беруші шартқа сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 есе мөлшерінен аспайтын мөлшерде осы сомаларды төлеу қуніне болған көрсетілмеген қызмет сомасынан тұрақсыздық айыбын төлейді.

Тұрақсыздық айыбының мөлшерін белгілеу тұтынушымен Шарт жасасқан кезде жүргізіледі. Тұрақсыздық айыбын есепке жазу мерзімінің басталуы, егер Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, есеп айырысу кезеңнен кейінгі айдың 26 күні болып табылады.

26. Тұтынушы Өнім берушінің жүйелеріне өз бетімен қосылған жағдайда, Тұтынушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл төлейді.

27. Егер Өнім беруші үшін тұтынушыға қызмет көрсету мүмкін еместігі Өнім берушімен шарттық қатынастарда тұратын басқа тұлғалардың кінәсінен болса, тұтынушы алдында Өнім беруші жауапты болады.

28. Тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды) төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

29. Тараптардың келісімі бойынша жазбаша өтініш жасаған кезде Тұтынушыға өсімпұл есептеу кейінге қалдырылуы мүмкін.

9-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

30. Тараптар шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін, егер бұл еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындастын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындастын Шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті үйімі растаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын

нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

31. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла түруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарланған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде шарт бойынша барлық өзара есеп айырысулады жүргізуге міндеттенеді.

10-тарау. Жалпы ережелер және дауларды шешу

32. Тіреуіш гидротехникалық құрылыштардың көмегімен жер үсті ағынын реттеу бойынша қызметтер көрсету шарты Тұтынушымен жеке тәртіппен жасалады.

33. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұластай алғанда, немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-қимылға байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында тараптардың кез келгені екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, наразылық жолдауға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жүмсайды.

34. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

35. Тараптардың Шарттан туындаитын және онымен реттелмеген қарым қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

36. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір Тарап үшін бір данадан жасалады.

37. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгі шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

11- тарау. Шарттың қолданылу мерзімі

38. Шарт 20 жылғы " " сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді (Астана қаласының уақыты бойынша) және 20 жылғы " " 24:00-ге дейін қолданылады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Егер Тараптардың бірі бұл туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын мәлімдесе, Шарттың қолданылу мерзімі қызметті беру көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзім аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және шарттарда ұзартылған болып есептеледі.

12-тaraу. Тараптардың деректемелері

Өнім беруші: _____

Тұтынушы: _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 бұйрығына
9-қосымша

Кеменің теніз портына, кейіннен порттан шыға отырыш, жүк операцияларын жүргізу және/
немесе өзге де мақсаттарда кіргені үшін теніз портының (кеме кірісі) қызметтерін көрсетуге
арналған үлгілік шарт

(шарт жасалған орын)

"___" ____ 20 ____ жыл

_____,
(қызметті ұсынатын субъектінің атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес
сәйкестендіру нөмірі) бұдан әрі Орындаушы деп аталатын, _____

_____ атынан

лауазымы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі – А.Ә.Т.)

_____ негізінде
әрекет ететін _____
_____ бір жағынан, және _____
тұтынушының субъектінің деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке

сәйкестендіру нөмірі) бұдан әрі - Тапсырыс беруші деп аталатын _____

атынан

(лауазымы, А.Ә.Т.)

негізінде
әрекет ететін _____, екінші
тараптан, төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – шарт) жасасты.

1-тaraу. Шартта пайдаланылатын негізгі үғымдар

1. Шартта мынадай негізгі үғымдар пайдаланылады:

уәкілетті органның ведомствоны – тиісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствоны.

Осы шартта пайдаланылатын өзге де үғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына және "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-taraу. Шарттың нысанасы

2. Орындаушы кейіннен порттан шығып жүк операцияларын жүргізу және/немесе өзге мақсаттар үшін кеменің теңіз портына кіргені (бұдан әрі – кеменің кіруі) үшін қызметтер көрсетеді. Тапсырыс беруші кеменің кіргені үшін осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде порттық алымдарды төлейді.

3. Теңіз портының қызметтерін ұсынуға арналған осы Шарт Тапсырыс берушімен жеке тәртіппен жасалады.

3-taraу. Есеп айырысу тәртібі

4. Кеменің кіргені үшін теңіз порты көрсететін қызметтер үшін ақы төлеу уәкілетті органның ведомствоны бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

5. Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді Тапсырыс беруші кеме теңіз портынан шыққанға дейін алдын ала ақы төлеу сомасы шарттарында жүргізеді.

6. Кеме теңіз портынан шығар алдында Тапсырыс беруші мен Орындаушы кеменің кіргені үшін нақты көрсетілген қызметтерге төлем сомасын айқындайды және шот жазылған күннен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірмей толық есеп айырысады жүзеге асырады.

7. Тараптар арасындағы есеп айырысулар порт жазып берген шоттар негізінде жүзеге асырылады.

8. Егер Тапсырыс беруші ұсынылған шоттың дұрыстығына дауласса, ол Орындаушины осы шотты алған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде хабардар етеді және Орындаушыға наразылықтарды баяндай отырып, жазбаша өтініш ұсынады. Бұл ретте, Тапсырыс беруші жоғарыда көрсетілген мерзімдерде шоттың дауланбаған бөлігіне ақы төлеуге міндетті.

9. Осы Шартта көзделген ақы төлеу мерзімдері бұзылған жағдайларда Тапсырыс беруші Орындаушыға ақы төлеу қунін қоса алғанда әрбір кешіктірілген күн үшін берешек сомасынан Ұлттық Банк белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша тұрақсыздық айыбын төлейді.

4-тaraу. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

10. Орындаушы:

- 1) Тапсырыс берушінің орындауы үшін міндетті техникалық талаптарды белгілеуге;
- 2) ұсынылатын қызметтер үшін уақтылы ақы алуға;
- 3) Тапсырыс берушінің кінәсінен келтірілген залалдың орнын толтыруды талап етуге;
- 4) Тапсырыс беруші Шарттың талаптарын орындаған кезде портқа (порттан) кеменің кіруіне (шығуына) және Тапсырыс берушінің кейінгі кемелерін айлаққа қоюға рұқсат етпеуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

11. Орындаушы:

- 1) Тапсырыс берушінің теніз порты көрсететін қызметтердің тен пайдалану құқығымен қамтамасыз етуге;
- 2) Тапсырыс берушімен келісілген портқа кемелердің беру кестесіне сәйкес кемелердің порттың аумағына қабылдауды қамтамасыз етуге;
- 3) кемелердің жүктегендегі өндеге қою үшін мамандандырылған айлақтарды ұсынуға;
- 4) Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде қызметтерге арналған тарифтердің өзгеруі туралы хабардар етуге;
- 5) Тапсырыс берушінің кемелердің қабылдауды уақытша тоқтатуға немесе шектеуге қабылданған шешім туралы, мұндай шешім қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей оның себептері мен мерзімдерін көрсетіп хабардар етуге;
- 6) Тапсырыс берушімен өзара қарым-қатынастарда Қазақстан Республикасының сауда мақсатында тенізде жүзу саласындағы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

12. Тапсырыс беруші:

- 1) Шартқа сәйкес белгіленген сапада көрсетілетін қызметтерді алуға;
- 2) Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде тарифтердің өзгеруі туралы орындаушыдан ақпарат алуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

13. Тапсырыс беруші:

- 1) Орындаушымен келісілген кемелерді беру кестесін Орындаушыға алдын - ала ұсынуға;
- 2) Орындаушымен келісілген кемелерді портқа беру кестесінің орындалуын қамтамасыз етуге;
- 3) Орындаушыға барлық талап етілетін құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынуға;
- 4) Орындаушыны келісілген кемелерді портқа беру кестесін бұзушылықтар және кестені бұзу себептері туралы жедел хабардар етуге міндettі.

5-тaraу. Тараптардың жауапкершілігі және дауларды шешу

14. Тараптар Шарттың талаптарын орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

15. Шарттан туындейтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Егер тараптар келіссөздер жолымен өзара келісімге қол жеткізе алмаса, онда даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

6-тaraу. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

16. Тараптар шарт бойынша міндettемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін, егер бұл еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндettемелердің орындалуын айқындейтын комиссия құрылуды мүмкін . Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындейтын шарт бойынша міндettерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растиған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

17. Тараптардың Шарт бойынша міндettемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар шарт бойынша

Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу қуніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарланған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде шарт бойынша барлық өзара есеп айырысулады жүргізуге міндеттенеді.

7-тарау. Өзге де ережелер

18. Жүк операцияларын жүргізу және/немесе өзге де мақсаттар үшін кейіннен порттан шыға отырып, кеменің теңіз портына кіргені үшін теңіз портының қызметтерін көрсету шарты Тапсырыс берушімен жеке тәртіппен жасалады.

19. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұтастай алғанда, немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында тараптардың кез келгені екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, наразылық жолдауға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жүмсайды.

20. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан орны бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

21. Тараптардың Шарттан туындаитын және онымен реттелмеген қарым қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

22. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір Тарап үшін бір данадан жасалады.

23. Тараптардың келісімі бойынша Шарт ұлгілік Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайши келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

8-тарау. Шарттың қолданылу мерзімі және қолдануды тоқтату тәртібі

24. Шарт 20 __ жылғы "___" ____ сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді және 20 __ жылғы "___" ____ сағат 24:00-ге дейін қолданылады, ал өзара есеп айырысу бөлігінде – олар толық орындалғанға дейін қолданылады.

25. Шарттың қолданылуы тараптардың келісімі бойынша шартқа ажырамас қосымша ретінде қосымша келісім жасасу не жаңа шарт жасасу жолымен ұзартылуы мүмкін.

Тараптардың бірінің мерзім аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және шарттарда ұзартылған болып есептеледі.

9-тaraу. Тараптардың занды деректемелері

Орындаушы:

Тапсырыс беруші:

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10-қосымша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 01.10.2024 № 82 (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазакстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 бұйрығына
10-қосымша

Жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шарт

(шарт жасалған орын)

"___" ____ 20__ ж.

(жылу энергиясын өндіру бойынша қызмет көрсететін субъектінің атауы)

жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі)

_____,
лауазымы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі – А.Ә.Т.)
_____ негізінде әрекет ететін бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын, бір
тараптан және _____ (пайдаланушының деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)
_____, (лауазымы, А.Ә.Т.)

_____, бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын
екінші Тараптан төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тaraу. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

есепке алу аспабы (есептеу аспабы) – занамада белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген, жылу энергиясын коммерциялық есепке алуға арналған техникалық құрылғы;

есептік кезең – тұтынылған жылу энергиясы есепке алынатын және Тұтынушыға ақы төлеу үшін ұсынылатын шартта айқындалатын уақыт кезеңі (күнтізбелік ай);

жылу энергиясы үшін есеп айырысу – Өнім беруші ұсынған төлем құжаты негізінде есептік кезең өткеннен кейін жылу энергиясын өндіру үшін Тұтынушының төлем ақысы;

Өнім беруші – Тұтынушыға жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын ұйым;

төлем құжаты – коммерциялық есепке алу аспаптарының нақты көрсеткіштері негізінде Өнім беруші жазып берген шот-фактура, ал олар болмаған немесе уақытша бұзылған кезде-оның негізінде есеп айырысу жолымен тұтынушы жылу энергиясы үшін ақы төлеуді жүргізеді;

тұтынушы – жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалануға ниеттенетін жеке немесе занды тұлға;

үәкілетті органның ведомствоны – тиісті табиғи монополия салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствоны;

электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік орган – Электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2-тaraу. Шарттың нысанасы

1. Шарт алдындағы міндетті талаптар:

(осы тармақта міндетті шарттар көзделеді)

2. Егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, жылу энергиясын өндіру үздіксіз жүргізіледі.

3-тaraу. Көрсетілетін қызметтер ұсынуды шектеу тәртібі

3. Өнім беруші тұтынушыға жылу энергиясын өндіруді:

1) шартта белгіленген мерзімдерде жылу энергиясын өндіру бойынша көрсетілген қызметтер үшін ақы төленбеген, бұл ретте ескерту кемінде күнтізбелік он бес күн бүрын жазбаша түрде ұсынылады;

2) жылу тұтыну қондырғыларын өз бетімен қосқан;

3) осы Шартта көзделген жағдайларда;

4) Тараптардың жазбаша келісімі бойынша шектейді.

4-тарау. Қызмет көрсету шарттары

4. Өнім беруші өндірген және босатқан және Тұтынушы қабылдаған жылу энергиясының мөлшері коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша, ал олар болмаған немесе уақытша істен шыққан кезде – нормативтік-техникалық құжаттардың талаптары негізінде Өнім беруші орындаған есеп айырысу жолымен анықталады.

5. Көрсетілетін қызметті босатуды есепке алу тараптардың теңгерімдік тиесілілік шекарасында жүргізіледі. Коммерциялық есепке алу аспаптары тараптардың теңгерімдік тиесілілік шегінде орнатылмаса бөлу шекарасынан аспаптарды орнату орнына дейінгі желі участесіндегі шығындар теңгерімінде көрсетілген желі участесі бар иеленушіге жатады және есептеу жолымен анықталады.

6. Коммерциялық есепке алу аспаптарын орнатпай Тұтынушының жылумен жабдықтау жүйесін уақытша пайдалануына Өнім берушінің рұқсатымен жол беріледі. Бұл жағдайда қызмет көлемі қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен есептеу жолымен белгіленеді.

7. Жабдық пен инженерлік желілердің техникалық жай-күйі, сондай-ақ жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының сақталуы үшін жауапкершілік оның меншік иесіне жүктеледі және теңгерімдік тиесілілік шекарасы бойынша айқындалады.

8. Тараптардың коммерциялық есепке алу аспаптары тексерілуі және пломбалануы тиіс. Тараптар коммерциялық есепке алу аспаптарына техникалық жай-күйін тексеру және есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу үшін кез келген уақытта, бірақ 21:00 сағаттан, тәуліктен кешіктірмей бір-біріне рұқсат беруге тиіс.

Коммерциялық есепке алу аспаптары бойынша бұзушылықтар анықталған кезде Тараптар белгіленген тәртіппен қол қойылған салыстырып қарау актісін тіркеуге тиіс.

9. Коммерциялық есепке алу аспаптарын белгісіз адамдар үрлаған немесе сындырған жағдайда, олардың сақталуына жауапты адам, егер шартта өзгеше көзделмесе, отыз күндік мерзімде коммерциялық есепке алу аспаптарын қалпына келтіруге міндетті. Коммерциялық есепке алу аспаптарын қалпына келтіру сәтіне дейін Тұтынушы оны жылу желісіне қосуды талап етуге құқылы.

10. Өнім беруші жылу энергиясын өндіруді және оны Шартқа сәйкес Тұтынушыға беруді қамтамасыз етуге және берілетін жылу жеткізгішінің параметрлерінің шарттағы 5%-дан артық/кем емес ауытқуына жол бермеуге міндетті.

11. Тараптар өз есебінен тиісті метрологиялық стандарттарда көзделген мерзімдерде өздерінің балансындағы коммерциялық есепке алу аспаптарына метрологиялық тексерулер жүргізеді.

Тараптар талап етуші тараптың есебінен жүргізілетін қосымша тексерулер жүргізуі талап ете алады.

5-тапау. Таралтардың құқықтары мен міндеттері

12. Тұтынушының:

- 1) осы Шартта белгіленген көлемде және мерзімдерде белгіленген сападағы қызметтерді алуға;
- 2) жасалған шарттың талаптарына сәйкес, оның стандартты параметрлеріне сәйкес келмейтін жылу энергиясын жеткізу немесе үзілістер және толық жеткізбеу уақыты үшін қызметтерге ақы төлеу бойынша қайта есептеуді талап етуге;
- 3) Өнім берушіден Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде және тәртіппен тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлермендерінің) өзгеруі туралы ақпарат алуға;
- 4) Шартты жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге;
- 5) Өнім беруші нақты ұсынған Көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеген жағдайда, Өнім берушінің күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жазбаша хабардар ете отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуга құқылы. Бұл ретте жылдыту жүйесі көп пәтерлі үйдің жалпы жылдыту жүйесінің бір бөлігі болып табылатын жеке үй-жайдың меншік иесінің жылу энергиясын өндіруге арналған Шарттан біржақты бас тартуына жол берілмейді.

13. Тұтынушы:

- 1) Шарт талаптарына сәйкес Өнім беруші ұсынған жылу энергиясын өндіру жөніндегі көрсетілген қызметтерге уақтылы ақы төлеуге;
- 2) жылумен жабдықтау жүйелерінің тиісті техникалық жай-күйін қолдауға;
- 3) коммерциялық есепке алу аспаптарының істен шығуы немесе жұмыс режимі мен шарттарының бұзылуы туралы Өнім берушіні дереу жазбаша хабардар етуге, олай болмаған жағдайда коммерциялық есепке алу аспаптары тиісті құжаттармен расталған соңғы тексеру өткізілген күннен бастап істен шыққан болып есептеледі;
- 4) Өнім берушінің персоналына желілердің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына және жылу тұтыну қондырғыларына кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- 5) Шарт бұзылған кезде есептеулерді салыстырып тексеруге және жылу энергиясын өндіру бойынша Өнім беруші нақты ұсынған қызметтер үшін қарызды өтеуге міндетті;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Өнім беруші белгілеген техникалық талаптарды орындауға міндетті.

14. Өнім берушінің:

- 1) осы Шарттың 13-тармағында көзделген жағдайларда Шарттың орындалуын біржақты тәртіппен тоқтата туруға;

2) Тұтынушыдан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген техникалық талаптардың сақталуын талап етуге;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

15. Өнім беруші:

1) жылу энергиясын өндіру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді барлық тұтынушылар үшін тең жағдайлар беруге;

2) жылу желілерінің тенгерімдік тиесіллік шекарасында осы Шартта берілген жылу энергиясының параметрлерін ұстауға;

3) Тұтынушымен жылу энергиясын өндіру бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсынуға шарт жасасуға;

4) Тұтынушыға Шарттың талаптарында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде тиісті сапада жылу энергиясын өндіру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға;

5) Тұтынушыларға жеткізілетін жылу энергиясының сапасы мен санына есеп және бақылау жүргізуге, жылу энергиясы сапасының бұзылуының алдын алу және жою жөнінде уақтылы шаралар қабылдауға;

6) Тұтынушы жылу энергиясы сапасының төмендегені туралы өтініш берген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде сапаны қалпына келтіру бойынша барлық шараларды қабылдауға және қайта есептеуді орындауға;

7) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген тарифтер бойынша жылу энергиясын өндіру жөнінде көрсетілетін қызметтер үшін ақы алуға;

8) осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, жылу энергиясын өндіруде үзіліске жол бермеуге міндетті.

16. Тұтынушыға:

1) орамішлік желілерді, инженерлік жабдық пен құрылғыларды қайта жабдықтауға, Өнім берушінің келісімінсіз реттеуші және бекіту арматурасын, сондай-ақ қауіпсіз пайдалану талаптарына және нормативтік құжаттарда белгіленген басқа да талаптарға жауап бермейтін жабдықты орнатуға, қосуға және пайдалануға;

2) жылу энергиясын есепке алудың қолда бар схемаларын бұзуға;

3) жылу тасымалдағышты жылдыту жүйелерінде тікелей мақсатқа сай емес пайдалануға (жылдыту жүйесі мен аспаптарынан су ағызы);

4) жылдыту аспаптарының қосымша секцияларын, бекіту және реттеуші арматураны және айналмалы сорғыларды орнатуға және/немесе бұзуға тыйым салынады.

17. Тараптарға тараптардың құқықтарын шектейтін не Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгеше түрде бұзатын іс-қимыл жасауға тыйым салынады.

6-тарау. Есеп айырысу тәртібі

18. Жылу энергиясын өндіру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді Тұтынушы Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген тарифтер бойынша жүргізеді.

19. Тариф өзгерген жағдайда Өнім беруші бұл туралы Тұтынушыны Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде және тәртіппен хабардар етеді.

20. Өнім беруші нақты ұсынған жылу энергиясын өндіру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеуді Тұтынушы коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес, ал олар болмаған кезде Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес есептеу жолымен есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей жүргізеді.

21. Алдыңғы кезеңдер үшін берешек болған кезде, бірінші кезекте, төленген ақы берешекті өтеуге жіберіледі. Тұтынушы есеп айырысу кезеңін нақты сомадан асып түсетін соманы төлеген жағдайда, бұл асып кетудің айырмасы автоматты түрде келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлемінің (не тараптардың келісімі бойынша Тұтынушының Өнім беруші алдындағы өзге міндеттемелер бойынша берешегін өтеу есебіне, егер ондай болса) есебіне жатқызылады. Егер Тұтынушы келесі есептік кезеңде Өнім берушінің көрсетілетін қызметтерінен бас тартса, артық төленген сомалар, Тұтынушының Өнім беруші алдындағы өзге міндеттемелер бойынша берешегін өтеуге жұмсалатын сомаларды қоспағанда (егер ондай болса) қайтарылады.

22. Егер бақылау-өлшеу аспаптарының жарамсыздығы нәтижесінде шоттарға түзету қажет болған жағдайда және басқа жағдайларда Тараптар келесі есеп айырысу кезеңдерінде шоттарға түзету енгізеді.

23. Шот-фактурада көрсетілген деректемелер бойынша Өнім берушінің ағымдағы шотына ақша аудару жылу энергиясын өндіру бойынша Өнім берушінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу бойынша Тұтынушының міндеттемелерін орындауы деп танылады.

7-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

24. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жауапты болады.

25. Ол бойынша ақы төлеу мерзімі басталған сәтке шот бойынша ақы төлемегені үшін Шарттың 28-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Өнім беруші Тұтынушы төлемеген сомалар бойынша Тұтынушы ақшалай міндеттемесін нақты орындаған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 еселенген мөлшерлемесінен аспайтын мөлшерде, төлем мерзімі өткен әрбір күн үшін, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы.

Тұрақсыздық айыбының мөлшерін белгілеу шарт жасасқан кезде жүргізіледі. Тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың бірінші күні болып табылады

26. Егер Өнім беруші үшін Тұтынушыға қызмет көрсету мүмкін еместігі Өнім берушімен шарттық қарым қатынастарда тұратын басқа тұлғалардың кінәсінен болса, Тұтынушы алдында Өнім беруші жауапты болады.

27. Тұрақсыздық айыбын төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8-тaraу. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

28. Тараптар шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындастын комиссия құрылуды мүмкін . Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындастын Шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растиған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтыластын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

29. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы шартты бұзу болжанған күнге дейін кемінде жиырма күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапты алдын ала хабардар ету шартымен шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

9-тaraу. Жалпы ережелер және дауларды шешу

30. Жылу энергиясын өндіру бойынша қызмет көрсету Шарты Тұтынушымен жеке тәртіппен жасалады.

31. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұтастай алғанда, немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында тараптардың кез келгені екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, наразылық жолдауға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

32. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан орны бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

33. Тараптардың Шарттан туындастын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

34. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір Тарап үшін бір данадан жасалады.

35. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгілік шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

10-тaraу. Шарттың қолданылу мерзімі

36. Шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 20 _____ жылғы "_____" _____ дейін қолданылады.

37. Егер Тараптардың бірі бұл туралы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын мәлімдесе, Шарттың қолданылу мерзімі жылу энергиясын өндіру көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзімі аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және шарттарда ұзартылған болып есептеледі.

11-тaraу. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолдары

Өнім беруші: _____

Тұтынушы: _____

Электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шарт

(шарттың жасалған орны)

20__жылғы " __ "

Бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын _____

(электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер _____

көрсетуді өнірлік және/немесе жергілікті деңгейлер желілері бойынша

ұсынатын субъектінің атауы, бизнес сәйкестендіру номірі) _____

атынан _____

негізінде әрекет ететін _____

бір тараптан лауазымы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі – А.Ә.Т.) және бұдан Тұтынушы деп аталатын _____ (пайдаланушиның деректемелері, құрылтай құжаттары, бизнес сәйкестендіру номірі/жеке сәйкестендіру номірі) _____

атынан _____

негізінде әрекет ететін _____

екінші тараптан, (лауазымы, А.Ә.Т.) бұдан әрі Тараптар деп аталатындар төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тaraу. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

есеп айырысу кезеңі – Өнім берушінің электр энергиясын беру жөнінде көрсетілетін қызметтеріне есеп айырысу жүргізілетін айдың бірінші күнінің сағат 00:00-ден бастап соңғы күнінің сағат 24:00-ге дейін (орташа европалық уақыт – Гринвич меридианы уақыты плюс бір сағат) күнтізбелік бір айға тең уақыт кезеңі;

жеткізу пункті – Өнім беруші Тұтынушыға электр энергиясын беретін Өнім берушінің теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасындағы қосылуы (қосылу жүйесі);

қабылдау пункті – Тұтынушы Өнім берушіге электр энергиясының көлемін кейіннен Өнім берушінің желілері арқылы жеткізу пункттеріне дейін беру үшін ұсынатын Өнім берушінің теңгерімдік тиесілілігі шекарасындағы қабылдау – қосылу (қосылулар жүйесі) пункті;

өнім беруші – Тұтынушыға электр энергиясын беруді жүзеге асыратын үйым;

өтінім – Тұтынушы қол қойған және шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Өнім берушіге жіберілетін, электр энергиясының көлемі, электр энергиясын беру уақытының кезеңі, осы кезең ішінде қуат бойынша көлемді бөлу туралы ақпаратты қамтитын жазбаша құжат. Өтінім айлық, тәуліктік және жедел болуы мүмкін;

теңгерімдік тиесілілік шекарасы – Өнім беруші мен Тұтынушы саласындағы олардың теңгерімдік тиесілілігіне сәйкес электр желісін бөлу нүктесі (желісі);

тұтынушы – электр энергиясын беру жөнінде көрсетілетін қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалануға ниеттенген жеке немесе заңды тұлға;

уәкілді органның ведомствоы – тиісті табиғи монополиялар саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствоы;

электр желілері – Өнім берушіге және/немесе Тұтынушыға, сол сияқты үшінші тұлғаларға меншік құқығында, заттық құқықта немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өзге де негіздер бойынша тиесілі электр энергиясын беруге арналған кіші станциялардың, тарату құрылғыларының және оларды қосатын электр беру желілерінің жиынтығы;

электр энергиясының сапасы – нормативтік техникалық актілерде белгіленген талаптарға сәйкес келетін электр энергиясы жарамдылығының дәрежесі;

электр энергиясының көлемі – Өнім беруші мен Тұтынушының және/немесе үшінші тұлғалардың теңгерімдік тиесілілігі шекарасында коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерімен айқындалатын, Шарт бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау мақсатында киловатт-сағатпен өлшенетін, Тұтынушының атына берілген электр энергиясының мөлшері;

электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесі – электр энергиясы мен қуатының шығысын айқындау үшін коммерциялық есепке алу аспаптарының жиынтығы (электр энергиясын есептеу құралы, ток пен кернеуді өлшеу трансформаторлары) және белгіленген схема бойынша өзара қосылған құрылғы (коммутациялық аппарат);

электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік орган – электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

электр энергиясының нақты көлемі – коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде анықталған және орындалған жұмыс (көрсетілген қызмет) актісімен расталған, Өнім беруші Тұтынушының мекенжайына берген электр энергиясының көлемі;

Қазақстан Республикасының электр энергиясы көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты балансы – жүйелік оператор жасаған, есепті кезеңде электр энергиясының теңгерімдеу нарығында орталықсыздандырылған және орталықтандырылған сауда нарықтарында өндірілген, жеткізілген және тұтынылған электр энергиясы көлемін атаулы бөлуді белгілейтін құжат. Нақты баланс Қазақстан

Республикасының электр энергиясы көтерме сауда нарығының субъектілері арасында өзара есеп айырысуды жүргізу үшін негіз болып табылады.

2-тарау. Шарттың нысанасы

2. Шарттың алдындағы міндettі талаптар (электр энергиясын өнірлік және/немесе жергілікті деңгейлердің желілері бойынша беру жөніндегі қызметтер көрсетудің техникалық талаптары мен сипаттамалары):

(осы тармақта нормативтік техникалық құжаттардың талаптарына

сәйкес келуі тиіс міндettі талаптар (Шарт нысанасының техникалық талаптары мен сипаттамалары) көзделеді).

3. Өнім беруші Тұтынушыға Өнім берушінің теңгерімдік тиесілілігі және/немесе пайдалану жауапкершілігі шегінде Өнім берушінің электр желілері бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыруға міндettенеді.

3-тарау. Көрсетілетін қызметтерді ұсыну шарттары

4. Электр энергиясын беру осы Шартқа сәйкес жүргізілген ықтимал түзетуді ескере отырып, тоқсандар, айлар бойынша бөліністе Тұтынушының электр энергиясын беру көлемінің жылдық өтінімі негізінде және соған сәйкес жүргізіледі.

5. Алдағы тоқсанға арналған өтінім тиісті тоқсан басталғанға дейін күнтізбелік алпыс құннен кешіктірмей беріледі. Тұтынушының өтінімді тоқсан басталғанға дейін күнтізбелік жиырма күн бұрын түзетуіне жол беріледі.

6. Алдағы айға арналған өтінім тиісті есеп айырысу кезеңі басталғанға дейін күнтізбелік он құннен кешіктірмей беріледі.

7. Электр энергиясын беру көлеміне өтінімді Тұтынушы Өнім берушіге жазбаша нысанда факсимильдік байланыс және/немесе электрондық пошта арқылы береді.

8. Электр энергиясын шарттық берудің айлық көлемін түзету жөніндегі ұсыныстарды өзгерту басталғанға дейін кемінде 1 (бір) тәулік бұрын тараптар жедел келіседі және шарттық шаманың көлемін түзету жөніндегі өтінім түрінде ресімдейді.

Тұтынушының электр энергиясының айлық өтініміндегі тәуліктік және оларды қуаты бойынша бөлу көлемін түзетуіне жол беріледі. Түзету:

1) көлемдер түзетілетін тәуліктің алдындағы тәулікте күндізгі сағат 10:00-ден кешіктірмей берілетін тәуліктік өтінім;

2) көрсеткіштер түзетілетін мерзім басталғанға дейін 2 сағат бұрын кешіктірмей берілетін жедел өтінім арқылы жүзеге асырылады.

9. Тәуліктік өтінімді Тұтынушының уәкілетті өкілі факсимильді байланыс және/немесе электрондық пошта арқылы береді.

10. Телефонограмма және/немесе электрондық құжат нысанындағы жедел өтінімді кейін міндетті түрде жазбаша түрде ресімдей отырып, Тұтынушының уәкілетті өкілі береді. Тұтынушы Өнім берушіге жазбаша хабарлама және/немесе электрондық хабарлама арқылы жедел өтінім беретін уәкілетті өкілдің тегін, атын және әкесінің атын (болған кезде) уақтылы хабарлайды.

Өнім беруші Шартты орындау мақсатында тұтынушының айлық, тәуліктік, жедел өтінімдерін, сондай-ақ мереке және демалыс күндері келіп түсетін жедел өтінімдерді қабылдауы тиіс телефондардың және/немесе факсимильдік аппараттардың нөмірлері және/немесе электрондық почтаның мекенжайы өзгерген кезде Өнім беруші бұл туралы Тұтынушыны жазбаша хабардар етуге міндетті.

11. Есеп айырысу кезеңінде электр энергиясын берудің нақты қолемінің мәлімделгеннен азаю жағына 10 % ауытқуы жол берілетін шама болып саналады.

4-тaraу. Электр энергиясын есепке алу

12. Өнім беруші есеп айырысу кезеңі ішінде берген электр энергиясының нақты қолемі жеткізу пункттерінде баланстық тиесілілік шекараларында орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде есеп айырысу кезеңінің бірінші күнтізбелік күні сағат 00:00-ден бастап соңғы күнтізбелік күні сағат 24:00-ге дейін (орташа европалық уақыт – Гринвич меридианы уақыты плюс бір сағат) айқындалады.

Есепті кезеңде берілген электр энергиясының нақты қолемі коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нысан бойынша ресімделетін орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісімен расталады.

13. Тараптардың коммерциялық есепке алу аспаптары тексерілуі және пломбалануы тиіс. Тараптар көрсеткіштерді алу, төлеөлшеуіштер тізбектері мен коммерциялық есепке алу жүйелерінің техникалық жай-күйін тексеру үшін тәулікте 8:00-ден сағат 21:00-ге дейін бір-біріне коммерциялық есепке алу аспаптарына қарауға рұқсат беруі тиіс. Егер айлық көрсеткіштерді алу кезінде тараптардың бірі болмаса, онда екінші тарапқа көрсеткіштерді алушы өз бетінше жүргізуге рұқсат беріледі.

Электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасында бұзушылықтар анықталған кезде Тараптар, барлық бұзушылықтар көрсетілген тиісті актіні жасайды және белгіленген тәртіппен оған қол қояды.

14. Тараптар есеп айырысдан кейінгі күнтізбелік айдың 5 күніне дейінгі мерзімде, қол қойылатын және болған жағдайда мөрмен расталатын тиісті есеп айырысу кезеңі үшін орындалған жұмыс (көрсетілетін қызмет) актісін ресімдейді. Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі Өнім беруші Тұтынушыға есептіден кейінгі

күнтізбелік айдың үшінші күнінен кешіктірмей ұсынған коммерциялық есепке алу құралдарының деректері негізінде жасалады. Тараптардың бірі орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда, іс жүзіндегі баланс берілген электр энергиясының көлемін растайтын құжат болып табылады.

15. Егер электр энергиясын есепке алу Өнім беруші мен Тұтынушының баланстық тиесілілік шекарасында жүргізілмесе, онда берілген электр энергиясының нақты көлемі шекарадан есепке алу аспаптары орнатылған жерге дейінгі участкедегі электр энергиясының шығындарын қоса отырып, коммерциялық есепке алу аспаптары бойынша айқындалады.

Шекарадан бастап есепке алу аспаптары орнатылатын жерге дейінгі участкедегі электр энергиясының есептік шығындарын Өнім беруші айқындейды және желінің осы участкесі балансында тұрған тараптың шотына жатқызылады.

Егер Тұтынушы шығындардың есептік шамасымен келіспеген жағдайда, ол энергетикалық сараптама жүргізуге құзыретті органның рұқсаты бар үйымды тарта отырып, өз есебінен сараптама жүргізуге құқылы.

Егер көрсетілген сараптаманың нәтижелері бойынша шығындардың есептік шамасы асыра көрсетілгені анықталса, онда осы шығындарды Өнім беруші өтеуі тиіс.

16. Тараптар балансында тұрған коммерциялық есепке алу аспаптарына тиісті метрологиялық стандарттарда көзделген мерзімде метрологиялық тексерулерді өз есебінен жүргізеді.

Тараптар талап етуші тарап есебінен жүргізілетін қосымша тексерулер жүргізуді талап ете алады.

Егер қосымша тексеру кезінде коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері олардың дәлдік класы жол беретін ауытқудан асқаны анықталса, онда қосымша тексеру жөніндегі шығасыларды коммерциялық есепке алу аспаптарының иесі төлейді.

17. Өнім беруші электр энергиясын есепке алу схемасында бұзушылықтарды анықтаған кезде, Өнім беруші Тұтынушыны электр желісінен ажыратады, бұзушылықтар актісін ресімдейді және қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Тұтынушыға берілген электр энергиясының көлеміне қайта есептеуді жүргізеді.

Акт Өнім берушінің және Тұтынушының не оның өкілінің қолы болған кезде жарамды. Акт Тұтынушы қол қоюдан бас тартқан жағдайда, бірақ оны Өнім берушінің құрамына кемінде үш адам кіретін комиссиясы ресімдеген кезде де жарамды деп есептеледі.

Тұтынушыны электр желісіне қосу Өнім беруші анықталған бұзушылықтарды жойған және жүргізілген қайта есептеуге сәйкес ақы төлеген күннен бастап жүзеге асырылады.

5-тaraу. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

18. Өнім беруші:

1) электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілген қызметті Тұтынушының оны хабарлама қою жолымен немесе электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланбайтын тұтынушыларға электр энергиясын беруді тоқтатқанға, тоқтата тұрғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын Тұтынушының (электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланатын тұтынушының – кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын электрондық поштасында, факсіне жазбаша хабарлама жіберу жолымен жазбаша ескертілген жағдайда, төлемеуіне байланысты шартты орындауды тоқтатуға, тоқтата тұруға;

2) Тұтынушының тәуліктік кестесіне сәйкес электр желілері арқылы тиісті сападағы электр энергиясын беруге;

3) Шартқа жеке келісім негізінде банктің не қазынашылықтың (облыстық қаржы басқармасының) кепілді міндеттемелерін ескере отырып, авариялық бронь актісіне сәйкес Тұтынушыны үздіксіз энергиямен жабдықтау объектілеріне қажетті көлемде электр энергиясын беруді қамтамасыз етуге;

4) Тұтынушыға:

Өнім берушінің желісіне электр энергиясын қабылдағыштарын өз бетінше қосқан; электр энергиясын қабылдағыштарды коммерциялық есепке алу аспаптарынан тыс қосқан;

Тұтынушының кінәсінен электр энергиясы сапасының көрсеткіштері Өнім берушінің және басқа да Тұтынушылардың электр қондырғыларының жұмыс істеуін бұзатын мәндерге дейін төмендеген;

Өнім берушінің өкілдері Тұтынушының коммерциялық есепке алу аспаптарына және электр қондырғыларына жіберілмеген;

жабдықты жөндеу және резервтік қоректендіру болмаған кезде жаңа Тұтынушыларды қосу жөніндегі жоспарлы жұмыстарды жүргізген жағдайларда. Бұл ретте, Өнім беруші Тұтынушыны ажыратқанға дейін кемінде үш күн бұрын, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыруды орналастыру арқылы ескерtedі;

дереу хабарлап және ажырату себептерін көрсете отырып, адамдардың өміріне қауіп төндіруге, елеулі экономикалық залал келтіруге, коммуналдық шаруашылық және электрмен жабдықтау жүйелерінің аса маңызды элементтерінің жұмыс істеуінің бұзылуына алып келуі мүмкін аварияларды ескеरту немесе жою жөніндегі шұғыл шараларды қабылдау үшін авариялық жағдайларда электр энергиясын беруді тоқтатуға құқылы.

19. Өнім беруші:

1) барлық электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар үшін Өнім берушінің баланстық тиесілілігі және/немесе пайдалану жауапкершілігі шекарасы шегінде тең жағдайлар ұсынуға;

2) уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін ақы алуға;

3) осы Шартта көзделген жағдайлардан басқа, электр энергиясын беруде үзілістерге жол бермеуге;

4) оның желілері бойынша берілетін электр энергиясының сапасын, сенімділігін қамтамасыз етуге және бақылауға міндетті.

20. Тұтынушының:

1) жасасқан Шартқа сәйкес Өнім берушінің электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерін пайдалануға;

2) Өнім берушіден электр энергиясын беруді тоқтатудан, толық жеткізбеуден немесе стандартты параметрлерге сай емес электр энергиясын жеткізуден келтірілген шығындарды өтеуді талап етуге;

3) қабылдау пункттерінде оны электр желілері арқылы Тұтынушының жеткізу пункттеріне беру үшін Өнім берушіге тиісті сапада мәлімделген кестеге сәйкес көлемде электр энергиясын беруге;

4) Шарт жасасу кезінде (егер Тұтынушы үздіксіз энергиямен жабдықтау объектісі болып табылса) Өнім берушіге авариялық бронь актісін және банктің не қазынашылықтың (облыстық қаржы басқармасының) авариялық бронь мөлшерінде Тұтынушыны үздіксіз энергиямен жабдықтау объектілерін энергия тұтынғаны үшін есеп айырысу жөніндегі кепілдік міндеттемелерін ұсынуға;

5) шарттар жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сотқа жүргінуге құқығы бар.

21. Тұтынушы:

1) тұтынушының меншігіндегі электр қондырғылары мен коммерциялық есепке алу аспаптарының тиісті техникалық жай-күйін сақтауға және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 143 бүйробымен бекітілген Электр энергиясын пайдалану қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10403 болып тіркелген) сәйкес олардың техникалық жай-күйіне қойылатын талаптарды орындауға;

2) шартта айқындалған энергия тұтыну режимдерін сақтауға;

3) Шарт талаптарына сәйкес электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге уақтылы ақы төлеуге;

4) электр қондырғыларының техникалық жай-күйі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін Өнім берушінің қызметкерлерін коммерциялық есепке алу аспаптарына, сондай-ақ Атомдық және энергетикалық бақылау және қадағалау комитетінің қызметкерлерін жіберуге;

5) электр тұтыну режимін жүргізу жөніндегі орталық диспетчерлік басқарманың, диспетчерлік қызметтің, өнірлік диспетчерлік орталықтың командаларын орындауға;

6) күн сайын сағат 10:00-ге дейін Тұтынушының кейінгі тәуліктерге арналған тәуліктік жүктелім кестесін көрсете отырып, энергия өндіруші ұйыммен келісілген жедел өтінімді, ұсынуға. Өндірістік қажеттілік жағдайында (авариялық жағдайлар, жүктелімдердің технологиялық төмендеуі) түзету үшін жедел өтінім Өнім берушіге дереу жолданады;

7) Өнім берушіге күн сайын күндізгі сағат 11:00-ге дейін өткен тәуліктерде берілген электр энергиясының нақты көлемі туралы ақпарат беруге;

8) Өнім берушіні осындай ауысу басталғанға дейін кемінде 72 сағат бұрын бір энергия көзінен екіншісіне ауысу туралы ескертуге;

9) электр энергиясы импортталған жағдайда, Тұтынушы кейін Өнім берушінің бүкіл желілері бойынша беру үшін Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін электр энергиясын декларациялау мен кедендік ресімдеу, сондай-ақ осыған байланысты оның барлық көлемі бойынша тиісті салықтар мен алымдарды төлеу жөнінде міндеттемелерді өзіне қабылдайды. Бұл ретте, Тұтынушы, Өнім беруші үшін электр энергиясын беруге рұқсат болып табылатын кедендік декларацияның төртінші данасын Өнім берушіге беруге;

10) Тұтынушының немесе оның тұтынушыларының басқаруындағы және қарамағындағы электр желілерін пайдалану қауіпсіздігін және электр энергиясы мен қуатын беруге байланысты пайдаланылатын құралдар мен жабдықтардың жарамдылығын қамтамасыз етуге міндетті;

22. Егер электр энергиясын беру бағытын өзгерту/шектеу қажеттігі Өнім берушінің электр желілеріндегі авариялық жағдайдан туындаса, соңғысы Тұтынушының атына дереу хабарлама жолдайды.

6-тарау. Есеп айырысу тәртібі

23. Тұтынушы Өнім берушінің электр энергиясын жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген тарифтер бойынша есептік айдың әрбір онкүндігі аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қызметтердің мөлшерлес бөлінген айлық шарттық көлемінен 100% төлем шарттарында онкүндік негізде жүргізеді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Тариф өзгерген жағдайда Өнім беруші бұқаралық ақпарат құралдары арқылы және жазбаша түрде бұл туралы Тұтынушыны Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде хабардар етеді.

25. Есепті кезеңде берілген электр энергиясына ақы төлеуді Тұтынушы екеуі қол қойған орындалған жұмыс (көрсетілген қызметтер) актісі негізінде қойылған шот-фактура берілген күннен бастап Тұтынушыға қызмет көрсететін банктің бес

операциялық күн ішінде жүргізеді. Шот-фактураны Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Өнім беруші жазып береді.

Шот-фактура мен орындалған жұмыс (көрсетілген қызмет) актісін Өнім беруші есепті айдан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей ұсынады.

26. Тұтынушы осы Шарттың 14-тармағында көзделген мерзімде орындалған жұмыс (көрсетілген қызмет) актісін ұсынбаған кезде, Өнім берушінің өткен есеп айырысу кезеңінде көрсетілген қызметтеріне ақы төлеу мөлшері кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Өнім берушінің қолда бар берілген электр энергиясының көлемі туралы жедел деректеріне сәйкес берілген электр энергиясының көлемін салыстыру актісі ұсынылған кезде, Өнім берушінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу мөлшері келесі есеп айырысу кезеңінде түзетіле отырып, айқындалады.

27. Өткен кезеңдер үшін берешектер болған кезде, бірінші кезекте төлем осы берешекті өтеуге жұмсалады. Тұтынушы есеп айырысу кезеңі үшін іс жүзіндегіден артық сома төлеген жағдайда, осы артық төлеудің айырмасы келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлеміне (не тараптардың келісімі бойынша Өнім берушінің алдындағы Тұтынушының өзге міндеттемелері бойынша берешегін өтеу есебіне, егер осында болса) автоматты түрде есептеледі. Егер Тұтынушы Өнім берушінің келесі есеп айырысу кезеңіндегі қызметінен бас тартса, Тұтынушының Өнім беруші алдындағы өзге де міндеттемелері бойынша берешегін (егер осында болса) өтеуге жұмсалатын соманы қоспағанда, артық төленген сома қайтарылады.

28. Егер Тұтынушы қойылған шоттың дұрыстығын дауласа, ол осы шотты алған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде Өнім берушіні хабардар етеді және Өнім берушіге қарсылықтарын баяндай отырып, жазбаша өтініш береді. Бұл ретте, Тұтынушы жоғарыда көрсетілген мерзімдерде шоттың дауланбаған бөлігін төлеуге міндетті.

29. Егер бақылау-өлшеу аспаптарының жарамсыздығы нәтижесінде шоттарда орындалған жұмыс (көрсетілген қызмет) актілерінде түзетулер қажет болған жағдайда және басқа да жағдайларда, Тараптар түзетуді Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүргізеді.

30. Шот-фактурада көрсетілген деректемелер бойынша Өнім берушінің ағымдағы шотына немесе Тұтынушыға жолданған хабарламада Өнім беруші көрсеткен деректемелер бойынша үшінші тараптың ағымдағы шотына ақша есептеу Өнім берушінің электр энергиясын беру жөнінде көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу бойынша Тұтынушының міндеттемелерін орындауы болып танылады.

31. Өнім берушінің электр желілеріндегі электр энергиясының нормативтік шығындары есептеу жолымен айқындалады және заңнамада белгіленген тәртіппен бекітіледі. Өнім берушінің электр желілеріндегі электр энергиясының нақты шығындарының құнын Өнім беруші генерациялау көзіне төлейді.

7-тaraу. Тараптардың жауапкершілігі

32. Осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының азаматтық занамасына сәйкес жауапты болады.

33. Шот бойынша төлем мерзімі басталған сәтке оны төлемегені үшін, Өнім беруші Тұтынушы төлемеген сомалар бойынша, төлем мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап тұрақсыздық айыбын есептейді. Мерзімі өткен сомалар бойынша Өнім беруші Тұтынушыдан төлемнің мерзімі өткен әрбір күні үшін Тұтынушы ақшалай міндеттемесін іс жүзінде орындаған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген 1,5 еселік қайта қаржыландыру мөлшерлемесін негізге ала отырып, есептелген тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

34. Тараптармен келісілген есеп айырысу кезеңінде электр энергиясын берудің айлық көлемі Өнім берушінің кінесінен іс жүзінде төмендеген кезде, соңғысы толық жеткізілген көлемді кез келген көздерден ауыстырады, керінше болған жағдайда, Тұтынушы электр энергиясын беру жөнінде көрсетілетін қызмет құнының мөлшерінде толық жеткізілмеген электр энергиясының көлемін негізге ала отырып, айыппұл салуға құқылы.

35. Егер энергия өндіруші үйым Тұтынушының атына қуатты шарттасқаннан төмен берсе, онда Өнім беруші Тұтынушының атына берілетін қуатты шектеуді сатушы сататын қуатқа теңгерілетін шамаға дейін жүргізеді.

36. Төлемегені немесе уақтылы төлемегені үшін, сондай-ақ энергия өндіруші үйымның электр энергиясын/қуатын толық бермегені үшін шектеу немесе ажыратып тастау кезінде туындастын салдарларға жауапкершілік толығымен Тұтынушыға жүктеледі. Бұл ретте, Тұтынушыны, оның ішінде үздіксіз энергиямен жабдықтау объектілерін ажыратудың ықтимал салдарлары үшін бүкіл жауапкершілікті Тұтынушы көтереді.

37. Өнім беруші Тұтынушының және барлық өзге де тұлғалардың алдында техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкес, стандартты параметрлерге сәйкес электр энергиясының сапасын, электр энергиясын желілер арқылы беру сенімділігін қамтамасыз ету үшін жауапты болады.

8-тaraу. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

38. Тараптар, егер бұл еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысының шығындарды өтеуге құқығы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі

бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын анықтайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындаитын шарт бойынша міндеттемелерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде кейін Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растиған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны табыс ете отырып, не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

39. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайлары әрекет еткен мерзімге, бірақ мұндай мән-жайлар Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарланған жағдайда, Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар күнтізбелік отыз күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуарды жүргізуге міндеттенеді.

9-тарау. Жалпы ережелер және дауларды шешу

40. Электр энергиясын беру жөнінде қызметтер көрсету шарты Тұтынушымен жеке тәртіппен жасалады.

41. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе жалпы Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-қимылға байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, наразылығын жіберуге құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

42. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша бүкіл даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

43. Тараптардың Шарттан туындаитын және онымен реттелмеген қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

44. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір Тарап үшін бір данадан жасалады.

45. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгі Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

10-тарау. Шартты қолданылу мерзімі

46. Шарт 20__ жылғы "___" ____ сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді және 20__ жылғы "___" ____ сағат 24:00-ге дейін қолданылады (орташа европалық уақыт – Гринвич меридианы уақыты плюс бір сағат).

47. Егер Тараптардың бірі бұл туралы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын мәлімдесе, Шарттың қолданылу мерзімі электр энергиясын беру көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзім аяқталғаннан кейін Шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол Шартта көзделген мерзімге және шарттарда ұзартылған болып есептеледі.

11-тарау. Тараптардың заңды мекенжайлары, банк деректемелері мен қолдары

Өнім беруші: _____

Тұтынушы: _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлік
2019 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 бұйрығына
12-қосымша

Жылу энергиясын беру және/немесе тарату жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгі шарт

(шарт жасалған жер)

20__ жылғы "___" ____

Бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын _____

(жылу энергиясын беру және/немесе тарату жөніндегі қызметтерді ұсынатын _____

субъектінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі) _____

негізінде әрекет ететін _____

атынан лауазымы, аты, _____

әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі – А.Ә.Т.) бір тараптан және бұдан әрі

Тапсырыс беруші деп аталағын _____
негізінде әрекет ететін _____ (пайдалануышының деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)
атынан (лауазымы, А.Ә.Т.) екінші тараптан, мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі үйымдар

1. Шартта мынадай негізгі үйымдар пайдаланылады:

баланстық тиесілілік пен пайдалану жауапкершілігінің шекарасы – энергия өндіруші, энергия беруші үйимдар мен тұтынушылар арасындағы, сондай-ақ тұтынушылар мен қосалқы тұтынушылар арасындағы жылу желісінің баланстық тиесілілігі бойынша айқындалатын және тараптардың пайдалану жауапкершілігін белгілейтін жылу желісін бөлу нүктесі;

есепке алу аспабы (есеп айырысатын есепке алу аспабы) – жылу энергиясын коммерциялық есепке алуға арналған, заңнамада белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген техникалық құрылғы;

есеп айырысу кезеңі – тұтынылған жылу энергиясы есепке алынатын және Тұтынушыға ақы төлеуге берілетін шартпен айқындалатын уақыт кезеңі (кунтізбелік ай);

жылумен жабдықтау жүйесі – жылу өндіру, жылу беру және жылу тұтыну қондырғыларынан тұратын кешен;

жылу желісі – жылу энергиясын беруге және/немесе таратуға арналған құрылғылар жиынтығы;

жылу жеткізгіш – жылу энергиясын беруге арналған жылумен жабдықтау жүйесінде пайдаланылатын зат (су, бу);

жылу энергиясы – тұтыну кезінде жылу жеткізгіштің термодинамикалық параметрлері (температура, қысым) өзгеретін жылу жеткізгіш беретін энергия;

жылу энергиясы үшін есеп айырысу – Өнім беруші ұсынған төлем құжаты негізінде есеп айырысу кезеңі аяқталған соң жылу энергиясы үшін Тұтынушының төлемақысы;

жылу энергиясының нақты көлемі – коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде немесе олар болмаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы бекіткен коммуналдық қызметтерді тұтыну нормалары бойынша айқындалған Өнім беруші Тұтынушыға берген жылу энергиясының көлемі;

жылу тұтынатын қондырғы – жылу энергиясын Тұтынушының мұқтаждары үшін жылу энергиясын, жылу жеткізгішті пайдалануға арналған құрылғы;

өнім беруші – Тұтынушыға жылу энергиясын беруді және/немесе таратуды жүзеге асыратын үйим;

төлем құжаты – Өнім берушінің коммерциялық есепке алу аспаптарының іс-жүзіндегі көрсеткіштері негізінде, ал олар болмаған немесе уақытша бұзылған жағдайда, тұтынушының жылу энергиясы үшін Тұтынушы ақы төлеуді жүргізетін есеп айырысу жолымен жазып берген құжаты (шот, хабарлама, түбіртек, ескерту шоты);

тұтынушы – жылу энергиясын беру және/немесе тарату жөніндегі көрсетілетін қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалануға ниеттенген жеке немесе занды тұлға;

үәкілетті органның ведомствоны – тиісті табиғи монополия салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствоны;

электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік орган – электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2-тaraу. Шарттың нысанасы

2. Шарттың алдындағы міндетті талаптар: _____

(осы тармақта міндетті талаптар, оның ішінде техникалық шарттың,

жылумен жабдықтау жүйелерінің техникалық дайындығы актісінің, жылу

желілерін ажырату актісінің болуы және т.б. көзделеді)

3. Өнім беруші жылу желілерін ажырату актісімен айқындалатын баланстық тиесілілігі мен пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасына дейін Өнім берушінің жылу желілері арқылы Тұтынушыға жылу энергиясын беруді және/немесе таратуды жүзеге асыруға міндеттенеді.

Бұл ретте, Тұтынушыға жеткізілетін жылу энергиясының параметрлері (сапасы) тараптардың баланстық тиесілілігінің шекарасында орнатылған бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері бойынша анықталады және электр энергетикасы саласындағы ұлттық стандарттарда немесе нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген талаптарға, сондай-ақ Өнім беруші жасаған және жергілікті атқарушы органдармен келісілген температуралық кестеге сәйкес келуі тиіс.

4. Егер тараптардың келісімінде өзгеше айтылмаса, жылу энергиясын беру және/немесе тарату үздіксіз жүргізіледі.

3-taraу. Көрсетілетін қызметтерді ұсынуды тоқтату және шектеу тәртібі

5. Өнім беруші:

1) жылумен жабдықтау шартында белгіленген мерзімде тұтынылған жылу энергиясы үшін төлем болмаған, сондай-ақ толық төленбекен;

2) жылу тұтынатын қондырғыларын Өнім берушінің жылу желісіне өз бетінше қосқан;

3) коммерциялық есепке алу аспаптары орнатылған жерге дейін жылу тұтыну жүйелерін қосқан;

4) жергілікті атқару органдарының өкілдерін және Өнім берушінің өкілдерін жылу тұтыну жүйелеріне және (немесе) жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына жібермеген;

5) Өнім берушінің жылу желісіне жылу тұтыну қондырғылары мен жылу желілерінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа техникалық дайындығы актісіз қосылған;

6) Шартта келісілген есептелген жылу жүктемелерін және Өнім берушімен келісімсіз шарттық тұтыну режимдерін артық пайдаланған;

7) жергілікті атқарушы органдардың және атом энергиясын пайдалану және электр энергетикасы салаларында басшылықты жүзеге асыратын органдардың нұскамаларын белгіленген мерзімде қамтамасыз етпеу;

8) авариялық жағдайда;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген техникалық талаптар бұзылған жағдайларда Тұтынушыға жылу энергиясын беруді тоқтатады немесе шектейді.

Бұл ретте Өнім беруші:

осы тармақтың 1), 4), 5), 6), 7), 9) тармақшаларында айтылған жағдайларда – егер шартта өзгеше көзделмесе, жылу энергиясын беруді тоқтатқанға немесе шектеуге дейін кемінде үш тәулік бұрын Өнім беруші Тұтынушыға (хабарлама қою жолымен) жазбаша немесе жылу энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланбайтын тұтынушыларға электрондық поштасына, факсына хабарлағаннан кейін;

осы тармақтың 2), 3), 8) тармақшаларында аталған жағдайларда – хабарлаусыз дереу жылу энергиясын беруді толық немесе ішінара тоқтатады.

6. Тұтынушы жылу тұтынатын қондырғыларды өз бетінше қосқан, Тұтынушы коммерциялық есепке алу аспаптарын закымдаған, есепке алу торабында қойылған пломбаларды бұзған немесе олар болмаған кезде Өнім беруші акт жасайды және Тұтынушы пайдаланған жылу энергиясының көлемін қайта есептеуді жүргізеді.

Акт Өнім берушінің өкілі мен Тұтынушының, не оның өкілінің қолы болған кезде жарамды. Акт Тұтынушы немесе оның өкілі қол қоюдан бас тартқан кезде де, бірақ оны құрамында кемінде үш адам бар Өнім берушінің комиссиясы ресімдеген жағдайда да жарамды болып есептеледі. Көп пәтерлі ғимараттарда комиссияның құрамына кондоминиумды басқару органының өкілі кіреді.

Бұзушылық актісінің негізінде Өнім беруші толық есепке алынбаған жылу энергиясының мөлшерін анықтайды және тұтынушыға қайта есептеу сомасын негіздей

отырып, есептемелерді жібереді. Тұтынушы қайта есептемемен келіспеген жағдайда, Тараптардың ара-қатынастары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен реттеледі.

4-тaraу. Жылу энергиясын есепке алу

7. Өнім берушінің желілері арқылы берілген және Тұтынушы қабылдаған жылу энергиясының мөлшері коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша, ал олар болмаған немесе уақытша істен шыққан жағдайда – Өнім беруші заңнама мен нормативтік техникалық құжаттар талаптарының негізінде орындаған есеп айырысу жолымен айқындалады.

8. Көрсетілетін қызметтерді босатуды есепке алу тараптардың баланстық тиесілілігі шекарасында жүргізіледі. Коммерциялық есепке алу аспаптары тараптардың баланстық тиесілілігі шекарасында орнатылмаған кезде, бөлу шекарасынан бастап аспаптар орнатылған жерге дейінгі желі участесіндегі шығындар желінің көрсетілген участесі балансында тұрған иеленушіге жатады және есеп айырысу жолымен айқындалады.

9. Коммерциялық есепке алу аспаптарын орнатпай тұтынушының жылумен жабдықтау жүйесін уақытша пайдалануға жылыту кезеңі аяқталғаннан кейін осы фактіні жою шартымен, жылыту маусымы кезеңінде жеткізушінің рұқсатымен жол беріледі. Бұл жағдайда қызметтердің көлемі есептеу жолымен белгіленеді.

10. Жабдықтың және инженерлік желілердің техникалық жай-күйіне, сондай-ақ жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының сақталуына жауапкершілік оның меншік иесіне жүктеледі және баланстық тиесілілік шекарасы бойынша айқындалады.

11. Тараптардың коммерциялық есепке алу аспаптары тексерілген және пломбаланған болуы тиіс. Тараптар есепке алу жүйелерінің техникалық жай-күйін тексеру және көрсеткіштерді алу үшін бір-біріне кез келген уақытта, бірақ сағат 21:00-ден кешіктірмей коммерциялық есепке алу аспаптарына рұқсат беруі тиіс.

Коммерциялық есепке алу аспаптары бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, Тараптар белгіленген тәртіппен қол қойылған салыстырып тексеру актісінде тіркеуі тиіс.

12. Коммерциялық есепке алу аспаптарын белгісіз адамдар ұрлаған немесе сындырған жағдайда, егер Шартта өзгеше көзделмесе, оның сақталуына жауапты адам отыз күндік мерзімде коммерциялық есепке алу аспаптары қалпына келтіруге міндettі. Коммерциялық есепке алу аспаптары қалпына келтірілген кезге дейін Тұтынушы өзін жылу желісіне қосуды талап етуге құқылы.

13. Өнім беруші Шартқа сәйкес жылу энергиясын беруді және/немесе таратуды қамтамасыз етуге және берілетін жылу тасығыш параметрлерінің шарттағы параметрлерден +/- 5%-тен аспайтын ауытқуына жол бермеуге міндettі.

14. Тараптар өз есебінен тиісті метрологиялық стандарттарда көзделген мерзімдерде өздерінің балансындағы коммерциялық есепке алу аспаптарын метрологиялық тексеруді жүргізеді.

Коммерциялық есепке алу аспаптарын тексеру аспаптарға арналған аралық интервалға сәйкес тексеру әдіstemелерінде көрсетілген мерзімде, сондай-ақ мұдделі тараптардың бірінің өтініші бойынша олардың көрсеткіштерінің дұрыстығына күмәнданданған жағдайда жүргізіледі.

Тараптар талап ететін тараптың есебінен жүргізілетін қосымша тексерулер жүргізуі талап етуі мүмкін.

5-тaraу. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

15. Тұтынушының:

1) осы Шартта белгіленген көлемде және мерзімдерде белгіленген сападағы көрсетілетін қызметтерді алуға;

2) жасалған Шарттың талаптарына сәйкес үзілістері кезіндегі уақыт үшін немесе толық жеткізілмеген және оның стандарттық параметрлеріне сәйкес емес жылу энергиясын жеткізгені үшін көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша қайта есептеуді айырысады талап етуге;

3) Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде өнім берушіден тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) өзгеруі туралы ақпарат алуға;

4) Шарт жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге;

5) Өнім беруші іс жүзінде ұсынылған қызметтер үшін ақы төлеген жағдайда, Өнім берушінің күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жазбаша хабардар ете отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуга құқығы бар. Бұл ретте, жылыту жүйесі көппәтерлі үйдің жалпы жылыту жүйесінің бір бөлігі болып табылатын жеке үй-жайдың меншік иесінің жылу энергиясын беруге және/немесе таратуға арналған Шарттан біржақты бас тартуына жол берілмейді.

16. Тұтынушы:

1) Шарттың талаптарына сәйкес Өнім беруші ұсынған жылу энергиясын беру және/немесе тарату жөнінде көрсетілетін қызметтерге уақтылы ақы төлеуге;

2) жылумен жабдықтау жүйелерінің тиісті техникалық жай-қүйін сақтауға;

3) Өнім берушіні коммерциялық есепке алу аспаптарының істен шыққаны немесе режимнің және жұмыс талаптарының бұзылғаны туралы жедел жазбаша хабардар етуге міндетті, олай болмаған жағдайда, коммерциялық есепке алу аспаптары тиісті құжаттармен расталған олардың соңғы рет тексерілген күнінен бастап істен шықты деп саналады;

4) желілердің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін Өнім беруші персоналына жылу энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптары мен жылу тұтыну қондырыларына кедергісіз қол жеткізуіді қамтамасыз етуге;

5) Шарт бұзылған жағдайда, есептемелерді салыстырып тексеру және Өнім беруші іс жүзінде ұсынған жылу энергиясын беру және/немесе тарату жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін борышты өтеуге міндетті.

17. Осы Шарттың 5-тармағында көзделген жағдайларда Өнім берушінің Шартты орындауды біржақты тәртіппен тоқтатуға құқығы бар.

18. Өнім беруші:

1) жылу энергиясын беру және/немесе тарату жөніндегі көрсетілетін қызметтердің барлық тұтынушылары үшін тең жағдайлар ұсынуға;

2) жылу желілерінің баланстық тиесілілік шекарасында осы Шартта берілген жылу энергиясының параметрлерін сақтауға;

3) Тұтынушымен жылу энергиясын беру және/немесе тарату жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға шарт жасасуға;

4) Тұтынушыға тиісті сападағы жылу энергиясын беру және/немесе тарату жөнінде көрсетілетін қызметтерді Шарттың талаптарында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде ұсынуға;

5) Тұтынушыға жеткізілетін жылу энергиясының сапасы мен мөлшерін есепке алуға және оған бақылау жүргізуге, жылу энергиясының сапасын бұзушылықтардың алдын алу және жою жөнінде уақтылы шараптар қабылдауға;

6) Тұтынушы жылу энергиясының сапасы төмендегені туралы өтінішті берген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде сапаны қалпына келтіру бойынша барлық шараптарды қабылдауға және қайта есептеуді жүргізуге;

7) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген тарифтер бойынша жылу энергиясын беру және/ немесе тарату жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін төлем алуға;

8) осы Шартта көзделген жағдайлардан басқа, жылу энергиясын беруде және/ немесе таратуда үзілістерге жол бермеуге міндетті.

19. Тұтынушыға:

1) инженерлік желілерді, жабдықтар мен құрылғыларды қайта жабдықтау, реттеуі және бекіту арматурасын, сондай-ақ қауіпсіз пайдалану талаптарына және нормативтік құжаттарда белгіленген басқа да талаптарға сай келмейтін жабдықты жеткізуішімен келіспей орнату, қосу және пайдалану;

2) қолда бар жылу энергиясын есепке алу схемасын бұзуға;

3) жылдың жүйелеріндегі жылу тасығышты тікелей мақсаты (жүйеден және жылдың күралдарынан суды ағызуға) бойынша пайдаланбауға;

4) жылыту аспаптарының қосымша секцияларын, бекіту және реттеуіш арматураны және айналмалы сорғыларды орнатуға және/немесе бұзуға тыйым салынады.

20. Тараптарға тараптардың құқықтарын шектейтін не Қазақстан Республикасының заңнамасын өзге түрде бұзатын іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады.

6-тарау. Есеп айырысу тәртібі

21. Жылу энергиясын беру және (немесе) тарату жөнінде көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді Тұтынушы Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген тарифтер бойынша жүргізеді.

22. Тариф өзгерген жағдайда Өнім беруші бұл туралы Тұтынушыны Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде және тәртіппен хабардар етеді.

23. Тұтынушы коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес екі жақты қол қойылған орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісінің негізінде есепті айдан кейінгі айдың жиырмасынан кешіктірмей ұсынылған шот-фактураны алғаннан кейін Өнім беруші нақты ұсынған жылу энергиясын беру және/немесе бөлу жөнінде көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеуді жүргізеді.

24. Откен кезеңдер үшін берешегі болған кезде, бірінші кезекте төлемақы осы берешекті өтеуге жұмсалады. Тұтынушы есеп айырысу кезеңі үшін іс жүзіндегіден артық сома төлеген жағдайда, осы артық айырма келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлеміне автоматты түрде (не тараптардың келісімі бойынша Өнім беруші алдындағы Тұтынушының өзге міндеттемелері бойынша берешегін өтеу есебіне, егер осындей болса) есептеледі. Егер Тұтынушы Өнім берушінің келесі есеп айырысу кезеңіндегі қызметтерінен бас тартса, Тұтынушының Өнім беруші алдындағы (егер осындей болса) өзге міндеттемелері бойынша берешегін өтеуге жұмсалатын сомаларды қоспағанда, артық төленген сома қайтарылады.

25. Егер бақылау-өлшеу аспаптарының ақаулығы салдарынан және басқа да жағдайларда шоттарға түзету енгізу қажет болған жағдайда, Тараптар кейінгі есеп айырысу кезеңдерінде шоттарға түзету енгізеді.

26. Төлем құжатында көрсетілген деректемелер бойынша Өнім берушінің ағымдағы шотына ақшаның есептелуі Өнім берушінің жылу энергиясын беру және/немесе тарату жөнінде көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу бойынша Тұтынушының міндеттемелерін орындауы деп танылады.

7-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

27. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жауапты болады.

28. Шарттың 31-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ол бойынша төлем мерзімі басталған кезге шотты төлемегені үшін Өнім беруші Тұтынушы төлемеген сомалар бойынша төлем мерзімі өткен әрбір күн үшін, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландырудың 1,5 еселенген мөлшерлемеден аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы.

Тұрақсыздық айыбының мөлшерін белгілеу Шарт жасасқан кезде жүргізіледі. Тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың бірінші күні болып табылады

29. Егер Өнім беруші үшін Тұтынушыға қызмет көрсету мүмкін еместігі Өнім берушімен шарттық қатынастарда тұратын басқа тұлғалардың кінәсінен болса, Тұтынушы алдында Өнім беруші жауапты болады.

30. Тұрақсыздық айыбын төлеу тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

31. Тараптар шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындайтын комиссия құрылуды мүмкін . Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы шарт талаптарының орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына әкеп соғатын еңсерілмейтін күш жағдайлары (көздеу немесе алдын алу мүмкін емес дүлей зілзала немесе өзге де мән-жайлар), сондай-ақ әскери іс-қимылдар, ереуілдер және т.б. басталғанға дейін туындайтын шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде кейін Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған, еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін нақтылайтын және сипаттамасын жазбаша хабарламаны табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

32. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекет ету мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде құнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарлаған жағдайда, Шартты бұзуға құқылы

. Бұл ретте Тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде шарт бойынша барлық өзара есеп айырысулады жүргізуге міндеттенеді.

9-тaraу. Жалпы ережелер және дауларды шешу

33. Тұтынушымен Жылу энергиясын беру және/немесе тарату жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт жеке тәртіппен жасалады.

34. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе жалпы немесе қандай да бір мәселелерге немесе Шарттың ережелеріне қатысты іс-қимылға байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында, Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, наразылық жолдауға құқылы.

Тараптар бүкіл дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жұмсауы тиіс.

35. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

36. Тараптардың Шарттан туындастын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

37. Шарт қазақ және орыс тілдерінде, әрбір тарап үшін бір данадан екі данада жасалады.

38. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгі Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

10-taraу. Шарттың қолданылу мерзімі

39. Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 20_ жылғы "__" _____ дейін қолданылады.

40. Шарттың қолданылу мерзімі жылу энергиясын беру және/немесе тарату көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады, егер Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бүрын тараптардың біреуі бұл туралы мәлімдесе, шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзімі аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған кезде, ол шартта көзделген мерзімге және шарттарда ұзартылған болып есептеледі.

11-taraу. Тараптардың заңды мекенжайлары, банк деректемелері және қолдары

Өнім беруші:

Тұтынушы:

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 бұйрығына бұйрығына
13-косымша

Магистральдық теміржол желісінің қызметтерін көрсетуге арналған үлгілік шарт

(шарт жасалған жер)

20_ жылғы " __ "

Бұдан әрі оператор деп аталатын, магистральдық теміржол желісінің қызметтерін (поездарды өткізу және олардың қозғалысы үшін магистральдық теміржол желісін пайдалануға байланысты)

ұсынатын

(көрсетілетін қызметті ұсынатын субъектінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі) _

атынан

негізінде

әрекет ететін

бір тараптан
лауазымы,

аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі – А.Ә.Т.) және бұдан әрі тасымалдаушы деп аталатын

(тұтынушының деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі) _

атынан

негізінде әрекет ететін _ екінші тараптан, мына төмендегілер (лауазымы, А.Ә.Т.) туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тарау. Шарттың нысанасы

1. Оператор Шартқа сәйкес магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтерін ұсынады, тасымалдаушы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде оларға ақы төлейді.

2. Магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтерін ұсынуға арналған шарт тасымалдаушымен жеке тәртіппен жасалады.

2-тарау. Магистральдық теміржол желісін пайдалануға беру жөнінде қызметтер көрсету тәртібі мен шарттары

3. Тасымалдаушиның операторға магистральдық теміржол желісін пайдалану құқығын алуға өтінім беруі, оны қарау мен пойыздардың қозғалыс кестесіне енгізу Қазақстан Республикасының теміржол көлігі саласындағы заңнамасына және осы мәселелерді регламенттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі.

4. Тасымалдаушиның пойыздар қозғалысының участекелері бойынша оператор бекіткен пойыздар қозғалысының кестесінен үзінді-көшірме осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

5. Белгілеген тәртіппен оператор бекіткен пойыздар қозғалысы кестесінің негізінде, тасымалдаушы тасымалдау мерзіміне дейін күнтізбелік он күн бұрын тасымалдарды жүзеге асыру кезінде магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтерін пайдалануға арналған өтінімде көрсетілген пойыздар параметрлерінің өзгерістері туралы мәліметтерді де қамтитын тасымалдар жоспарын операторға ұсынады.

Тасымалдар жоспары

(берудің нысаны мен тәсілі көрсетіледі)

(оператордың жауапты тұлғасы және/немесе тасымалдаушиның пойызын қалыптастыру станциясындағы оператордың құрылымдық бөлімшесі көрсетіледі)

беріледі.

6. Белгіленген тәртіппен оператор бекіткен пойыздар қозғалысы кестесінің негізінде тасымалдаушы тасымалдарының техникалық жоспарында көрсетілген тасымалдау мерзіміне дейін – тәулік/сағат бұрын операторды пойызды техникалық және/немесе коммерциялық тексеруге берудің уақыты туралы хабардар етеді.

Хабарлама

(хабарлама берудің нысаны мен тәсілі көрсетіледі)

(оператордың жауапты тұлғасы және/немесе тасымалдаушиның пойызын қалыптастыру станциясындағы оператордың құрылымдық бөлімшесі көрсетіледі)

беріледі.

7. Егер Тасымалдаушиның құрамды қалыптастыруды-таратуды (вагондарды өндеуді), вагондарды ағымдағы ағытып жөндеуді дербес жүзеге асыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда, оператор осы қызметтерді тасымалдаушыға тасымалдардың

техникалық жоспарымен бір мезгілде берілетін тасымалдаушының өтінімдері бойынша көрсетеді.

Өтінім _____

(берудің нысаны мен тәсілі көрсетіледі)

(оператордың жауапты тұлғасы және/немесе тасымалдаушының пойызын қалыптастыру станциясындағы оператордың құрылымдық бөлімшесі көрсетіледі)

беріледі.

8. Жылжымалы құрамды магистральдық теміржол желісіне жіберген кезде тасымалдаушы теміржол көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және тәртіппен жылжымалы құрамға арналған есепке алу құжатын операторға ұсынады

9. Толтырылған тасымалдау құжаттарының бір данасын тасымалдаушы пойызды жөнелтетін станциядағы операторға береді.

Тасымалдау құжаттарының негізінде оператор пойыздың заттық парагын _____ данада ресімдейді.

10. Қатынас жолындағы пойыз құрамының барлық өзгерістері туралы оператордың өкілдері пойыздың заттық парагының барлық данасына белгі соғады.

11. Пойыз межелі станцияға келгеннен кейін тасымалдаушы Операторға пойыздың заттық парагының _____ данасын және тасымалдау құжаттарын _____ данадан береді.

12. Пойыздың межелі станциясында оператор есептелген төлемдердің дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады.

13. Пойыздың тасымалдау құжаттары мен заттық парагы осы Шарттың талаптарына сәйкес қызметтер көрсету фактілерін және олардың іс жүзіндегі көлемін растайтын құжаттар болып табылады және магистральдық теміржол желісі көрсеткен қызметтер үшін түпкілікті есеп айырысулар жүргізуге негіз болады.

14. Тасымалдаушының диспетчерлік қызметіне оператордың тасымалдау процесі мен вагон ағындарын жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру, локомотивтер мен вагондардың айналымын реттеу, тасымалдаушы пойыздарының қозғалысын, қозғалыс кестесінің орындалуын бақылау үшін қажет ақпарат беруі

(ақпарат берудің мерзімі көрсетіледі)

тасымалдаушының әрбір өтініші бойынша жеке _____

(ақпарат берудің нысаны мен тәсілі көрсетіледі)

жүзеге асырылады.

3-тарау. Есеп айырысу тәртібі

15. Магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу уәкілетті органның ведомствоны бекіткен тарифтер (бағалар, алым мөлшерлемелері) бойынша жүргізіледі.

16. Магистральдық теміржол желісінің қызметтеріне ақы төлеуді тасымалдаушы есепті айдың әрбір онкүндігі басталғанға дейін оператордың кіріс шотына жүк тасымалының мөлшерлес бөлінген айлық көлемінен 100% алдын ала төлем шартымен күнтізбелік он қунде бір рет жүргізеді

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Магистральдық теміржол желісінің қызметтерін көрсету үшін түпкілікті есеп айырысу магистральдық теміржол желісінің қызметтері көрсетілген айдан кейінгі айдың 15 қунінен кешіктірмей магистральдық теміржол желісінің көрсетілген қызметтерінің нақты көлемі үшін жасалған екіжақты актінің, сондай-ақ оператор ұсынған "Электрондық шот-фактуралар" ақпараттық жүйесі арқылы Оператор жазып берген электрондық шот-фактураның негізінде жүргізіледі.

18. Осы Шартта көзделген төлемдердің мерзімі өтіп кеткен жағдайда, тасымалдаушы операторға төлем қунін қоса алғанда, әрбір мерзімі өткен қун үшін берешек сомасынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша тұрақсыздық айыбын төлейді.

19. Оператордың кінәсінен осы Шартта көзделген көлемнен кем көлемде магистральдық теміржол желісінің қызметтерін көрсетуге байланысты тасымалдаушы артық төлеген соманы қайтаруды оператор кешіктірген жағдайда, оператор тасымалдаушыға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша мерзімі өткен әрбір қун үшін берешек сомасының тұрақсыздық айыбын төлейді.

20. Магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу бойынша тасымалдаушының міндеттемелерін орындау

(тасымалдаушының тиесілі төлемдердің бүкіл сомасын оператордың шотына енгізу фактісі көрсетіледі)

_____ фактісі
тансылады.

4-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

21. Оператор:

- 1) тасымалдаушы осы Шартта көзделген талаптарды бұзған жағдайда, тасымалдаушы осы қызметтерді көрсетуді нақты тоқтатқанға дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етілген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес магистральдық теміржол желісінің қызметтерін көрсетуді тоқтатуға;
- 2) магистральдық теміржол желісінің ұсынылатын көрсетілетін қызметтері үшін ақыны уақтылы алуға;
- 3) тасымалдаушиның кінәсінен келтірілген зиянның орнын толтыруды талап етуге;
- 4) тасымалдаушыдан магистральдық темір жол желісінің көрсетілетін қызметтерін ұйымдастыру, жоспарлау және жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат алуға;
- 5) табиғи және техногендік сипаты бар төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, сондай-ақ тасымалдауға кедергі келтіретін төтенше жағдайлар мен өзге де жағдайлар енгізілген кезде тасымалдаушы дербес не уәкілетті органдардың шешімдерінің негізінде жүзеге асыратын тасымалдарды уақытша тоқтату не шектеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Бұл ретте оператор тасымалдаушины жылжымалы құрамды уақытша тоқтатуға не оған қол жеткізуға шектеу бойынша қабылданған шешім туралы себептерін көрсете отырып, жазбаша түрде бір күндік мерзімде хабардар етеді;

- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

22. Оператор:

- 1) Тасымалдаушыларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды ескере отырып, магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтерін ұсыну жағдайларынан басқа, магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің тең жағдайларын, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің тең жағдайларын ұсынуға ;
- 2) жүктердің тасымалдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес сақталуын қамтамасыз етуге;
- 3) поездардың қозғалыс кестесін, технологиялық нормаларды, техникалық-бөлу актілерін, станциялардың технологиялық процестерін және станциялар мен кірме жолдар жұмысының бірыңғай технологиялық процестерін сақтауға;
- 4) қызметтер көрсетудің техникалық және технологиялық мүмкіндіктерін қоспағанда, магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтерінің тасымалдаушымен келісілген көлемінің орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Магистральдық темір жолжелісінің көрсетілетін қызметтерінің тасымалдаушы мәлімдеген көлемін нақты мүмкіндіктерден асырып жіберген жағдайда, оператор

Қазақстан Республикасының теміржол көлігі саласындағы заңнамасына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қызметтердің орындалуын қамтамасыз етеді;

5) тасымалдаушы поезының қатынас жолдарындағы магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтерін Шартта көзделген мерзімдер мен талаптарға сәйкес көрсетуге;

6) осы Шарт бойынша қызметтер көрсету кезінде Тасымалдаушының диспетчерлік қызметіне тасымалдау процесі мен вагон ағындарын ұйымдастыру, жоспарлау және жүзеге асыру, локомотивтер мен вагондардың айналымын реттеу, тасымалдаушы поездарының қозғалысын бақылау, қозғалыс кестесін орындау үшін қажетті ақпараттар беруді жүзеге асыруға;

7) қауіпсіздік пен технологиялық нормалардың талаптарына, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген ұсынылатын қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес магистральдық теміржол желісінің белгіленген сападағы қызметтерін көрсетуді қамтамасыз етуге;

8) ұсынылатын көрсетілетін қызметтердің сапасы мен санын есепке алу мен оған бақылау жүргізуге, қызмет көрсетуде бұзушылықтардың алдын алу және жою жөнінде шараларды уақтылы қабылдауға;

9) магистральдық теміржол желісінің объектілерін поездарды белгіленген жылдамдықтармен қауіпсіз өткізуі қамтамасыз ететін жағдайда ұстауды қамтамасыз етуге;

10) магистральдық теміржол желісінің Қазақстан Республикасының темір жолдарын техникалық пайдалану қағидаларының және құрылыш нормаларының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

11) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 544 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 11897 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларының, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі № 209 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 6954 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Теміржол көлігіндегі сигнализация туралы нұсқаулықтың, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 19 мамырдағы № 291 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 7021 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Поездардың қозғалысы және теміржол көлігіндегі маневрлік жұмыс жөніндегі нұсқаулықты және теміржол көлігі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын орындау;

12) тасымалдаушыны магистральдық темір жол желісінің қызметтеріне тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) өзгеруі туралы Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде хабардар етуге;

13) тасымалдаушыны себептерін көрсете отырып, жылжымалы құрамға қол жеткізуді уақытта тоқтату немесе шектеу туралы қабылданған шешім туралы бір күн мерзімде жазбаша хабардар етуге;

14) теміржол көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келмейтін жылжымалы құрамды магистральдық теміржол желісіне жіберуге жол бермеуге;

15) қатынас жолында тасымалдаушының жылжымалы құрамының темір жолкөлігі саласындағы уәкілетті орган бекіткен жүкті сақтаудың техникалық және технологиялық талаптарына сәйкес келмейтіндігі анықталған жағдайда, тасымалдаушының жылжымалы құрамының қозғалысын тоқтатуға;

16) жылжымалы құрамға қызмет көрсететін персоналдың темір жол көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндігі анықталған жағдайда, тасымалдаушының персоналын тасымалдау процесіне жібермеуге;

17) тасымалдаушы өтінімінің негізінде поездар қозғалысының кестесін әзірлеуге және бекітуге;

18) бекітілген қозғалыс кестесіне, қалыптастыру жоспарына және белгіленген технологиялық нормаларға сәйкес техникалық және технологиялық мүмкіндіктерді келісуді қоса алғанда, поездар қозғалысын орталықтан басқаруды жүзеге асыруға;

19) магистральдық теміржол желісінің жарамды жағдайда үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

20) тасымалдаушыға магистральдық теміржол желісінің қызметтерін көрсетуге байланысы жоқ қызметтерді, сондай-ақ үшінші тұлғалармен міндеттемелердің туындауына алып келетін қосымша шарттарды жүктемеуге міндетті.

23. Тасымалдаушы:

1) Қазақстан Республикасының заннамасына және осы Шартқа сәйкес магистральдық теміржол желісін пайдаланудың тең құқығын алуға;

2) Шарттың талаптарына сәйкес қауіпсіздік және технологиялық нормалардың талаптарына, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген ұсынылатын көрсетілетін қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес магистральдық теміржол желісінің белгіленген сападағы көрсетілетін қызметтерін алуға;

3) осы Шарттың мерзімі мен талаптарына сәйкес поездың қатынас жолындағы магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтерін алуға;

4) оператордан поездардың қозғалыс кестесіндегі шартта көзделген магистральдық теміржол желісінің қызметтерін көрсетудің мерзімі мен шарттарын өзгертуге алып келетін өзгерістер туралы жазбаша нысандағы ақпаратты оператор көрсетілген өзгерістерді (дүлей зілзала, әскери қимылдар, ереуілдер немесе көздеу немесе алдын алу мүмкін емес өзге де жағдайлар) енгізгенге дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей алуға;

5) оператордан тасымалдау процесі мен вагон ағындарын ұйымдастыру, жоспарлау және жүзеге асыру, локомотивтер мен вагондардың айналымын реттеу, поездар қозғалысын бақылау, қозғалыс кестесін орындау үшін ақпарат алуға;

6) оператордан магистральдық темір жол желісін пайдалануға беру жөніндегі қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде өзгерту туралы ақпарат алуға;

7) оператордың кінәсінен келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге;

8) Оператордың вагондарды қабылдауды уақытша тоқтату немесе шектеу шешімін қабылдауды туралы себептері көрсетілген ақпарат алуға;

9) магистральдық теміржол желісінің қызметтерін көрсетумен байланысы жоқ қызметтерден, сондай-ақ үшінші тұлғалардың алдында міндеттемелердің туындауына алып келетін қосымша талаптардан бас тартуға;

10) оператордың осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін іс-әрекетіне сот тәртібімен шағымдануға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

24. Тасымалдаушы:

1) магистральдық теміржол желісінің қызметтеріне уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 366 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 11257 болып тіркелген) Магистральдық теміржол желісін пайдалану қағидаларының, Жүктөрді тасымалдау қағидаларының, нормативтік құқықтық актілерде көзделген темір жол жылжымалы құрамын техникалық пайдалану талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге;

3) операторға магистральдық теміржол желісінің қызметтерін ұйымдастыру, жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпарат ұсынуға;

4) технологиялық нормаларды, поездар қозғалысының бекітілген кестесін, техникалық-бөлу актілерін, станциялардың технологиялық процестерін және станциялар мен кірме жолдар жұмысының бірыңғай технологиялық процестерін сақтауға;

5) техникалық пайдалану қағидаларының талаптарын, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі № 209 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 6954 болып тіркелген) Темір жол көлігіндегі сигнализация туралы нұсқаулықтың, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 19 мамырдағы № 291 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 7021 болып тіркелген) поездардың қозғалысы және темір жол көлігіндегі маневрлік

жұмыс жөніндегі нұсқаулықтың және теміржол көлігі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын орындауға орындауға;

6) операторға осы Шарт бойынша қызметтер алуға байланысты олар жүзеге асыратын қызмет түрлеріне арналған лицензия және қауіпсіздік сертификатын ұсынуға, сондай-ақ операторды көрсетілген құжаттардың қолданылуын тоқтата түру не күшін жою туралы уақтылы хабардар етуге;

7) оператордың поездар қозғалысының қауіпсіздік талаптарын, қозғалыс кестесінің нормативтерін, поездарды қалыптастырудың жоспары мен тәртібін, магистральдық теміржол желісінің инфрақұрылымдық желілік бөлімшелері жұмысының технологиялық процестерін қамтамасыз етуге қатысты өкімін орындауға;

8) осы Шартта көзделген мерзім мен талаптарды сақтауға;

9) Операторды магистральдық теміржол желісін пайдалануға арналған тараптармен келісілген өтінімдерде көзделген көрсетілетін қызметтерді алудан бас тарту туралы Қазақстан Республикасының теміржол көлігі саласындағы заңнамасында белгіленген мерзімде жазбаша нысанда хабардар етуге;

10) операторға магистральдық теміржол желісі объектілерінің табылған ақаулары, сондай-ақ үшінші тұлғалардың Техникалық пайдалану қағидаларының бұзылуы туралы хабарлауға;

11) теміржол көлігі саласындағы уәкілетті органның магистральдық теміржол желісін пайдалану бөлігіндегі талаптарын сақтауға;

12) магистральдық теміржол желісі қызметтерін алудың техникалық және технологиялық мүмкіндіктері болмауы жағдайларын қоспағанда, тасымалдау көлемінің жоспарында мәлімделгендердің орындалуын қамтамасыз етуге;

13) оператордың тасымалдау процестерін орталықтан басқару жөніндегі нұсқауын сақтауға;

14) тасымалдау процесіне байланысты қызметкерлер біліктілігінің темір жол көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге;

15) теміржол көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген талаптарға жылжымалы құрамның сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті.

5-тaraу. Тараптардың жауапкершілігі

25. Тараптар осы Шарттың талаптарын орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

26. Өсімпұлды төлеу тасымалдаушыны операторға Шарттың талаптарына сәйкес есептелген төлемдерді енгізуден босатпайды.

27. Белгіленген мерзімде қызметтер ұсынылмаған жағдайда, оператор тасымалдаушыға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мәлшерлемесі бойынша іс жүзінде қызметтер көрсету басталатын

уақытқа дейін шарт бойынша қызмет көрсету жүзеге асырылуға тиісті уақыттың ішінде алдын ала төленген сомадан тұрақсыздық айыбын төлейді.

28. Тасымалдаушы осы Шарттың талаптарымен көрсетілетін қызметтерді алудан бас тарту туралы операторды хабардар ету мерзімін сақтамаған жағдайда, операторға көрсетілетін қызметті алудан бас тарту сәтінен бастап магистральдық темір жол желісінің көрсетілетін қызметтерінің жоспарланатын көлемі үшін есептелетін төлем сомасынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі көлемінде айыппұл төлейді.

29. Оператор тасымалдаушыны поездар қозғалысы кестесінің өзгергені туралы хабардар ету мерзімін сақтамаған кезде, тасымалдаушыға алдын ала төленген сомадан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі көлемінде мөлшерінде айыппұл төлейді.

30. Оператордың және (немесе) тасымалдаушының міндеттемелерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты үшінші тұлғаға келтірілген залалды тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мөлшерде өтейді.

6-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

31. Егер Тараптар еңсерілмейтін күш мән-жайлары салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындаитын шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті үәкілетті үйымы растиған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу қунін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

32. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтірген дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарлаған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар күнтізбелік отыз күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

7-тaraу. Жалпы ережелер және дауларды шешу

33. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе жалпы, немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, кінә қоюға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жүмсайды.

34. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

35. Тараптардың Шарттан туындағының және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

36. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір Тарап үшін бір данадан жасалады.

37. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгі Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

8-тaraу. Шарттың қолданылу мерзімі және қолданылуын тоқтату тәртібі

38. Шарт 20 жылғы " " сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді (Астана қаласының уақыты бойынша) және 20 жылғы " " 24:00-ге дейін қолданылады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Үлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Егер Тараптардың бірі бұл туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын мәлімдесе, Шарттың қолданылу мерзімі көрсетілетін қызметті беру көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзім аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және шарттарда ұзартылған болып есептеледі.

9-тaraу. Тараптардың занды мекенжайлары, банк деректемелері және қолдары

Оператор:

Тасымалдаушы:

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 бұйрығына
14-қосымша

Бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шарт

(шарттың жасалған орны)

20 жылғы "___" _____

Бұдан әрі Тармақ иеленуші деп аталатын, жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсететін _____ (көрсетілетін қызметті ұсынатын субъектінің атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі) _____

_____ атынан

_____ негізінде
әрекет ететін

лауазымы, аты, экесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі – А.Ә.Т.) бір тараптан және бұдан әрі Тармақ пайдалануши деп аталатын _____ атынан (көрсетілетін қызметтерді тұтынушы субъектінің атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі) _____ негізінде әрекет ететін _____ (лауазымы, А.Ә.Т.) екінші тараптан, тәмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

уәкілдік органының ведомство – тиісті табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органының ведомство.

Осы Шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына және "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тaraу. Шарттың нысанасы

2. Тармақ иеленуші Шартқа сәйкес жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынады, тармақ пайдаланушы оларға Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде ақы төлейді.

3. Жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жол ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға Шарт тармақ пайдаланушымен жеке тәртіппен жасалады.

3-тaraу. Жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтер көрсетудің тәртібі мен шарттары

4. "Кірме жолдың шекарасы" деген белгі _____ жаққа қарай

(кірме жолдың тұйығына қарай немесе станциялық жолдың № және жанасу станциясының немесе басқа да кірме жолдың немесе біріктіретін жолдың немесе басқа жалғастыру жолының атауын көрсету) _____ ұзақтықтағы жалғастыру бағыттағышынан _____ м қашықтықта орнатылады.

5. Жылжымалы құрамның жүруі үшін тармақ пайдаланушы пайдаланатын кірме жолдың ұзындығы _____ метрді құрайды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 20.01.2020 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Жолақты бөлу шекарасында кірме жол мен құрылыштар алаңы _____ шаршы метр жер учаскесін алады.

7. Кірме жол арқылы поездардың қозғалысы Қазақстан Республикасының теміржол көлігі саласындағы заңнамасын және осы мәселелерді регламенттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтай отырып жүргізіледі.

8. Жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну тармақ иеленушінің алдын ала хабарламасы бойынша жүргізіледі.

Хабарлама _____ беріледі. (хабарлама беру тәртібі)

Хабарлама нақты берілгенге дейін ____ (тәулік, сағат) кешіктірмей беріледі.

9. 20 _ жылғы _____ үшін _____ кірме жол бойынша, оның ішінде айдың 25-күнінен кешіктірілмей берілетін өтінімге сәйкес айлар бойынша өту үшін жоспарланған вагондардың мәлімделген саны:

1-ай _____ вагон;

2-ай _____ вагон;

..... _____ вагон.

Бұл ретте, тармақ иеленуші құнтізбелік 15 күн ішінде бір айға мәлімделген вагондар санын түзетуге құқылыш.

Мәлімделген көлемнен асып кеткен жағдайда, тармақ пайдалануши қосымша көлемге өтінім береді, сондай-ақ осы шарттың 14-тармағына сәйкес енгізілген алдын ала төлемді растауды хабарламамен ұсынады.

10. Тармақ иеленушінің кірме жолына бір мезгілде берілетін тармақ пайдаланушиның вагондарының саны _____ вагоннан аспайтын болып белгіленеді.

11. Кірме жол арқылы өткен вагондардың санын тармақ иеленуші тармақ пайдаланушиның қатысуымен тіркейді және есепке алады. Ол үшін екі данада акт (немесе ведомость) жасалады, олардың біреуі тармақ иеленушіде қалады, екіншісі тармақ пайдаланушиға беріледі. Бір ай ішіндегі жұмыстың қорытындылары бойынша орындалған жұмыстардың актісі жасалады, ол тармақ пайдаланушиға шот беру үшін негіз болып табылады.

12. Жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды оның құрылышының кезеңінде, табиғи-климаттық жағдайлар күрт өзгерген жағдайда ұсыну, кірме жол жұмысының қысқа мерзімді шартының талаптарымен жүзеге асырылуы мүмкін.

4-тaraу. Есеп айырысу тәртібі

13. Жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер (бағалар, алым мөлшерлемелері) бойынша жүргізіледі.

14. Бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерге ақы төлеуді тармақ пайдалануши ай сайынғы өтінім берілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде төленуге жататын вагондардың мәлімделген айлық санына сәйкес алдын ала ақы төлеудің 50% шартымен жүргізеді.

15. Жылжымалы құрамының жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсеткені үшін түпкілікті есеп айырысу ай сайын құнтізбелік 10 күнінен кешіктірмей өткізілген вагондар мен берілген шот-фактуралардың нақты саны бойынша көрсетілген қызметтердің актілеріне тарараптар қол қойғаннан кейін жүргізіледі.

5-тарау. Таралттардың құқықтары мен міндеттері

16. Тармақ иеленуші:

1) тармақ пайдаланушы заңнамада және/немесе осы Шартта көзделген шарттарды бұзған жағдайда, осы қызметтерді іс жүзінде көрсеткенге дейін құнтізбелік бес күннен кешіктірмей тармақ пайдаланушыны жазбаша хабардар еткен жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсетуді тоқтатуға;

2) ұсынылатын қызметтер үшін уақтылы ақы алуға;

3) тармақ пайдаланушының кінәсінен келтірілген залалды өтеуді талап етуге;

4) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 12 мамырдағы № 275 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 7020 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Кірме жолдарды пайдалану қағидасының талаптарына сәйкес кірме жолдарды пайдалануды тоқтата тұруға;

5) тармақ пайдаланушы құнтізбелік бес күннен асатын мерзімге төлемдерді кешіктірген жағдайда, осы шартты бұзуға бастамашылық етуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

17. Тармақ иеленуші:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды ескере отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жағдайларын қоспағанда, тармақ пайдаланушыларға жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерге қол жеткізудің тәң жағдайларын, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерге қол жеткізудің тәң жағдайларын ұсынуға;

2) жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді қауіпсіздік және технологиялық нормалардың талаптарына, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген ұсынылатын қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес көрсетуді қамтамасыз етуге;

3) қызметтер көрсетудің техникалық және технологиялық мүмкіндіктерінің болмауы жағдайларын және кірме жолда жүру қауіпсіздігіне қауіп төнү жағдайларын қоспағанда, жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтердің тармақ пайдаланушы мәлімдеген көлемін орындауды қамтамасыз етуге міндетті. Кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтердің тармақ пайдаланушы мәлімдеген көлемін нақты

мүмкіндіктерден арттырған жағдайда, тармақ иеленуші Қазақстан Республикасының теміржол көлігі саласындағы заңнамасына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес кірме жолдың техникалық және технологиялық мүмкіндігін ескере отырып қызметтердің орындалуын қамтамасыз етеді;

4) ұсынылатын қызметтердің сапасы мен санын бақылауды жүргізу, қызмет көрсетудің бұзылуын болдырмау және жою бойынша уақтылы шаралар қабылдауға;

5) поездардың белгіленген жылдамдықпен қауіпсіз өтуін қамтамасыз ететін жағдайда кірме жол элементтерін тұрақты күтіп ұстай үшін кірме жолды, оның құрылыштарын және құрылғыларын ағымдағы ұстауды, оларға қурделі, орташа және көтерме жәндеулерін жүргізуге;

6) теміржол көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген нормативтік құқықтық актілердің шегінде кірме жолды, бағыттамалы бұрмаларды және өтпелерді қардан, шөптен және ластардан тазалауды жүргізуге;

7) кірме жолдардың Техникалық пайдалану қағидаларының және құрылых нормаларының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

8) тармақ пайдаланушины Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерге тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) өзгерістері туралы хабардар етуге;

9) тармақ пайдаланушины вагондарды қабылдауды уақытша тоқтату немесе шектеу туралы қабылданған шешім туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта белгіленген мерзімде себептерін көрсете отырып, хабардар етуге;

10) кірме жолдарға заңнама талаптарына сәйкес келмейтін жылжымалы құрамды жібермеуғе;

11) тармақ пайдаланушымен өзара қатынастарда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сактауға;

12) тармақ пайдаланушиға жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсетуге байланысты емес көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ үшінші тұлғалардың алдында міндеттемелердің туындауына алып келетін қосымша шарттарды мәжбүрлемеуғе;

13) өзіне тиесілі кірме жолдардың күзетін қамтамасыз етуге.

18. Тармақ пайдалануши:

1) жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда тармақ иеленушінің кірме жолын пайдалануға ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерді тең пайдалану құқығын алуға;

2) осы Шарттың талаптарына сәйкес жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді қауіпсіздік және технологиялық нормалардың талаптарына сәйкес белгіленген сапада алуға;

3) Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерге тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) өзгеруі туралы тармақ иеленушіден ақпарат алуға;

4) тармақ иеленушінің кінәсінен келтірілген залалдың орнын толтыруды талап етуге ;

5) тармақ иеленушінің кірме жолдарына вагондарды қабылдауды уақытша тоқтату немесе шектеу жөнінде себептері көрсетіліп қабылданған шешімдер туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде алуға;

6) тармақ иеленушінің осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін іс-әрекеттеріне сот тәртібімен шағым жасауға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

19. Тармақ пайдалануышы:

1) осы Шарттың талаптарына сәйкес тармақ иеленушінің жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолдарды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтеріне уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;

2) тармақ иеленушімен қауіпті және разрядты жүктөрі бар вагондарды кірме жолдар арқылы өткізуді келісуге, сондай-ақ оның күзетін (бірге жүруді) қамтамасыз етуге;

3) жоғары осьтік жүктемесі бар вагондарды немесе цистерналарды тармақ иеленушінің жазбаша рұқсатымен кірме жолдар арқылы өткізуге;

4) теміржол көлігі саласындағы уәкілетті органның кірме жолдарды пайдалану бөлігіндегі талаптарын сақтауға;

5) жылжымалы құрамның жүруі үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерді алудың техникалық және технологиялық мүмкіндігі болмаған жағдайды және кірме жолда жүру қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайларды қоспағанда, тармақ иеленушінің мәлімделген көлемнің орындалуын қамтамасыз етуге;

6) осы Шарт бойынша құқықтарды тармақ иеленушінің келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермеуға;

7) шот-фактуралар мен орындалған жұмыстардың актілерін алғаннан кейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей есепті кезең ішіндегі өзара есеп айырысуға салыстыру жүргізуға;

8) тармақ иеленушімен өзара қарым-қатынаста Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

6-тарау. Тараптардың жауапкершілігі және дауларды шешу

20. Тараптар осы Шарттың талаптарын орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

21. Осы Шарттан туындастын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Егер тараптар келіссөздер жолымен өзара келісімге қол жеткізе алмаса, онда даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

22. Осы Шартта көзделген төлемдердің мерзімі өткен жағдайда, тармақ пайдаланушы тармақ иеленушіге ақы төлеу күнін қоса алғанда, мерзімі өткен әрбір күн үшін берешек сомасынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

23. Белгіленген мерзімде қызметтер ұсынылмаған жағдайда, тармақ иеленуші тармақ пайдаланушыға шарт бойынша қызмет жүзеге асырылуға тиіс уақыттан бастап қызметтер көрсету іс жүзінде басталған уақытқа дейін алдын ала төленген сомадан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

7-тaraу. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

24. Егер Тараптар еңсерілмейтін күш мән-жайлары салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерді орындалмағаны немесе тиісінше орындағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындастын комиссия құрылуды мүмкін. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындастын шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті үйымы растиған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

25. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтірген дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарланған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар күнтізбелік отыз күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

8-тaraу. Жалпы ережелер

26. Осы Шарттың талаптарын орындаудан біржакты бас тартқан жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, тарап бұл туралы екінші тарапқа күнтізбелік он күннен кешіктірмей жазбаша түрде ескертуге тиіс.

27. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе жалпы немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-эрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, кінә қоюға құқылы.

28. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

29. Тараптардың Шарттан туындейтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

30. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір тарап үшін бір данадан жасалады.

31. Тараптардың келісімі бойынша шарт үлгі Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

9-тaraу. Шарттың қолданылу мерзімі және қолданылуын тоқтату тәртібі

32. Шарт 20 жылғы " " сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді (Астана қаласының уақыты бойынша) және 20 жылғы " " 24:00-ге дейін қолданылады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы реңми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Егер Тараптардың бірі бұл туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын мәлімдесе, Шарттың қолданылу мерзімі қызметті беру көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзім аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және шарттарда ұзартылған болып есептеледі.

10-тaraу. Тараптардың заңды мекенжайлары, банк деректемелері және қолдары

Тармақ иеленуші:

Тармақ пайдаланушы:

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 бұйрығына
15-қосымша

Бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шарт

(шарттың жасалған орны)

20__ жылғы " __ "

Бұдан әрі – Тармақ иеленуші деп аталатын, тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған кезде кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсететін _____

лауазымы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі – А.Ә.Т.) _____

_____ атынан

негізінде

әрекет ететін

бір тараптан (

лауазымы, А.Ә.Т.) және бұдан әрі-Тармақ пайдаланушы деп аталатын _____

(тұтынушының деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі) _____

_____ атынан

негізінде әрекет ететін

екінші тараптан (лауазымы, А.Ә.Т.) төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

уәкілетті органның ведомство – тиісті табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомство.

Осы шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына және "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Шарттың нысанасы

2. Тармақ иеленуші тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жол ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерді Шартқа сәйкес ұсынады, тармақ пайдаланушы оларға Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде ақы төлейді.

3. Тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жол ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шарт тармақ иеленушімен жеке тәртіпте жасалады.

3-тарау. Қызметтерді көрсету тәртібі мен шарттары

4. "Кірме жолдың шекарасы" деген белгі _____

жаққа қарай (кірме жолдың тұйығына қарай немесе станциялық жолдың № және жанасу станциясының немесе басқа да кірме жолдың немесе біріктіретін жолдың немесе басқа жалғастыру жолының атауын көрсету)

_____ ұзақтықтағы жанасу бағыттағышынан _____ м қашықтықта орнатылады.

5. Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекелес кірме жол болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін тармақ пайдаланушы пайдаланатын кірме жолының ұзындығы _____ метрді құрайды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 20.01.2020 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Бөлінген белдеу шекарасында кірме жол мен құрылыштар алаңы, _____ шаршы метр жер участкесін алады.

7. Кірме жол арқылы поездардың қозғалысы Қазақстан Республикасының теміржол көлігі саласындағы заңнамасын және осы мәселелерді регламенттейтін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін сақтай отырып жүргізіледі.

8. Тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-тұсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған кезде кірме жолды ұсыну тармақ иеленушінің алдын ала хабарламасы бойынша жүргізіледі.

Хабарлама _____ беріледі. (хабарлама беру тәртібі)

Хабарлама нақты берілгенге дейін ____ (тәулік, сағат) кешіктірмей беріледі.

9. Кірме жолға берілетін вагондарды _____ (локомотивтің маркасы, үлгісі) локомотив әкеледі. Одан арғы қозғалысты _____ (тиеу, тұсіру орындары бойынша орналастырылуын немесе жоқтығын көрсету қажет) _____ локомотив жүргізеді.

10. Жүктер мен вагондарды өткізу және қабылдау _____ негізінде жүргізіледі. (құжаттың түрі)

11. Тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-тұсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін тармақ иеленушінің 20 жылғы _____ оның ішінде айдың 25-күнінен кешіктірмей, айлар бойынша берілетін өтінімге сәйкес вагондардың мәлімделген саны:

1-ай _____ вагон;

2-ай _____ вагон;

..... _____ вагон;

Бұл ретте тармақ пайдалануши күнтізбелік 15 күн ішінде бір айға мәлімделген вагондар санын түзетуге құқылы.

Мәлімделген көлемнен асып кеткен жағдайда, тармақ пайдалануши қосымша көлемге өтінім береді, сондай-ақ осы шарттың 14-тармағына сәйкес хабарламамен енгізілген алдын ала төлемді растай отырып хабардар етеді.

12. Тармақ иеленушінің кірме жолына бір мезгілде берілетін вагондар саны кемінде _____ вагон (осы) болып белгіленеді.

13. _____ вагонның тиеу-тұсіру орындарының сыйымдылығы.

14. вагонды (осыті) маневрлік жылжулары мен тиеу-түсіру жөніндегі жұмыстарды жүргізу мүмкіндігі ескере отырып жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолдың сыйымдылығы.

15. Кірме жолға келетін және одан кететін вагондардың санын тармақ иеленуші тармақ пайдаланушының қатысуымен тіркейді және есепке алады, ол үшін екі данада акт (немесе ведомость) жасалады, оның біреуі тармақ иеленушіде қалады, екіншісі тармақ пайдаланушыға беріледі. Бір ай ішіндегі жұмыстың қорытындылары бойынша орындалған жұмыстардың актісі жасалады, ол тармақ пайдаланушыға (уақытты есепке алу карточкасын міндетті түрде ресімдей отырып) шот беру үшін негіз болып табылады

Кірме жолға жылжымалы құрамды беру және кірме жолдан вагондарды әкету нормативтік құқықтық актілерге сәйкес айқындалатын уақыт аралығында жүргізіледі.

16. Тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған кезде кірме жолды оның құрылышы кезеңінде, табиғи-климаттық жағдайлар күрт өзгерген жағдайда ұсыну кірме жол жұмысының қысқа мерзімді шартының талаптарында жүзеге асырылуы мүмкін.

4-тaraу. Есеп айырысу тәртібі

17. Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер (бағалар, алым мөлшерлемелері) бойынша жүргізіледі.

18. Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді тармақ пайдаланушы ай сайынғы өтінім берген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде төленуі тиіс вагондрдың айлық мәлімделген санына сәйкес ақысын 50% алдын ала төлеу шартымен жүргізеді.

19. Тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған кезде кірме жолды ұсыну қызметін көрсету үшін түпкілікті есеп айырысу көрсетілген қызметтердің іс жүзіндегі көлемі жөніндегі көрсетілген қызметтер актілеріне және берілген шот-фактураларға тараптар қол қойғаннан кейін ай сайын құнтізбелік 10 күннен кешіктірмей жүргізіледі.

5-тaraу. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

20. Тармақ иеленуші:

1) тармақ пайдаланушы заңнамада және/немесе осы Шартта көзделген талаптарды бұзған жағдайда, тармақ пайдаланушыны осы көрсетілетін қызметтерді нақты

тоқтатқанға дейін кемінде күнтізбелік бес күн бұрын жазбаша хабардар еткен жағдайда , Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтер көрсетуді тоқтатуға;

- 2) ұсынылатын қызметтер үшін уақтылы төлем алуға;
- 3) тармақ пайдаланушының кінәсінен келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге;

4) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі міндетін атқарушының 2011 жылғы 12 мамырдағы № 275 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 7020 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Кірме жолдарды пайдалану қағидасының талаптарына сәйкес кірме жолдарды пайдалануды тоқтата тұруға;

5) тармақ пайдаланушы күнтізбелік бес қүннен асатын мерзімге төлемдерді кешіктірген жағдайда, осы шартты бұзуға бастамашылық жасауға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

21. Тармақ иеленуші:

1) тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген женілдіктер мен артықшылықтарды ескере отырып, тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген, жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолдың қызметтерін ұсыну жағдайларын қоспағанда, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тармақ пайдаланушыларға тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолдың қызметтерін ұсыну бойынша қол жеткізудің тәң жағдайларын, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің тәң жағдайларын ұсынуға;

2) қауіпсіздік және технологиялық нормалардың талаптарына, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген ұсынылатын қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге;

3) қызметтер көрсетудің техникалық және технологиялық мүмкіндіктері болмаған жағдайларды және кірме жолда жүру қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларды қоспағанда, тармақ пайдаланушы мәлімдеген қызметтер көлемінің орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Тармақ пайдаланушы өтінім берген кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтер көлемі іс жүзінде мүмкіндігінен асып кеткен жағдайда тармақ иеленуші кірме жолдың техникалық және технологиялық мүмкіндігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының темір жол көлігі саласындағы заңнамасына және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қызметтердің орындалуын қамтамасыз етеді;

4) ұсынылатын қызметтердің сапасы мен санын есепке алуға және оларға бақылау жүргізуге, қызметтер көрсетуде бұзушылықтардың алдын алу және жою жөнінде уақтылы шаралар қабылдауға;

5) кірме жолды, бағыттамалық бүрмалар мен өтпелерді, оның құрылыштары мен құрылғыларын ағымдағы күтіп ұстауды, оларға күрделі, орташа және көтерме жөндеулерін жүргізуге;

6) теміржол көлігі саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгілекен шекте кірме жолды қардан, шөптен және ластардан тазалауды жүргізуге;

7) кірме жолдардың Техникалық пайдалану қағидаларының және санитариялық нормалар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

8) Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде қызметтерге арналған тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) өзгерістері туралы тармақ пайдаланушыны хабардар етуге;

9) тармақ пайдаланушыны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде себептерін көрсете отырып, кірме жолдарға вагондарды қабылдауды уақытша тоқтатуға немесе шектеуге қабылданған шешімдер туралы хабардар етуге;

10) өзіне тиесілі кірме жолдарды құзетуді қамтамасыз етуге;

11) кірме жолдарға заңнама талаптарына сәйкес келмейтін жылжымалы құрамды жібермеуғе;

12) тармақ пайдаланушымен өзара қатынастарда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

13) тармақ пайдаланушыға маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, басқа да тасымалдау процесінің технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолдарды ұсыну жөніндегі қызметтерді көрсетуге байланысты емес қызметтерді, сондай-ақ үшінші тұлғалармен міндеттемелердің туындауына алып келетін жағдайларда қосымша шарттарды мәжбүрлемеуге;

14) кірме жолды жылжымалы құрамның тұрағы үшін ұсынған жағдайда, тармақ пайдаланушыға Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тежегіш табандарды ұсынуға;

15) кірме жолды жылжымалы құрамның тұрағы үшін ұсынған жағдайда тармақ пайдаланушының жылжымалы құрамын күзетуді қамтамасыз етуге.

22. Тармақ пайдалануши:

1) кірме жолдардың көрсетілетін қызметтерін тең пайдалану құқығын алуға;

2) осы Шарттың талаптарына сәйкес тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жолды ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерді қауіпсіздік және технологиялық нормалардың талаптарына сәйкес белгіленген сапада алуға;

3) тармақ иеленушіден Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде қызметтерге арналған тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) өзгеруі туралы ақпарат алуға;

4) тармақ иеленушінің кінәсінен келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде тармақ иеленушінің кірме жолдарына вагондарды қабылдауды уақытша тоқтатуға немесе шектеуге қабылданған шешімдер туралы себептері көрсетілген ақпаратты алуға;

6) тармақ иеленушінің осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін іс-әрекетіне сот тәртібімен шағымдануға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

23. Тармақ пайдалануши:

1) осы Шарттың талаптарына сәйкес тармақ иеленушінің қызметтеріне уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;

2) теміржол көлігі саласындағы уәкілетті органның кірме жолдарды пайдалану бөлігіндегі талаптарын сақтауға;

3) тасымалдау процесінің маневрлік жұмыстары, тиеу-түсіру, басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда кірме жол ұсыну жөніндегі қызметтерді алудың техникалық және технологиялық мүмкіндіктерінің болмаған жағдайда және тармақ иеленушінің кірме жолда қауіпсіз емес қозғалысы жағдайын қоспағанда, мәлімделген көлемдердің орындалуын қамтамасыз етуге;

4) осы Шарт бойынша құқықтарды тармақ иеленушінің келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермеуге және табыс етпеуге;

5) шот фактуралар мен орындалған жұмыс актілерін алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде есепті кезең үшін өзара есеп айырысуларға салыстырып тексеру жүргізуге;

6) бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрам тұрағының қызметтерін алу кезінде тежегіш табандардың сақталуын және жылжымалы құрамның бекітілуі дұрыстығын қамтамасыз етуге;

7) тармақ иеленушімен қарым-қатынаста Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға міндетті.

6-тaraу. Тараптардың жауапкершілігі және дауларды шешу

24. Тараптар осы Шарттың талаптарын орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

25. Осы Шарттан туындайтын даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Егер тараптар келіссөздер жолымен өзара келісімге қол жеткізе алмаса, онда даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

26. Осы Шартта көзделген төлемдердің мерзімі өткен жағдайда, тармақ пайдалануши тармақ иеленушіге ақы төлеу күнін қоса алғанда, мерзімі өткен әрбір күн үшін берешектің сомасынан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі көлемінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

27. Белгіленген мерзімде көрсетілетін қызметтерді ұсынбаған жағдайда, тармақ иеленуші тармақ пайдаланушиға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі көлемінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

7-тaraу. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

28. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін, егер үл еңсерілмейтін жағдайлардың салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Үл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындайтын комиссия құрылуы мүмкін. Үл ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындайтын Шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, үл туралы бір-біріне хабарлайды.

29. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтірген дәрежеде ғана тоқтатыла түруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала жазбаша хабарланған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар күнтізбелік отыз күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысулады жүргізуге міндettенеді.

8-тaraу. Жалпы ережелер

30. Осы Шарттың талаптарын орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, тарап бұл туралы екінші тарапты күнтізбелік он күннен кешіктірмей жазбаша түрде ескертуі тиіс.

31. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұтастай алғанда, немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында тараптардың кез келгені екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, кінә қоюға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жүмсайды.

32. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

33. Тараптардың Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

34. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір тарап үшін бір данадан жасалады.

35. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгі шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

9-тaraу. Шарттың қолданылуу мерзімі және қолданылуын тоқтату тәртібі

36. Шарт 20 жылғы " " сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді (Астана қаласының уақыты бойынша) және 20 жылғы " " 24:00-ге дейін қолданылады.

Ескеरту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Үлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Егер Тараптардың бірі бұл туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын мәлімдесе, Шарттың қолданылу мерзімі қызметті беру көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзім аяқталғаннан кейін Шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және шарттарда ұзартылған болып есептеледі.

10-тaraу. Тараптардың заңды мекенжайлары, банк деректемелері мен қолдары

Тармақ иеленуші:

Тармақ пайдаланушы:

Қазақстан Республикасы
Үлттық экономика министрінің
2019 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 бұйрығымен бекітілген
16-қосымша

Суды магистральдық құбыржолдар арқылы беру жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған үлгілік шарт

Ескерту. 16-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Үлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20 " — " _____

(шарттың жасалған орны)

Бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын, магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметтер) ұсынатын атынан

(көрсетілетін қызметті ұсынатын субъектінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке

сәйкестендіру нөмірі) _____

негізінде әрекет ететін _____

бір тараптан және лауазымы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын

(тұтынушының деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке

сәйкестендіру нөмірі)

негізінде әрекет ететін

тараптан

(лауазымы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) бұдан әрі "Тараптар" деп аталатындар

төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

суды есепке алу аспабы – нормаланған метрологиялық сипаттамалары бар, белгілі бір уақыт аралығы ішінде физикалық шама бірлігін жаңғыртатын және сақтайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен суды коммерциялық есепке алу үшін қолдануға рұқсат етілген, судың (ауызсу, техникалық, сарқынды және сулардың басқа да түрлерінің) көлемін өлшеуге арналған техникалық құрал;

есепке алу аспаптарын салыстырып тексеру – есепке алу аспаптарының жай-күйін тексеру, техникалық талаптарға сай келуін анықтау және растау, олардың көрсеткіштерін алу, сондай-ақ пломбылардың болуы мен бұзылмағандығын растау мақсатында Өнім беруші өкілі орындайтын операциялар жиынтығы;

есеп айырысу кезеңі – Шартта Тұтынушымен көрсетілетін қызмет үшін есеп айырысу жүргізілетін, айдың бірінші күні сағат 00:00-ден бастап соңғы күні сағат 24:00 -ге дейін күнтізбелік бір айға тең уақыт кезеңі болып белгіленген кезең;

магистральдық құбыржол – суды су жинақтағыштан су таратқыштарға дейін (суды магистральдық құбыржолдан су пайдаланушылар топтарына жеткізу) жеткізуге арналған гидротехникалық құрылыштар кешені;

пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы – Тараптар келісімімен белгіленетін, жүйелердің элементтерін пайдалану үшін міндеттердің (жауапкершіліктің) белгілері бойынша магистральдық құбыржолдың жүйесінің элементтерін бөлу сзығы. Мұндай келісім болмаған кезде, пайдалану жауапкершілігінің шекарасы теңгерімдік тиесілілік шекарасы бойынша белгіленеді;

су берудің жылдық кезеңі – 12 есеп айырысу кезеңін қамтитын, ұзақтығы күнтізбелік бір жыл су беру;

судың ең аз айлық көлемі – Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, № 1 қосымшада көзделген судың айлық көлемдері;

судың ең аз жылдық көлемі – су берудің жылдық кезеңі ішінде Тұтынушының қабылдауы үшін міндетті, Тараптар Шарттың 2-тармағына сәйкес, магистральдық құбыр жолдары арқылы су беру үшін қарастыра алатын су көлемі;

екінші

теңгерімдік тиісілілікті бөлу шекарасы – магистральдық құбыржолдың элементтерін иелері арасында меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару белгілері бойынша бөлу сзығы;

толық қабылданбаған су көлемі – судың ең аз айлық көлемі мен Тұтынушы нақты қабылдаған су көлемі арасындағы айырмашылық;

толық мәлімделмеген су көлемі – судың ең аз айлық көлемі мен есепті есеп айырысу кезеңіне Тұтынушы мәлімдеген су көлемі арасындағы айырмашылық;

төлем құжаты – осының негізінде ақы төленетін Өнім берушінің құжаты (есепке алу аспаптары көрсеткіштерінің негізінде жасалған шот, шот-фактура, хабарлама, тұбіртек, ескерту шоты);

тұтынушы – табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) пайдаланатын немесе пайдалану ниеті бар жеке немесе заңды тұлға;

су бөлу орны - су пайдаланушы су көзінен су алатын орын, сондай-ақ, су пайдаланушы су тұтынушыға су ресурстарын беретін орындағы гидробекет;

уәкілді органның ведомствоы – тиісті табиғи монополия салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган ведомствоы.

Осы шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының Су кодексіне және Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тaraу. Шарттың нысанасы

2. Шарт талаптарына сәйкес Өнім беруші Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын № 1 қосымшаға сәйкес айларға бөле отырып,

(магистральдық құбыржолдың атауы)

сапаға қойылатын мына талаптарға жауап беретін және төменде келтірілген көлемдерде магистральдық құбыржолдар арқылы су беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге міндеттенеді:

Жыл	Магистральдық құбыржолдың атауы	судың сапасы (судың атауын көрсету қажет: техникалық немесе ауыз су)	көлемі, текше метр
-----	---------------------------------	----------------------------------------------------------------------	--------------------

3-тaraу. Қызметтерді көрсету шарттары

3. Тұтынушыға қызметтер көрсету магистральдық құбыржолдың _____ километр участкесінде жүргізіледі. (учаске атауы)

4. Шарт тұтынушымен оның магистральдық құбыржолдар жүйелеріне қосылған қажетті жабдықтары болған кезде жеке тәртіппен жасалады.

5. Есепке алу торабының алдындағы бұрама басына орнатылған ысырмалар және/немесе су бөлу орны (гидропост) пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы болып табылады.

6. Қызметтерді көрсету:

- 1) авариялық жағдайда не азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қауіп-қатер төнген;
- 2) Өнім берушінің жүйелеріне өз бетімен қосылған;

3) есепті кезеңнен кейінгі бір айдың ішінде көрсетілген қызметтер үшін ақы төленбеген;

4) Өнім берушінің өкілдерін есепке алу аспаптарына қатарынан бірнеше рет жібермелеген;

5) құбыржолдарына заарсыздандыру жүргізу қажет болған жағдайларда;

6) заңнамада және Тараптардың келісімінде көзделген басқа да жағдайларда тоқтатылады.

7. Шарттың 6-тармағының 3), 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, қызмет көрсетуді тоқтатқанға дейін кемінде бір ай бұрын Тұтынушыға хабарланады.

8. Шарттың 6-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, қызмет көрсетуді қалпына келтіру Өнім беруші туындаған бұзушылықтарды жойғаннан кейін жүргізіледі.

Шарттың 6-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тұтынушыны жаңадан қосу Өнім берушінің жүйелеріне заңсыз қосылғаны үшін айыппұл төлегеннен кейін, Өнім берушінің жүйелеріне қосылуға техникалық талаптарды орындағаннан кейін және қосылу үшін төлем енгізгеннен кейін жүргізіледі.

Шарттың 6-тармағының 3) тармақшасында көзделген бұзушылықтар үшін тұтынушыға көрсетілетін қызмет ұсынуды тоқтата тұрған жағдайда, жаңадан қосу борышты өтегеннен кейін және қосылу үшін төлемеки енгізгеннен кейін жүргізіледі.

4-тaraу. Көрсетілетін қызметтердің құны және ақы төлеу тәртібі

9. Осы Шарт бойынша көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу уәкілетті органның ведомствоны бекіткен тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) немесе олардың шекті деңгейлері бойынша жүргізіледі.

10. Төлемеки Тұтынушы нақты көрсетілген қызметтердің мөлшері үшін төлем құжаты негізінде ай сайын есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 25-күніне дейінгі мерзімде немесе шартта белгіленген мерзімдерде Тұтынушы мен Өнім беруші арасындағы келісім бойынша жүргізеді.

5-тaraу. Көрсетілетін қызметтерді босатуды және тұтынуды есепке алу

11. Көрсетілетін қызметтің босатылған мөлшерін бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген су берушінің не су пайдалануышының есепке алу аспаптарының не өлшеу аспаптары мен қондырғыларының көрсеткіштері бойынша бөлу нүктесінде айқындалады.

Аспаптар _____ бастап _____ дейінгі кезеңге _____ орнатылған.

(учаскениң (құбыржолдың) атауы)

12. Тұтынушыны есепке алу аспабынсыз, Өнім берушінің рұқсатымен уақытша тікелей қосуға жол беріледі. Мұндай жағдайда босатылған қызмет мөлшерін Өнім беруші тұтыну нормалары бойынша есептеу жолымен белгілейді.

13. Тұтынушының кінәсінен болмаған, есепке алу уақытша бұзылған кезде көрсетілетін қызметтер үшін есеп айырысу алдыңғы есеп айырысу кезеңінің орташа тәуліктік шығысы бойынша жүргізіледі.

Мұндай жағдайда есепке алуға соңғы тексеру жүргізілген күннен бастап бұзушылық анықталған немесе оны жою кезіне дейінгі кезең есеп айырысу кезеңі деп есептеледі.

14. Тұтынушының кінәсінен көрсетілген қызмет көлемдерін есепке алуды бұзу фактілері анықталған кезде, Өнім беруші соңғы тексеру жүргізілген күннен бастап бұзушылық анықталған күнге дейін, бірақ магистральдық құбыржолдың тәулігіне 24 сағат жұмыс істеуі кезінде оның есепке алу торабына дейінгі толық өткізу қабіletін есепке ала отырып, бір айдан аспайтын мерзімге көрсетілетін қызметтердің тұтыну көлемдеріне қайта есептеу жүргізеді.

6-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

15. Тұтынушының:

1) өзінің денсаулығына қауіпсіз, мүлкіне зиян келтірмейтін, Шарттың талаптарына сәйкес келетін мөлшерде және белгіленген сапада көрсетілетін қызметтерді алуга;

2) уәкілетті органның ведомствосына және (немесе) сот тәртібімен Өнім берушінің заңнамаға қайшы келетін іс-әрекеті немесе әрекетсіздігіне шағымдануға;

3) көрсетілетін қызметтерге тариф (баға, алым мөлшерлемесі) жобасын немесе оның шекті деңгейін талқылау үшін өткізілетін жария тындауларға қатысуға;

4) Өнім берушіден қызметті тиісінше көрсетпеуі салдарынан өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген зиянды толық көлемде өтеуді, сондай-ақ моральдық зиянды өтеуді заңнамада белгіленген тәртіппен талап етуге;

5) келмейтін қызмет көрсетілген жағдайда, көрсетілетін қызметтер құнын қайта есептеуді талап етуге;

6) осы Шартқа қол қойылғаннан кейін вегетациялық кезең басталғанға дейін алдын ала ақы төлеуге құқылы. Бұл жағдайда келесі ақы төлеу алдын ала төленген ақыны ескере отырып жүргізіледі;

7) егер Өнім беруші белгіленген тәртіппен шот қоймаса, алынған қызмет үшін төлем жүргізуе;

8) ұсынылған қызметке толық көлемде ақы төленген жағдайда, Өнім берушіге кемінде бір ай бұрын жазбаша хабарлаған кезде, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқығы бар;

Бұл ретте егер Шарт судың ең аз жылдық көлемдері талаптарында жасалған болса, Өнім беруші Шарттың 32-тармағына сәйкес магистральдық құбыржолдың қосымша қуаттарының құрылышына жұмсалған шығындарды толық өтегеннен кейін Шарт бұзылуы тиіс.

16. Тұтынушы:

1) Өнім берушіге судың ең аз айлық көлемін қоса алғанда, қызмет көрсетуге ұсынылатын айдың алдындағы айдың 15-күнінен кешіктірмей, қызметтер көрсетуге айлық өтінім беруге;

2) Өнім берушіге есепті тоқсан басталғанға дейін кемінде күнтізбелік қырық бес күн бұрын, судың ең аз айлық көлемдерін қоса алғанда, жоспарланған айлық көлемдерге бөле отырып, қызмет көрсетуге тоқсандық өтінім беруге;

3) Өнім берушіге ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен кешіктірмей, судың ең аз жылдық көлемін қоса алғанда, келесі күнтізбелік жылға қызмет көрсетуге арналған жылдық өтінім беруге;

4) Өнім берушіні осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген айлық, тоқсандық немесе жылдық өтінімдерді беру мерзімдерінен кешіктірмей, алдағы айлық, тоқсандық немесе жылдық кезеңдерде көрсетілетін қызметтерді тұтыну ниетінің жоқтығы туралы жазбаша түрде хабардар етуге;

5) Шарт талаптарына сәйкес көрсетілген қызметтер үшін уақтылы және толық көлемде төлем жүргізуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Өнім беруші белгілеген техникалық талаптарды орындауға;

7) көрсетілетін қызметтерді пайдалану кезінде туындаған ғимараттардың, жүйелер мен есепке алу аспаптарының жұмысындағы ақаулықтар туралы Өнім берушіге, ал жүйелер құрылыштары бүлінген жағдайда – төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі жергілікті органдарға, мемлекеттік өртке қарсы қызметтерге, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер мен қоршаған ортаны қорғау қызметтеріне дереу хабарлауға;

8) жүйелер, аспаптар мен жабдықтардың көрсеткіштерін алу, техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылау үшін Өнім беруші өкілдерінің есепке алу аспаптарына қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

9) көрсетілетін қызметтерді тұтыну кезінде қауіпсіздік техникасының талаптарын сактауға;

10) өзінің аумағында орналасқан және Өнім беруші пломбалаған есепке алу тораптарының жарамдылығын тұрақты бақылауға, есепке алу тораптарындағы, ысырмалардағы, бұрама желілердегі және өзге құрылғылардағы пломбалардың бүтіндігін және сақталуын, өзінің иелігіндегі немесе қызмет көрсетуде пайдаланылатын сумен жабдықтау жүйелерінің техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ;

11) Өнім берушінің көрсетілетін қызметті тұтыну көлемінің барлық күтілетін өзгерістері туралы хабардар етуге;

12) су беруге арналған жылдық (айлық) өтінімде Шарттың 2-тармағында көрсетілген көлемдерден кем емес судың ең аз жылдық (айлық), көлемдерін көрсетуге;

13) суды мақсаты бойынша ғана қолдануға, техникалық суды ауыз су ретінде пайдаланған жағдайда, оны ауыз су сапасына дейін дайындауға;

14) ай, тәулік ішінде су тұтыну кестесіне сәйкес (Тараптардың келісімімен өзгеше белгіленбесе) суды біркелкі аруды жүргізуғе;

15) пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы мен есепке алу торабының арасындағы бұрама басында кері клапан орнатуға;

16) Өнім берушіге қоршаған органдың қорғау саласындағы уәкілетті органның эмиссияға берген рұқсатына сәйкес ластанудың жол берілген концентрациясынан асып кетуіне, коллекторға ағызылатын судың рұқсат етілген шекті ағызудан асып кетуіне жол бермеуге міндетті.

17. Өнім беруші:

1) заңнамаға сәйкес Тұтынушының сақтауы үшін қажетті техникалық талаптарды белгілеуге;

2) уәкілетті орган бекіткен тәртіpte көрсетілетін қызметтердің тарифтерін (бағаларын, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін оларды қолдану кезеңінде төмендетуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен есепке алу аспаптарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізуғе және тексеру ұйымдастыруға;

4) ұсынылған қызметтер үшін уақтылы және толық көлемде ақы алуға;

5) есепке алу аспаптары көрсеткіштерінің дұрыстығын тексеру үшін өз өкілінің (қызметтік қуәлігі бар болған кезде) Тұтынушы өкілімен бірге су тарту құрылышына кедергісіз жіберуге;

6) егер магистральдық құбыржолының немесе оның инфрақұрылымының қосымша қуаттарын салуды қажет етпейтін болса, Шарттың 2-тармағында көзделгеннен артық көрсетілетін қызметтердің қосымша көлемдерін жеткізу мүмкіндігін қарауға құқығы бар.

18. Өнім беруші:

1) Тұтынушыға Шарттың талаптарына сәйкес сапалы, уақтылы және үздіксіз қызмет көрсетуді ұсынуды қамтамасыз етуге;

2) ұсынылатын қызметтердің сапасы мен мөлшерін есепке алуды және оған бақылау жүргізуге, көрсетілетін қызметті ұсынудағы бұзушылықтардың алдын алу мен жою бойынша уақтылы шаралар қолдануға;

3) нәтижесінде Өнім берушінің шығындар құны азаятын Қазақстан Республикасының салық заңнамасы тиісінше өзгерген жағдайда, аталған өзгерістер қолданысқа енгізілген күнінен бастап барлық Тұтынушылар үшін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен көрсетілетін қызметтердің тарифтерін (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін төмендетуге;

4) Тұтынушыға есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың бесіне дейінгі мерзімде ұсынылатын көрсетілетін қызметке ақы төлеуге төлем құжатын беруге;

5) Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде тұтынушыларды тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгергені туралы хабардар етуге;

6) тұтынушының негізделген талаптары бойынша ұсынылатын қызметтердің сапасы мен көлемін қалпына келтіру бойынша 24 сағат ішінде шаралар қолдануға;

7) тұтынушыны көрсетілетін қызметті берудің тоқтатылуына байланысты магистральдық құбыржолдарында жоспарлы алдын алу және жөндеу жұмыстары жүргізілетіні туралы кемінде 24 сағат бұрын ескертуге міндettі. Бұл ретте, Өнім беруші тұтынушыға 72 сағаттан астам көрсетілетін қызметті берудегі үзіліске жол бермеуге міндettенеді.

8) жүйелерді, есепке алу аспаптарын қарау кезінде, сондай-ақ тұтынушының есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу кезінде өз жұмыскерлерінің қызметтік куәліктерін ұсынуын қамтамасыз етуге;

9) тұтынушыны көрсетілген қызметтер көлеміндегі барлық күтілетін өзгерістер туралы хабардар етуге міндettі.

7-тaraу. Тараптарға қойылатын шектеулер

19. Тұтынушыға:

1) жүйелер мен есепке алу аспаптары құрылыштарын Өнім берушімен келіспей қайта жабдықтауға;

2) қолда бар көрсетілетін қызметтерді есепке алу схемаларын бұзуға;

3) көрсетілген қызметтер көлемдерінің есебін бұзуға тыйым салынады.

Ескертпе. Есепке алу аспаптарында, ысырмаларда, фланецті қосулар мен байпастарда орнатылған пломбалардың жұлынуы, есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін бұрмалайтын құралдарды орнату, есепке алу аспабын паспорттық сипаттамаларына қарағанда дұрыс пайдаланбау, есепке алу аспаптары көрсеткіштерін алдыңғы көрсеткіштеріне қарағанда кеміту, Өнім берушінің жүйелеріне өз бетімен қосылу көрсетілген қызмет көлемін есепке алуды бұзу болып танылады.

20. Өнім берушіге:

1) жосықсыз тұтынушылардың пайдаланған қызметтер көлеміне ақы төлемеуіне байланысты, адал тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудан бас тартуға;

2) ұсынылған қызметтер үшін уәкілетті органның ведомствоны белгілеген төлемнен асатын төлем алуға;

3) тиісті төлем құжаттарын ұсынбай тұтынушыдан көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді талап етуге;

4) мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде белгілеген реттеліп көрсетілетін қызметтер сапасының талаптарына сай келмейтін, ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді талап етуге;

5) Шарттың 32-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тұтынушының судың ең аз жылдық көлемдерін қабылдау талаптарымен Тұтынушыдан Шарт жасасуды талап етуге тыйым салынады.

Тұтынушының судың ең аз жылдық көлемдерін қабылдау талаптарынсыз Шарт жасасу кезінде Шартқа жылдық/айлық көлемдерге байланысты талаптар енгізілмейді.

21. Тараптарға Тараптардың құқықтарын шектейтін не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын іс-қимылдар жасауға тыйым салынады.

22. Осы Шарттың 19-тармағында көрсетілген бұзушылықтар тиісті Актілермен ресімделеді және оларға Тараптар қол қояды.

8-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

23. Жабдықты тиісті түрде ұстау үшін жауапкершілік оның иесіне жүктеледі және теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасы бойынша белгіленеді.

24. Шартта көзделген міндеттемелерді орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда, кінәлі тарап екінші тарапқа келтірген шығындарды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен өтейді.

25. Көрсетілген қызметтер үшін төлем мерзімі өткен жағдайда, Тұтынушы Шартқа сәйкес мерзімі өткен берешек сомасын төлеу күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша әрбір мерзімі өткен күн үшін, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді.

Кызмет уақтылы және сапалы көрсетілмеген жағдайда, Өнім беруші Шартқа сәйкес көрсетілмеген қызмет сомасынан оларды төлеу күні қолданыста болатын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1,5 еселенген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінен аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

Тұрақсыздық айыбының мөлшерін белгілеу Тұтынушымен Шарт жасасу кезінде жүргізіледі. Егер Тараптардың келісімімен басқаша келісілмеген болса, есеп айырысу

кезеңінен кейінгі айдың 26-ы күні тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы болып белгіленеді.

26. Егер Өнім берушінің Тұтынушыға қызмет көрсете алмауы Өнім берушімен шарттық қатынаста тұрған өзге адамдардың кінәсінен болса, тұтынушының алдында Өнім беруші жауапты болады.

27. Тұрақсыздық айыбын (өсімақыны) төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

28. Тараптардың келісімі бойынша жазбаша жүргінген кезде Тұтынушыға өсімпұл есептеу мерзімі ұзартылуы мүмкін.

9-тaraу. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

29. Тараптар еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдарынан болса, Шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысының шығындарды өтеуге құқы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара шарт міндеттемелерін орындауды айқындастын комиссия құрылады. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындайтын шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ол туралы бір-біріне хабарлап, кейіннен Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растиған еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталған күні мен сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны табыстайды, не пошта арқылы жібереді.

30. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарланған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуарды жүргізуге міндеттенеді.

10-taraу. Жалпы ережелер және дауларды шешу

31. Магистральдық құбыржолдар және (немесе) арналар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шарт Тұтынушымен жеке тәртіpte жасалады.

32. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе Шарттың ережелеріне қатысты тұластай алғанда, немесе қандай да бір мәселеге немесе іс-әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік болған жағдайда, тараптардың кез келгені екінші тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, наразылық жолдауға құқылды.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер арқылы реттеу үшін бар күш-жігерін салады

33. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Шартты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда бұза алады.

34. Тараптардың Шарттан туындағының және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

35. Шарт қазақ және орыс тілдерінде екі данада әрбір тарап үшін бір-бір данада жасалады.

36. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгілік шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылады.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

11-тaraу. Шарттың қолданылу мерзімі

37. Шарт 20__жылғы "__" ____ 00:00-ден бастап (Астана қаласының уақыты бойынша) күшіне енеді және 20__ жылғы "__" ____ сағат 24:00-ге дейін қолданылады.

38. Егер Тараптардың бірі Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін құнтізбелік отыз күн бұрын ол туралы мәлімдесе, көрсетілетін қызметті беру көлемі нақтылана отырып, Шарттың қолданылу мерзімі белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Мерзімі аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы тараптардың бірінің өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және сол талаптарда ұзартылған болып есептеледі.

12-тaraу. Тараптардың деректемелері

Өнім беруші:

Тұтынушы:

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 бұйрығына
17-қосымша

Концессия шарттары бойынша теміржол көлігінің объектілері бар теміржолдар қызметтерін көрсетуге арналған үлгілік шарт

(шарттың жасалған орны)

20_ жылғы " __ " _____

Бұдан әрі концессионер деп аталатын, концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтерді ұсынуышы (концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдарды ұсыну) _____

(көрсетілетін қызметті ұсынатын субъектінің атауы, бизнес сәйкестендіру номірі)

_____ атынан _____
негізінде әрекет ететін _____
лауазымы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі – А.Ә.Т.) бір тараптан және бұдан әрі тасымалдаушы деп аталатын _____
(тұтынушының _____

деректемелері, бизнес сәйкестендіру номірі/жеке сәйкестендіру номірі), _____
дара кәсіпкер _____
атынан (_____
жеке тұлғалар – дара кәсіпкерлер үшін) ретінде есепке қою туралы куәлік) _____
негізінде әрекет ететін _____
екінші тараптан (лауазымы, А.Ә.Т.)
төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тaraу. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

- Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
концессионер (табиғи монополиялар субъектісі) – концессия шартына сәйкес концессия объектісіне құқық алған заңды тұлға (мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);
теміржол көлігіндегі тасымалдаушы (бұдан әрі – тасымалдаушы) – жылжымалы құрамда тасымалдауларды жүзеге асыратын және тасымалдау құжаттарында көрсетілген тасымалдаушы;

уәкілетті органның ведомствоны – тиісті табиғи монополия салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствоны.

2-тарау. Шарттың нысанасы

2. Концессионер Шартқа сәйкес концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтерді ұсынады, тасымалдаушы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде оларға ақы төлейді.

3. Концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтерді ұсынуға арналған шарт тасымалдаушымен жеке тәртіpte жасалады.

3-тарау. Концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдарды беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің шарттары

4. Тасымалдаушының концессионерге концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдарды пайдалану құқығын алуға өтінім беруі, оны қарau және поездардың қозғалыс кестесіне енгізу Қазақстан Республикасының теміржол көлігі саласындағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

5. Поездар қозғалысының участекері бойынша поездар қозғалысының концессионер бекітken кестесінен тасымалдаушының үзінді-көшірмесі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

6. Концессионер белгіленген тәртіппен бекітken поездар қозғалысының кестесі негізінде тасымалдаушы концессионерге тасымалдау мерзіміне дейін күнтізбелік он қүн бұрын концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржол қызметтерін пайдалануға арналған өтінімде көрсетілген поездар параметрлерінің өзгерістері туралы мәліметтерді қамтитын тасымалдау жоспарын ұсынады.

Тасымалдау жоспарын _____

(беру нысаны мен тәсілі көрсетіледі)

(тасымалдаушының поезы құрылатын станциядағы (учаскедегі) концессионердің жауапты адамы көрсетіледі) береді.

7. Концессионер белгіленген тәртіппен бекітken поездар қозғалысы кестесінің негізінде тасымалдаушының тасымалдаудың техникалық жоспарында көрсетілген тасымалдау мерзіміне дейін _____ тәулік/сағат бұрын тасымалдаушы концессионерді поезды техникалық және/немесе коммерциялық қарап-тексеруге берудің уақыты туралы хабардар етеді.

Хабарламаны

(хабарлама берудің нысаны мен тәсілі көрсетіледі)

(тасымалдаушының поезы құрылатын станциядағы (учаскедегі) концессионердің жауапты адамы көрсетіледі) береді.

8. Концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар темір жолға жылжымалы құрамды жіберу кезінде тасымалдаушы концессионерге Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндестін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 333 бұйрығымен бекітілген Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), сондай-ақ Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау қағидаларына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11119 болып тіркелген) сәйкес жылжымалы құрамға есептке алу құжатын ұсынады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - КР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Толтырылған тасымалдау құжаттарының бір данасын тасымалдаушы поезды жөнелтетін станциядағы концессионерге береді.

Тасымалдау құжаттарының негізінде концессионер поездын заттай парагын _____ данада ресімдейді.

10. Концессионер өкілдері жүру жолында поезд құрамының барлық өзгерістері туралы поездын заттай парагының барлық данасына белгі қояды.

11. Поезд межелі станцияға келген кезде тасымалдаушы концессионерге поездын заттай парагының _____ данасын және _____ данада тасымалдау құжаттарын береді.

12. Поездын межелі станциясында (учаскесінде) концессионер есептелген төлемдердің дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады.

13. Поездын тасымалдау құжаттары мен заттай парагы осы Шарттың талаптарына сәйкес қызметтер көрсету фактілерін және олардың нақты көлемін раставтың құжаттар болып табылады және концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржол қызметтерін көрсету үшін түпкілікті есеп айырысулар жүргізуге негіз болады.

14. Тасымалдаушының диспетчерлік қызметіне концессионердің тасымалдау процесі мен вагон ағындарын жоспарлауға, ұйымдастыру мен жүзеге асыруға, локомотивтер мен вагондардың айналымын реттеуге, тасымалдаушы поездарының қозғалысын бақылауға, қозғалыс кестесін орындауға қажетті ақпаратты беруі

(
акпарат берудің мерзімі көрсетіледі) тасымалдаушының әрбір өтініші бойынша жеке _____

(ақпарат берудің нысаны мен тәсілі көрсетіледі) жүзеге асырылады.

4-тарау. Ақы төлеу тәртібі

15. Концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтерге ақы төлеу уәкілетті органның ведомствоны бекіткен тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) бойынша жүргізіледі.

16. Концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтерге ақы төлеуді тасымалдаушы осы Шартты жасасқаннан кейін он жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметтердің мәлімделген (келісілген) көлемінің құнынан 100% алдын ала ақы төлеу шартымен жүргізеді.

17. Концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржол қызметтерін көрсеткені үшін түпкілікті есеп айырысу іс жүзінде көрсетілген қызметтердің көлемі үшін екіжақты актілер мен шот-фактуралардың негізінде қызметтер көрсетілген айдан кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей жүргізіледі.

18. Осы Шартта көзделген төлемдердің мерзімі өткен жағдайда, тасымалдаушы концессионерге төлем күнін қоса алғанда, әрбір мерзімі өткен күн үшін берешек сомасынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша тұрақсыздық айыбын төлейді.

19. Концессионердің кінәсінен осы Шартта көзделген көлемнен кем көлемде концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар қызметтерін көрсетуге байланысты тасымалдаушы артық төлеген соманы қайтаруды концессионер кешіктірген жағдайда, концессионер тасымалдаушыға әрбір мерзімі өткен күн үшін берешек сомасынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша тұрақсыздық айыбын төлейді.

20. Тасымалдаушиның есептелген төлемдердің барлық сомасын енгізу фактісі немесе концессионердің шотына есептелген төлемдердің барлық сомасының тұсу фактісі (фактісі көрсетіледі) _____ концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтерге ақы төлеу бойынша тасымалдаушиның өз міндеттемелерін орындау деп танылады.

5-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

21. Концессионер:

1) тасымалдаушы осы Шартта көзделген талаптарды бұзған жағдайда, тасымалдаушины осы қызметтерді көрсетуді нақты тоқтатқанға дейін күнтізбелік бес

күннен кешіктірмей, жазбаша хабардар еткен жағдайда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес, концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтерді тоқтатуға;

2) ұсынылған концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтер үшін уақтылы ақы алуға;

3) тасымалдаушының кінәсінен келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге;

4) тасымалдаушыдан концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтерді ұйымдастыру, жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпарат алуға;

5) табиғи және техногендік сипаты бар төтенше жағдайлар туындаған жағдайда, сондай-ақ тасымалдауға кедергі келтіретін төтенше жағдайлар мен өзге де жағдайлар енгізілген кезде дербес не үәкілетті органдардың өз құзыреттеріне сәйкес қабылданған шешімдердің негізінде тасымалдаушы жүзеге асыратын тасымалдауларды уақытша тоқтату не шектеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Бұл ретте концессионер тасымалдаушыны себептерін көрсете отырып, жылжымалы құрамды уақытша тоқтату немесе оған қол жеткізу ді шектеу туралы қабылданған шешім туралы дереу хабардар етеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

22. Концессионер:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген женілдіктер мен артықшылықтарды ескере отырып концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтерді ұсыну жағдайларын қоспағанда, тасымалдаушыларға концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтеріне қол жеткізу дің тен жағдайларын, оның ішінде үәкілетті орган белгілеген тәртіппен концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдарға қол жеткізу дің тен жағдайларын ұсынуға;

2) тасымалдау кезінде жүктердің Қазақстан Республикасының теміржол саласындағы заңнамасына сәйкес сақталуын қамтамасыз етуге;

3) поездардың қозғалыс кестесін, технологиялық нормаларды, техникалық-өкімдік актілерді, станциялардың технологиялық процестерін және станциялар мен кірме жолдар жұмысының бірыңғай технологиялық процестерін сақтауға;

4) қызметтер көрсетудің техникалық және технологиялық мүмкіндіктерін қоспағанда, тасымалдаушымен келісілген концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтері көлемдерінің орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржол қызметтерінің тасымалдаушы мәлімдеген көлемдерін іс жүзіндегі

мүмкіндіктерден асырып жіберген жағдайда, концессионер Қазақстан Республикасының теміржол көлігі саласындағы заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметтердің орындалуын қамтамасыз етуге;

5) тасымалдаушы поезының жүру жолында концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар қызметтерін Шартта көзделген мерзімдер мен талаптарға сәйкес көрсетуге;

6) осы Шарт бойынша қызмет көрсету кезінде тасымалдаушының диспетчерлік қызметіне тасымалдау процесі мен вагон ағындарын ұйымдастыру, жоспарлау және жүзеге асыру, локомотивтер мен вагондар айналымын реттеу, тасымалдаушы поездарының қозғалысын бақылау, қозғалыс кестесін орындау үшін қажетті ақпаратты беруді жүзеге асыруға;

7) қауіпсіздік пен технологиялық нормалардың талаптарына, сондай-ақ белгіленген тәртіппен бекітілген ұсынылатын қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар қызметтерін белгіленген сапада көрсетуді қамтамасыз етуге;

8) ұсынылатын қызметтердің саны мен сапасын есепке алу және оған бақылау жүргізуге, қызмет көрсетудегі бұзушылықтардың алдын алу және жою жөнінде уақтылы шаралар қабылдауға;

9) концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржол объектілерін белгіленген жылдамдықтары бар поездарды қауіпсіз өткізуді қамтамасыз ететін жағдайда ұстауға;

10) концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар темір жолдардың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 544 бұйрығымен бекітілген Теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11897 болып тіркелген) талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

11) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі № 209 бұйрығымен бекітілген Темір жол көлігіндегі сигнализация туралы нұсқаулықтың (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 6954 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 19 мамырдағы № 291 бұйрығымен бекітілген Поездардың қозғалысы және теміржол көлігіндегі маневрлік жұмыс жөніндегі нұсқаулықтың (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 7021 болып тіркелген) талаптарын орындауға;

12) Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде концессия шарттары бойынша темір жол көлігі объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтерге арналған тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелердің) езгерістері туралы тасымалдауышыны хабардар етуге;

13) тасымалдаушыны себептерін көрсете отырып, жылжымалы құрамды уақытша тоқтату немесе рұқсат беруді шектеу бойынша қабылданған шешім туралы деру хабардар етуге;

14) теміржол көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келмейтін жылжымалы құрамды концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолға жіберуге жол бермеуге;

15) жүру жолында тасымалдаушының жылжымалы құрамының теміржол көлігі саласындағы уәкілетті орган бекіткен жүкті сақтаудың техникалық және технологиялық талаптарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, тасымалдаушының жылжымалы құрамының қозғалысын тоқтатуға;

16) жылжымалы құрамға қызмет көрсететін персоналдың теміржол көлігі саласындағы уәкілетті орган белгілеген біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, тасымалдаушы персоналын тасымалдау процесіне жібермеуге;

17) тасымалдаушы өтінімі негізінде поездардың қозғалыс кестесін әзірлеуге және бекітуге;

18) бекітілген қозғалыс кестесіне, қалыптастыру жоспары мен белгіленген технологиялық нормаларға сәйкес, техникалық және технологиялық мүмкіндіктерді келісуді қоса алғанда, поездар қозғалысын орталықтан басқаруды жүзеге асыруға;

19) концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдардың жарамды жағдайда үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

20) тасымалдаушыға концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржол қызметтерін көрсетуге байланысы жоқ көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ үшінші адамдармен болатын міндеттемелердің туындауына алып келетін қосымша талап қоймауга міндетті.

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

23. Тасымалдаушы:

1) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және осы Шартқа сәйкес концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдарды пайдаланудың тең құқығын алуға;

2) Концессия шарттары бойынша теміржол көлігінің объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтің шарттарына сәйкес теміржолдың қауіпсіздік және технологиялық нормаларының талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының теміржол көлігі саласындағы заңнамасына сәйкес ұсынылатын қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес, белгіленген сападағы қызметтерді алуға;

3) осы Шарттың мерзімі мен талаптарына сәйкес поездың жүру жолында концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтерді алуға;

4) концессионерден шартта көзделген концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтердің мерзімі мен шарттарының өзгеруіне алып келетін поездардың қозғалыс кестесіндегі өзгерістер туралы жазбаша нысандағы ақпаратты концессионер енгізгенге дейін құнтізбелік үш күннен кешіктірмей алуға (дулей зілзала, әскери қымылдар, ереуілдер немесе көздеу немесе алдын алу мүмкін емес өзге де жағдайлар);

5) тасымалдау процесі мен вагон ағындарын ұйымдастыру, жоспарлау мен жүзеге асыру, локомотивтер мен вагондардың айналымын реттеу, поездар қозғалысын бақылау, қозғалыс кестесін орындау үшін концессионерден ақпарат алуға;

6) концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдарды пайдалануға ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) өзгеруі туралы ақпаратты концессионерден Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында көрсетілген мерзімдерде алуға;

7) концессионердің кінәсінен келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге;

8) себептерін көрсете отырып, концессионердің вагондарды қабылдауды уақытша тоқтату немесе шектеу шешімін қабылдауы туралы ақпарат алуға;

9) концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржол қызметтерін көрсетуге байланысы жоқ көрсетілетін қызметтерден, сондай-ақ үшінші адамдардың алдында міндеттемелердің туындауына алып келетін қосымша талаптардан бас тартуға;

10) осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін концессионердің іс-әрекетіне сот тәртібімен шағымдануға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

24. Тасымалдаушы:

1) концессия шарттары бойынша теміржол көлігінің объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтерге уақытылы және толық көлемде ақы төлеуге;

2) Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 2 тамыздағы № 612 бүйрекімен бекітілген Теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 2 тамызда № 19188 болып тіркелген) және теміржол көлігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерде көзделген теміржол жылжымалы құрамын техникалық пайдалану талаптарына сәйкес жүктерді теміржол көлігімен тасымалдаудың орындалуын қамтамасыз етуге;

3) концессионерге концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтерді ұйымдастыру, жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпарат ұсынуға;

4) технологиялық нормаларды, поездар қозғалысының бекітілген кестесін, техникалық-бөлу актілерін, станциялардың технологиялық процестерін және станциялар мен кірме жолдар жұмысының бірыңғай технологиялық процестерін сақтауға;

5) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі № 209 бүйріғымен бекітілген Темір жол көлігіндегі сигнализация жөніндегі нұсқаулықтың (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 6954 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 19 мамырдағы № 291 бүйріғымен бекітілген Поездардың қозғалысы және теміржол көлігіндегі маневрлік жұмыс жөніндегі нұсқаулықты (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 7021 болып тіркелген) талаптарын орындауға;

6) концессионерге осы Шарт бойынша көрсетілетін қызметтерді алуға байланысты олар жүзеге асыратын қызмет түрлеріне арналған лицензия ұсынуға және концессионерді көрсетілген лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру не күшін жою туралы уақтылы хабардар етуге;

7) концессионердің поездар қозғалысының қауіпсіздік талаптарын, қозғалыс кестесінің нормативтерін, поездарды қалыптастыру жоспары мен тәртібін, концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдың инфрақұрылымдық желілік бөлімшелері жұмысының технологиялық процестерін қамтамасыз етуге қатысты өкімін орындауға;

8) осы Шартта көзделген мерзімді және талаптарды сақтауға;

9) Қазақстан Республикасының теміржол көлігі саласындағы заңнамасында белгіленген мерзімде концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдарды пайдалануға арналған тараптармен келісілген өтінімдерде көзделген көрсетілетін қызметтерді алудан бас тартуы туралы концессионерді жазбаша нысанда хабардар етуге;

10) концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржол объектілерінің анықталған ақаулары, сондай-ақ теміржол көлігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген техникалық пайдалануды үшінші тұлғалардың бұзғандығы туралы концессионерге хабарлауға;

11) концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдарды пайдалану бөлігіндегі теміржол көлігі саласындағы уәкілетті органның талаптарын сақтауға;

12) концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтерді алудың техникалық және технологиялық мүмкіндіктері болмайтын жағдайларды қоспағанда, тасымалдау жоспарында мәлімделген көлемдердің орындалуын қамтамасыз етуге;

13) концессионердің тасымалдау процестерін орталықтан басқару жөніндегі нұсқауын сақтауға;

14) жұмыскерлердің тасымалдау процесіне байланысты біліктілігінің теміржол көлігі саласындағы бекітілген талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге;

15) жылжымалы құрамның теміржол көлігі саласындағы белгіленген талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге міндетті.

Ескеरту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

6-тaraу. Тараптардың жауапкершілігі

25. Тараптар осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына, Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына және Қазақстан Республикасының теміржол көлігі саласындағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

26. Өсімпұл төлеу тасымалдаушыны Шарттың талаптарына сәйкес концессионерге тиісті төлемдерді енгізуден босатпайды.

27. Белгіленген мерзімде қызметтер ұсынылмаған жағдайда, концессионер тасымалдаушыға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша тұрақсыздық айыбын төлейді.

28. Осы Шарттың талаптарында көрсетілетін қызметтерді алудан бас тартуы туралы концессионерді хабардар ету мерзімін сақтамаған жағдайда, тасымалдаушы концессионерге қызметтерді алудан бас тартқан күннен бастап концессия шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдар көрсететін қызметтерде жоспарланған көлемі үшін тиісті төлемдер сомасынан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі мөлшерінде айыппұл төлейді.

29. Тасымалдаушыға поездар қозғалысы кестесінің өзгеруі туралы хабардар ету мерзімін сақтамаған жағдайда, концессионер тасымалдаушыға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі мөлшерінде айыппұл төлейді.

30. Концессионердің және (немесе) тасымалдаушының міндеттемелерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты үшінші тұлғага келтірілген залалдарды тараптар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен және мөлшерде өтейді.

7-тaraу. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

31. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысының шығындарды өтеуге құқы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындастын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл

ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындастырылған шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталған күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

32. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла түруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылған жағдайда, екінші тарапқа бұзылуы болжанған күнге дейін кемінде құнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарланса, Тараптардың әрқайсысы Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар құнтізбелік отыз күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысулады жүргізуге міндеттенеді.

8-тарау. Дауларды шешу

33. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұтастай алғанда, немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік болған жағдайда, Тараптардың кез келгені екінші тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, кінә қоюға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жүмсайды.

34. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

35. Тараптардың Шарттан туындастырылған және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

36. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір тарап үшін бір-бір дана жасалады.

37. Тараптардың келісімі бойынша шарт Үлгілік шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

9-тарау. Шарттың қолданылу мерзімі

38. Шарт 20 жылғы " " сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді (Астана қаласының үақыты бойынша) және 20 жылғы " " 24:00-ге дейін қолданылады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Үлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Егер тараптардың бірі бұл туралы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын мәлімдесе, Шарттың қолданылу мерзімі көрсетілетін қызметті беру көлемі нақтылана отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзімі аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және талаптарда ұзартылған болып есептеледі.

10-тарау. Тараптардың занды мекенжайлары, банк деректемелері мен қолдары

Концессионер:

Тасымалдаушы:

Қазақстан Республикасы
Үлттық экономика министрінің
2019 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 бұйрығына
18-қосымша

Электр энергиясын өндірудің-тұтыну тендерінің ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған ұлгілік шарт

(шарттың жасалған орны)

20__жылғы " __ "

Бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын _____

_____ (электр энергиясын өндіруді-тұтынуды ұйымдастыру жөніндегі

көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі)

атынан

_____ негізінде әрекет ететін (күжат атауы) _____ бір тараптан лауазымы, аты, экесінің аты (болған жағдайда), тегі _____

(бұдан әрі – А.Ә.Т.) және бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын, көрсетілетін қызметті пайдалануышы

(пайдаланушиның деректемелері, мекенжайы, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі (занды тұлғаның атауы, _____ атынан жеке тұлғаның А.Ә.Т.) қажеттісін сзыу керек) _____ негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан, (лауазымы, А.Ә.Т.) мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

авариялық бұзылыс – істен шығуына немесе пайдалану кезінде зақымдануына алып келген электр қондырғысы немесе оның элементтері жұмысы технологиялық параметрлерінің жол берілмейтін ауытқулары;

есеп айырысу кезеңі – күнтізбелік ай (айдың бірінші күні сағат 00:00-ден соңғы күнінің 24:00-ге дейін (орта европалық уақыт –Гринвич меридианының уақыты плюс бір сағат), оның нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы электр энергиясының орталықтандырылмаған және орталықтандырылған саудасы нарықтарындағы шарттар бойынша электр энергиясын сатып алу-сату көлемдерінің түпкілікті есептеулері жүргізіледі;

жұқтеменің өнірлік бейіні – Жүйелік оператордың электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің орталық деректер базасында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінен сағаттық есепке алудың көрсетілген деректері болмаған кезде, осы теңгерімдеу аймағында электр энергиясын өндіру (тұтыну) көлемінің кВт*сағ (тиісті есепке алу аспаптарына сәйкес) және Жүйелік оператормен келісілген жұқтеменің өнірлік бейінінің осы есептік кезеңге (күнтізбелік айға) сәйкес келетін нақты мәнінің туындысы ретінде айқындалатын есептік кезең (күнтізбелік ай) үшін теңгерімдеу аймағында электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің генерациясының (тұтынуының) нақты сағаттық мәндерін айқындауға арналған бейін;

құзыретті орган – электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндірудің-тұтынудың нақты теңгерімі – есептік кезеңде жеткізілген және тұтынылған электр энергиясының көлемін көрсететін жүйелік оператор жасаған құжат.

Мемлекеттік энергетикалық бақылау (бұдан әрі – Мемлекеттік энергетикалық бақылау) – мемлекеттік энергетикалық бақылау жөніндегі мемлекеттік орган жүзеге асыратын электр энергетикасы саласындағы бақылау;

өнеркәсіптік кешен – электр энергиясын өндіру осы үйымның құрамына кіретін кәсіпорындар мен бірлестіктердің тұтынуы, сондай-ақ көтерме сауда нарығында электр энергиясын өткізу мақсатында жүзеге асырылатын, жеке заңды тұлғалар болып табылмайтын, электр станциялары бар электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі болып табылатын үйим;

өнім беруші – Тұтынушыға электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді үйымдастыру бойынша қызметтер көрсететін жүйелік оператор;

өтінім – Тұтынушы қол қойған және Өнім берушіге Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жіберілетін, электр энергиясын өндіру-тұтыну көлемі, электр энергиясын өндіру-тұтыну уақытының кезеңі, осы кезең ішінде қуат бойынша көлемді бөлу туралы ақпаратты қамтитын жазбаша құжат. Өтінім айлық, тәуліктік және жедел болуы мүмкін.

теңгерім провайдері – жасалған шарттарға сәйкес электр энергиясын өндірудің-тұтынудың өз теңгерімсіздіктерін, сол сияқты электр энергиясы нарығының басқа да субъектілерінің теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін өзіне жауапкершілік қабылдаған электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі;

тұтынушы – энергия өндіруші, энергия жеткізуі, энергиямен жабдықтаушы үйим;

үәкілетті орган ведомствосы – табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган ведомствосы;

электр энергиясының көлемі – Өнім беруші мен Тұтынушының және/немесе үшінші тұлғалардың теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында коммерциялық есепке алу аспаптары көрсеткіштерімен айқындалатын, Шарт бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау мақсатында киловатт-сағатпен өлшенетін, Тұтынушының тұтынған және/немесе өндірген электр энергиясының мөлшері.

Шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес пайдаланылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Шарттың нысанасы

2. Өнім беруші Тұтынушыға Шартта белгіленген көлемде және тәртіpte Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергетикасын өндірудің-тұтыну теңгерімін үйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсетуге міндеттенеді.

3. Тұтынушыға Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясын өндірудің-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсетудің техникалық талаптары мен сипаттамалары:

(бұл тармақта нормативтік техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес келуге тиіс Шарт нысанасының техникалық талаптары мен сипаттамалары көзделеді)

3-тaraу. Көрсетілетін қызметтерді ұсыну шарттары

4. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

5. Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясын өндірудің-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер Тұтынушыға Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына және осы Шартқа сәйкес көрсетіледі және мыналарды:

1) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының, оның ішінде имитациялық режимде жұмыс істеуін ұйымдастыруды;

2) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының имитациялық жұмыс режимінде нақты уақыт режимінде туындастырын (реттеудің белгіленген диапазондары шеңберінде) электр энергиясы теңгерімсіздігін физикалық реттеуді;

3) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бүйріғымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) бекітілген Теңгерімдеуші нарықтың жұмыс істеу қағидаларына (бұдан әрі - Электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидалары) сәйкес электр энергиясының сағаттық теңгерімсіздіктерінің көлемін айқындауды;

4) алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен;

5) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының бағдарламалық қамтамасыз етілуіне қызмет көрсетуді және оны пайдалануды;

6) нарықтар субъектілерінің ақпараттық-коммуникациялық жүйелерінің меншікті интеграциясын құруды қамтиды.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

6. Алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйріғымен.

7. Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергетикасын өндірудің-тұтынудың теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді көрсету Шарттың 9 және 11-тармақтарына сәйкес ықтимал жасалатын түзетулер

ескеріле отырып, Тұтынушының айлық немесе тоқсандық өтінімінің негізінде және оған сәйкес жүргізіледі.

8. Алдағы тоқсанға өтінім тиісті тоқсан басталғанға дейін күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей беріледі.

9. Алдағы есеп айырысу кезеңіне айлық өтінім тиісті есеп айырысу кезеңі басталғанға дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей беріледі.

10. Тұтынушы Өнім берушіге айлық және тоқсандық өтінімді факсимильдік байланыс құралдарымен, кейін өтінім түпнұсқасын ұсына отырып береді.

11. Тұтынушының электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік көлемінің өтінімін түзетуі Электр энергиясының көтерме сауда нарығын үйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Тәуліктік өтінімді Тұтынушының уәкілетті өкілі Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіpte береді.

4-тaraу. Электр энергиясын есепке алу

13. Тұтынушының есеп айырысу кезеңдегі өндірген-тұтынған электр энергиясының нақты көлемі есеп айырысу кезеңінің бірінші күнтізбелік күнінде сағат 00:00-ден бастап соңғы күнтізбелік күнінде сағат 24:00-ге дейін (уақыт орташа европалық – Гринвич меридианы уақыты плюс бір сағат) электр энергиясының коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері мен электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарықтарындағы электр энергиясын өндірудің-тұтынудың нақты теңгерімі негізінде айқындалады.

14. Өнім беруші Тұтынушыға есептік кезеңде көрсеткен электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді үйымдастыру жөніндегі қызметтердің көлемі Тұтынушының электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты көлемдерінің сомасы ретінде айқындалады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Тараптар есепті айдан кейінгі күнтізбелік айдың бесінші күніне дейінгі мерзімде тиісті есепті кезең үшін электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңгерімдеуді үйымдастыру бойынша орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісін ресімдейді, оған қол қойылады және олар болған жағдайда Тараптардың мөрлерімен расталады.

Тараптардың біреуі актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарықтарында электр энергиясын өндірудің-тұтынудың нақты теңгерімдері электр энергиясын өндіру-тұтыну көлемін растайтын құжаттар болып табылады.

16. Тараптар көрсеткіштерді алу, телеөлшеуіштер тізбектері мен коммерциялық есепке алу жүйелерінің техникалық жай-күйін тексеру мақсаттары үшін бір-біріне тәуліктің жұмыс сағаттары ішінде кез келген уақытта электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарын қоржетімді етуге міндеттенеді. Есеп айырысу кезеңі аяқталған соң электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуды тараптардың уәкілетті өкілдері жүргізеді. Егер тараптардың бірінің уәкілетті өкілі болмаса не көрсеткішті алудан бас тартса, онда екінші тараптың уәкілетті өкілдері электр энергиясының коммерциялық есепке алу аспаптары көрсеткіштерінің салыстыру актісіне қол қоюға тиіс.

17. Электр энергиясының коммерциялық есепке алу нүктелерінде орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптарының тексерілгені туралы қолданыстағы қуәлігі болуы және оларға пломба салынуға тиіс. Есепке алу мен телеөлшеуіштер тізбектерінде пломба салынуға тиіс. Тұтынушы мен Өнім беруші өздерінің теңгерімінде тұрған коммерциялық есепке алу аспаптарына өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес метрологиялық тексеруді өз есебінен жүргізеді. Тараптардың әрқайсысы екінші тараптан оның (екінші тараптың) электр энергиясының коммерциялық есепке алу аспаптарына қосымша тексеру жүргізуді талап ете алады. Алайда, тараптардың бірі қосымша тексеру жүргізуді талап етсе, онда ол қосымша тексеруді жүргізуге бастамашы болған Тараптың есебінен жүргізіледі. Егер қосымша тексеру кезінде электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының ақаулығы олардың дәлдік класының шегінен шығатыны анықталса, онда қосымша тексеру бойынша шығасыларды электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының иесі төлейді.

18. Электр энергиясын есепке алу схемасында бұзушылықтар анықталған кезде, барлық бұзушылықтар тіркелетін тиісті акт жасалады. Бұл жағдайда Тапсырыс берушінің электр энергиясын өндірудің-тұтынудың көлемі есеп айырысу кезеңі аяқталғаннан кейін электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарықтарында электр энергиясын өндірудің-тұтынудың нақты теңгерімі негізінде айқындалады.

5-тaraу. Электр энергиясының теңгерімсіздіктерін есептеу тәртібі

19. Егер Тұтынушы Ұлттық электр желісіне тікелей қосылған болса, теңгерімсіздіктерді анықтау (өлшеу) электр энергиясын коммерциялық есепке алу нүктелерінде орнатылған аспаптардың деректері бойынша және телеметрия деректері бойынша есептеу формуласын қоса алғанда, Өнім берушімен келісілген формулалар бойынша жүргізіледі.

20. Желі топографиясының өзгеруіне байланысты есептеу формулаларындағы өзгерістер Шартқа қосымша келісімдермен ресімделеді.

Ескеरту. 20-тармақ жаңа редакцияда – КР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Егер Тұтынушы Ұлттық электр желісіне энергия беруші басқа ұйымдардың желілері арқылы қосылған болса, электр энергиясы тенгерімсіздіктерін айқындау (өлшеу) электр энергиясын коммерциялық есепке алу нүктелерінде орнатылған аспаптардың деректері бойынша және Тұтынушының тиісті энергия беруші ұйыммен келіскең формулалары бойынша жүргізіледі. Тұтынушы мен энергия беруші ұйымның арасында электр энергиясы тенгерімсіздігінің нақты көлемі туралы деректерде алшақтық болғанда, энергия беруші ұйымның Өнім берушіге ұсынған деректері есептеуге алынады.

Ұлттық электр желісіне басқа энергия беруші ұйымдардың желілері арқылы қосылған Тұтынушы үшін электр энергиясы тенгерімсіздігі шамаларының есептерін түзету есеп айырысу кезеңінде нәтижелері бойынша электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптары көрсеткіштерін алу актісінің негізінде жүргізіледі.

22. Есеп айырысу кезеңінде нәтижелері бойынша есеп айырысу кезеңінен кейінгі күнтізбелік айдың бесінші күніне дейінгі мерзімде Тұтынушының электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу актісі ресімделеді, оның негізінде Тараптар Тұтынушының қабылдаған-босатқан электр энергиясының нақты көлемі айқындайды және келіседі. Тұтынушы қабылдаған-босатқан электр энергиясының нақты көлемі есеп айырысу кезеңіндегі сағаттық мәндердің жиынтығынан ауытқыған жағдайда, сағаттық мәндерге түзетулер енгізіледі және электр энергиясының сағат сайынғы тенгерімсіздігіне қайта есептеу жүргізіледі. Есепке алудың ауытқуының түзету коэффиценті сағаттық мәндер сомасына электр энергиясын тұтынушының қабылдаған-босатқан нақты көлеміне қатысы ретінде айқындалады.

23. Энергия өндіруші ұйымдар болып табылатын Тұтынушылар үшін, техникалық себептермен жүктемені сағаттық өлшеу болмаған жағдайда, тенгерімсіздіктердің сағаттық мәндері түзету коэффиценттері есепке алынып, телеметрия деректері бойынша, телеметрия деректері болмағанда – тәулік ішіндегі орташа сағаттық шама ретінде анықталады.

6-тарау. Жүктеменің өңірлік бейіні

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – КР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Жүктеменің өңірлік бейіні электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің сағаттық тұтыну өлшемдері (сальдо – ағын) болмаған кезде тұтынудың сағаттық мәндерін анықтау үшін пайдаланылады. Тұтынушыда сағаттық тұтыну өлшемдері (сальдо – ағыны) болмаған кезде не осы жүйелердің (аспаптардың) қандай

да бір уақытша істен шығуы (жұмыс істеуде іркілістер) туындаған кезде электр энергиясын өндірудің-тұтынудың теңгерімсіздігінің шамасы жүктеменің өңірлік бейіні пайдаланыла отырып айқындалады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Жүктеменің өңірлік бейіні Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Тұтынушыда жүктеменің келісілген өңірлік бейіні болмаған жағдайда, Өнім беруші тұтынудың сағат сайынғы мәндерін анықтау үшін тұтынудың ұқсас құрылымымен не аталған Тұтынушының жыл сайын жүргізетін сағат сайынғы бақылау өлшемдерінің деректері бойынша Тұтынушы жүктемесінің ұлгілік бейінін анықтайды және пайдаланады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

27. Тұтынушы:

1) электр энергиясын өндірудің-тұтынудың теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді Шартқа және Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес алуға;

2) алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

3) Өнім берушінің Шарт бойынша міндеттерді бұзуынан туындаған залаларды Өнім берушінің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтеуін талап етуге;

4) Шартты жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге құқылыш.

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Өнім беруші:

1) мемлекеттік органдардың сұрау салуы бойынша олардың құзыреті шегінде Тұтынушының теңгерімдеуші нарығындағы қызметі туралы ақпаратты ұсынуға;

2) Тұтынушы Шарт бойынша өзінің ақшалай міндеттемелерін орындаған кезде күнтізбелік отыз күн бұрын ескерте отырып, осы шартты біржақты тәртіппен бұзуға;

3) Тұтынушының Шарт бойынша міндеттемелерді бұзуынан туындаған залалдарды Тұтынушының Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өтеуін талап етуге;

4) Шартты жасасу мен орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сот органдарына жүгінуге құқығы бар.

29. Тұтынушы:

1) теңгерімдік тиесілілігіне қарай электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының (жүйелерінің) техникалық жағдайын тиісінше ұстауға, электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде айқындалатын олардың техникалық жағдайлары бойынша талаптарды орындауға;

2) Өнім берушінің электр энергиясын өндірудің-тұтынудың теңгерімін үйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерін уақытылы төлеуге;

3) Қазақстан Республикасының бірынғай электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясының стандарттық жиілігін қолдауға бағытталған нормативтік талаптарды орындауға, тараптардың келісімдерімен айқындалған энергия тұтынудың режимдерін сақтауға;

4) алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

5) Өнім берушінің жұмыскерлерін коммерциялық есепке алу аспаптарына, сондай-ақ Мемлекеттік энергетикалық бақылау жұмыскерлерін Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес электр құрылғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін жіберуге;

6) тоқсан сайын өзара есеп айырысудың салыстыру актісін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде тоқсанның соңғы күніндегі жағдай бойынша, келіспеушіліктерді көрсете отырып немесе оларсыз қол қоюға;

7) алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

8) деректерді автоматты түрде беруді жүйелік оператордың диспетчерлік орталықтарымен келісілген көлемде жүзеге асыруға міндетті.

Ескеरту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Өнім беруші:

1) электр энергиясының көтерме сауда нарығына барлық қатысуышылар үшін тең жағдайларды қамтамасыз етуге;

2) электр энергиясын өндірудің-тұтынудың теңгерімін үйымдастыру бойынша тарифтерді белгілеу бөлігінде қызметтерді көрсетуге шарт жасасу кезінде уәкілетті органның шешімін басшылыққа алуға;

3) Тұтынушыға оның қызметін жүзеге асыру үшін акпарат ұсынуға;

4) кепілді түрде теңгерімсіздіктерді физикалық реттеуді;

5) теңгерімдік тиесілілігіне қарай электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының (жүйелерінің) техникалық жағдайын тиісінше ұстауға, олардың электр

энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде айқындалатын техникалық жағдайлары бойынша талаптарды орындауға;

6) Қазақстан Республикасының бірынғай электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясының стандарттық жиілігін ұстап тұруға бағытталған нормативтік талаптарды орындауға;

7) Тұтынушының жұмыскерлерін коммерциялық есепке алу аспапатарына жіберуге, сондай-ақ Мемлекеттік энергетикалық бақылау жұмыскерлерін Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес электр құрылғыларының техникалық жай-күйін және оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін жіберуге;

8) тоқсан сайын өзара есеп айырысудың салыстыру актісін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде тоқсанның соғы күніндегі жағдай бойынша, келіскеушиліктерді көрсете отырып немесе оларсыз қол қоюға міндетті.

31. Өнім беруші электр энергетикасы саласындағы қолданыстағы заңнамада белгіленген өзге де әрекеттерді жасауға, сондай-ақ:

1) Тұтынушы Шарт бойынша ақшалай және өзге де міндеттемелерін және (немесе) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы қолданыстағы заңнамасында қойылған талаптарды қызмет көрсетулерді тоқтатқанға не шектегенге дейін кемінде 72 сағат бұрын хабардар ете отырып бұзған;

2) авариялық жағдайлар туындаған кезде, Өнім беруші "Авария режимін" енгізген кезде Тұтынушының теңгерімдеу аймағында электр энергиясы теңгерімсіздігін физикалық реттеу мүмкіндігі болмаған жағдайда;

3) жөндеу жұмыстарының жылдық немесе айлық кестесінде көзделген Өнім берушінің электр желілеріне жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде, қызмет көрсетуді тоқтату не шектеуге дейін кемінде 72 сағат бұрын хабардар ете отырып, Тұтынушының теңгерімдеу аймағында электр энергиясы теңгерімсіздігін физикалық реттеу мүмкіндігі болмаған жағдайда;

4) электр желілері участекері қималарының асқын жүктемесіне әкеп соғатын Тұтынушының және басқа да көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясының елеулі теңгерімсіздігі жағдайында;

5) Тұтынушының теңгерімдеу аймағында электр энергиясы теңгерімсіздігін физикалық реттеу мүмкіндігі болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының бірынғай электр энергетикалық жүйесін түрлі теңгерімдеу аймақтарына бөлу;

6) алып тасталды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-тарау. Ақы төлеу тәртібі

32. Тұтынушы Өнім берушінің электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тенгерімін үйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді уәкілетті органның ведомствоғы бекіткен тарифке сәйкес есептік айдың әрбір онкүндігі аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қызметтердің мөлшерлес бөлінген айлық шарттық көлемінен 100% төлем шарттарында он күндік негізде жүргізеді.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Тариф өзгерген жағдайда Өнім беруші Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде жазбаша немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы Тұтынушыны бұл жайында хабардар етеді.

34. Өнім берушінің электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тенгерімдеуін үйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерінің көлемі келесі түрде есептеледі:

1) энергия өндіруші үйымдар үшін энергия өндіруші үйымдардың шиналарынан босатылған электр энергиясының нақты көлемі үшін;

2) энергия беруші үйымдар, энергиямен жабдықтаушы үйымдар, тұтынушылар және цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының көтерме және тенгерімдеуші нарықтарында, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден алынған электр энергиясының нақты көлемдері үшін;

3) өнеркәсіп кешендері үшін олардың құрамындағы меншік құқығында, жалға алу құқығында немесе генерациялайтын көздердің өзге де заттық құқығында бар шиналардан босатылған электр энергиясының нақты көлемдері, олардың құрамындағы меншік құқығында, жалға алу құқығында немесе генерациялайтын көздердің өзге де заттық құқығында тұтынушылған электр энергиясының нақты көлемдері, сондай-ақ электр энергиясының көтерме және тенгерімдеуші нарықтарында, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден алынған электр энергиясының нақты көлемдері үшін;

4) электр энергиясын бір топқа кіретін энергия өндіруші үйымдардан сатып алатын көтерме сауда тұтынушылары үшін электр энергиясын көтерме және тенгерімдеуші нарықтарында, оның ішінде олармен бір топқа кіретін энергия өндіруші үйымдардан және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерден алынған электр энергиясының нақты көлемі үшін.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Тұпкілікті есеп айрысуды Тұтынушы электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тенгерімдеуін үйымдастыру бойынша орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісінің негізінде ұсынылған Өнім берушінің төлеуге берілетін шот-фактурасын нақты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізеді.

35-1. Тұтынушы осы Шарттың 35 тармағының талаптарын электр энергиясын өндірудің-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі көрсету қызметтерге ақы төлеу бойынша бұзған жағдайда Өнім беруші Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларымен айқындалған бақылау кезеңінде Тұтынушының сатуға және (немесе) сатып алуға теңгерімдеуші нарық жүйесінде кейінгі өтінімдерін нөлдеу туралы кемінде 72 сағат бұрын алдын ала жазбаша ескерту жібереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігі Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпанды № 106 бүйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 наурызда № 10531 болып тіркелді) Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес атаулы қолдау алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясын кепілді берушілер болып табылатын көтерме сауда нарығының субъектілеріне қолданылмайды

Ескерту. 8-тaraу 35-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

36. Тұтынушы Шарттың 15-тармағында көзделген мерзімде электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тенгерімін ұйымдастыру бойынша орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін ұсынбаған жағдайда, өткен есеп айырысу кезеңі үшін Өнім берушінің қызметтеріне ақы төлеу мөлшері электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тенгерімін ұйымдастыру бойынша орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін ұсынған кезде келесі есеп айырысу кезеңінде Өнім берушінің көрсетілген қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін кейіннен түзете отырып, Өнім берушінің көрсетілген қызметтердің көлемі туралы қолда бар жедел деректеріне сәйкес айқындалады.

37. Өткен кезеңдер үшін қарыз болған кезде ақы бірінші кезекте осы қарызды өтеуге бағытталады. Тұтынушы есеп айырысу кезеңі үшін нақты сомадан артық сома төлеген жағдайда, бұл асып тұсудің айырмашылығы автоматты түрде келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлемақысына (немесе тараптардың келісімдері бойынша, Тұтынушының Өнім берушінің алдындағы басқа міндеттемелері бойынша, егер ондайлар болса, қарыздарын өтеу шот-фактурасына) есептеледі. Егер Тұтынушы келесі есеп айырысу кезеңіне Өнім берушінің қызметтерінен бас тартса, Тұтынушының басқа міндеттемелері бойынша, соның ішінде Өнім берушінің алдындағы ақшалай қарыздарын өтеуге (егер ондайлар болса) кететін сомаларды қоспағанда, артық төленген сомалары қайтарылады.

38. Егер Тұтынушы берілген шот-фактураның дұрыстығына дауласса, ол осы шот-фактураны алған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде Өнім берушіні бұл туралы хабардар етеді және Өнім берушіге қарсылығын баяндап, жазбаша түрде өтініш ұсынады. Бұл ретте Тұтынушы жоғарыда көрсетілген мерзімде шот-фактураның дау тудырмаған бөлігін төлеуге міндетті.

39. Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойылғаннан кейін бақылау-өлшеу аспаптарының ақаулығы анықталған жағдайда, Өнім беруші түзетілген және екі жақты қол қойылған орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісінің негізінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіпте және мерзімде бұрын ұсынылған шот-фактураның күшін жою арқылы түзетілген шот-фактураның көшірмесін жасайды.

40. Өнім берушінің ағымдағы шотына шот-фактурада көрсетілген деректемелер бойынша немесе Өнім берушінің Тұтынушыға жіберген хабарламасында көрсетілген деректемелер бойынша үшінші тараптың ағымдағы шотына ақша аудару электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тенгерімін ұйымдастыру бойынша Өнім берушінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуі бойынша Тұтынушының міндеттемелерін орындау болып танылады.

41. Тараптардың келісімі бойынша электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тенгерімін ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеудің өзге тәртібі мен нысаны белгіленуі мүмкін.

9-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

42. Шот-фактура бойынша ақы төлеу мерзімі келген кезге оны төлемегені үшін Өнім беруші Тұтынушының төлемеген сомалары бойынша төлем мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы. Мерзімі өткен сомалар бойынша Өнім беруші Тұтынушыдан төлемнің мерзімі өткен әрбір күн үшін ақшалай міндеттемені Тұтынушының нақты орындаған күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген 1,5 еселенген базалық мөлшерлемесіне, сүйене отырып есептелген тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Ақы төлемегені немесе уақытылы ақы төлемегені үшін электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тенгерімін ұйымдастыру қызметтерін көрсетуді тоқтату немесе шектеу кезінде туындастын салдарлар үшін жауапкершілік толығымен Тұтынушыға жүктеледі.

44. Өнім берушінің Тұтынушының алдында электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тенгерімін ұйымдастыру бойынша қызметтеріндегі үзілісі,

оларды шектегені немесе тоқтатқаны үшін Шартта көзделмеген жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

10-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

45. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін, егер бұл еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындастын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындастын шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

46. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауга кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла түруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарланған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар күнтізбелік отыз күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуарды жүргізуге міндеттенеді.

11-тарау. Өзге де ережелер және дауларды шешу

47. Электр энергиясын өндірудің-тұтынудың тенгерімін ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету Шартты Тұтынушымен жеке тәртіпте жасалады.

48. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе тұтастай алғанда, немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе әрекетке байланысты туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік жағдайында Тараптардың кез келгені даудың мәнін толық баяндай отырып, екінші Тарапқа наразылық жіберуге құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін барлық күш-жігерін жүмсайды.

49. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

50. Тараптардың Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

51. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір Тарап үшін бір данадан жасалады.

52. Тараптардың келісімі бойынша Шарт ұлгілік Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

12-тaraу. Шартты қолдану мерзімі

53. Шарт 20__ жылғы "___" ____ сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді және 20__ жылғы "___" ____ сағат 24:00-ге дейін қолданылады (уақыт орташа еуропалық – Гринвич меридианы уақыты плюс бір сағат).

54. Егер тараптардың бірі бұл туралы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын мәлімдесе, Шарттың қолданылу мерзімі қызметті беру көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзім аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және талаптармен ұзартылған болып есептеледі.

13-тaraу. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолдары

Өнім беруші: _____

Тұтынушы: _____

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

19-қосымша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 01.10.2024 № 82 (01.07.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 бұйрығына
19-қосымша

Жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған ұлгілік шарт

(шарттың жасалған орны)

20__ жылғы " " _____

Бұдан әрі, Өнім беруші деп аталатын _____

(жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынатын _____

субъектінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі) _____

_____ атынан _____ негізінде әрекет ететін (

кужаттың атауы) _____

_____ (лауазымы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі (бұдан әрі – А.Ә.Т.) бір тараптан және бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын _____

_____ атынан _____

(тұтынушының деректемелері, мекенжайы (занды тұлғаның атауы, А.Ә.Т., жеке тұлғаның атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі/ жеке сәйкестендіру нөмірі) қажеттісін сизу керек) _____

_____ негізінде әрекет ететін _____

_____ (лауазымы, А.Ә.Т.) екінші тараптан, мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тaraу. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

есеп айрысу кезеңі – тұтыныштан жылу энергиясы есепке алынатын және Тұтынушыға төлемге ұсынылатын жылу энергиясына арналған шартпен айқындалатын уақыт кезеңі (күнтізбелік ай);

жылу энергиясы үшін есеп айрысу – Тұтынушының Өнім беруші берген төлем күжаты негізінде есеп айрысу кезеңі аяқталған соң тұтыныштан жылу энергиясы үшін төлемақысы;

жылумен жабдықтау жүйесі – жылу өндіру, жылу беру және жылуды тұтыну құрылғыларынан тұратын жиынтық;

жылу тұтыну құрылғысы – жылу энергиясын Тұтынушының қажеттіліктері үшін жылу энергиясын, жылу жеткізгішті пайдалануға арналған құрылғы;

жылу желісі – жылу энергиясын беруге, таратуға арналған құрылғылар жиынтығы;

жылу жеткізгіш – жылу энергиясын беруге арналған жылумен жабдықтау жүйесінде пайдаланылатын зат (су, бу);

жылу энергиясы – тұтыну кезінде жылу жеткізгіштің термодинамикалық параметрлері (температура, қысым) өзгеретін жылу жеткізгіш беретін энергия;

өлшеу құралдарын тексеру – өлшеу құралдарының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкес келуін анықтау және растау мақсатында мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе басқа аккредиттелген заңды тұлғалар орындайтын операциялар жиынтығы;

өнім беруші – сатып алған жылу энергиясын Тұтынушыларға сатуды жүзеге асыратын ұйым;

тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы – жылу тұтынатын құрылғылардың және/немесе желінің теңгерімдік тиесілігі бойынша немесе тараптардың келісімімен айқындалатын жылу тұтынатын құрылғыларды және/немесе Тараптар желілерін бөлу нүктесі (сызығы), көп пәтерлі тұрғын үйлердегі тұтынушы мен энергия беруші немесе энергиямен жабдықтаушы ұйым арасындағы пайдалану жауапкершілігінің шекарасы басқару торабының кіріс ысырмаларының бірінші бөлу фланеці бойынша айқындалады (Элеватор);

тенгерімдік тиесілік шекарасы – жылу желісінің теңгерімдік тиесілігі бойынша анықталатын энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен Тұтынушы арасындағы, сондай-ақ Тұтынушы мен қосалқы тұтынушы арасындағы жылу желісін бөлу нүктесі;

төлем құжаты – Өнім беруші есепке алу аспаптарының нақты көрсеткіштерінің негізінде жазған, ал ол болмаған немесе уақытша бұзылған жағдайда, есептеу жолымен - оның негізінде Тұтынушы тұтынған жылу энергиясы үшін төлемақы жүргізетін құжат (шот, хабарлама, тұбіртек, ескерту шоты);

тұтынушы – реттеліп көрсетілетін қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалануға ниеттенетін жеке немесе заңды тұлға;

уәкілетті органның ведомствоы – табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствоы.

2-тaraу. Шарттың нысанасы

2. Шарттың алдындағы міндетті талаптар:

(осы тармақта мынадай міндетті талаптар көзделеді: энергетика саласындағы қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген талаптарға сәйкес жылу энергиясын беру және тұтыну режимі, бumen және ыстық сумен жылу энергиясын сағаттық ең жоғарғы босату, сондай-ақ энергетика саласында қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттаманы ескере отырып, жылу жеткізгіштегі тиісті сағаттық ең жоғарғы шығысы және оны қайтарудың талаптары,

жылу энергиясын кәсіпкерлік мақсатта пайдаланатын занды немесе жеке тұлғаларға арналған жылу энергиясының мөлшері, тұтынушы қайтаратын конденсаттың қолемі мен сапасы, оның ішінде жылумен жабдықтау жүйелерінің техникалық дайындығы актісінің, жылу желілерінің теңгерімділік тиесілілігін және тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу актісінің және өзге де құжаттардың болуы).

Қажет болған жағдайда Шарт алдындағы міндетті талаптар Шартқа жеке қосымшамен ресімделеді.

3. Өнім беруші Тұтынушыға энергия беруші үйымдардың қосылған желісі арқылы жылу энергиясын беруге міндеттенеді.

Бұл ретте тұтынушыларға жеткізілетін жылу энергиясының параметрлері (сапасы) тараптардың теңгерімдік тиесілілігінің шекарасында орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады және мемлекеттік стандарттарда немесе энергетика саласындағы өзге де нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген талаптарға, сондай-ақ Өнім беруші жасаған және жергілікті атқарушы органдармен келісілген температуралық кестеге сәйкес келуге тиіс.

Өнім беруші Тұтынушыны Шартқа сәйкес жылу энергиясымен қамтамасыз етуге міндетті.

3-тaraу. Көрсетілетін қызметтерді ұсыну шарттары

4. Өнім беруші жылу энергиясын босатуды, тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, үздіксіз жүргізеді.

5. Тұтынушының тұтынатын жылу энергиясының жүктемесі мен мөлшерін, алынған техникалық шарттардағы мәлімделген және тіркелген жобалық шамалардан асырмай, бірақ Шартта көрсетілгеннен асыруына Тұтынушының өтінімі бойынша Өнім берушінің рұқсатымен жол беріледі, бұл ретте Шартқа тиісті өзгерістер енгізіледі.

6. Тұтынушы Өнім берушігө Шартта айқындалған талаптармен жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге, сондай-ақ жылу энергиясын тұтыну режимі мен осы Шартта көзделген басқа талаптарды сақтауға міндеттенеді.

7. Өнім беруші Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 бұйрығымен бекітілген Жылу энергиясын пайдалану қағидаларында (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10234 болып тіркелген) (бұдан әрі – Жылу энергиясын пайдалану қағидалары) және осы Шартта көзделген жағдайларда, оның ішінде мынадай:

1) мемлекеттік энергетикалық бақылау жөніндегі мемлекеттік орган қуәландырған жылу тұтыну құрылғыларының қанағаттанарлықсыз жай-күйі авария кауіпін туғызатын

немесе азаматтардың өмірлері мен қауіпсіздіктеріне қауіп төндіретін жағдайда, Тұтынушыны міндетті түрде хабардар ете отырып және толық жеткізілмеген жылу энергиясы үшін кейін қайта есеп айырысу жүргізумен;

2) жылу тұтыну құрылғыларына және (немесе) жылу энергиясын есепке алу аспаптарына олардың техникалық жай-күйі мен пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін Өнім берушінің және Мемлекеттік энергетикалық бақылау өкілдерін жібермеген жағдайда, Тұтынушыны кемінде үш тәулік бұрын ескертумен;

3) осы Шарттың 8-тармағында көзделген жағдайларда, Тұтынушыны кемінде үш тәулік бұрын ескертіп;

4) жылу тұтыну құрылғылары жүйелерін есепке алу аспаптарын орнату орнына дейін қосқан жағдайда;

5) жылу желісіне жаңа қуаттарды өздігінен қосқан жағдайда;

6) тараптардың арасында жасалған шарттың талаптарына сәйкес жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі ұсынылған қызметтер үшін ақы төлемеген жағдайда;

7) жылу тұтыну құрылғыларының және жылу желілерінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмыс істеуінің техникалық дайындығы актісінсіз жылу желілеріне қосылған және Тұтынушыда (тұрмыстық тұтынушылардан басқа) тиісті дайындалған персонал және жылу тұтыну құрылғыларының қауіпсіз әрі сенімді жұмыс істеуіне жауапты адамды тағайындау немесе осындай қызмет түрімен айналысуға рұқсаты бар мамандандырылған үйіммен қызмет көрсетуге шарт болмаған жағдайда;

8) егер тараптардың келісімдерінде өзгеше көзделмесе, Шартта көзделген конденсат көлемін 30 %-дан кем қайтарған жағдайда тоқтатуға немесе шектеуге құқылы.

9) авариялық жағдайда тұтынушыға жылу энергиясын беруді тоқтатуға немесе шектеуге құқылы.

Өнім берушінің жылу энергиясын беруді тоқтатуы не шектеуі Тұтынушыны ескерту арқылы жүргізіледі:

осы тармақтың 4), 5) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайларда – дереу;

осы тармақтың 1), 2), 6), 7), 8) тармақшаларында көзделген жағдайларда – егер шартта өзгеше көзделмесе, энергиямен жабдықтаушы үйім тұтынушыны жазбаша хабардар еткеннен кейін (хабарлама қою жолымен) немесе жылу энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланбайтын тұтынушыларға жылу энергиясын беруді тоқтатқанға немесе шектеуге дейін кемінде үш тәулік бұрын тұтынушының электрондық поштасына, факсына хабарлау жолымен.

Бұл ретте Тұтынушының жазбаша түрдегі ескертуі тұтынушының жеке өзіне қол қойғызып тапсырылады не Тұтынушыға тапсырыс хатпен жіберіледі, ал осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген жағдайда Тұтынушы телефонограммамен хабардар етілуі мүмкін.

Тұтынушы шарт жасасу кезінде не кейіннен электрондық поштаның мекен-жайын ұсынған жағдайда ескерту тұтынушының электрондық поштасына жіберіледі.

Көппәтерлі тұрғын үйлерде тұратын Тұтынушыларға осы тармақтың 1), 3), 4), 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда жылу энергиясын берудің тоқтатылатыны немесе шектелетіні туралы ескерту кондоминиум объектісін басқару органының уәкілетті тұлғасының мекенжайына хат, телефонограмма жіберу жолымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жабдықты жөндеу және (немесе) жаңа тұтынушыларды қосу жөніндегі жоспарлы жұмыстарды жүргізу қажет болған және резервтік қорек болмаған кезде Тұтынушыны ажырату тәртібі Жылу энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес көзделеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - КР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тaraу. Жылу энергиясын есепке алу

9. Тұтынушылардың жылу тұтыну құрылғылары жылу энергиясына есеп айырысу үшін қажетті есепке алу аспаптарымен қамтамасыз етіледі. Тұтынушы есепке алу аспаптарын дербес сатып алуға және орнатуға құқылы. Есепке алу аспаптарын Өнім беруші сатып алған және орнатқан жағдайда, Тұтынушы онымен Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіpte жылу энергиясын есепке алу аспабын сатып алу мен орнатуға тиісті шарт жасасады. Жылу энергиясын есепке алушы ұйымдастыру, жылу жеткізгіштің жылу энергиясын есепке алу тораптарының техникалық жай-күйі нормативтік техникалық құжаттамалардың талаптарына жауап беруі тиіс.

10. Жылу энергиясын есепке алу үшін үлгілері Өлшем бірліктерін қамтамасыз етудің мемлекеттік тізіліміне енгізілген есепке алу аспаптары пайдаланылуы тиіс. Бұл ретте, оларда алғашқы немесе кезеңмен тексерілгені туралы осындай тексеруге құқыры бар ұйымның таңбасы болуы қажет.

Есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алушы энергия беруші (энергиямен жабдықтаушы) ұйымның өкілдері Тұтынушының не оның өкілінің қатысуымен, ал көрсеткіштері қашықтықтан алынатын есепке алу аспаптарын орнатқан жағдайда Тұтынушының қатысуының жүргізеді.

Бұл ретте, Тұтынушы қағаз тасығышта басып шығаруға немесе есепке алу аспаптары көрсеткіштерінің электрондық нұсқасын алуға құқылы.

Тұтынушының кінәсінан есепке алу құралдарының көрсеткіштерін алу мүмкін болмаған кезде және егер бұл ретте тұтынушы энергия беруші ұйымға өзі жұмсаған

жылу энергиясының мөлшері туралы мәліметтерді ұсынбаса, энергиямен жабдықтаушы үйім нақты тұтыну бойынша кейіннен қайта есептеуді жүргізе отырып, өткен жылдың осындай кезеңіндегі Тұтынушының жылу энергиясының орташа тәуліктік шығысы бойынша көрсетілген кезеңдер үшін есеп айырысады жүргізуге құқылыш. Тұтынушының кінәсінан есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алудың мүмкін болмауы Өнім берушінің журналында тиісті жазбамен расталады.

11. Есепке алу аспаптарын кезеңмен тексеруді, жөндеуді және оған техникалық қызмет көрсетуді энергия беруші үйім не осындай қызмет түріне рұқсаты бар өзге мамандандырылған үйім Тұтынушымен жасалған жеке шарт бойынша жүзеге асырады

Тұтынушы есепке алу аспаптарын тексеру, жөндеу және оған техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу үшін мамандандырылған үйімді өзі таңдауға құқылыш.

12. Тараптар өз теңгерімдеріндегі есепке алу аспаптарына тиісті метрологиялық стандарттарда көзделген мерзімдерде өз есептерінен метрологиялық тексеру жүргізеді.

Тараптар талап етуші тараптың есебінен жүргізілетін қосымша тексерулер жүргізуді талап ете алады.

13. Өнім беруші жеткізген және Тұтынушы алған жылу энергиясының мөлшері есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады. Тұрмыстық тұтынушыларда есепке алу аспаптары болмаған кезде, төлем мөлшері реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдіктері бекіткен нормалар бойынша айқындалады және Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітеді.

14. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, жылу энергиясын босатуды есепке алу тараптардың теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында жүргізіледі. Есепке алу аспаптары тараптардың теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында орнатылмаған жағдайда, бөлу шекарасынан есепке алу аспаптары орнатылған жерге дейінгі желі участкесіндегі ысыраптар желінің аталған участкесі теңгерімінде тұрған иеленушіге жатады.

Жылу ысыраптарын есептеуді немесе жылу ысыраптарына сынақты энергия беруші үйім Тұтынушымен бірлесіп жүргізеді.

15. Жабдықтардың техникалық жай-күйі үшін жауапкершілік және тұтынушының меншігіндегі, оның ішінде тұтынушылардың ортақ меншігіндегі жылу желілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұтынушыларға жүктеледі және теңгерімдік тиесілілігін шекарасы бойынша анықталады.

Жылу энергиясын есепке алу аспаптарының сақталуына жауапкершілік оның иесіне жүктеледі және теңгерімдік тиесілілігін шекарасы бойынша анықталады.

Кондоминиумды басқару органы жылу тұтыну құрылғыларына қызмет көрсетуді дербес немесе мамандандырылған үйыммен шарт бойынша жүргізе алады.

16. Есепке алу аспабы істен шыққан жағдайда энергиямен жабдықтаушы үйым көрсетілген кезеңдерге есепке алу аспаптары жоқ Тұтынушылар үшін жылумен жабдықтауды тұтыну нормасы бойынша, бірақ бір айдан аспайтын мерзім ішінде есеп айырысу жүргізеді, осы уақытта есепке алу қалпына келтірілуі тиіс.

Егер есепке алу аспабын көрсетілген мерзімде қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда, есептеу тәртібі және есептеуді қалпына келтіру мерзімдері тараптардың жеке келісімімен белгіленуі тиіс.

Есепке алу аспаптарын үшінші тұлғалар ұрлаған немесе сындырған жағдайда сақтауға жауапты адам, Шартта өзгеше көзделмесе, бір ай мерзімінде есепке алу аспабын қалпына келтіруге міндettі. Есепке алу аспаптарын қалпына келтіргенге дейін Тұтынушы оны жылу желісіне қосуды талап етуге құқылы.

5-тaraу. Тараптардың құқықтары мен міндегтері

17. Тұтынушы:

1) жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша сатып алуға;

2) осы Шартта белгіленген көлемде және мерзімдерде белгіленген сападағы көрсетілетін қызметтерді алуға;

3) тараптардың келісімі бойынша кәсіпкерлік мақсат және тұрмыстық тұтыну үшін қажетті мөлшерде жылу энергиясын алуға;

4) Шартта айқындалған кәсіпкерлік мақсат үшін тұтынылатын жылу энергиясының мөлшерін өзгертуге;

5) Өнім берушіден Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы ақпаратты алуға;

6) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес үздіксіз циклдағы өндіріске байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде жылу энергиясын үздіксіз алуға;

7) Өнім берушіден жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметке ақы төлеуді қайта есептеуді және жасалған шарттың талаптарына сәйкес жылу энергиясын толық жеткізбеуден немесе сапасыз жеткізуден келтірген нақты залалды өтеуді талап етуге;

8) Өнім берушіден нақты сыртқы ауа температурасын ескере отырып төлемі бойынша, жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің төлемі бойынша қайта есептеуді талап етуге;

9) Шартты жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін уәкілетті және (немесе) сот органдарына жүгінуге;

10) жария тындауларға қатысуға;

11) Өнім берушіні хабардар еткен және Өнім беруші ұсынған қызмет көлемі бойынша толық ақы төлеген жағдайда Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;

12) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға;

13) Өнім берушінің нақты ұсынған қызметтеріне ақы төлеген жағдайда құнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Өнім берушіге жазбаша хабарлап, біржақты тәртіппен Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте, жылыту жүйесі көппәтерлі үйдің жалпы жылыту жүйесінің бір бөлігі болып табылатын жеке үй-жай иесінің жылу энергиясымен жабдықтауға жасалған Шарттан біржақты бас тартуына жол берілмейді.

18. Тұтынушы:

1) Шарттың талаптарына сәйкес Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша ұсынған қызметтеріне уақытылы және толық көлемде ақы телеуге;

2) Өнім берушіге есепке алу аспаптарының істен шыққаны немесе жұмыс режимінің және жұмыс істеу жағдайларының бұзылғаны туралы жазбаша түрде деру хабарлауға міндettі, олай болмаған жағдайда есепке алу аспаптары тиісті құжаттармен расталған олардың соңғы тексерілуі кезінен бастап істен шыққан болып есептеледі;

3) пайдаланатын желілердің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін тиісті дәрежеде қамтамасыз етуге, энергия тұтынудың белгіленген режимін сақтауға, сондай-ақ Өнім берушіге авариялар, өрттер және энергияны пайдалану кезінде туындастын өзге де бұзушылықтар туралы деру хабарлауға;

4) жоспарлы жөндеулер, авариялық-қалпына келтіру жұмыстары жағдайларынан басқа, жылу тұтыну құрылғыларын пайдалануға қосқанға дейін және әрбір жылыту маусымының алдында Өнім беруші берген техникалық дайындық актісін ресімдеу үшін іс-шаралар кешенін жүргізуғе;

5) желілердің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін жылу энергиясын есепке алу аспаптарына және жылу тұтынатаң құрылғыларға Өнім беруші және Мемлекеттік энергия бақылау өкілін кедергісіз жіберуді қамтамасыз етуге;

6) Шартты бұзу кезінде есеп айырысуларға салыстыру жүргізу және Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша нақты ұсынған қызметтері үшін борышын өтеуге міндettі.

19. Өнім беруші:

1) Жылу энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес Тұтынушылардың сақтауы үшін міндettі техникалық талаптарды белгілеуге;

2) Жылу энергиясын пайдалану қағидаларында белгіленген тәртіппен есепке алу аспаптарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге және оларды салыстырып тексеруді ұйымдастыруға;

3) осы Шарттың 7-тармағында көзделген жағдайларда және тәртіппен Шарттың орындалуын біржақты тәртіpte тоқтата туруға;

4) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде көрсетілетін қызметтер үшін ақы алуға;

5) уәкілетті орган бекіткен тәртіpte тарифтердің қолданылуы кезеңінде жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді төмендетуге;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасында белгіленген өзге де іс әрекеттерді жасауға құқылы.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономика министрінің 18.10.2021 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Өтім беруші:

1) жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің барлық тұтынушылары үшін тең жағдайлар ұсынуға;

2) жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға Тұтынушымен Шарт жасасуға;

3) Тұтынушылардан жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілген қызметтерді ұсынғаны үшін төлемдерді, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық-техникалық құралдарды пайдалана отырып қабылдауды қамтамасыз етуге;

4) жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған шартты жасасу кезінде Тұтынушылар құқықтарының бұзылуына жол бермеуге;

5) жылу желілерінің теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында осы Шартта көзделген жылу энергиясының параметрлерін ұстауға;

6) Тұтынушыға өз құзыреттерінің шегінде мемлекеттік органдар белгілеген сапаға қойылатын талаптарға сәйкес, сондай-ақ Шарттың талаптарында белгіленген тәртіpte және мерзімдерде жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға;

7) жасалған Шарттың талаптарына сәйкес жылумен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнына қайта есептеу жүргізуге және жылу энергиясын толық жеткізуден немесе сапасыз жеткізуден келтірген нақты залалды өтеуге, уәкілетті орган бекіткен сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын қайта есептеу әдістемесіне сәйкес сыртқы

ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын қайта есептеу нәтижелері бойынша тұтынушыларға қаражатты қайтаруды жүзеге асыруға;

8) Тұтынушыға жеткізілетін жылу энергиясын есепке алуды және оның сапасына бақылауды жүргізуге, жылу энергиясының сапасы бұзылуының алдын алу және оны жою жөнінде уақытылы шаралар қабылдауға;

9) Тұтынушы энергиясы сапасының төмендеуі туралы жазбаша өтініш берген не ауызша өтініш жасаған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде сапанды қалпына келтіру бойынша барлық шараларды қабылдауға және қайта есептеу жасауға;

10) осы Шартта көзделген жағдайлардан басқа жағдайларда, жылу энергиясымен жабдықтауда үзілістерге жол бермеуге;

11) есепке алу аспабының істен шығуы Тұтынушының кінәсінан болмаған жағдайда, жылу энергиясы есебін өткен жылдың осындай кезеңі үшін Тұтынушының орта тәуліктік шығысы бойынша жүргізуге;

12) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде Тұтынушының назарына жеткізуғе;

13) Қазақстан Республикасының салық заңнамасы тиісінше өзгерген жағдайда Тұтынушы үшін жылу энергиясымен жабдықтау тарифтерін уәкілетті орган белгілеген тәртіpte төмендетуге;

14) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес үздіксіз циклдағы өнідіріске байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде Тұтынушыға жылу энергиясын үздіксіз беруге;

15) тұтынушы өкілдерінің қатысуымен жылу энергиясын есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуға не энергия беруші ұйым өкілдерінің қатысуымен көрсеткіштерді алуды не есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін қашықтықтан алуды қамтамасыз етуге міндettі.

6-тaraу. Тараптарға қойылатын талаптар

21. Тұтынушыға инженерлік желілерді қайта жабдықтауға, Өнім берушінің келісімінсіз реттеуші және бекіту арматурасын орнатуға, қосуға, қауіпсіз пайдалану талаптарына және энергетика саласындағы нормативтік құжаттарда белгіленген басқа да талаптарға сай келмейтін жабдықтар мен құрылғыларды пайдалануға, жылу энергиясын есепке алудың қолда бар схемасын бұзуға, сондай-ақ жылу беру жүйелерінде жылу тасымалдағышты тікелей мақсатына сай емес пайдалануға жол берілмейді.

22. Тараптарға тараптардың құқықтарын шектейтін не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамаларын өзгеше бұзатын әрекеттер жасауға тыйым салынады.

23. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгілік Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

7-тарау. Есеп айырысу тәртібі

24. Тұтынушы Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша жүргізеді;

25. Тұтынушы Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша ұсынған нақты қызметтеріне ақы төлеуді есеп айырысдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей есепке алу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес жүргізеді. Есепке алу аспаптары болмаған жағдайда Тұтынушы ақы төлеуді осы Шарттың 13-тармағына сәйкес жүргізеді.

26. Өткен кезеңдер үшін берешегі болған кезде, төлемақы бірінші кезекте осы берешекті өтеуге жіберіледі. Тұтынушы есеп айырысу кезеңі үшін іс жүзіндегіден артық сома төлеген жағдайда, осы артық айырма келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлеміне автоматты түрде (не тараптардың келісімі бойынша Өнім берушінің алдындағы Тұтынушының өзге де міндеттемелері бойынша берешегін өтеу есебіне, егер осындай болса) есептеледі. Егер Тұтынушы Өнім берушінің келесі есеп айырысу кезеңіндегі қызметтерінен бас тартса, артық төленген сомалар қайтарылады.

27. Егер коммерциялық есепке алу аспаптары ақаулығының нәтижесінде және басқа да жағдайларда шоттарға түзету енгізу қажет болған жағдайда Тараптар кейінгі есеп айырысу кезеңдерінде шоттарға түзету енгізеді.

28. Төлем құжатында көрсетілген деректемелер бойынша Өнім берушінің ағымдағы шотына ақша аудару Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу жөнінде Тұтынушының міндеттемелерін орындауы деп танылады.

8-тарау. Дауларды шешу тәртібі

29. Жылу энергиясын беруді тоқтату уақыты, сондай-ақ оның сапасының нормативтік-техникалық құжаттамалардың талаптарына сәйкес келмеуі уақыты (күні, сағаты) көрсетіліп, кейін жылу энергиясын тиісті сапада беруді қалпына келтірудің уақыты (күні, сағаты) белгісі қойылып, Өнім берушінің диспетчерлік қызметінің журналында белгіленуі қажет.

30. Жылу энергиясын берудегі үзіліс кезінде немесе тиісті сападағы жылу энергиясын бермеу кезінде Тұтынушы бұл туралы Өнім берушіні өзі (өтініммен) немесе міндетті түрде берілген уақыты, күні және берген және қабылдаған адамдардың тектері көрсетілген телефонограммамен хабардар етеді. Телефонограммада тауар

сапасының нашарлай бастауының (болмауының) уақыты, нашарлау сипаты және Өнім беруші өкілінің болуының қажеттілігі (егер жылу энергиясы сапасының нашарлауы немесе оны берудегі үзілісті Өнім беруші журналда тіркемесе) көрсетіледі.

Тұтынушы өзі өтініш берген жағдайда өтінімнің көшірмесі болуы тиіс, онда түсін тіркеу кезінде тіркеу нөмірі, өтінімді беру күні мен уақыты, Өтінім берушінің қабылдан алған өкілінің қолы қойылады. Жылумен жабдықтау тоқтаған кезде өтінім дереу, параметрлері нашарлаған кезде - ауытқу басталған сәттен бастап бір тәуліктен кешіктірмей беріледі.

Өнім беруші өтінімде (телефонограммада) көрсетілген тауар сапасының ауытқуы, Тұтынушыларға оны берудегі үзілістер туралы журналдағы белгілерді салыстырады және келіспеушіліктер болмаған жағдайда параметрлердің есептіден орта тәуліктік ауытқуына сүйене отырып, тауар құнын қайта есептеуді оны нақты тұтынуына сәйкес жүргізеді.

31. Өнім берушінің жылу энергиясын бермеу немесе сапасы төмен тауар (жылу энергиясын) ұсыну фактісін куәландырудан бас тартқан жағдайда Тұтынушы:

тауарды беруден бас тартудың (ажыратудың) немесе оны сапасыз берудің басталған уақыты;

тауар сапасы нашарлауының сипаттамасы;
өтінім берудің уақыты және оның тіркеу нөмірі (Өнім берушінің журналы бойынша);

жылу энергиясын беруді қалпына келтіру уақыты (оның сапасының қалыпқа келуі);

тауардың болмау (сапасының нашарлау) кезеңі көрсетілген жазбаша өтініш жазуға құқылы.

Өтінішке Тұтынушы, Тұтынушының жылу шаруашылығына жауапты адам, екі тәуелсіз куә қол қояды да, Өнім берушіге жіберіледі. Егер дау реттелмесе, Тұтынушы атом энергиясын пайдалану және электр энергетикасы салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын органдарға немесе сотқа талап арыз беруге құқылы.

32. Желілік судан өз бетімен су таратқан, тұтынушы өз бетімен жылуды тұтыну құрылғыларына қосылған, тұтынушының коммерциялық есепке алу аспаптарын бұзған, есепке алу торабында орнатылған пломба бұзылған немесе ол болмаған жағдайларда энергия беруші және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйымдар акті жасайды және тұтынушы пайдаланған жылу энергиясы көлеміне екі есе мөлшерде қайта есеп айырысу жүргізіледі.

Ыстық су бойынша қайта есеп айырысу бір жылдан аспайтын кезеңге жүргізіледі, ал жылыту желілері үшін жылыту кезеңінің басынан осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген оқиға анықталған сәтке дейін жүргізіледі.

Акт энергия беруші ұйым өкілінің және тұтынушының не оның өкілінің қолдары болған кезде жарамды болады. Акт тұтынушы не оның өкілі қол қоюдан бас тартқан жағдайда жарамды болып табылады, бірақ оны энергия беруші және (немесе)

энергиямен жабдықтаушы үйымның комиссиясы және (немесе) құрамы үш адамнан тұратын кондоминиумды басқару органы рәсімдеуі тиіс.

9-тарау. Тараптардың жауапкершіліктері

33. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

34. Шарттың 28-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, шот бойынша ақы төлеу мерзімі келген сәтке ол бойынша төлем жасамағаны үшін, Өнім беруші Тұтынушының төленбекен сомалары бойынша төлемді кешіктірген әрбір күн үшін Тұтынушының ақшалай міндеттемені нақты орындау күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еседен аспайтын мөлшерінде, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы.

Тұрақсыздық айыбының мөлшерін белгілеу Шарт жасасу кезінде жүргізіледі. Тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың бірінші күні болып табылады.

35. Егер Өнім беруші үшін Тұтынушыға жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметті Өнім берушімен шарттық қатынастарда тұрған басқа тұлғалардың кінәсінан ұсыну мүмкін болмаса Тұтынушының алдында Өнім беруші жауапты болады.

36. Тұрақсыздық айыбын төлеу тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

10-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

37. Тараптар шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершілікten босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындайтын комиссия құрылуды мүмкін . Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы Шарт талаптарының орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына әкеп соғатын еңсерілмейтін күш мән-жайлары (болжай немесе алдын алу мүмкін болмайтын дүлей зілзала немесе өзге де мән-жайлар), сондай-ақ әскери іс-қимылдар, ереуілдер және т.б. басталғанға дейін туындаитын шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті

ұйымы растаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

38. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарланған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуарды жүргізуге міндеттенеді.

11-тaraу. Жалпы ережелер және дауларды шешу

39. Жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызмет көрсету шарты Тұтынушымен жеке тәртіпте жасалады.

40. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе Шарттың ережесіне қатысты жалпы немесе қандай да бір мәселеге немесе әрекетке байланысты қандай да бір дау немесе келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптардың кез келгені басқа тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, наразылық жолдауға құқылы.

Тараптар келіссөздер арқылы барлық дауларды реттеу үшін барлық күштерін жұмсайды.

41. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

42. Тараптардың Шарттан туындағының және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

43. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір Тарап үшін бір данадан жасалады.

44. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгілік Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

12-тaraу. Шартты қолдану мерзімі

44. Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 20 __ жылғы "___" __ __ __ __ __
коса алғанда қолданыста болады.

45. Егер тараптардың бірі бұл туралы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын мәлімдесе, Шарттың қолданылу мерзімі жылу энергиясының көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзімі аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және талаптармен ұзартылған болып есептеледі.

13-тaraу. Тараптардың заңды мекенжайлары, банк деректемелері және қолдары

Өнім беруші: _____

Тұтынушы: _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 бұйрығына
20-қосымша

Ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үлгілік шарт

Ескеरту. Шартпен толықтырылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.06.2023 № 128 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"___" 20 __ ж.

(шарт жасасу орны)

Бұдан әрі – Өнім беруші деп аталатын, ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметтерді көрсететін

(ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметтерді көрсететін субъектінің атауы,

бизнес сәйкестендіру нөмірі)

атынан _____ негізінде әрекет ететін

,
(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (бұдан әрі – Т.А.Ә.)

бір тараптан, және бұдан әрі – Тұтынушы деп аталатын _____

(тұтынушының деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)

атынан _____ негізінде әрекет ететін

,

(лауазымы, Т.А.Ә.)

екінші тараптан, бұдан әрі – Тараптар деп аталағындар төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тaraу. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

баланстық тиесілілікті бөлу шекарасы – электр энергиясын берудің соңғы пунктінде баланстық тиесіліліктің аражігін ажырату актісімен айқындалатын, тараптарға меншік құқығында, өзге де заттық құқықта немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өзге де негіздер бойынша тиесілі электр тораптарын бөлу шекарасы;

есеп айырысу кезеңі – Шартта Өнім берушінің ұлттық электр желісін пайдалану бойынша көрсететін қызметтіне есеп айырысу жүргізілетін айдың бірінші күніндегі сағат 00:00-ден бастап соңғы күніндегі сағат 24:00-ді қоса алғанда (орташа европалық уақыт – Гринвич меридианының уақыты плюс бір сағат) бір күнтізбелік айға тең уақыт кезеңі ретінде белгіленген кезең;

жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы – Өнім берушінің Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясы мен қуатын өндіру, жеткізу және тұтыну режимдерін орталықтан жедел-диспетчерлік басқару функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі;

коммерциялық есепке алу кешені – коммерциялық есепке алушының белгілі бір нүктесі мен ақпарат жинау құрылғысына қосылу нүктесі арасында орналасқан, коммерциялық есепке алуға қажетті жабдық;

Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімі – жүйелік оператор жасаған, есептік кезеңде жеткізілген және тұтынылған электр энергиясы көлемін көрсететін құжат;

өнім беруші – ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жүйелік оператор;

тұтынушы – бірыңғай сатып алушымен электр энергиясын белгілі бір уақыт кезеңінде (апта, ай, тоқсан, жыл) жеткізетіндей электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасаған көтерме сауда нарығының субъектісі;

аумақтық диспетчерлік орталық – жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығына жедел бағынатын және белгілі бір аумақ бойынша жедел-диспетчерлік функцияларды жүзеге асыратын жүйелік оператордың (Өнім берушінің) аумақтық диспетчерлік орталығы;

уәкілдік органның ведомствоы – тиісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствоы;

беру пункті – Өнім беруші Тұтынушыға электр энергиясын беретін Өнім берушінің баланстық тиесілілігін бөлу шекарасындағы қосылу (қосылулар жүйесі).

Осы Шартта пайдаланылатын өзге де ұфымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына және "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылады.

2-тaraу. Шарттың мәні

2. Тұтынушыға ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызмет көрсету кезінде Өнім беруші ұлттық электр желісіна техникалық қызмет көрсетуді және оны пайдалану әзірлігінде ұстауды қамтамасыз етеді, сонымен қатар электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі бірыңғай сатып алушыдан және теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан сатып алған электр энергиясын Шартта келісілген баланстық тиесілілікті бөлу шекаралары мен есепке алу нүктелерінде ұлттық электр желісінен беруді жүзеге асырады.

3. Ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызмет көрсетудің техникалық талаптары мен сипаттамалары:

3-тaraу. Ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметтерді көрсету шарттары

4. Ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызмет Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасы мен осы Шартқа сәйкес көрсетіледі.

5. Ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызмет көрсету үшін Тұтынушының бірыңғай сатып алушыдан және теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан электр энергиясын сатып алудың нақты көлемі қабылданады.

4-тaraу. Электр энергиясын есепке алу

6. Өнім берушінің жеткізу пункттерінде есептік кезең ішінде Тұтынушының мекенжайына берген электр энергиясының нақты көлемі баланстық тиесілілік шекарасында орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде есептік кезеңнің бірінші күнтізбелік күніндегі сағат 00:00-ден бастап соңғы күнтізбелік күніндегі сағат 24:00-ге дейін (орташа европалық уақыт - Гринвич меридианының уақыты плюс бір сағат) белгіленеді.

Есептік кезеңде ұлттық электр торабын пайдалану бойынша қызметтің нақты көлемі Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы З жалтоқсандағы № 691 бүйріғымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12562 болып тіркелген) бекітілген Жүйелік оператордың қызмет көрсету, жүйелік және қосалқы көрсетілетін қызметтер нарығын

ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын есепке ала отырып, коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін салыстырып тексеру актілері негізінде жасалатын орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі негізінде белгіленеді.

Бұл ретте, Тұтынушы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, бірыңғай сатып алушыдан және теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан бөлек электр энергиясының жеткізілімі болған жағдайда, есептік кезеңдегі электр энергиясының осындай нақты көлемдері ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызмет көлемінде ескерілмейді және электр энергиясын жеткізу бойынша қызмет көрсету жөніндегі шартпен реттеледі.

7. Тараптар есептік айдан кейінгі күнтізбелік айдың бесінші күніне дейінгі мерзімде тиісті есептік кезең үшін орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісін ресімдейді, оған қол тараптар қояды және тараптардың мөрлерімен (болған жағдайда) куәландырылады.

Тараптардың бірі орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімі ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызмет көлемін растайтын құжат болып табылады.

8. Егер есепке алу Өнім беруші мен Тұтынушының баланстық тиесілілігін бөлу шекарасында жүргізілмеген жағдайда, онда ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметтің нақты көлемі Тұтынушының тораптарындағы электр энергиясының ысыраптары есепке алына отырып, Тұтынушыда орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптары бойынша айқындалады. Үшінші тұлғалардың электр желілері арқылы жеткізілетін электр энергиясының ысыраптарын осы электр желілерінің иесі айқынрайды.

9. Тараптардың коммерциялық есепке алу аспаптары тексерілуі және оларға пломба салынуы тиіс. Телеөлшеуіштер тізбектеріне пломба салынуы тиіс. Тараптардың әрқайсысы өзінің балансындағы коммерциялық есепке алу аспаптарына өз есебінен тиісті метрологиялық стандарттарда көзделген мерзімдерде метрологиялық тексеру жүргізеді. Тараптардың әрқайсысы екінші Тараптан оның (екінші тараптың) коммерциялық есепке алу аспаптарына қосымша тексеру жүргізуді талап етеді. Алайда, егер Тараптардың бірі қосымша тексеру жүргізуді талап етсе, онда ол қосымша тексеруге бастама көтерген Тараптың есебінен жүргізіледі. Қосымша тексеру жүргізген кезде коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерінде электр энергиясының коммерциялық есепке алу кешендері үшін белгіленген ұйғарынды ауытқулардан асып түскені анықталған жағдайда, онда қосымша тексеру бойынша шығындарды коммерциялық есепке алу аспаптарының иесі төлейді.

10. Электр энергиясын есепке алу схемасында бұзушылықтар анықталған кезде барлық бұзушылықтар тіркелген тиісті акт жасалады. Бұл жағдайда ұлттық электр

желісін пайдалану жөніндегі қызмет көлемі Тараптар қол қоятын тиісті актіні жасай отырып, нақты теңгерім негізінде есептік кезең аяқталғаннан кейін белгіленеді.

5-тaraу. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

11. Тараптар көрсеткіштерді алу, телеметриялық тізбектердің техникалық жай-күйін және электр энергиясын коммерциялық есепке алу кешенін тексеру мақсатында тәуліктің кез келген уақытында бір-біріне коммерциялық есепке алу аспаптарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндеттенеді. Есеп айырысу кезеңі аяқталған кезде коммерциялық есепке алу аспаптарынан көрсеткіштерді алуды Тараптардың уәкілетті өкілдері жүзеге асырады. Егер Тараптардың бірінің уәкілетті өкілі келмесе немесе көрсеткіштерді алудан бас тартса, онда екінші тараптың уәкілетті өкіліне көрсеткіштерді өз бетінше алуға рұқсат етіледі.

Тараптардың уәкілетті өкілдері коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алған кезде коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін салыстыру актісіне қол қойылуы тиіс.

12. Өнім берушінің шарт талаптары бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызмет көрсетуді тоқтатуға құқығы бар.

13. Өнім беруші Шартта және электр энергетикасы саласындағы қолданыстағы заңнамада белгіленген өзге де әрекеттерді жасауға, сонымен қатар Тұтынушыға ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметтерді көрсетуді мынадай жағдайларда шектеуге немесе толық тоқтатуға құқылы:

1) Тұтынушы ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызметке ақы төлеу жөніндегі Шарт талаптарын бұзған жағдайда ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметтерді көрсету тоқтатылғанға дейін кемінде 72 сағат бұрын алдын ала жазбаша ескертумен;

2) жылдық немесе айлық жөндеу графигінде көзделген ұлттық электр желісінде жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде оларды жүргізу мерзіміне және ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметтерді көрсету мүмкін болмаған жағдайда Тұтынушыны ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметтерді көрсету тоқтатылғанға дейін кемінде 72 сағат бұрын алдын ала жазбаша ескертумен;

3) ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметтерді көрсетуге кедергі келтіретін технологиялық бұзылыс туындаған кезде.

Тұтынушы үшінші тұлғаның электр желісі арқылы жеткізілетін электр энергиясының көлемдері мен сапасы бойынша жауапты болмайды.

14. Тұтынушы:

1) Тұтынушы үшінші тұлғалармен жеке шарт жасау жолымен үшінші тұлғалардың электр желілерінде электр энергиясын жеткізу және жедел-диспетчерлік басқару бойынша өзара қарым-қатынасты реттейді.

2) жасалған шартқа сәйкес ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызметті алуға;

3) Өнім берушіден жасалған шарт талаптарына сәйкес Өнім берушінің кінәсінен электр энергиясын толық жеткізбеуден немесе сапасыз электр энергиясын жеткізуден келтірілген нақты залалдың орнын толтыруды талап етуге;

4) Шартты жасауға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сотқа жүгінуге құқылы.

15. Өнім беруші:

1) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің ұлттық электр желісінә қол жеткізуі үшін тен жағдайларды қамтамасыз етуге;

2) тарифтерді белгілеу бөлігінде ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметтерді көрсетуге Шарт жасаған кезде уәкілетті орган ведомствосының шешімдерін басшылыққа алуға;

3) ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызмет көрсетуде шартта белгіленбекен үзілістерге жол бермеуге;

4) Тұтынушының электр энергиясын сатып алу көлеміне сәйкес ұлттық электр желісінен тиісті сападағы электр энергиясын беруді жүзеге асыруға міндетті.

16. Тұтынушы:

1) тұтынушылардың меншігіндегі электр және энергия қондырғылары мен коммерциялық есепке алу аспаптарының тиісті техникалық жай-күйін ұстап тұруға, Электр энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес олардың техникалық жай-күйіне қойылатын талаптарды орындауға;

2) электр энергиясын сатып алу-сату шарттарында белгіленген энергия тұтыну режимдерін сақтауға;

3) Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясының стандартты жиілігін ұстап тұруға бағытталған нормативтік талаптарды орындауға;

4) ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызметке уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;

5) Өнім берушінің қызметкерлерін коммерциялық есепке алу аспаптарына, сонымен қатар Мемлекеттік энергетикалық бақылау қызметкерлерін электр қондырғыларының техникалық жай-күйі мен пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін жіберуге;

6) электр энергиясын беру пункттерінде қабылдауға;

7) оның басқаруындағы және жүргізуіндегі электр тораптарын пайдалану қауіпсіздігін және ол пайдаланатын электр энергиясы мен қуатын тұтынуға байланысты аспаптар мен жабдықтардың жарамдылығын қамтамасыз етуге;

8) тоқсан сайын, алған күнінен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде келіспеушіліктер көрсетілген немесе көрсетілмеген, тоқсанның соңғы күніндегі

жай-күй бойынша шарттар бөлігіндегі өзара есеп айырысулады салыстырып тексеру актісіне қол қоюға;

9) болған жағдайда деректерді жүйелік оператордың диспетчерлік орталықтарымен келісілген көлемде автоматты түрде беруді жүзеге асыруға міндетті;

10) ай сайын, алған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде келіспеушіліктерді көрсете отырып немесе онсыз айдың соңғы күніндегі жағдай бойынша шарттар бөлінісінде коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін салыстыру актісіне қол қоюға міндетті.

17. Тұтынушының Шарт бойынша ақшалай міндеттемелерін бұзыуна байланысты ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызметтерді көрсетуге шектеулер енгізілген немесе қызмет көрсету тоқтатылған жағдайда, Өнім беруші Тұтынушыға шектеулер енгізілгенге дейін немесе қызмет көрсету тоқтатылғанға дейін кемінде 72 сағат бұрын хабарлайды. Бұл ретте Өнім беруші ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызмет көрсетуді тоқтатудың ықтимал салдары үшін жауап бермейді.

18. Егер Ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызмет көрсетуді шектеу қажеттілігі Өнім берушінің әлеуметтік мінделігінде жоғары жүмыстарын жүргізуден туындаған жағдайда, соңғысы Тұтынушыны дереу хабардар етеді.

19. Шарттың 15-тармағының 1) - 3) тармақшаларында көзделген жағдайларда Өнім берушінің кінәсінен әлеуметтік мінделігінде жоғары жүмыстарын жүргізуден туындаған жағдайда, соңғысы Тұтынушыны дереу хабардар етеді.

6-тарау. Төлем тәртібі

20. Өнім берушінің ұлттық электр торабын пайдалану бойынша қызметіне ақы төлеу уәкілетті органның ведомствоны бекіткен тарифке сәйкес есептік айдың әрбір онкүндігі аяқталғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қызметтердің мөлшерлес бөлінген айлық шарттық көлемінен 100% төлем шарттарында он күндік негізде жүргізіледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Тариф өзгерген жағдайда Өнім беруші бұл туралы Тұтынушыны Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде жазбаша немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар етеді.

22. Тұрғыншының 22 тармағының талаптарын Ұлттық электр торабын пайдалану бойынша көрсету қызметтерге ақы төлеу бойынша бұзған жағдайда Өнім беруші Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

22-1. Тұтынушы осы Шарттың 22 тармағының талаптарын Ұлттық электр торабын пайдалану бойынша көрсету қызметтерге ақы төлеу бойынша бұзған жағдайда Өнім беруші Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 10612 болып тіркелген) Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларымен айқындалған бақылау кезеңінде Тұтынушының сатуға және (немесе) сатып алуға тенгерімдеуші нарық жүйесінде кейінгі өтінімдерін нөлдеу туралы кемінде 72 сағат бұрын алдын ала жазбаша ескерту жібереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігі Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 наурызда № 10531 болып тіркелді) Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес атаулы қолдау алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясын кепілді берушілер болып табылатын көтерме сауда нарығының субъектілеріне қолданылмайды

Ескерту. 6-тарау 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Тұтынушы Шарттың 7-тармағында көзделген мерзімде ұлттық электр желісін пайдалану бойынша көрсетілген қызмет көлемін салыстырып тексеру актісін ұсынбаған немесе келіспеген жағдайда, өткен есептік кезең үшін Өнім берушінің қызметіне ақы төлеу мөлшері келесі есептік кезеңде Өнім берушінің қызметіне ақы төлеу мөлшерін кейіннен түзете отырып, нақты тенгерім негізінде ұлттық электр желісін пайдалану бойынша көрсетілген қызмет көлемін салыстырып тексеру актісін ұсынған кезде ұлттық электр желісін пайдалану бойынша көрсетілген қызмет көлемі туралы Өнім берушінің қолда бар жедел деректеріне сәйкес айқындалады.

24. Өткен кезеңдер үшін берешек болған кезде, бірінші кезекте төлем осы берешекті өтеуге жұмсалады. Тұтынушы есеп айырысу кезеңіндегі нақты сомадан асатын соманы төлеген жағдайда, бұл асып кетудің айырмасы автоматты түрде келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлеміне есептеледі.

25. Егер Тұтынушы берілген шот-фактураның дұрыстығына дау айтса, ол шот-фактураны алған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде Өнім берушіні хабардар етеді және Өнім берушіге келіспеушіліктер көрсетілген жазбаша өтініш береді. Бұл ретте Тұтынушы жоғарыда көрсетілген мерзімдерде шот-фактураның дауланбаған бөлігін төлеуге міндетті.

26. Ұлттық электр желісін пайдалану бойынша көрсетілген қызмет көлемін салыстырып тексеру актісіне қол қойылғаннан кейін бақылау-өлшеу аспаптарында ақаулар анықталған жағдайда, Өнім беруші ұлттық электр желісін пайдалану бойынша көрсетілген қызмет көлемін салыстырып, тексерудің түзетілген және өзара қол қойылған актісі негізінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде бұрын қойылған шот-фактураның күшін жою жолымен түзетілген шот-фактураны жазып береді.

27. Өнім берушінің Ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызметіне ақы төлеу бойынша Тұтынушының міндеттемелерінің орындалуы деп шот-фактурада көрсетілген деректемелер бойынша Өнім берушінің ағымдағы шотына немесе Тұтынушыға жіберілген хабарламада Өнім беруші көрсеткен деректемелер бойынша үшінші тараптың ағымдағы шотына ақша аудару танылады.

7-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

28. Төлем мерзімі жақындаған сәтте шот-фактураны төлемегені үшін Өнім беруші төлем мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап Тұтынушы төлемеген сомалар бойынша тұрақсыздық айыбын есептейді. Мерзімі өткен сомалар бойынша Өнім беруші Тұтынушыдан төлем мерзімі өткен әрбір күн үшін ақшалай міндеттемені Тұтынушының накты орындаған күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген 1,5 еселенген базалық мөлшерлеме негізінде есептелген тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

Төлемдерді осы Шартта көзделген мерзімдерде төлемеген кезде Өнім беруші осы Шарттың 19-тармағында белгіленген тәртіппен электр энергиясын беруді шектеуге немесе тоқтатуға құқылы, бұл туралы Тұтынушыға шектеулер енгізілгенге дейін кемінде 72 сағат бұрын хабарлайды.

29. Төлемақының жүргізілмеуіне немесе уақтылы төленбейуіне, сонымен қатар электр энергиясын бірыңғай сатып алушының және теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының электр энергиясын толымсыз босатуы салдарынан шектеу немесе ажырату кезінде туындайтын салдарлар үшін жауапкершілік толығымен Тұтынушыға жүктеледі.

30. Өнім берушінің Шартта көзделмеген ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызмет көрсетудің үзілісі, тоқтауы немесе шектелуі үшін Тұтынушы алдындағы жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

31. Өнім беруші жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы (аумақтық диспетчерлік орталық) белгілеген қондырығылары мен көлем кезінде аварияға қарсы автоматиканың әрекетінен туындаған ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызмет көрсетудің үзілісі, тоқтатылғаны немесе шектелгені үшін Тұтынушы алдында жауапты болмайды.

8-тарау. Еңсерілмейтін мән-жайлары

32. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе тиісінше орындағаны үшін, егер ол еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысының шығындарының өтелуіне құқықтары болмайды. Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындастын комиссия құрылуы мүмкін

. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы Шарт бойынша еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындаған міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, туындаған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде Тараптар Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған еңсерілмейтін күш жағдайларының басталған күні мен сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен тапсыра отырып немесе почта арқылы жіберіп, бұл туралы бір-бірін хабардар етеді.

33. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайлары қолданылған мерзімге, бірақ мұндай жағдайлар Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын жағдайда, Тараптардың әрқайсысы басқа Тарапты Шарттың болжамды бұзылатын күніне дейін кемінде жиырма күнтізбелік күн бұрын алдын ала хабардар еткен жағдайда бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысулады жүргізуге міндеттенеді.

9-тaraу. Басқа ережелер және дауларды шешу

34. Ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызмет көрсету шарты Тұтынушымен жеке тәртіппен жасалады.

35. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша тұластай немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе әрекетке байланысты қандай да бір дау немесе келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, талап қоюға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөз жүргізу жолымен реттеу үшін бар күш-жігерін жұмсайды.

36. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша сотта шешіледі.

Тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайларда Шартты бұзуға құқығы бар.

37. Тараптардың Шарттан туындағының және Шартпен реттелмейтін қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

38. Шарт қазақ және орыс тілдерінде бірдей занды күші бар екі данада, әрбір Тарап үшін бір-бір данадан жасалды.

39. Шарт Тараптардың келісімі бойынша үлгі Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

10-taraу. Шарттың қолданылу мерзімі

40. Шарт 2023 жылғы 1 шілдедегі сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы сағат 24:00-ге дейін қолданылады (орта еуропалық уақыт - Гринвич меридианы уақыты плюс бір сағат).

41. Егер Тараптардың бірі бұл туралы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін отыз күнтізбелік күн бұрын мәлімдесе, Шарттың қолданылу мерзімі ұлттық электр желісін пайдалану жөніндегі қызмет көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шарттың қосымша келісімімен ресімделеді.

Мерзім аяқталғаннан кейін Шартты тоқтату немесе өзгерту туралы Тараптардың бірінің өтініші болмаған жағдайда, ол Шартта көзделген сол мерзімге және сол талаптармен ұзартылған болып есептеледі.

11-тaraу. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері мен қолы

Өнім беруші: _____

Тұтынушы: _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 24 маусымдағы
№ 58 бүйрүгімен бекітілген
21-қосымша

Суды арналар арқылы беру жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған ұлгілік шарт

Ескерту. Бұйрық 21-қосымшамен толықтырылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 04.11.2024 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) бұйрығымен.

(шарттың жасалған орны)

20 " ____ "

Бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын, арналар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін

қызметтерді (бұдан әрі – Көрсетілетін қызметтер)

ұсынатын _____ атынан

(көрсетілетін қызметті ұсынатын субъектінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке

сәйкестендіру нөмірі) _____
негізінде

әрекет ететін _____

бір тараптан және лауазымы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын

(тұтынушының деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі)

негізінде әрекет ететін

екінші тараптан (лауазымы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) бұдан әрі "Тараптар" деп аталатындар төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тaraу. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

суды есепке алу аспабы – нормаланған метрологиялық сипаттамалары бар, белгілі бір уақыт аралығы ішінде физикалық шама бірлігін жаңғыртатын және сақтайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен суды коммерциялық есепке алу үшін қолдануға рұқсат етілген, судың (ауызсу, техникалық, сарқынды және сулардың басқа да түрлерінің) көлемін өлшеуге арналған техникалық құрал;

есепке алу аспаптарын тексеру – есепке алу аспаптарының жай-күйін тексеру, техникалық талаптарға сай келуін анықтау және растау, олардың көрсеткіштерін алу, сондай-ақ пломбылардың болуы мен бұзылмағандығын растау мақсатында Өнім беруші өкілі орындайтын операциялар жиынтығы;

есеп айырысу кезеңі – Шартта Тұтынушымен көрсетілетін қызмет үшін есеп айырысу жүргізілетін, айдың бірінші күні сағат 00:00-ден бастап соңғы күні сағат 24:00 -ге дейін күнтізбелік бір айға тен уақыт кезеңі болып белгіленген кезең;

суару каналы - суару көздерінен суаруды қажет ететін участкерлерге су тасымалдауға арналған жасанды құрылыш;

пайдалану жауапкершілігін білу шекарасы – Тараптар келісімімен белгіленетін, жүйелердің элементтерін пайдалану үшін міндеттердің (жауапкершіліктің) белгілері бойынша арна жүйесінің элементтерін білу сзығы. Мұндай келісім болмаған кезде, пайдалану жауапкершілігінің шекарасы теңгерімдік тиесілілік шекарасы бойынша белгіленеді;

су берудің жылдық кезеңі – 12 есеп айырысу кезеңін қамтитын, ұзақтығы күнтізбелік бір жыл су беру;

судың ең аз айлық көлемі – Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, № 1 қосымшада көзделген судың айлық көлемдері;

судың ең аз жылдық көлемі – су берудің жылдық кезеңі ішінде Тұтынушының қабылдауы үшін міндетті, Тараптар Шарттың 2-тармағына сәйкес, арна арқылы су беру үшін қарастыра алатын су көлемі;

теңгерімдік тиісіллікті бөлу шекарасы – арна жүйелерінің элементтерін иелері арасында меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару белгілері бойынша бөлу сзығы;

толық қабылданбаған су көлемі – судың ең аз айлық көлемі мен Тұтынушы нақты қабылдаған су көлемі арасындағы айырмашылық;

толық мәлімделмеген су көлемі – судың ең аз айлық көлемі мен есепті есеп айырысу кезеңіне Тұтынушы мәлімдеген су көлемі арасындағы айырмашылық;

төлем құжаты – осының негізінде ақы төленетін Өнім берушінің құжаты (есепке алу аспаптары көрсеткіштерінің негізінде жасалған шот, шот-фактура, хабарлама, түбіртек, ескерту шоты);

тұтынушы – табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) пайдаланатын немесе пайдалану ниеті бар жеке немесе заңды тұлға;

су бөлу орны - су пайдаланушы су көзінен су алатын орын, сондай-ақ, су пайдаланушы су тұтынушыға су ресурстарын беретін орындағы гидробекет;

үәкілдті органның ведомствосы – тиісті табиғи монополия салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган ведомствосы.

Осы шартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының Су кодексіне және Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Шарттың нысанасы

2. Шарт талаптарына сәйкес Өнім беруші Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын № 1 қосымшаға сәйкес айларға бөле отырып,

(арнаның атаяу)

сапаға қойылатын мына талаптарға жауап беретін және төменде келтірілген көлемдерде арна арқылы су беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге міндеттенеді:

Жыл	Арнаның атаяу	Көлемі, текше метр
		Жүктеу

3-тарау. Қызметтерді көрсету шарттары

3. Тұтынушыға қызметтер көрсету арнаның _____ километр участкесінде жүргізіледі. (учаске атаяу)

4. Шарт тұтынушымен оның арна жүйелеріне қосылған қажетті жабдықтары болған кезде жеке тәртіппен жасалады.

5. Есепке алу торабының алдындағы бұрама басына орнатылған ысырмалар және/немесе су бөлу орны (гидропост) пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы болып табылады.

6. Қызметтерді көрсету:

- 1) авариялық жағдайда не азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне қауіп-қатер төнген;
- 2) Өнім берушінің жүйелеріне өз бетімен қосылған;
- 3) есепті кезеңнен кейінгі бір айдың ішінде көрсетілген қызметтер үшін ақы төленбеген;
- 4) Өнім берушінің өкілдерін есепке алу аспаптарына қатарынан бірнеше рет жібермеген;
- 5) құбыржолдарына заарсыздандыру жүргізу қажет болған жағдайларда;
- 6) заңнамада және Тараптардың келісімінде көзделген басқа да жағдайларда тоқтатылады.

7. Шарттың 6-тармағының 3), 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, қызмет көрсетуді тоқтатқанға дейін кемінде бір ай бұрын Тұтынушыға хабарланады.

8. Шарттың 6-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, қызмет көрсетуді қалпына келтіру Өнім беруші туындаған бұзушылықтарды жойғаннан кейін жүргізіледі.

Шарттың 6-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тұтынушыны жаңадан қосу Өнім берушінің жүйелеріне заңсyz қосылғаны үшін айыппұл төлегеннен кейін, Өнім берушінің жүйелеріне қосылуға техникалық талаптарды орындағаннан кейін және қосылу үшін төлем енгізгеннен кейін жүргізіледі.

Шарттың 6-тармағының 3) тармақшасында көзделген бұзушылықтар үшін тұтынушыға көрсетілетін қызмет ұсынуды тоқтата тұрған жағдайда, жаңадан қосу борышты өтегеннен кейін және қосылу үшін төлемақы енгізгеннен кейін жүргізіледі.

4-тaraу. Көрсетілетін қызметтердің құны және ақы төлеу тәртібі

9. Осы Шарт бойынша көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу уәкілетті органның ведомствоны бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі.

Су тұтынудың үлестік нормаларынан асып кету фактісі болған жағдайда, 1 айдағы есепке жазудың жалпы көлемін есептеу кезінде су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органмен келісілген су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормалары шегінде тұтынылған көлемге бірінші кіші топтың тарифі қолданылады, ал қалған көлемге Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19617 болып тіркелген) 2-кіші топтың тарифі қолданылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - КР Премьер-Министрінің орынбасары -
Ұлттық экономика министрінің 05.02.2025 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен
кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Төлемақыны Тұтынушы нақты көрсетілген қызметтердің мөлшері үшін төлем
күжаты негізінде ай сайын есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 25-күніне дейінгі
мерзімде немесе шартта белгіленген мерзімдерде Тұтынушы мен Өнім беруші
арасындағы келісім бойынша жүргізеді.

5-тaraу. Көрсетілетін қызметтерді босатуды және тұтынуды есепке алу

11. Көрсетілетін қызметтің босатылған мөлшері белгіленген тәртіпте тексеруден
өткен есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады. Аспаптар _____
бастап _____ дейінгі кезеңге _____
орнатылған.

(учаскениң (арнаның) атауы)

12. Тұтынушыны есепке алу аспабынсыз, Өнім берушінің рұқсатымен уақытша
тікелей қосуға жол беріледі.

13. Тұтынушының кінәсінен болмаған, есепке алу уақытша бұзылған кезде
көрсетілетін қызметтер үшін есеп айырысу алдыңғы есеп айырысу кезеңінің орташа
тәуліктік шығысы бойынша жүргізіледі.

Мұндай жағдайда есепке алуға соңғы тексеру жүргізілген күннен бастап
бұзушылық анықталған немесе оны жою кезіне дейінгі кезең есеп айырысу кезеңі деп
есептеледі.

14. Тұтынушының кінәсінен көрсетілген қызмет көлемдерін есепке алушы бұзу
фактілері анықталған кезде, Өнім беруші соңғы тексеру жүргізілген күннен бастап
бұзушылық анықталған күнге дейін, бірақ арнаның тәулігіне 24 сағат жұмыс істеуі
кезінде оның есепке алу торабына дейінгі толық өткізу қабілетін есепке ала отырып, бір
айдан аспайтын мерзімге көрсетілетін қызметтердің тұтыну көлемдеріне қайта есептеу
жүргізеді.

6-тaraу. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

15. Тұтынушының:

1) өзінің денсаулығына қауіпсіз, мүлкіне зиян келтірмейтін, Шарттың талаптарына
сәйкес келетін мөлшерде және белгіленген сапада көрсетілетін қызметтерді алуға;

2) уәкілетті органның ведомствосына және (немесе) сот тәртібімен Өнім берушінің
заннамаға қайши келетін іс-әрекеті немесе әрекетсіздігіне шағымдануға;

3) көрсетілетін қызметтерге тариф жобасын талқылау үшін өткізілетін жария
тындауларға қатысуға;

4) Өнім берушіден қызметті тиісінше көрсетпеуі салдарынан өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірген зиянды толық көлемде өтеуді, сондай-ақ моральдық зиянды өтеуді заңнамада белгіленген тәртіппен талап етуге;

5) ұлттық стандарттарда және өзге нормативтік құқықтық құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін қызмет көрсетілген жағдайда, көрсетілетін қызметтер құнын қайта есептеуді талап етуге;

6) осы Шартқа қол қойылғаннан кейін вегетациялық кезең басталғанға дейін алдын ала ақы төлеуге құқылы. Бұл жағдайда келесі ақы төлеу алдын ала төленген ақыны ескере отырып жүргізіледі;

7) егер Өнім беруші белгіленген тәртіппен шот қоймаса, алынған қызмет үшін төлем жүргізбеуге;

8) ұсынылған қызметке толық көлемде ақы төленген жағдайда, Өнім берушіге кемінде бір ай бұрын жазбаша хабарлаған кезде, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқығы бар;

16. Тұтынушы:

1) Өнім берушіге судың ең аз айлық көлемін қоса алғанда, қызмет көрсетуге ұсынылатын айдың алдындағы айдың 15-күнінен кешіктірмей, қызметтер көрсетуге айлық өтінім беруге;

2) Өнім берушіге есепті тоқсан басталғанға дейін кемінде күнтізбелік қырық бес күн бұрын, судың ең аз айлық көлемдерін қоса алғанда, жоспарланған айлық көлемдерге бөле отырып, қызмет көрсетуге тоқсандық өтінім беруге;

3) Өнім берушіге ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен кешіктірмей, судың ең аз жылдық көлемін қоса алғанда, келесі күнтізбелік жылға қызмет көрсетуге арналған жылдық өтінім беруге;

4) Өнім берушіні осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген айлық, тоқсандық немесе жылдық өтінімдерді беру мерзімдерінен кешіктірмей, алдағы айлық, тоқсандық немесе жылдық кезеңдерде көрсетілетін қызметтерді тұтыну ниетінің жоқтығы туралы жазбаша турде хабардар етуге;

5) Шарт талаптарына сәйкес көрсетілген қызметтер үшін уақтылы және толық көлемде төлем жүргізуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Өнім беруші белгілеген техникалық талаптарды орындауға;

7) көрсетілетін қызметтерді пайдалану кезінде туындаған ғимараттардын, жүйелер мен есепке алу аспаптарының жұмысындағы ақаулықтар туралы Өнім берушіге, ал жүйелер құрылыштары бүлінген жағдайда – төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі жергілікті органдарға, мемлекеттік өртке қарсы қызметтерге, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтер мен қоршаған ортаны қорғау қызметтеріне дереу хабарлауға;

8) жүйелер, аспаптар мен жабдықтардың көрсеткіштерерін алу, техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылау үшін Өнім беруші өкілдерінің есепке алу аспаптарына қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

9) көрсетілетін қызметтерді тұтыну кезінде қауіпсіздік техникасының талаптарын сақтауға;

10) өзінің аумағында орналасқан және Өнім беруші пломбалаған есепке алу тораптарының жарамдылығын тұрақты бақылауға, есепке алу тораптарындағы, ысырмалардағы, бұрама желілердегі және өзге құрылғылардағы пломбалардың бүтіндігін және сақталуын, өзінің иелігіндегі немесе қызмет көрсетуде пайдаланылатын сумен жабдықтау жүйелерінің техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ;

11) Өнім берушінің көрсетілетін қызметті тұтыну көлемінің барлық күтілетін өзгерістері туралы хабардар етуге;

12) су беруге арналған жылдық (айлық) өтінімде Шарттың 2-тармағында көрсетілген көлемдерден кем емес судың ең аз жылдық (айлық), көлемдерін көрсетуге;

13) суды мақсаты бойынша ғана қолдануға, техникалық суды ауыз су ретінде пайдаланған жағдайда, оны ауыз су сапасына дейін дайындауға;

14) ай, тәулік ішінде су тұтыну кестесіне сәйкес (Тараптардың келісімімен өзгеше белгіленбесе) суды біркелкі аруды жүргізуге;

15) пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы мен есепке алу торабының арасындағы бұрама басында кері клапан орнатуға;

16) Өнім берушіге қоршаған органдың қорғау саласындағы уәкілетті органның эмиссияға берген рұқсатына сәйкес ластанудың жол берілген концентрациясынан асып кетуіне, коллекторға ағызылатын судың рұқсат етілген шекті ағызудан асып кетуіне жол бермеуге міндетті.

17. Өнім беруші:

1) заңнамаға сәйкес Тұтынушының сақтауы үшін қажетті техникалық талаптарды белгілеуге;

2) уәкілетті орган бекіткен тәртіпте көрсетілетін қызметтердің тарифтерін оларды қолдану кезеңінде төмендетуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен есепке алу аспаптарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге және тексеру ұйымдастыруға;

4) ұсынылған қызметтер үшін уақтылы және толық көлемде ақы алуға;

5) есепке алу аспаптары көрсеткіштерінің дұрыстығын тексеру үшін өз өкілінің (қызметтік қуәлігі бар болған кезде) Тұтынушы өкілімен бірге су тарту құрылышына кедергісіз жіберуге;

6) егер арнаның немесе оның инфракұрылымының қосымша қуаттарын салуды қажет етпейтін болса, Шарттың 2-тармағында көзделгеннен артық көрсетілетін қызметтердің қосымша көлемдерін жеткізу мүмкіндігін қарастыруға құқығы бар.

18. Өнім беруші:

- 1) Тұтынушыға Шарттың талаптарына сәйкес сапалы, уақтылы және үздіксіз қызмет көрсетуді ұсынуды қамтамасыз етуге;
- 2) ұсынылатын қызметтердің сапасы мен мөлшерін есепке алуды және оған бақылау жүргізуге, көрсетілетін қызметті ұсынудағы бұзушылықтардың алдын алу мен жою бойынша уақтылы шаралар қолдануға;
- 3) Тұтынушыға есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың бесіне дейінгі мерзімде ұсынылатын көрсетілетін қызметке ақы төлеуге төлем құжатын беруге;
- 4) Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде тұтынушыларды тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгергені туралы хабардар етуге;
- 5) тұтынушының негізделген талаптары бойынша ұсынылатын қызметтердің сапасы мен көлемін қалпына келтіру бойынша 24 сағат ішінде шаралар қолдануға;
- 6) тұтынушыны көрсетілетін қызметті берудің тоқтатылуына байланысты арналарда жоспарлы алдын алу және жөндеу жұмыстары жүргізілетіні туралы кемінде 24 сағат бұрын ескертуге міндетті. Бұл ретте, Өнім беруші тұтынушыға 72 сағаттан астам көрсетілетін қызметті берудегі үзіліске жол бермеуге міндеттенеді.
- 7) жүйелерді, есепке алу аспаптарын қарау кезінде, сондай-ақ тұтынушының есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу кезінде өз жұмыскерлерінің қызметтік куәліктерін ұсынуын қамтамасыз етуге;
- 8) тұтынушыны көрсетілген қызметтер көлеміндегі барлық күтілетін өзгерістер туралы хабардар етуге міндетті.

7-тaraу. Тараптарға қойылатын шектеулер

19. Тұтынушыға:

- 1) жүйeler мен есепке алу аспаптары құрылыштарын Өнім берушімен келіспей қайта жабдықтауға;
- 2) қолда бар көрсетілетін қызметтерді есепке алу схемаларын бұзуға;
- 3) көрсетілген қызметтер көлемдерінің есебін бұзуға тыйым салынады.

Ескертпе. Есепке алу аспаптарында, ысырмаларда, фланецті қосулар мен байпастарда орнатылған пломбалардың жұлынуы, есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін бұрмалайтын құралдарды орнату, есепке алу аспабын паспорттық сипаттамаларына қарағанда дұрыс пайдаланбау, есепке алу аспаптары көрсеткіштерін алдынғы көрсеткіштеріне қарағанда кеміту, Өнім берушінің жүйелеріне өз бетімен қосылу көрсетілген қызмет көлемін есепке алуды бұзу болып танылады.

20. Өнім берушіге:

20. Өнім берушіге:

1) жосықсыз тұтынушылардың пайдаланған қызметтер көлеміне ақы төлемеуіне байланысты, адал тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудан бас тартуға;

2) ұсынылған қызметтер үшін уәкілетті органның ведомствосы белгілеген төлемнен асатын төлем алуға;

3) тиісті төлем құжаттарын ұсынбай тұтынушыдан көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді талап етуге;

4) мемлекеттік органдар өздерінің құзыretі шегінде белгілеген реттеліп көрсетілетін қызметтер сапасының талаптарына сай келмейтін, ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді талап етуге;

5) Шарттың 32-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Тұтынушының судың ең аз жылдық көлемдерін қабылдау талаптарымен Тұтынушыдан Шарт жасасуды талап етуге тыйым салынады.

Тұтынушының судың ең аз жылдық көлемдерін қабылдау талаптарынсыз Шарт жасасу кезінде Шартқа жылдық/айлық көлемдерге байланысты талаптар енгізілмейді.

21. Тараптарға Тараптардың құқықтарын шектейтін не Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгеше түрде бұзатын іс-қимылдар жасауға тыйым салынады.

22. Осы Шарттың 19-тармағында көрсетілген бұзушылықтар тиісті Актілермен ресімделеді және оларға Тараптар қол қояды.

8-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

23. Жабдықты тиісті түрде ұстau үшін жауапкершілік оның иесіне жүктеледі және теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасы бойынша белгіленеді.

24. Шартта көзделген міндеттемелерді орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда, кінәлі тарап екінші тарапқа келтірген шығындарды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен өтейді.

25. Көрсетілген қызметтер үшін төлем мерзімі өткен жағдайда, Тұтынушы Шартқа сәйкес мерзімі өткен берешек сомасын төлеу күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша әрбір мерзімі өткен күн үшін, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын тұрақсыздық айыбын төлейді.

Қызмет уақытының және сапалы көрсетілмеген жағдайда, Өнім беруші Шартқа сәйкес көрсетілмеген қызмет сомасынан оларды төлеу күні қолданыста болатын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1,5 еселенген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінен аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

Тұрақсыздық айыбының мөлшерін белгілеу Тұтынушымен Шарт жасасу кезінде жүргізіледі. Егер Тараптардың келісімімен басқаша келісілмеген болса, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 26-ы күні тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы болып белгіленеді.

26. Егер Өнім берушінің Тұтынушыға қызмет көрсете алмауы Өнім берушімен шарттық қатынаста тұрған өзге адамдардың кінәсінен болса, тұтынушының алдында Өнім беруші жауапты болады.

27. Тұрақсыздық айыбын (өсімақыны) төлеу Тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

28. Тараптардың келісімі бойынша жазбаша жүргінген кезде Тұтынушыға өсімпұл есептеу мерзімі ұзартылуы мүмкін.

9-тaraу. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

29. Тараптар еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдарынан болса, Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысының шығындарды өтеуге құқы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара шарт міндеттемелерін орындауды айқындастын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындастырылған шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ол туралы бір-біріне хабарлап, кейіннен Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті үйымы растиған еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталған күні мен сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны табыстырайды, не пошта арқылы жібереді.

30. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бүрын алдын ала хабарланған жағдайда Шартты бұзуға құқылды. Бұл ретте Тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде Шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуарды жүргізуге міндеттенеді.

10-тaraу. Жалпы ережелер және дауларды шешу

31. Арналар арқылы су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шарт Тұтынушымен жеке тәртіпте жасалады.

32. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе Шарттың ережелеріне қатысты тұластай алғанда, немесе қандай да бір мәселеге немесе іс-эрекетке байланысты

туындаған қандай да бір дау немесе келіспеушілік болған жағдайда, тараптардың кез келгені екінші тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, наразылық жолдауға құқылы.

Тараптар барлық дауларды келіссөздер арқылы реттеу үшін бар күш-жігерін салады

33. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Шартты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда бұза алады.

34. Тараптардың Шарттан туындастын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

35. Шарт қазақ және орыс тілдерінде екі данада әрбір тарап үшін бір-бір данада жасалады.

36. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгілік шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және ол тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

11-тaraу. Шарттың қолданылу мерзімі

37. Шарт 20__ жылғы "___" ____ 00:00-ден бастап (Астана қаласының уақыты бойынша) күшіне енеді және 20__ жылғы "___" ____ сағат 24:00-ге дейін қолданылады.

Олардың өзара есеп айырысу бөлігінде толық орындалуын ескере отырып.

38. Егер Тараптардың бірі Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын ол туралы мәлімдесе, көрсетілетін қызметті беру көлемі нақтылана отырып, Шарттың қолданылу мерзімі белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Мерзімі аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы тараптардың бірінің өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және сол талаптарда ұзартылған болып есептеледі.

12-тaraу. Тараптардың деректемелері

Онім беруші:

Тұтынушы:

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК